



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖОҒАРҒЫ СӨТ ЖАНЫНДАҒЫ
СӨТ ТӨРЕЛІГІ АКАДЕМИЯСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ
25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«КОНСТИТУЦИЯ – ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ»
IV жыл сайынғы
магистранттардың ғылыми-тәжірибелік (сырттай
өткізілген) конференциясы



2020

БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

IV ежегодная
научно-практическая (заочная)
конференция магистрантов
«КОНСТИТУЦИЯ – ОСНОВА
РАЗВИТИЯ ПРАВОВОЙ СИСТЕМЫ
КАЗАХСТАНА», ПОСВЯЩЕННАЯ 25-
ЛЕТИЮ КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

www.academy.sud.kz

УДК 342
ББК 67.400
К 55

*Баспаға Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының жанындағы
Сот төрелігі академиясының Ғылыми кеңесі ұсынған*

Рецензенттер:

Г.У. Балгимекова – Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университеті конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі, PhD, доцент, «Құқықтық зерттеу және мемлекеттану» ғылыми-зерттеу институтының директоры.

Р.Р. Султанов – з.ғ.к., «Surus law Company» ЖШС директоры.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған «Конституция – құқықтық жүйенің дамуының негізі». Баяндамалар жинағы / Е.О. Егембердиевтің, К.К. Мусиннің, А.О. Балғынтаевтың, Т.С. Нұрышеваның редакциясында. – Нұр-Сұлтан, 2020. - 348б.

ISBN 978 – 601 – 332 – 724 – 2

Жинақта 2020 жылы 10 сәуірде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі Академиясында өткен «Конституция – құқықтық жүйенің дамуының негізі» атты Қазақстан Республикасының Конституциясының 25 жылдығына арналған IV жыл сайынғы магистранттардың ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары басылған.

Конференцияның жұмысы қазіргі кезеңде конституциялық және әкімшілік, қылмыстық және қылмыстық-процестік, сондай-ақ азаматтық және азаматтық-процестік заңнамаларын жетілдіру мәселелеріне арналған үш секциялар бойынша жүргізілді.

Жұмыс барысында қазіргі заңнаманың маңызды мәселелері бойынша талқылау жасалып, пікір алмасу өтті.

Баяндамалар жинағы құқықтық қоғамдастықтың кең ауқымы үшін арналған.

УДК 342

ББК 67.400

ISBN 978-601-332-724-2

**©Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
Жанындағы Сот төрелігі академиясы**

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЦИКЛ ♦ ГОСУДАРСТВЕННО-ПРАВОВОЙ ЦИКЛ

<i>Адылов Е.Қ.</i> Қоршаған ортаны қорғау бойынша санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық ерекшеліктері	7
<i>Адырбек С.О.</i> Ішкі сенім судья тәуелсіздігінің кепілі	12
<i>Аккалиев Е.С.</i> Активная роль суда при разрешении публичных споров	17
<i>Актанов А.</i> Административная ответственность за правонарушения в области использования водных ресурсов	24
<i>Амангалиұлы С.</i> Судебная риторика и её место в совершенствовании судебной системы Республики Казахстан	32
<i>Ахметова А.Б.</i> Көліктегі әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі әкімшілік жазаны құқықтық реттеу	37
<i>Багаева С.А.</i> Особенности административно – правового регулирования семейно–бытовых отношений в Республике Казахстан	40
<i>Бакенова А.К.</i> Нравственная культура как основа позитивного имиджа судьи	43
<i>Баяков О.М.</i> Совершенствование досудебного порядка обжалования актов административных органов и действий (бездействия) должностных лиц	48
<i>Бекмурзаева А.С.</i> Административная ответственность за нарушение законодательства о регулировании торговой деятельности	52
<i>Ералиев Д.Е.</i> Қазақстан Республикасының шет елдермен жария-құқықтық даулар бойынша сот медиациясын салыстырмалы-құқықтық талдауы	56
<i>Ерджанов Н.Е.</i> Кәмелетке толмағандарға әкімшілік жазалар және тәрбиелік ықпал ету шаралары бойынша салыстырмалы талдау	62
<i>Жанадилова А.Ж.</i> Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар: практика мәселелері	69
<i>Жанаев Е.Д.</i> Мелкое хулиганство как деяние, направленное на нарушение правопорядка	74
<i>Жаңбырбек Ғ.Ж.</i> Правовое регулирование административного задержания	78
<i>Кайсарова С.Е.</i> Процессуальная защита прав посредством внедрения административных исков в Республике Казахстан. Зарубежный опыт	85
<i>Керімбай Т.К.</i> Сот ісін жүргізудегі мемлекеттік тілінің қолдану жағдайы	90

<i>Кульманова А.Ж.</i> Рассмотрение судами споров военнослужащих и сотрудников органов внутренних дел о выселении	94
<i>Мейрамханов К.М.</i> К вопросу о проблемах привлечения к административной ответственности банкротных управляющих	97
<i>Меңлібек С.Ж.</i> Айыппұл салу туралы қаулыны және айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы орындаудың кейбір мәселелері	102
<i>Мырзабеков Д.Е.</i> Административная ответственность в сфере таможенного декларирования	108
<i>Нугуманова Н.Е.</i> Административная процессуальная правоспособность и дееспособность истца в рамках проекта Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан	113
<i>Омарова М.М.</i> Кәмелетке толмағандардың ұсақ бұзақылық жасағаны үшін жауаптылық мәселелері	119
<i>Орыспаев Қ.О.</i> Жеке тұлғаның еңбек құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық	126
<i>Сабыррадинов А.О.</i> Көліктегі құқық бұзушылықтар үшін айыппұл жазасын қолдану ерекшеліктері	130
<i>Сақаулов О.Ж.</i> О некоторых вопросах судебной и правоохранительной практики по применению статьи 64-1 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях	136
<i>Төлеуханова Г.А.</i> Некоторые аспекты обеспечения конституционной законности в свете обращения Карагандинского областного суда в Конституционный Совет Республики Казахстан	140
<i>Укибаев Д.Н.</i> Кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау: негіздері мен процестік тәртібі	145

АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЦИКЛ ♦ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ ЦИКЛ

<i>Алтеев Д.П.</i> Мемлекеттік сатып алу туралы жаңа заңның ерекшеліктері және сот тәжірибесі	150
<i>Ахременко С.А.</i> Злоупотребление процессуальными правами в гражданском процессе: пути решения проблемы	156
<i>Байгенжина Д.С.</i> Признание права собственности в силу приобретательной давности	162
<i>Бибатыров А.А.</i> Рассмотрение судами категории дел, связанных с соблюдением порядка создания и ликвидации акционерного общества	165
<i>Бекмагамбетов Ж.Ж.</i> Рассмотрение судами дел по возмещению вреда, причинённого здоровью	168
<i>Джанабергенов К.М.</i> Коммуникативная компетентность судьи - примирителя при разрешении споров, возникающих в сфере семейно-брачных отношений	172
<i>Ержанов С.А.</i> Инвестиционные споры: вопросы подсудности	178

Макаева С.Ж. Согласительная комиссия – эффективный инструмент для разрешения трудовых споров?	182
Мукешев Д.Н. Особенности обращения взыскания на долю в хозяйственных товариществах	188
Садуова А.Б. Актуальные тенденции избирательного законодательства Республики Казахстан	191
Тен В.В. Анализ судебной практики по разрешению банковских споров в суде (связанных с обращением взыскания на имущество)	197
Турекулов Қ.С. Жер учаскелерін сауда саттықты өткізбестен иеленумен байланысты дауларды шешу ерекшеліктері	201
Турлабекова С.Т. О признании права собственности на самовольную постройку	206
Умиралиева Т.М. Мұра қалдырушының борыштары бойынша мұрагерлердің жауапкершілігі	208
Усмаев Б.Х. Рассмотрение судами споров между землепользователями по наложению границ земельных участков	214
Хасенова А.С. Азаматтық заңнамадағы маңызсыз мәмілелерді құқықтық реттеудің негіздері	217

ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЦИКЛ ♦ УГОЛОВНО-ПРАВОВОЙ ЦИКЛ

Басыбаева А.Д. Рассмотрение уголовных дел о мошенничестве, сопряженном с использованием служебного положения	225
Баймаханов Ә.С. Қазақстан Республикасындағы жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату	230
Бейсекенов Е.М. Рассмотрение уголовных дел о незаконной охоте	238
Бинали Л. Сравнительная характеристика правовой регламентации сроков и пределов рассмотрения уголовных дел в суде апелляционной инстанции Республики Казахстан и других стран	243
Бөлекбаев Н.С. Аяқталмаған қылмыстарға жаза тағайындау кезінде туындайтын кейбір мәселелер	248
Булекбаев Д. Б. Терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы	254
Ералиев С.А. Қылмыстық процестегі тергеу судьясы институты: жағдайы және даму тенденциялары	258
Жайрова Г.Т. Қазақстандағы адам саудасы құрбандарының құқықтарын сотта қамтамасыз ету	264
Жармаханбет Н.З. Қылмыстық заңның кері күшін қолдану мәселелері	272
Иманкулов А.Ж. Жеке басты тінту мен оны санкциялаудың кейбір мәселелері	275
Қойшыбаев Н.М. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген залалды өтеу бойынша кейбір мәселелері	280

Қуракбаева А.А. Қылмыстық процестегі кінәні мойындау туралы келісім	283
Құдайберген Е.Б. Жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселелері	289
Мейрамова Б.М. Қарақшылықтың құрамын саралау мәселелері	294
Мулакова Д.А. Некоторые вопросы медиации с участием несовершеннолетних в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан	298
Мынбатыров Н.Г. Мүлікті тәркілеуді жүргізу тәжірибесінің мәселелері	304
Нусыпаева К.С. Феномен бытового насилия. Его особенности	307
Омарова М.К. Сот тәжірибесінде ұрлықтың құрамын тонаудан ажыратудың негіздері және ерекшеліктері	310
Оспанбеков А.К. Анализ судебной практики рассмотрения налоговых уголовных правонарушений	317
Рамазанов А.А. Принудительные меры медицинского характера: основания и практика применения	324
Сагинова Г.М. К вопросу о проблемах квалификации мелкого хищения по законодательству Республики Казахстан	329
Таскулов А.И. Соттардың тергеу және анықтау органдарымен прокурордың іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарауының кейбір мәселелері	334
Тұрғанбекова Ә.Д. Пара беру – парақорлықтың құрамдас бөлігі	342

Адылов Е.К

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы
Сот төрелігі академиясының магистранты,
e-mail:yerlan.adylov@mail.ru

Қоршаған ортаны қорғау бойынша санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық ерекшеліктері

Әкімшілік жауаптылық басқа көзделген жауаптылықтармен бірге азаматтардың құқықтарын, мемлекет пен қоғамды сәйкесінше құқық бұзушылықтардан қорғауға арналған. Сондықтан әкімшілік құқық азаматтық, еңбек, салық, кеден, сонымен қатар экологиялық құқық салаларымен тығыз байланысты.

Біздің елімізде ауыр, қайта өңдеу, химия өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындары жұмыс істейді. Ал мұндай өндіріс қоршаған ортаның ластануымен тығыз байланысты. Көптеген жағдайларда қоршаған ортаның ластануы экологиялық құқық бұзушылыққа жатады. Қоршаған ортаға эмиссияларға экологиялық рұқсаты бар кәсіпорындар экологиялық құқық бұзушылықтардың субъектісі ретінде кірмейді. Бірақ қоршаған ортаға эмиссиялар нормаларын асырғаны үшін жауаптылық көзделген.

Қазақстан Республикасының экологиялық кодексінің (бұдан әрі - ҚР ЭК) 319-бабына сәйкес экологиялық құқық бұзушылықтың түрлеріне:

- 1) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын мүлдітік жауапкершілікке әкеп соғатын бұзушылық;
- 2) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар;
- 3) экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар жатады [1].

Қоршаған ортаны қорғау бойынша санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылыққа келетін болсақ, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі - ҚР ӘҚБтК) 324-бабына сәйкес қоршаған ортаны қорғау жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптардың нормаларын, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді бұзу - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – он бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ал, аталған баптың екінші бөлігіне сәйкес лауазымды адамдардың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптардың белгіленген нормаларын арттыруға немесе төмендетуге нұсқаулар немесе рұқсаттар беруі – жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

ҚР ӘҚБТК-нің 697-бабына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды [2].

Беларусь Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің [3] «Экологиялық қауіпсіздік, қоршаған орта және табиғатты пайдалану тәртібіне қарсы әкімшілік құқық бұзушылықтар» атты 15-тарауы ерекше бөлімінің ең көлемді 61 бабынан тұрады. Тараудың атына сай үш қоғамдық қатынастардың келесі салалары қорғалады: экологиялық қауіпсіздік; қоршаған ортаны қорғау; табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану тәртібі. Бұл ретте заңнамада құқық бұзушылықтардың қай түрі белгіленген экологиялық қауіпсіздікке тікелей қол сұғатыны, ал қайсысы экологиялық қатынастардың өзге де салаларын бұзатыны тілекей көрсетілмеген. Бұл жерде олардың арасындағы айырмашылықты әлі де жүргізу қажеттілігін айту керек.

Ал, Ресей Федерациясының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде [4] «әкімшілік экологиялық құқық бұзушылықтар» түсінігі қарастырылмаған және нақтыланбаған. «Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар» көрсетіліп кеткен кодекстің 8-тарауында шоғырланған. Ал, «халықтың денсаулығына, санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мен қоғамдық имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар» атты 6-тарауында бірқатар, мысалы 6.3-бабы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы бұзу, 6.5-бабы ауыз суға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың бұзылуы атты құқық бұзушылықтар қарастырылған.

Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық бойынша салыстырмалы түрде Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы мысалында қарастыра келе, үш мемлекетте «экологиялық әкімшілік құқық бұзушылықтардың» толық мағынасы берілмегенін, «айыппұлдан» басқа әкімшілік жаза түрлерін қарастырудың қажеттілігі бар екені анықталды.

ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика комитетінің мәліметтеріне сай [5], елімізде 2018 жылы 5 077 564 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелген болса, оның ішінде 91 118 қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтар екен. Олардың ішінде 1 099 іс соттармен қаралған, ал 324-бап бойынша 500 құқық бұзушылық тіркілген. Сотпен қаралған әкімшілік істер болмаған.

Ал, 2019 жылы 6 084 055 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелген болса, оның ішінде 69 975 қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтар, оның ішінде 1 115 іс соттармен қаралып, 324-бап бойынша 133 құқық бұзушылық тіркілген. Аталған бап бойынша тек 4 іс сотпен қаралған.

Аталған сандық көрсеткіштерді және құқықтық актілерді зерделей келе, қоршаған ортаны қорғау бойынша санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық соттармен қолданылмайтынын байқаса болады. Бұл жауаптылық сотпен қолдану тұрғысынан әлі зерттеуді қажет

ететіні анық, себебі құқық бұзушылықтың субъектісі шетел азаматтары болса, гипотетикалық тұрғыдан «шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу» сияқты әкімшілік жаза түрін қарастырса болады. Ал, шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберуді тек судья қолдана алады.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде бұл жауаптылық 240-бабында – қоршаған ортаны қорғау жөніндегі экологиялық талаптарды бұзу үшін көзделінген болатын.

Қарастырылып отырған құқық бұзушылықты құрамы бойынша талдау, туындайтын жауаптылықтың кейбір мәселелерін ашуға мүмкіндік береді.

А.А. Тарановтың пікірінше, құқық бұзушылықтың жалпы объектісі - қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету тәртібі болып табылады.

Тектік объектісі - қоршаған ортаны қорғау жөніндегі белгіленген стандарттарды, экологиялық талаптарды сақтау кезінде туындайтын қоғамдық-құқықтық қатынастар.

Объективтік жағы қоршаған ортаны қорғаудың режимдік талаптарын бұзатын құқыққа қарсы әрекеттерде (әрекетсіздікте) көрініс табады.

Қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін және қоршаған ортаға шекті жүктемеге жол беретін экологиялық талаптар мен стандарттар әзірленеді, бұл табиғатты қорғау заңнамасының пәні болып табылады.

Субъектілері азаматтар, лауазымды тұлғалар, заңды тұлғалар болуы мүмкін.

Субъективті жағы қасақана немесе абайсызда болады [6, 312-313].

Біздің пікірімізше, қарастырылып отырған 240-баптың диспозициясы айқындалмаған, құқық бұзушылықтың нақты сипаты жоқ болғандықтан, жан-жақты және бұлыңғыр болып табылады.

Бұл ретте экологиялық кодекстің 194-бабында шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың түрлері белгіленген, оларды бұзғаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің келесі баптарымен жауаптылық көзделген: 344, 344-1, 345, 346, 347, 348, 351, 356, 366, 368, 370, 371, 372, 376, 378, 379, 380, 382, 383, 384, 391, 392, 393, 394, 395, 396, 414, 415.

Осыған байланысты табиғат пайдаланушыларға ӘҚБтК-нің 324-бабы бойынша қосымша айыппұл салынады, өйткені бұл баптар кез келген құқық бұзушылық үшін айыппұл салуға мүмкіндік береді деген ой туады. Құқық бұзушылықтардың белгілері нақты анықталмаған.

Б.Б.Тажимаев іс жүзінде негізінен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер болмаған кезде тиісті құжаттарды растамай ресімделетін көрсетеді.

Айталық, ластану не қоршаған орта сапасы бойынша нормативтерінің асып кету фактісін растайтын аспаптық өлшеудің және/немесе зертханалық талдаудың нәтижелері, фотосуреттер, сондай-ақ лауазымды тұлғаның лауазымдық нұсқаулығының немесе табиғат пайдалану субъектісінің

Жарғысының не Ережесінің көшірмелері және әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлғаның кінәлілігі мен жауаптылықты дәрежесін белгілейтін басқа да құжаттар.

Көбіне хаттамалар табиғат қорғау заңнамасын бұзу актісі негізінде ғана жасалады. Алайда бұл актілер хаттамаға қоса тіркелмейді.

Кейде хаттамада экологиялық заңнаманың қай нормасы бұзылғаны көрсетілмейді, тек ӘҚБтК-тің бабы ғана көрсетіледі...бұл факт лауазымды адамның сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылық жасауы үшін барлық алғышарттар жасайды, ешкіммен бақыланбайды [7].

Осы ретте, ҚР ӘҚБтК-нің экологиялық талаптардың барлық бұзушылықтарына әкімшілік жауапкершілік көзделмеген. Осыған байланысты, экологиялық талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілік кезінде кінәлі тұлғалар ҚР ӘҚБтК-нің 324-бабы бойынша тартылады, онда жалпы экологиялық нормаларды бұзғаны үшін жауапкершілік көзделген. Мысалы, "Мақтаарал-Энергия" АҚ-да №1 жұмыс істеп тұрған секцияның беттерінің шаңданғаны анықталды. Тексеру кезінде қала бағытында қатты шаңдану фактісі расталды. Осылайша, кәсіпорын қызметінде ҚР ӘК талаптарының бұзылуы анықталды. Алайда, осы бұзушылық үшін ҚР ӘҚБтК-нің тікелей бабы қарастырылмаған. Жол берілген құқық бұзушылық үшін кәсіпорынға қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеуге 1 028 522 теңге сомасында талап қойылып, ӘҚБтК-нің 324-бабы бойынша залал мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынды.

Зерттелініп отырған жауаптылық лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттері салдыранан туындауы мүмкін. Осы ретте, ҚР ӘҚБтК-нің 324-бабының 2-бөлігінде көзделген лауазымды адамдардың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптардың белгіленген нормаларын арттыруға немесе төмендетуге нұсқаулар немесе рұқсаттар беру тек тәртіптік жауаптылықты қолдануды қажет етеді деп ойлаймыз, себебі бұл құқық бұзушылық тікелей құқық бұзушылық лауазымды тұлғалардың атқарылып отырған қызметімен байланысты. Осы жерде заңды тұлғаға берілген «арнайы құқықтан (рұқсаттан) айыру» сияқты әкімшілік жазаны сотпен қолдану көзделінуі мүмкін.

Жауаптылыққа қатысты келесі мәселе, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне нақты келісілген мөлшерде жауаптылық көзделген. Ал ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасы мөлшерінде айыппұл қолданылады. Бұл жағдайда айыппұл сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2007 жылғы 27 маусымдағы №535 қаулысымен [8] бекітілген Қоршаған ортаны ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау ережесіне сәйкес анықталады. Қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасы мөлшерінде айыппұл салу мөлшері Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленбеген. Сол себепті, қаралған құқық бұзушылықтар бойынша келтірілген зиян сомасы мөлшерінде айыппұл салу айталық қаржылық шығындарға әкеліп соқтыруы мүмкін деген қорытынды жасауға болады.

Табиғатқа, көптеген жағдайларда халықтың денсаулығына, келтірілетін орны толмас залалды есептен шығармауымыз керек. Бұдан басқа, экологиялық

құқық бұзушылықтар үшін кінәлі адамдарды бас бостандығынан айыруға дейін қылмыстық жауапкершілік қарастырылғанын есте сақтаған жөн.

Өкінішке орай, бүгінгі таңда экологиялық бұзушылықтардың саны азаймайды. Бұл әкімшілік айыппұлдардың тұрақты төлеміне қарағанда қазіргі заманғы қорғаныс, сүзу және тағы басқа кешендерін қолдану айтарлықтай қымбат және жоғары болады. Дегенмен, барлығы заңды түрде белгіленген салықтар мен алымдарды төлеуге, қоршаған ортаны сақтауға және осы табиғи байлықтарға ұқыпты қарауға міндетті.

Қоршаған орта мен адам арасындағы қатынасты зерттейтін экология ғылымы бүгінде көп салалы әрі жан-жақты зерттеуді қажет ететін жалпы ғылымның іргелі салаларының бірі болып отыр. Ал экологиялық ахуалды құқықтық тұрғыдан зерттеу, оның негіздерін қалыптастыру және жетілдіру бүгінгі заман талабы әрі көп аспектілі күрделі мәселе.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі Кодексі Қазақстан 1 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі Кодексі Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212 Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000212>

2 Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Қазақстан Республикасының Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235#z324>

3 Кодекс Республики Беларусь об Административных Правонарушениях 194-3 от 21.04.2003 года // https://kodeksy-by.com/koap_rb/4.6.htm.

4 «Кодекс Российской Федерации об административных правонарушениях» от 30.12.2001 N 195-Федеральный Закон (ред. от 18.03.2020) // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34661/44743d8648cb45df9055b2b9a43edc176c5fc0d4/.

5 ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика комитетінің мәліметтері // <https://www.qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>

6 Таранов А.А. Комментарий к Кодексу Республики Казахстан об административном правонарушении. В двух книгах. Книга 1. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2002, - С. 464

7 Тажибаев Б.К. Практика применения административного права в области охраны окружающей среды // VI международная Атырауская правовая конференция «Актуальные вопросы и анализ практики применения законодательства в нефтегазовой отрасли Республики Казахстан» (г. Атырау, 11 апреля 2008 г.) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33089812#pos=6;-111

8 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 маусымдағы № 535 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 қаңтардағы № 24 Қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P100000024>

Адырбек С.О.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
жанындағы Сот төрелігі академиясының магистранты,
e-mail: Seiithan7@mail.ru

Ішкі сенім судья тәуелсіздігінің кепілі

Қазақстан Республикасы Азаматтық және Қылмыстық процестік кодекстерінде сот пен іске қатысушылар арасындағы қарым қатынастарды реттеуге, сондай-ақ істі шешуге бағытталған сот ісін жүргізудің қағидаттары бекітілген.

Азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізу осы қағидаттар негізінде жүзеге асырылады.

Сол қағидаттардың бірі және бірегейі дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 16-бабының 1-бөлігінде судья істе бар дәлелдемелерді жиынтығында бейтарап, жан-жақты және толық қарауға негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол заң мен ар-ұятты басшылыққа алатыны көзделген [1].

Сол сияқты, Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 25-бабының 1-бөлігінде судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол заң мен ар-ожданدى басшылыққа алатыны белгіленген [2].

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексіне берілген түсіндірмеге сәйкес, судьяның ішкі сенімі деп нақты дау бойынша сотқа ұсынылған барлық дәлелдемелерді, процестік заңының талаптарына дәл сәйкестікте және материалдық құқық нормаларын дұрыс қолдану арқылы зерттеу негізінде судьяның қалыптасқан пікірін қарауға болатыны көрсетілген.

Судьяның дәлелдемелерді бағалауы оның сыртқы нұсқамалардан азат ішкі сенімі бойынша жүргізіледі.

Алайда бұл судьяның ішкі сенімі еркін екенін білдірмейді. Ол сот ісін жүргізу қағидаттарына, логикалық ойлау заңдарына, бағалаудың нормативті белгіленген ережелеріне және істе бар объективті деректермен өзінің субъективтік сенімін негіздеу туралы заңның өзге де талаптарына бағынады.

Дәлелдемелерді еркін бағалау қағидатының мәні, мазмұны ішкі сенімді құрайды. Істегі дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау сот төрелігін жүзеге асыру кезінде істің дұрыс шешілуіне байланысты мәселе және өткір пікірталастардың объектісі болып табылады.

Дәлелдемелерді бағалау ережелеріне жатқызылған бірқатар санаттардың мазмұнын терең теориялық тұрғыдан түсіну, істер бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайлардың дәлелденгендігі туралы ішкі сенімді қалыптастыру болып табылады.

Азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізу үшін осы ұғымды АПК-де және ҚПК-де белгіленген практикалық қолдануды теориялық негіздеу және зерттеу маңызды.

Осы уақытқа дейін кәсіби судьяның азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы ретінде ішкі сенімін қалыптастырудың нақты құрылымы әзірленбеген, ішкі сенімділікті қалыптастыруға әсер ететін факторлар айқындалмаған [3].

Судьяның ішкі сенімі бұл оның белгілі бір объектіге жеке қатынасы, яғни іс үшін маңызы бар белгілі бір объектілер бойынша істі қарау және шешу процесінде туындайтын судьяның нақты сезімі немесе сезімдерінің жиынтығы.

Өзіне сенімсіз, өз қабілеттері мен мүмкіндіктері, білімі таяз судья заңды және әділ шешімдер қабылдай алмайды. Істің нақты мән-жайларына өзінің көзқарасын анықтау кезінде судья қабылданған шешімнің дұрыстығы үшін жеке жауапкершіліктің ауырлығын, эмоциялық, ерік-жігерлік және интеллектуалдық шиеленісті әрдайым сезінеді.

Іс жүргізу дәлелдемесі заңда көрсетілген субъектілердің дәлелдемелерді жинау, тексеру және бағалау бойынша жүзеге асыратын заңмен реттелетін қызмет ретінде азаматтық-қылмыстық процестің орталық проблемаларының бірі, барлық іс жүргізу қызметінің негізі болып табылады.

Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау талабы, тағы бір маңызды шартқа ие: зерттеуші сот ісін жүргізуде дәлелдемелерді бағалауда еркін, өйткені ол қандай-да бір дәлелдемелердің күші мен мәні туралы алдын ала белгіленген қағидалармен байланысты емес.

Азаматтық іс бойынша судьяның ішкі сенімін қалыптастыру процесі талап арыз қабылданған кезден басталады. Процестің бұл кезеңінде судьяда талап арызды қабылдауды, бас тартуды немесе қайтаруды байланыстыратын фактілерге қатысты белгілі бір сезім туындайды.

Процестің осы сатысындағы судьяның түпкілікті ішкі сенімінің мазмұны заң фактілерінің бар-жоғына немесе жоқтығына сенімділік сезімі болады.

Талап арызды қабылдаумен азаматтық процестің екінші сатысы - істі сот талқылауына дайындау сатысы басталады. Осы сатыда судьяның міндеті істің нақты мән-жайларының ауқымын, сондай-ақ осы мән-жайларды анықтау үшін қажетті дәлелдемелер аясын және іс бойынша ақиқатты анықтау процесіне дәлелдемелерді тарту шараларын қабылдау болып табылады.

Судьяның анықталуы тиіс мән-жайлар мен бұл үшін қажетті дәлелдемелер шеңбері дұрыс анықталатынына және дәлелдемелерді жинау мен ұсыну жөніндегі барлық шаралар қабылданатынына сенімділік сезімі пайда болған кезде ғана, судья істі тыңдауға тағайындау туралы ұйғарым шығарады.

Осы сатыда, анықталуға жататын мән-жайлар шеңберін анықтаудың дұрыстығына ішкі сенім негізінде, судья дәлелдемелердің жол берілуі мен қатыстылығына баға береді.

Сот талқылауы сатысында, ішкі сенімді қалыптастыру процесі, неғұрлым күрделі болады. Осы кезеңде материалдық-құқықтық және іс жүргізу, маңызы бар істің әртүрлі мән-жайлары туралы білім, ішкі сенімнің объектісі болады.

Оларға мәлімделген өтінішхаттарды шешу және соттың заңда көзделген әрекеттерді жасауы үшін қажетті білім жатады.

Осы кезеңдегі ішкі сенімнің мазмұны алдыңғы сатыларда қалыптасқан нанымдармен қатар, судьяда істің барлық мән-жайларын және дәлелдемелерді олардың жиынтығында жан-жақты, толық және объективті зерттеу жүргізгеніне сенімділік сезімі болып табылады. Осы сенімділік сезімі пайда болғанда ғана, дәлелдемелерді алдын ала бағалау негізінде істі мәні бойынша қарауды аяқтау мүмкін.

Кеңесу бөлмесіне кеткен кезде судьяда істің нақты мән-жайлары, тараптардың құқықтары мен міндеттері туралы, тұтастай алғанда құқықтық қатынастар туралы жалпы түсінік пайда болады.

Судья кеңесу бөлмесінде өзінің ішкі сенімі бойынша заң мен құқықтық санасын басшылыққа ала отырып, дәлелдемелерге түпкілікті баға береді.

Дәлелдемелерді түпкілікті бағалау процесінде судьяда іс мән-жайларының ақиқаттығына нық сенімділік сезімі пайда болады. Соңғы, сенім қалыптастыру кезеңінде судья қарастырылып отырған іс бойынша алған білімдердің ақиқаттығына (жалғандығына) толық сенімділікке келеді. Судья өз тұжырымдарының шынайылығына сенімді және басқа, қарама-қарсы қорытынды жасауға жол бермейді [4].

Судьяның ішкі сенімін қалыптастыру процесі бұл сотта іс жүргізу кезеңдерімен тығыз байланысты дәлелдемелерді зерттеу жолымен істің мән-жайлары туралы білім жинақтау жолы.

Қылмыстық процестің сот сатыларында сот отырысын немесе алдын ала тыңдауды тағайындау туралы мәселені шешу мақсатында судья қылмыстық істің материалдарын зерделейді; жиналған дәлелдемелерді зерттеуге және жаңа дәлелдемелерді алуға қатысады; өзінің бағасын тараптардың жарыссөзде берген бағаларымен салыстырады; кеңесу бөлмесінде түпкілікті шешім қабылдайды.

Істе бар дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау аталған кезеңдердің барлық сатыларында жүргізіледі.

Бұл кезеңдерде күмәнға орын бар. Алайда күмән субъективті категория. Ол судьяның қандай да бір тұжырымдарға қатысты жай-күйін сипаттайды және ол күмәнданатын ережелерді мұқият және егжей-тегжейлі тексеруге себепші болады.

Күмән ешқашан санада еркін пайда болмайды, әрдайым белгілі бір негіз бар. Күмән-күдіктерді түсіндіретін немесе жеңетін жаңа материалды жинау қажеттігін анық көрсетеді. Күмәндарды жоятын дәлелдемелерді жинау мен тексеру мүмкін болмаған жағдайда ғана бұл күмән жойылмайтын деп танылады және заңда көзделген салдарға әкеп соғады [5].

Ішкі сенім бойынша дәлелдемелерді бағалау – өзінің ақыл-ойы мен ар-ожданынан басқа ештеңеден теперіш көрмеген судьяның ішкі күрделі жұмысының нәтижесі екенін атап өту қажет.

Сондықтан шешім қабылдау кезінде судья: «мен солай қалаймын!» деуге заңдық не моральдық негізі жоқ. Ол «Мен басқаша істей алмаймын!» деп

айтуы керек. Сот төрелігі үшін судьяның жеке қалауына байланысты шешім қабылдау апат болып табылады;

Бір сөзбен айтқанда, шешім заңның мағынасымен, заттардың логикасымен, ішкі сезім және де өмірлік шындықпен дәріптелуі керек. Алайда, судья да кемшіліктерінен айырылмаған адам, сондықтан әртүрлі себептерге байланысты ішкі сенімнің барлық толықтығын қолдана алмайды, өйткені заттарға бір жақты қарап, ақыл-ойдың және т. б. жалаңдығынан зардап шегеді.

Бірақ, кез келген жағдайда, ол заңдылық және адамгершілік тұрғысынан қателесуге құқығы жоқ.

Ішкі сенім шынайы болу үшін ешқандай күмән тудырмайтын іс материалдарынан үзілді-кесілді бір жақты қорытынды болуы тиіс. Судьяның білімінің, тұжырымдар мен шешімдердің дұрыстығына күмәннің болмауы ішкі сенім үшін міндетті.

Күмән қандай-да бір фактілерді немесе олардың арасындағы қандай да бір байланысты бекіту мен жоққа шығару арасындағы ойдың ауытқуының күйі. Әр түрлі мүмкіндіктер арасындағы сананың мұндай ауытқуының әдетте эмоционалды бояуы бар.

Күмән дәлелдеу процесінде зерттеушіні ықтималдықтан сенімді білімге өтуге мүмкіндік беретін жаңа деректерді іздеуге итермелей отырып, оң рөл атқарады. Бірақ қорытынды баға беру кезінде ішкі сенімнің жоқ екендігін айғақтай отырып, күмәннің болуы іс бойынша оң шешім қабылдау мүмкін емес. Дәлелдемелер теориясында «күмән айыпталушының пайдасына түсіндіріледі» деген ереже тұжырымдалады.

Дәлелдеу процесіндегі күмән дәлелдерді қосымша жинау жолымен жойылуы тиіс, ал егер одан әрі зерттеу тиімсіз болса, онда қорытынды бағалау кезінде түсіну қажет.

Сенім сезімі және оған қарама-қарсы күмән сезімі интеллектуалды деп аталатын эмоциялар. Интеллектуалдық эмоциялар немесе уайымдар адамның саналы өміріне құрамдас бөлігі ретінде кіреді және кез келген танымдық қызметте маңызды рөл атқарады.

Ой, сезім мен ерік-жігердің өзара іс-қимылының өнімі ретінде сенім тек ой, дұрыс көзқарас емес, кейде эмоционалды боялған құмарлық идея, ішкі күш, адамның мінез-құлқын реттейтін және бағыттайтын категория ретінде қарастырылады.

Заңның ішкі сенім бойынша дәлелдемелерді бағалауға нұсқауы міндетті жағдай ретінде зерттеушінің кез келген күмәннің болмауымен, қол жеткен білімнің, қабылданған шешімдер мен орындалған әрекеттердің дұрыстығына сенімділікпен сипатталатын психикалық жай-күйін болжайды. Сенімнің болуы істі дұрыс шешудің адамгершілік-психологиялық кепілі болып табылады [6].

Ішкі сенімнің еркіндігін жеке, не негізделмеген және оған тәуелді емес қалаулар ретінде еркін түсіну мүмкін емес. Ішкі сенім судьяның басында қылмыстық істің мән-жайларын объективті түрде дұрыс және толық бейнелеуге тиіс. Бұл мағынада дәлелдемелерді бағалаудың нәтижесі бола

отырып, ішкі сенім объективті ақиқаттың субъективті көрінісі болып табылады.

Өз тұжырымдарының дұрыстығына деген сенімділіктің жай-күйі ретінде ішкі сенім жан-жақты, толық және объективті қаралған дәлелдемелердің жеткілікті жиынтығына сүйенуге тиіс.

Олай болмаған жағдайда, ол объективті ақиқаттан алыстатылған өзіне-өзі сенімді, жазалаусыз және бақылаусыз сенімге айналады. Ішкі сенімнің негізділігі оның заңда көрсетілген ажырамас қасиетін құрайды.

Нақты дәлелдеменің шынайылығы немесе дұрыс еместігі туралы қорытындыға оны іс бойынша басқа дәлелдемелермен салыстыру арқылы қол жеткізіледі, сондықтан дәлелдемелерді бағалау олардың жиынтығында дұрыс тұжырымдауға әкеледі.

Судьяның ішкі сеніміне әсер ететін сыртқы (объективті) факторлар: іс жүргізу заңнамасы; сот практикасы; процессуалды емес факторлар.

Сот отырысы барысында судьяның ішкі сеніміне әсер ететін субъективті факторлар: судьяның жеке басы, ар-ожданы, құқықтық санасы, сезімі, мінез-құлқы.

Соттың қандай да бір іс-әрекеті немесе шешімі заңды болып табыла ма, жоқ па деген сұраққа жауапты соттың өз іс-әрекеттерін (шешімдерін) таңдау еркіндігін бағалауынан емес, сот үшін міндетті әділдік принципіне жауап беретін қолда бар құқықтық мүмкіндіктердің арасынан таңдауынан іздеген жөн.

Мұның барлығы ішкі сенімді жауапсыздықтан және бақылаусыздықтан айырады [3].

Сенім шынайы және жалған болуы мүмкін екенін түсіне отырып, жекелеген авторлар тек шынайы білім шын мәнінде ішкі сенім болып табылады, ал қате сенімділік, ішкі сенім үшін қате қабылданатын әсер болып табылады деп санайды.

Алайда, терминдерді ауыстыру жағдайды құтқармайды, өйткені, екі жағдайда да әңгіме тек қана сананың жай-күйі туралы болып отыр. Жаңылысуда сенім болуы мүмкін. Мәселе, оны қалай деп атауда емес, ал оны тануда, анықтауда.

Ол үшін объективті критерий қажет, бұл сөздің кең мағынасында тәжірибе болып табылады. Өмірдің, практиканың көзқарасы тұжырымның ақиқаттылығын бағалау кезінде анықтаушы болып табылады дәлелдемелерді бағалау кезінде толық көлемде ішкі сенімге қолданылады [6].

Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау еркін және интуитивті емес, істе бар, дәлелдемелердің жиынтығының негізінде жүзеге асырылады.

Ішкі сенім бойынша дәлелдемелерді бағалау кезінде судья, сыртқы факторлардан тәуелсіз, өз білімі, тәжірибесі және логика заңдары негізінде қорытынды жасауға келеді.

Судьяның ішкі сеніміне әсер ететін маңызды критерийлерге, судья тұлғасының ерекшеліктерін, оның дүниетанымын, моральдық және саяси көзқарастарын, адамгершілік және моральдық қасиеттерін жатқызуға болады. Олардың маңызды мәні әділеттілік, құқықтық сана болып табылады, өйткені

әділетсіз сот, сотталған адам жасаған қылмыс сияқты, жеке адамға да, бүкіл қоғамға да зиян келтіруі мүмкін.

Судьяның ішкі сенімінің негізін әділдік пен объективтілік құрайды. Бұл санаттар субъективті, іс материалдарын сезімтал қабылдауға негізделген. Әділ сот әділдікті қамтамасыз етеді, бірақ сонымен бірге ол ізгілікті жоққа шығармауы тиіс.

Баяндалғандарды қорытындылай келе, шешім қабылдау барысында судья материалдық және іс жүргізу құқығын білу және дәл қолдану, ішкі сенімді қалыптастыру мақсатында іс-құжаттарын егжей-тегжейлі зерттеу, өз іс-әрекеттері мен қабылданатын шешімдерді бағалау критерийі ретінде ар-ожданды басшылыққа алуы қажет деп санаймын.

Өйткені ар-ождан, судьяның қоғам, адамдар алдындағы борышы мен жауапкершілігін субъективті сезінуі болып табылатындықтан, жалған емес шынайы сенім қалыптастыруға елеулі септігін тигізеді. Сәйкесінше заңдылық және әділеттілік қағидаларына сай келетін шешім қабылдауға ықпал етеді.

Бұл ретте, кәсіби қызметінде ар-ожданды басшылыққа алу, судьяның жұмысындағы маңызды адамгершілік бағдарларының бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының № 377-V Заңы, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының № 231-V Заңы, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

3 Резник Г.М. Внутреннее убеждение при оценке доказательств. – М.: Юрид. лит., 2004.

4 Голунский С.А. О внутреннем убеждении в суде // Законность. – 2006. – №5. – С. 47–49.

5 Грошевой ЮМ. Проблемы формирования судейского убеждения в уголовном судопроизводстве. Харьков: Вища школа. Изд-во при Харьк. Ун-те, 1975 – 144 с.

6 Школа С.А. Морально-этический компонент внутреннего убеждения судьи // Молодой ученый. – 2014. – №6. – С. 587-589.

Аккалиев Е.С.

магистрант Академии правосудия при
Верховном Суде Республики Казахстан,
e-mail: erjik_akkaliev@mail.ru

Активная роль суда при разрешении публичных споров

Первый Президент Республики – Елбасы Н.А. Назарбаев, утвердив своим Указом от 17 января 2014 года Концепцию по вхождению Казахстана в число

30-ти самых развитых государств мира, обозначил амбициозную цель, ключевым посылом которой стала тема модернизации с учетом лучших мировых практик [1].

Одним из приоритетов такой модернизации является создание системы административной юстиции, как института, являющегося важнейшим атрибутом современного правового государства.

Кроме этого, в Послании народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог - основа стабильности и процветания Казахстана» от 2 сентября 2019 года Глава государства Касым-Жомарт Токаев отметил, что в публично-правовых спорах при обжаловании решений и действий органов власти граждане зачастую находятся в неравных условиях. Их возможности несоизмеримы с ресурсами госаппарата [2].

В этой связи, Казахстан активно ведет работу по формированию качественной административной юстиции, которая начата ещё в рамках реализации Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года, в которой указано, что «важным направлением на пути к правовому государству является развитие административно-процессуального права, вершиной которого стало бы принятие Административного процедурно-процессуального кодекса (далее по тексту – АППК), который в настоящее время еще на стадии рассмотрения и воплощен в образ проекта.

При этом, для формирования системы административной юстиции, соответствующей международным стандартам правового государства и ее эффективного функционирования в Казахстане, целью которой является защита нарушенных прав и законных интересов физических и юридических лиц от незаконных решений и действий (бездействий) государственных органов и их должностных лиц, необходимо создание действенных институтов и соответствующей системы специальных органов, обеспечивающих судебный контроль за деятельностью органов публичной власти.

Проект АППК объединяет нормы, регулирующие общественные отношения, связанные с осуществлением административно-управленческого процесса, административно-юрисдикционного процесса (который включает в себя производство по рассмотрению жалоб в досудебном производстве) и административного судопроизводства.

Одними из важных и новых для национального законодательства принципов является – активная роль суда.

В различных государствах мира основы института административной юстиции зависят от исторически сложившегося в этих странах типах правовых систем [3]. Между тем полагаем, что споры, возникающие из публично – правовых отношений между частными лицами и публичной властью должны разрешаться специальными судебными органами - административными судами, которые должны быть отделены от судов общей юрисдикции. В международных отношениях административные суды, осуществляя функции «судебного надзора» за деятельностью публичной власти, создавая доверие и надежность общества к институтам государственной власти, а также благоприятную правовую почву для экономической свободы иностранных

инвесторов являются показателем с «good government» («хорошим правительством») [4].

В этой связи, создание административных судов и административного судопроизводства, к объектам рассмотрения которых будут относиться и споры, вытекающие из публичных правоотношений, является важным шагом, который будет способствовать созданию в Казахстане полноценной административной юстиции.

Необходимость обретения административным судопроизводством самостоятельной процессуальной формы вызвано рядом особенностей, одной из которой является «формально» неравное положение участников (сторон) административного процесса, в связи с чем, проектом АППК вводится концептуально новый принцип административного судопроизводства, обеспечивающий уравнивание положения сторон, принцип «активной роли суда».

Положение сторон административного судопроизводства, в связи с тем, что одной стороной всегда выступает государственный орган и его должностное лицо, наделенное публичной властью, априори, не может быть равным. В связи с этим, роль судьи, выражающаяся в ее активном участии в административном судопроизводстве, представляет собой огромное значение для поддержания баланса между сторонами, обеспечивая им равные возможности, то есть, является своего рода компенсаторно-процессуальным механизмом обеспечения баланса правового статуса его сторон [5].

Так, в соответствии со статьей 15 проекта АППК РК, суд, осуществляя руководство судебным процессом, не ограничивается объяснениями, заявлениями, ходатайствами участников административного процесса, представленными сторонами доводами и доказательствами, на основании материалов, имеющих в административном деле, исследует все фактические обстоятельства, имеющие значение для правильного разрешения спора, что соответствует мировым стандартам и практике по отправлению правосудия. Кроме того, при рассмотрении административного дела, судья не скован формальными требованиями и вправе высказать свое предварительное правовое мнение по тем или иным правовым обоснованиям, связанное с фактическими и (или) юридическими сторонами рассматриваемого дела [6].

Вводимый принцип и предоставленное полномочие по его реализации позволяет судье по собственной инициативе или по мотивированному ходатайству участников административного процесса собирать дополнительные сведения и доказательства для полного и объективного исследования фактических обстоятельств административного дела.

Тем не менее, в целях исключения злоупотребления участниками процесса правами, предусмотренные проектом АППК РК, пределы реализации принципа активного участия суда ограничены обязанностью участников административного процесса оказывать суду содействие в исследовании фактических обстоятельств административного дела и сборе доказательств. Таким образом, обязанность суда проводить исследование заканчивается, в частности тогда, когда речь идет об исследовании существенных для вынесения решения обстоятельств которые не мог распознать суд при проявлении

должной добросовестности и которые не были представлены или названы сторонами [7; 5].

Однако необходимо обратить внимание на следующие моменты. В проекте написано: «Судья вправе высказать предварительно свое мнение...». То есть в данном случае законодатель не обязывает судью высказывать свое предварительное мнение, а лишь даёт ему такое право. Поэтому когда и при каких обстоятельствах будет высказано предварительное мнение по тем или иным правовым обоснованиям будет зависеть от компетентности судьи.

Судья высказывает такое мнение по тем или иным правовым обоснованиям, связанным с фактическими, юридическими сторонами рассматриваемого дела. То есть не в целом по делу, не прогноз, не решение, не предварительное решение, а по тем или иным аспектам дела, по правовым вопросам, которые возникают при его рассмотрении.

Кроме того, это положение вводится для того, чтобы исключить неожиданное судебное решение. Сейчас происходит так, что истец с ответчиком судятся, а судья молчит в течение судебного процесса, а в конце выносит решение, которое непонятно для сторон. Когда судья в судебном процессе высказывает свое предварительное мнение, это позволяет сторонам лучше подготовиться, привести какие-то дополнительные сведения. То есть этим самым процесс и качество процесса, и окончательное решение улучшается, поскольку сторонам уже примерно понятно в каком направлении, например, у судьи имеется предварительное мнение.

Принцип активной роли суда, обладая классическим набором полномочий суда, в законодательствах стран постсоветского пространства имеют некоторые дополнения.

В соответствии с Кодексом административного судопроизводства Российской Федерации 8 марта 2015 года (далее – КАС РФ) полномочия судьи значительно расширены возможностью суда выходить за рамки искового заявления хоть и в исключительных случаях. Так, на основании части 1 статьи 178 КАС РФ, суд может выйти за пределы заявленных требований (предмета административного искового заявления или приведенных административным истцом оснований и доводов) в случаях, предусмотренных КАС РФ. В силу пункта 3 статьи 62 КАС РФ обстоятельства, имеющие значение для правильного разрешения административного дела, определяются судом в соответствии с нормами материального права, подлежащими применению к спорным публичным правоотношениям, исходя из требований и возражений лиц, участвующих в деле. При этом суд не связан основаниями и доводами заявленных требований по административным делам об оспаривании нормативных правовых актов, решений, действий (бездействия), соответственно принятых или совершенных органами государственной власти, органами местного самоуправления, иными органами и организациями, наделенными отдельными государственными или иными публичными полномочиями, должностными лицами, государственными или муниципальными служащими, а также по административным делам о защите

избирательных прав и права на участие в референдуме граждан Российской Федерации [8].

Таким примером служит, установленное пунктом 74 Постановления Пленума Верховного Суда Российской Федерации от 17 ноября 2015 года № 50 «О применении судами законодательства при рассмотрении некоторых вопросов, возникающих в ходе исполнительного производства», право суда, поскольку суд не связан основаниями и доводами требований об оспаривании постановления судебного пристава-исполнителя, установить обстоятельства, свидетельствующие о необходимости уменьшить размер исполнительского сбора, освободить должника от его взыскания на основании исследованных в судебном заседании доказательств, даже если стороны на данные обстоятельства не ссылались [9].

В отличие от позиции российского законодателя относительно пределов судебного усмотрения по административным делам проектом АППК РК такие пределы ограничены рамками искового требования. В соответствии с частью первой статьи 116 АППК РК суд не связан с заявленным основанием иска, но не вправе выходить за пределы исковых требований. Аналогичной позиции относительно пределов судебного разбирательства придерживаются и административно-процессуальные законодательства таких стран как Германия, Эстония, Латвия.

Так, например, само название параграфа 88 Административно-процессуального кодекса Германии «Связанность суда исковым требованием» указывает привязанность суда к исковому требованию. В соответствии со статьей 41 Административно-процессуального кодекса Эстонской Республики от 29 марта 2015 года, «Суд не может вынести решение относительно требования или основания, которое не представлен в жалобе, а также выйти за пределы требования» [10]. В силу статьи 249 Административно-процессуального закона Латвийской Республики от 1 марта 2017 года суд выносит решение относительно указанного заявителем предмета заявления, не выходя за пределы требования [11].

Однако, анализируя казахстанское законодательство, в частности нормы гражданского, семейного кодексов, а также проекта АППК РК нельзя утверждать, что право суда выхода за рамки искового заявления в законодательстве Республики Казахстан отсутствует.

Российский ученый Г.Л. Осокина анализируя правовое содержание понятия «пределов заявленных требований» говорит о двух видах выхода суда за пределы исковых требований: разрешение судом не заявленных истцом требований, тесно связанных с заявленными, а также изменение иска. Последнее, как указывает Г.Л. Осокина, может существовать в трех своих проявлениях: уточнение судом предмета иска, основания иска и субъектного состава иска [12;202]

Разрешение судом не заявленных истцом требований, тесно связанных с заявленными, прямо предусмотрено законодательством Республики Казахстан. Так, в соответствии со статьей 22 Кодекса Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье» от 26 декабря 2011 года (далее - Кодекс «О браке и

Жоғарыдағы кестеден тек қана Қазақстан Республикасында заңнамасында татуласу келісімінің жазбаша нысанда жасалу және тараптардың оған қол қою міндетін байқауға болады, ал салыстырудағы басқа елдерде татуласу келісімінің міндетті жазбаша нысаны талап етілместен, татуласу келісімнің сот отырысының хаттамасында көрсетілетіні бекітілген.

р/с	Қазақстан Республикасы	Әзірбайжан Республикасы
3	Сот татуласу немесе медиация туралы келісімді, егер оның шарттары заңға қайшы келетін болса немесе басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын болса не қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қозғайтын болса, бекітпейді [3].	Егер бітімгершілік келісімді жасасу қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қорғауға байланысты заңнамаға қайшы келсе, сот бітімгершілік келісімді бекітуден бас тартуы мүмкін. Егер дауды шешу қоғамның ерекше қызығушылығын тудырса, сот бітімгершілік келісімді бекітуден бас тартуы мүмкін [4; 37 б.].

Судьямен татуласу келісін бас тартудың негізі ретінде келісімнің заңнамаға қайшы келуі ғана емес, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қозғауы немесе бұзуы және қоғамның ерекше қызуғушылығының тудыруы болуы мүмкін.

Бұл нормадан қоғамның қауіпсіздігі мен пікірін мемлекет тарапынан ескерілуін және оны әр мәселе бойынша жекеше қолдану мүмкіндігін байқауға болады.

р/с	Қазақстан Республикасы	Әзірбайжан Республикасы	Германия Федеративтік Республикасы
4	Медиацияны жүргізетін судья медиацияны жүргізу күнін тағайындайды және тараптарға оның өткізілу уақыты мен орны туралы хабарлайды. Сот, егер басқа	Сот, төрағалық етуші судья немесе баяндамашы-судья тараптарға сот ұйғарымы нысанындағы бітімгершілік келісім жасасуды	Сот бітімгершілік келісімі қатысушылардың ұйғарым нысанында келіп түскен соттың, төрағалық етуші судьяның немесе баяндамашы-судьяның ұсынысын қабылдай отырып, соттың атына

<p>адамдардың қатысуы дауды (жанжалды) реттеуге ықпал ететін болса, оларды медиацияға шақыруға құқылы. Медиация туралы келісімнің шарттарын талқылау кезінде хаттама жасалмайды [3].</p>	<p>ұсынуға құқылы. Бұл жағдайда бітімгершілік келісім тараптардың сот ұсынысына жазбаша келісімімен жасалуы мүмкін [4; 37 б.].</p>	<p>жазбаша растау арқылы жасалуы мүмкін [4; 280 б.].</p>
--	--	--

Жоғарыдағы салыстырмалы кестеден Қазақстан Республикасының судья медиатордың рөлі мен салыстырудағы екі мемлекеттегі судья медиатордың функциясын жүзеге асырушы судьялардың рөлдерінде айырмашылықтарды байқауға болады. Атап айтқанда, Әзірбайжан және Германия Федеративтік Республикаларындағы судьялар тараптарға бітімгершілік келісімді ұсынуы және онымен тараптардың келісімдерін беруі арқылы жасасу мүмкін. Қазақстан Республикасының Кодекс жобасында мұндай мүмкіндік жоқ және тек қана медиацияны жүргізу күнін тағайындайтыны, оның өткізілу уақыты мен орны туралы хабарлайтыны жөнінде ғана жазылған.

«Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің» жобасында сол кодекспен тікелей реттелмеген мәселелерді Қазақстан Республикасының АПК-не сілтемелер жасау арқылы реттеу тәжірибесін байқауға болады және жоғарыда аталған мәселе Қазақстан Республикасының АПК-імен реттелмеген. Сонымен қатар, әкімшілік заңнаманы, әкімшілік іс жүргізуді реттейтін «Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінен» азаматтық іс жүргізуді реттейтін «Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік кодексіне» сілтемелер жасау орынсыз деп санаймын. Себебі, алдын айтып өткендей екі іс жүргізу өзара қатты ерекшеленеді және бір-бірімен сыйыспайтын қағидаттарға ие.

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы заңының» 10-бабы 1-тармағында «медиатор медиация барысында бір мезгілде барлық тараптармен де, тараптардың жеке-жеке әрқайсысымен де кездесулер өткізуге және оларға дауды (дау-шарды) шешу жөнінде ауызша әрі жазбаша ұсынымдар беруге құқылы» - делінген [5]. Яғни, медиатор дау бойынша тараптарға дауды шешу жөнінде ұсыным бере алады. Алайда, ол ұсынымның аясы, нысаны, шегі айқандалмаған және судья медиатордың тараптарға медиация келісімін ұсынуын, осы ұсынымға жатқызуға болатыны немесе болмайтыны түсініксіз. Керісінше, бұл ұсыныс тараптармен қандай да бір шешімді қабылдауға үгіттеу, мәжбүрлеу ретінде қабылданып, судьяның бейтараптылығына, объективтілігіне күмән келтіре отырып, даудық бір тараптың пайдасына шешілуіне мүдделі деп пайымдауларына себепкер болуы мүмкін.

Сонымен қатар, судья медиатордың тараптарға келісімді ұсыну мәселесін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының №10/2018 Бюллетеніндегі «Татуластыру рәсімдерін қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдарда» және

«Соттағы татуластыру рәсімдері» пилоттық жобасы бойынша іс жүргізу әрекеттерінің алгоритмінде» ашылмаған [6]. Нақты анықталмаған құқық нормалардың кеңінен қолданулуы мүмкін емес болып табылады.

Атап өйткендей, әкімшілік іс жүргізуге тек қана өзіне тән қағидаттарға ие, соның біреуі, соттың белсенді рөлі, яғни судья тараптар ұсынған дәлелдермен және дәлелдемелермен шектелмейді, әкімшілік істегі материалдар негізінде дауды дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайларды зерттейді, судья өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы, судья өз бастамасы бойынша мән-жайларын толық және объективті түрде зерттеу үшін қосымша мәліметтер мен дәлелдемелер жинайды [3].

Судьяның белсенді рөлі сот медиациясын жүргізу барысында да, кеңінен қолданған жөн. Әзірбайжан және Германия Федеративтік Республикалары тәжірибесіне сәйкес судьяның медиация келісімін тараптарға ұсынуы және тараптардың оны қабылдауы арқылы келісімнің жасалуы судьяның белсенді рөлінің бірден-бір көрінісі. Судьяның белсенді әрекет етуі жария-құқықтық даудың бейбіт жолмен шешілуіне қосар үлесі өте жоғары болады.

р/с	Қазақстан Республикасы	Әзірбайжан Республикасы	Германия Федеративтік Республикасы
5	Татуласу немесе медиация туралы келісім сот шығыстарын, оның ішінде өкілдердің қызметіне ақы төлеуге арналған шығыстарды бөлу тәртібін қамтуға тиіс. Сот шығыстарын бөлу жөніндегі мәселелер Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің қағидалары бойынша қаралады [3].	Дауды сотта бітімгершілік келісім жасасқанда, оның қатысушылары арасында шығыстарды бөлу туралы басқа келісім болмаған жағдайда, бітімгершілік келісімнің тараптары сот шығындарын тең өтейді [4; 53 б.].	Егер іс бітімгершілік келісім жасасу жолымен шешілсе және қатысушылар шығыстарды өтеуге қатысты шешім қабылдасамаса, онда әрбір тарап барлық шығыстардың жартысын көтеруге міндетті [4; 297 б.].

Сот шығыстарына қатысты үш мемлекеттік заң нормалары бірдей, сот шығыстарын бөлу тәртібі келісімде көрсетілуі тиіс, сот шығыстарын бөлу тәртібі келісімде көрсетілмесе сот шығыстары өзара тең бөлінеді.

Қазақстан Республикасында жария-құқықтық дауларда татуласу рәсімдеріне, соның ішінде сот медиациясын енгізу азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен бостандықтарын әкімшілік органдардың заңға қайшы әрекеттерінен қорғау сапасын арттырады. Қазақстан Республикасының әкімшілік іс жүргізу саласындағы кодекс жобасын шет ел заңнамаларымен салыстыру арқылы әкімшілік заңнаманы жетілдіру бағытының дұрыстығына көз жеткізуге болады. Сонымен қатар, сот медиациясын жүргізу барысында

судьяның келісімді тараптарға ұсынуы және олардың оны қабылдау арқылы келісімнің бекітілуі механизмін қамтитын шет ел мемлекеттерінің құқық нормаларының тиімді тұстарын ескеріп, кодекс жобасына енгізген жөн. Нәтижесінде судьяның белсенді әрекет ету қағидатын тағы бір қырынан аша отырып, тараптардың істі бейбіт жолмен шешу ықтималдығын артуға қол жеткіземіз.

Әдебиеттер тізімі:

1 [Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377) 30.10.2015 жыл. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2 «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 24.08.2009 жылғы N 858 Жарлығы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858>

3 «Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің жобасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.05.2019 жылғы № 348 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000348>

4 Кейбір мемлекеттердің әкімшілік заңнамаларына қатысты заң актілері жинағы. - 2-е изд. - Алматы : Фонд Сорос-Казахстан, 2013. - 828 с

5 «Қазақстан Республикасының Медиация туралы заңы 28.01.2011 жыл. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401>

Ерджанов Н.Е.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының жанындағы сот төрелігі академиясының магистранты,
sud.kaz2@mail.ru

Кәмелетке толмағандарға әкімшілік жазалар және тәрбиелік ықпал ету шаралары бойынша салыстырмалы талдау

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезі 16 жасқа толмаған болса кәмелетке толмаған тұлғаның жасағаны болып есептеледі. Яғни әр бір әкімшілік құқықбұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке ата-аналары тартылады. Жазаның негізгі түрлері әкімшілік жауапкершілік немесе тәрбиелеу сипатындағы мәжбүрлеу шаралары. «Қазақстан Республикасының балалар құқығын қорғау туралы» ҚР Заңдарының талаптарына сәйкес 20, 24, 48 және 50 бабтары бойынша әрбір кәмелетке толмаған бала ҚР Заңдары мен Конституциясын сақтауға, басқалардың құқығын, ар – намысын құрметтеуге, ата-аналары жұмысқа жарамсыз болған жағдайда қамқор болуға, Республиканың мемлекеттік нышандарын, тарихи және мәдени мұраларды қорғап, тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтауға, табиғатты қорғап, табиғи байлықтарға жауапкершілікпен қарауға міндетті делінген. Өз кезегінде ата-

аналар немесе заңды өкілдері қабілеті мен қаражаттық мүмкіндігіне орай баланың өмір сүруіне және жан – жақты дамуына жағдай жасаулары тиіс. Сонымен қатар, ата – аналар баланы тәрбиелеуге, оларға қамқорлық жасауға, материалдық жағдайы, тұрғын үймен қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жауапкершілігіне алуға міндетті. Заңға қайшы, құқықбұзушылық жасаған бала ҚР заңына сәйкес жауап береді. Статистикалық мәліметке сүйенсек құқықбұзушылық көбіне көшеде, қоғамдық орындарды және түнгі мезгілде орын алуда. Осыған сәйкес кәмелетке толмаған баланың құқықбұзушылық жасағаны үшін Кодексте ата-аналары немесе басқа заңды өкілдері әкімшілік жауапқа тартылады делінген[1].

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 127-бабында кәмелетке толмағандардың тәрбиесі мен білім алуына жағдай жасауда өз міндеттерін дұрыс орындамағандары үшін олардың ата-аналары немесе басқа заңды өкілдеріне 7 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Ал кодекстің 132-бабы кәмелетке толмаған *түнгі 22-00 – таңғы 6-00-ге дейін* көңіл көтеретін орындарда болуына мүмкіндік бергені үшін кіші және орта кәсіпкерлерге 30 және 45 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Яғни бұл тұрғыда ата –анасынада құқықбұзушылық мекеме басшысынада шара қолданылатындығы көрініп отыр.

Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін ойын-сауық мекемелерінде болуы заңды өкілдеріне 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы заңды өкілдеріне ескерту жасауға әкеп соғады. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер заңды өкілдеріне 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады ҚР-ның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 440-бабы бойынша кәмелетке толмағандардың қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктерді ішуі, масаң күйде келуі ата-анасына 5 айлық есептік көрсеткіш әкімшілік айыппұл салынады. Тағы бір айта кетер жайт, кәмелетке толмағандардың ата-анасына баласының ұсақ бұзақылық жасағаны жеке адамдарды қорлайтын әрекеттер, қоғамдық орындарды ластағаны және коммуналдық қалдықтарды тастағаны үшін, арнайы қызмет көрсету орындарына жалған шақырғандары үшін 7 және 15 айлық есептік көрсеткіш әкімшілік айыппұл салынады[2].

Соттарда жаза тағайындау кезінде кәмелетке толмаған баланың өмір сүруін, тәрбиесін, психикалық даму деңгейін, сонымен қатар оған басқа ересек адамдардың әсері ескеріледі. Сонымен қатар кәмелетке жасына толмау жазаны жеңілдететін жағдай ретінде ескеріледі. Кәмелетке жасына толмаған тұлға алғаш рет жасаса, онда уәкілді орган оны әкімшілік жауапкершіліктен босатып, оған тәрбиелік ықпал жасайтын шараларды қолданады. Егер кәмелетке толмаған бала әкімшілік құқық бұзушылық жасаса жасаған күнінен бастап 1 ай ішінде немесе анықтаған күнен бастап жазаны тағайындайды. Ал әкімшілік жаза тағайындау туралы қаулының орындалуынан кейін алты айдың

ішінде жаңа құқық бұзушылық жасамаса, онда ол әкімшілік жазаға тартылмаған болып саналады.

1/1. Тәрбиелік ықпал ету шараларына кәмелетке толмағанның ата-анасына, оның заңды өкіліне немесе арнайы мекеменің басшылығына заңды түсіндіру, ата-аналардың немесе олардың орнындағы адамдардың немесе мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру, келтірілген зиянды өтеу міндетін жүктеу, бос уақытын шектеу және оның мінез-құлқына ерекше талаптар қою. Шаралардың бұл тізімі нақты анықталып шектелген болып саналмайды. Өзге де тәрбиелік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін. Кәмелетке толмағандарға тәрбиелік ықпал етудің қандай шараларына «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Кодексінің 69-б. сәйкес кәмелетке толмаған адамға мынадай тәрбиелік ықпал ету шаралары тағайындалуы мүмкін: заңды түсіндіру, ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру; келтірілген зиянның есесін толтыру міндетін жүктеу, кәмелетке толмаған адамдарды бос уақытын шектеу және мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу. Кәмелетке толмаған адамға бір мезгілде бірнеше тәрбиелік ықпал ету шаралары тағайындалуы мүмкін.

Осы баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдану мерзімі үш айға дейінгі ұзақтыққа белгіленеді, және 4) тармақшасында көзделген тәрбиелік ықпал ету шараларын үнемі орындамаған жағдайда, мамандандырылған мемлекеттік орган, егер осы Кодекстің 890-бабының бірінші бөлігінде белгіленген ескіру мерзімі өтпеген болса, бұл шараның күшін жою және кәмелетке толмаған адамды әкімшілік жауаптылыққа тарту мәселесін шешу үшін материалдарды сотқа ұсынады.[1]

2. Тақырыбымның басында кәмелетке толмағанның қандай әкімшілік жауапкершілігі және оларға тәрбиелік ықпал ету шараларын қолданылатындығы бойынша тоқталдым. Енді өзіміздің көршілес отырған Өзбекстан елімен салыстырмалы түрде салыстырып, мақаланы оқушыларға ұсынғым келіп отыр.

САЛЫСТЫРМАЛЫ КЕСТЕ - 1

<u>Бап</u>	<u>ҚАЗАҚСТАН</u>	<u>ӨЗБЕКСТАН</u>
ӘҚБтК тің 127- бап	Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу және (немесе) оған білім беру, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді орындамау 1. Ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің кәмелетке толмаған	47. Невыполнение обязанностей по воспитанию и обучению детей Невыполнение родителями или лицами, их заменяющими, обязанностей по воспитанию и обучению несовершеннолетних детей, в том числе повлекшее совершение

<p>балаларды тәрбиелеу және (немесе) оларға білім беру, олардың құқықтарын және (немесе) мүдделерін қорғау жөніндегі, сондай-ақ оларға күтім жасау және күтіп-бағу жөніндегі міндеттерді орындамауы –</p> <p>он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.</p> <p>2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет –</p> <p>он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.</p> <p>3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, ата-ананың немесе осы міндеттер жүктелген өзге де адамның, сол сияқты педагогтің немесе білім беру, денсаулық сақтау ұйымының немесе өзге де ұйымның тәрбиелеу және (немесе) білім беру жөніндегі міндеттер жүктелген басқа да жұмыскерінің жасаған, кәмелетке толмаған адамның алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуына не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуына</p>	<p>несовершеннолетним административного правонарушения,</p> <p>влечет наложение штрафа от одной второй до трех базовых расчетных величин.</p> <p>Те же правонарушения, совершенные повторно в течение года после применения административного взыскания, —</p> <p>влечет наложение штрафа от трех до пяти базовых расчетных величин.</p> <p>Воспрепятствование родителями или лицами, их заменяющими, получению детьми обязательного общего среднего, среднего специального, профессионального образования,</p> <p>- влечет наложение штрафа от пяти до десяти базовых расчетных величин.</p> <p>Совершение правонарушения, предусмотренного частью третьей настоящей статьи, повторно в течение года после применения административного взыскания —</p>
--	--

	<p>не оның қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар қасақана іс-әрекет жасауына алып келген іс-әрекеті –</p> <p>жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.</p>	<p>влечет наложение штрафа от десяти до двадцати базовых расчетных величин или административный арест до пятнадцати суток.</p>
<u>Бап</u>	<u>ҚАЗАҚСТАН</u>	<u>ӨЗБЕКСТАН</u>
ӘҚБтК тің 442- бап.	<p>Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойынсауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы</p> <p>1. Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін ойынсауық мекемелерінде болуы – заңды өкілдеріне үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p> <p>2. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы – заңды өкілдеріне ескерту жасауға әкеп соғады.</p> <p>3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – заңды өкілдеріне жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p>	<p>188-2. Допущение нахождения несовершеннолетнего в местах развлечений (досуга) в ночное время</p> <p>Допущение руководителями или другими ответственными лицами ресторанов, кафе, баров, клубов, дискотек, кинотеатров, компьютерных залов, помещений, оборудованных для предоставления услуг доступа к сети Интернет, либо иных мест развлечений (досуга) нахождения несовершеннолетнего в указанных заведениях в ночное время без сопровождения одного из родителей или лица, заменяющего его, -</p> <p>влечет наложение штрафа от десяти до пятнадцати базовых расчетных величин.</p>

Ал Германияда себепсіз сабаққа бармауға мүлдем тыйым салынған. Егер білім алу қабырғасынан себепсіз қалатын болса қалған күніне 80 евро айыппұл төлейді, тіпті Кельнеде 155 евроға дейін айыппұл төленеді. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек 2018 жылы 7-10 сынып арасындағы оқушылар 10 күн бойына себепсіз білім алу қабырғасына 18 пайыз оқушы қалғаны анықталған. Алайда, Берлиннің кейбір аудандарында олар айыппұлдардан бас тартуды шешкен, олар бәрібір көмектеспейді деген ойда. Өткен жылы қамқоршылардың ата-аналарының үштен бірі ғана айыппұл төлеген. Теориялық тұрғыдан алғанда, сот төлеуден бас тартқаны үшін алдын-ала қамауға алу түріндегі жазаны тағайындай алады бірнеше күнге. Мектепке бару жағдайы нашар Нукельн аймағында олар бұл мәселеге ерекше қатысы бар шешім қабылдады. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі Министрлігі зиянды бұзушылықтардың 180-ге жуық ісін соттарға жолдады. Алайда осы уақытқа дейін түрмеге ешкім қамалмаған[3].

Ал қазіргі таңда Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағанның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны бойынша ата – анасының біріне хаттама толтырылап сотқа жолданылады. Ал егер әкісіне хаттама толтырып әкесі 2 айға шет елгекететін болса онда әкімшілік істі сотқа жолдамай ПБ-нің инспекторлары әкесінің шет елден келгенін күтеді. 2 ай өтуіне байланысты сот әкімшілік жауаптылықтан босатып істі қысқартады. Яғни заңда көзделмеген егер ата – анасының бірі шет елге кеткен жағдайда екінші ата – анасына хаттаманы ауыстыруға немесе қайта толтыруға. Соның салдарынан 2019 жылы ҚР соттарында 1073 әкімшілік іс қысқартылған. Жақсы басқа ата – анасына толтыруға мүмкіндік болмаған жағдайда, дәлелді себептермен 2 ай мерзімі өткені анықталса әкімшілік жауапкершілікке тарту қарастырылмаған. Яғни 1000 жуық кәмелетке толмаған бала және оның ата-анасы жауапкершілікке тартылмай одан әрі бұзақылығын жалғастырылуда.

ҚР ӘҚБтК	127 бап	132 бап	442 бап
Сотқа түскен іс	4802	1124	1765
Жауаптылыққа тартылған	3975	956	1619
Қысқартылған іс	785	153	135
Айыппұл салынған	51644192	26305320,88	23480120
Өндіріліп алынған	14272703	12417564	9056875

«Төрелік» бағдарламасына алынған ақпарат.

3. Мақаламның үшінші бөлігінде кәмелетке толмағандардың әкімшілік құқықбұзушылықтардың алдын алу жөнінде құқықтық санасын қалыптастыру туралы қозғағым келіп отыр.

Жарқын болашақ жарқын да жалынды жастарда. Қазақстан мемлекеті болашақты тек жастармен тікелей байланыстырып, жастардың білімдар, зерек, зерделі болуы үшін олардың талаптанып, көп ізденуіне мүмкіндіктер беріп, үнемі жол ашуда.

Жалпы кәмелетке жасы толмағандардың болашақта қоғамның белді азаматы болуы үшін, олардың құқық табалдырығын «сүрінбей» аттауы үшін құқықтық сананы үнемі жетілдіріп отыруы керек екені айтпаса да түсінікті. Немесе сол құқықтық сананы үнемі жетілдіріп отыру болашақты терең ойлайтын кез-келген жас үшін өмір заңдылығы ретінде қалыптасу керек сияқты. Менің ойымша кәмелетке толмағандардың құқықтық санасын зерделеуге қатысты бағдарлама үнемі жұмыс істеу қажет. Демек, бақылау тобына алынған кәмелетке жасы толмаған құқық бұзушылар мен жасөспірімдердің құқық санасы зерделенеді деген сөз. «Тәрбиесің қиын» балаларға жеке қамқорлық жасау барлық мектептерде жоспарланса да, іс жүзіне келгенде нашар жүзеге асырылған. Балалармен өткізілген әңгімеде тіпті олардың кейбіреулері өздерінің қамқоршыларын да білмеген. Барлық сынып жетекшілері де өз сыныбындағы «тәрбиесі қиын» балалардың қамқоршысы кімдер екенін және бұл қамқорлықтың мәнісі неде екенін білмей келген. Мектептердің тексерулерінде «тәртібі қиын» балалардың отбасындағы тәрбиелік жағдайы жеткілікті зерттеліп, ата-аналарымен және олар жұмыс істейтін кәсіпорын, мекеме және ұйымдардың қоғамдық ұйымдарымен тұрақты байланыс жасамағаны белгілі болған. Кәмелетке толмаған құқық бұзушыны дұрыс жолға салып, қайта тәрбиелеу үшін оның жағымсыз жақтарын ғана біліп қою аздық етеді деп ойлаймын[4].

Мақаламның соңында жалпы кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықты азайту мақсатында бірнеше ұсыныстарым бар. Ең алдымен білім беру қабырғаларында учаскелік инспекторлады ауыстырып жасы үлкен өмір көрген инспекторларды қою. Сонымен қатар мектеп қабырғасында балаларды ынталандырып құқықбұзушылықтың алдын алу шараларын жие ұйымдастыру, яғни бұзақылық жасағысы немесе жасап жүрген балаларды комплекстік профилактикалық іс шаралар өткізуге. Балаларға құқықбұзушылық жасағанда қандай салдар туғызатынын, олардың ата-аналарымен тығыз қарым қатынас жасап отыру қажет.

Егер кәмелетке толмаған бала сабаққа келмей, құқықбұзушылық жасап бастаған сәттен бастап педагог, психолог, девяндтты мінез құлықты балаларға арналған мекеменің өкілдері, учаскеліп инспектор, ата-анасы және мектеп директорының қатысуымен баламен жұмыс жасап, сөйлесіп баланы жауапкершілікке тартқызбай мектеп қабырғасында талқылап, жолға салған жөн деп есептеймін.

Әдебиеттер тізімі:

1 https://www.google.kz/search?q=1.+https%3A%2F%2Fkk.wikipedia.org%2Fwiki%2F&rlz=1C1GCEU_ruKZ865KZ865&oq=1.+https%3A%2F%2Fkk.wikipedia.org%2Fwiki%2F&aqs=chrome..69i57.4004j0j7&sourceid=chrome&ie=UTF-8

2 https://www.google.kz/search?q=2.+http%3A%2F%2Fwww.adilet.gov.kz%2Fkk%2Ffaq%2Fkmeletke-tolmagandarga-trbielik-ykpal-etudin-kanday-sharalary-bar&rlz=1C1GCEU_ruKZ865KZ865&oq=2.+http%3A%2F%2Fwww.adilet.gov.kz%2Fkk%2Ffaq%2Fkmeletke-tolmagandarga-trbielik-ykpal-etudin-kanday-sharalary-bar&aqs=chrome..69i57.3511j0j9&sourceid=chrome&ie=UTF-8

3 https://www.google.kz/search?q=3.+http%3A%2F%2Fpravstat.prokuror.gov.kz%2Fkaz%2Fsub%2Fnews%2Fzhasospirim-men-ata-ana-zhauapkershiliktin-zhugikimde&rlz=1C1GCEU_ruKZ865KZ865&oq=3.+http%3A%2F%2Fpravstat.prokuror.gov.kz%2Fkaz%2Fsub%2Fnews%2Fzhasospirim-men-ata-ana-zhauapkershiliktin-zhugi-kimde&aqs=chrome..69i57.775j0j9&sourceid=chrome&ie=UTF-8

4 https://www.google.kz/search?q=4.+https%3A%2F%2Farticlekz.com%2Fkk%2Farticle%2F16653&rlz=1C1GCEU_ruKZ865KZ865&oq=4.+https%3A%2F%2Farticlekz.com%2Fkk%2Farticle%2F16653&aqs=chrome..69i57.662j0j9&sourceid=chrome&ie=UTF-8

5 https://www.google.kz/search?q=5.+https%3A%2F%2Fonline.zakon.kz%2FDocument%2F%3Fdoc_id%3D30164065%23pos%3D3%3B-101&rlz=1C1GCEU_ruKZ865KZ865&oq=5.+https%3A%2F%2Fonline.zakon.kz%2FDocument%2F%3Fdoc_id%3D30164065%23pos%3D3%3B-101&aqs=chrome..69i57.478j0j9&sourceid=chrome&ie=UTF-8

Жанадилова А.Ж.

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының жанындағы

Сот төрелігі академиясының магистранты,

email: Zanger_dan@mail.ru

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар: практика мәселелері

Құқықтық тәртіп пен заңдылық мәселелері ҚР Президенті Қ.Тоқаев пен Елбасы Н.Назарбаевтың бағдарламалық құжаттарында басты орын алады. Қазақстан халқына арналған өзінің Жолдауларында құқықтық жүйеге, оның дамуы мен жетілдіруіне, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына ерекше назар аударады [1]. Адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы тәуелсіз сот төрелігінің рөлі ерекше зор. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылық мәселелерін қарастырған кезде, кінәлі тұлғаның жеке басының жағдайының

ескерілуі адам және азамат құқықтарының қорғалуының кепілі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінің (бұдан әрі - ҚРӘҚБтК) 56,57-баптарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар көзделген [2]. Қазіргі таңда практикада осы аталған мән-жайларды ескеру қиыншылық тудырып келеді. Мәселеге тікелей көшпестен бұрын, алдымен, әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылық деген ұғымды анықтап алғанымыз жөн. Әкімшілік жауаптылық ұғымына ҚРӘҚБтК-те түсінік берілмегендіктен, ол туралы ғалымдардың пікірлері сан алуан. Кейбір ғалымдар құқықтың позитивті немесе теріс сипатында талдап, әкімшілік жауаптылық құқықтық жауаптылықтың түрі ретінде тек теріс нысанда көрініс табуы мүмкін деген [3; б.27]. Кейбір заң әдебиеттерінде әкімшілік жауаптылықты әкімшілік жазамен теңдестіріп жатады. Алайда осы бағытта ойлау әкімшілік жауаптылықтың шекарасын неғұрлым азайтады деп көрсеткен зерттеушілердің пікірлерімен келісемін [4; б.23].

Сондықтан, аталған тұжырымдарды ой елегінен өткізе отырып, әкімшілік жауаптылыққа келесідей түсінік беруге болады. Әкімшілік жауаптылық – әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кінәлі тұлғаға қатысты ҚРӘҚБтК-тің Ерекше бөлігінде көзделген санкцияны қолдануға бағытталған мемлекетпен бекітілген ықпал ету шарасы. Осыдан әкімшілік жауаптылықтың әкімшілік жазаны қолданумен тығыз байланыстылығы анықталды. Ал әкімшілік жазаны қолдану барысында судья жан-жақты, объективті түрде, жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайларды анықтап алуы қажет. ҚРӘҚБтК-те жауаптылықты жеңілдететін мән-жай ретінде келесілер көрсетілген: кінәлі адамның өкінуі; залалды өз еркімен өтеуі немесе келтірілген зиянды жоюы; жан толқынысының әсерімен не жеке басының немесе отбасының ауыр мән-жайлары салдарынан жасау; кәмелетке толмаған адамның жасауы; жүкті әйелдің немесе он төрт жасқа дейінгі баласы бар әйелдің жасауы; күшпен немесе психикалық мәжбүрлеу нәтижесінде жасау; бұйрықты немесе өкімді орындау кезінде жасау; әкімшілік құқық бұзушылықты алғаш рет абайсызда жасау [2]. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын сот (судья), орган (лауазымды адам) жоғарыда аталғандардан басқа мән-жайларды да жеңілдететін мән-жайлар деп тануы мүмкін [2].

Жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар институты қылмыстық құқықта да кеңінен қолданысқа ие. Аталған институтқа салыстырмалы анализ жасасақ, Қылмыстық Кодекстің 53-бабының 1-бөлігінің 4) тармақшасында көзделген қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайдың бірі ретінде кінәлі адамның жас балаларының болуы көрсетілген [5]. Ал ҚРӘҚБтК-те болса, осындай жеңілдік тек әйел адамға берілген. Қазіргі таңда заман күнде өзгеріске ұшырап отыр. Осы өзгерістердің бірі ретінде, ажырасу мәселесінің күрт өсуі, тіпті, балалар тек қана анасының асырауында емес, сонымен қатар, әкелерінің де асырауында қалып жатқан жағдайлар өте көп. Сондықтан да, құқық та заман талабына сай өзгеріп тұруға тиіс. Біздің

ойымызша, әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін мән-жай ретінде көрсетілген он төрт жасқа дейінгі баласы бар әйелдің жасауы дегенді он төрт жасқа дейінгі баласы бар кінәлі адамның жасауы дегенмен ауыстыру қажет.

Қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі ретінде ҚРӘҚБтК-тің Ерекше бөлігіндегі кейбір баптардың санкциялары абсолютті анықтылығы танылады. Санкцияның абсолютті анық болуы әкімшілік жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайларды ескеруге мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, осындай санкциялардың болуы соттың қоғамдағы әділеттілікті орнықтыратын орган ретіндегі рөлі төмендейді және сенімді жоғалтады. Бұған мысал ретінде келесі жағдайларды қарастырайық.

«Гүлзада» ЖК-нің ҚРӘҚБтК-тің 282-бабы бойынша жасаған әкімшілік құқық бұзушылығы оқиғасын алып қарастырайық. ЖК «Гүлзада» «Premium Bakers» атты дүкенінде кәсіпкерлік қызметін атқарған. Алайда Алматы қаласы Жетісу аудандық мемлекеттік кірістер департаменті тексеріспен келген кезде, алкогольдік өнімдерімен айналысуға арнайы құқығы, яғни мемлекеттік лицензиясы болмағаны анықталған. Сотта ЖК «Гүлзада» өз кінәсін мойындап және жеке кәсіпкердің асырауында 14 жасқа толмаған үш баласының болуын ескерген сот жеңілдететін мән-жай бар екендігін айқындаған. Бірақ, ҚРӘҚБтК-тің 282-бабында абсолютті анықталған жаза көзделгендіктен, 75 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) айыппұл салынып, дүкеніндегі барлық алкогольдік өнімдері тәркіленген. Осыған қатысты, тағы бір мысал келтірсек, «Алматы облысы бойынша жерді пайдалану және қорғауды бақылау Басқармасы» Мемлекеттік мекемесі «Жетісу өнімдері» ЖШС-не тиесілі Алматы облысы, Іле ауданы, Жетіген ауылы, өндірістік аймақ территориясы, №13 ғимарат мекен-жайы бойынша 2000 га жер телімінің нысаналы мақсатына сай қолданылуын қайтадан тексеруге шыққанда, аталған мекен-жай бойынша жер телімінің игерілмегені анықталған, болмаса алдыңғы тексерістен нұсқама берілген болатын. Сондықтан да, мемлекеттік мекеме әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамасын толтырып, сотқа жіберілген. Сот қарауы барысында «Жетісу өнімдері» ЖШС-і нұсқаманы алған сәттен бастап, аталған жер учаскесінде ғимарат тұрғызу үшін тиісті органдардан рұқсат алу процесі болып жатқанын баяндаған, ҚРӘҚБтК-тің 462-бабының 3-бөлігіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық жасағанын мойындаған. Сот «Жетісу өнімдері» ЖШС-нің эскиздік жобаны алып сәулет органына бекітуге берілгенін, сәулет-жоба тапсырмасын алғанын және аталған жер учаскесінде іргетасы қаланып бастағанын ескере отырып, оны жеңілдететін мән-жай деп таниды. Алайда, ҚРӘҚБтК-тің 462-бабының 3-бөлігі абсолютті анықталған болғандықтан, 100 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) айыппұл салынған.

Т. Нұрышева өз мақаласында ҚРӘҚБтК-тің Ерекше бөлігіндегі кейбір баптарда тек қана абсолютті айқындалған жазаның бекітілуі және ондай жағдайда әлеуметтік әділеттіліктің орнайтынына күмән тудырады деп көрсеткен [6; б.30].

Естеріңізге сала кетсек, бұрынғы 2001 жылғы ӘҚБтК (ҚазКСР әкімшілік құқық бұзушылық туралы бұрынғы кодекстері сияқты) әкімшілік жазаның түрі

айыппұлдардың «бастап» және «дейін» деген шкаласы болған. Бұл әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізуші органына істің нақты жағдайларын ескере отырып, жаза тағайындауға жеке қарауға мүмкіндік берді.

Әкімшілік құқық бұзушылыққа көзделген санкциялардың баламасыз және абсолютті болу идеясы дұрыс емес және ҚРӘҚБтК-те белгіленген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жаза қолданудың жалпы ережелеріне қайшы келеді.

Сонымен, ҚРӘҚБтК-тің 55-бабында әкімшілік жаза «құқық бұзушылықтың сипатына, оның жасалу мән-жайларына, құқық бұзушының жеке басына сәйкес келетін әділетті» болуы тиіс делінген [2]. Жеке тұлғаға әкімшілік жаза қолдану кезінде «жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, кінәлінің жеке басы, оның ішінде құқық бұзушылық жасалғанға дейінгі және одан кейінгі оның мінез-құлқы, мүлктік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар» ескерілуге тиіс. Егер заңды тұлға болса, онда «әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, мүлктік жағдайы, жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар» ескерілуі тиіс [2].

Сонымен қатар, істі қарау кезінде әділдікке қол жеткізу үшін Адам және азамат құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 10-бабында айтылған. Сот төрелігін іске асыру кезіндегі әділдік туралы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде де бекітілген (14-баптың 1-тармағы). Баламасыз және жазаның абсолюттілігі - әркімнің өз ісін әділ шешу құқығынан айыру болып табылады.

Сондықтан да, әділдікке апаратын бірден-бір жолы ретінде ҚРӘҚБтК-тің Ерекше бөлігінде санкциясы абсолютті анықталған баптарға баламалы санкцияны енгізу қажет деп санаймыз.

Сонымен қатар, ҚРӘҚБтК-тің 57-бабында жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар қарастырылған: прокурордың заңды түсіндіргеніне және (немесе) осыған уәкілетті тұлғалардың оны тоқтату талабына қарамастан құқыққа қарсы мінез-құлықты жалғастыру; бұрын біртекті әкімшілік құқық бұзушылығы үшін әкімшілік жазаға тартылған, ол бойынша осы ҚРӘҚБтК-тің [61-бабында](#) көзделген мерзімі өтпеген адамның оны бір жыл ішінде қайталап жасауы; кәмелетке толмаған адамды әкімшілік құқық бұзушылыққа тарту; кінәлі адамға психикасының ауыр түрде бұзылуынан зардап шегетіні көрінеу белгілі адамдарды не әкімшілік жауаптылық туындайтын жасқа толмаған адамдарды әкімшілік құқық бұзушылық жасауға тарту; ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша, басқа адамдардың заңды әрекеттері үшін кек алу, сондай-ақ басқа құқық бұзушылықты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатында әкімшілік құқық бұзушылық жасауы; адамға немесе оның жақындарына қатысты осы адамның өзінің қызметтік, кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасауы; кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты, сондай-ақ жас балаға, басқа да қорғансыз немесе дәрменсіз адамға не кінәлі тұлғаға тәуелді адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық жасау; адамдар тобының әкімшілік құқық бұзушылық жасауы; дүлей зілзала

жағдайларында немесе басқа да төтенше жағдайлар кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасау; алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде әкімшілік құқық бұзушылық жасау. Әкімшілік жаза қолданатын сот (судья), орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылықтың сипатына қарай алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде әкімшілік құқық бұзушылық жасауды ауырлататын мән-жай деп танымауы мүмкін [2].

ҚРӘҚБтК-тің 57-бабының б) – тармақшасына сәйкес жауаптылықты ауырлататын мән-жай ретінде адамға немесе оның жақындарына қатысты осы адамның өзінің қызметтік, кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасауы қарастырылған. Алайда осы жердегі оның жақындары деген ұғым ашылмаған және оған кімдер жататыны белгісіз. Әр адамға жақындары дегенде әр мағынада түсінілуі мүмкін және бұл жерде заң шығарушының кімді меңзегені анық емес.

Сонымен қатар, жауаптылықты ауырлататын мән-жай ретінде кәмелетке толмаған адамды әкімшілік құқық бұзушылыққа тарту көзделген. Алайда аталған ҚРӘҚБтК-тің 128-бабында кәмелетке толмаған адамды әкімшілік құқық бұзушылыққа тарту жекеленіп көрсетілген және өзіндік жауаптылық көзделген. Сондықтан да, кәмелетке толмаған адамды тарту әкімшілік құқық бұзушылығы орын алған кезде, оны ауырлататын мән-жай ретінде емес, осы ҚРӘҚБтК-тің 58-бабына сәйкес бір адам екі немесе одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде әрбір құқық бұзушылық үшін жеке-жеке әкімшілік жаза қолданылады, яғни 128-бапты бөлек көрсетілуі тиіс. Ал ҚР Жоғарғы Сотының 22 желтоқсан 2016 жылғы Соттардың Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Жалпы бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы Нормативтік Қаулысының 20 тармағына сәйкес егер кінәлі адам ӘҚБтК-нің 128-бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылмаса, кәмелетке толмаған адамды әкімшілік құқық бұзушылық жасауға тартуды ӘҚБтК-нің 57-бабының 3) тармақшасына сәйкес жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар деп ескерген жөн [7]. Алайда, біздің пікірімізше, кәмелетке толмаған адамды әкімшілік құқық бұзушылыққа тарту жауаптылықты ауырлататын мән-жай ретінде емес, жеке осы ҚРӘҚБтК-тің 128-бабы бойынша жауаптылыққа тартылып, 58-бабы бойынша бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам ретінде сараланғаны дұрыс.

Әкімшілік жаза кінәлі адамға тән азабын тарттыруды немесе оның адамгершілік қадір-қасиетін қорлауды, сондай-ақ заңды тұлғаның іскерлік беделіне зиян тигізуді мақсат тұтпайды. Сондықтан да, жоғарыда аталған негіздерге сүйене отырып, ҚРӘҚБтК-ке өзгерістер енгізілген жағдайда, қоғамның сотқа деген сенімі артып, әділдік пен заңдылықтың нышаны ретінде орнықтыруына үлесін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1 Жусупбекова М.К. Құқықтық тәртіп пен заңдылық тәуелсіз Қазақстанның дамуының негізгі шарттары // Молодой ученый. – 2016. - №5.2. – С. 23-25. – URL <https://moluch.ru/archive/109/26709/>

2 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>

3 Додин Е.В. Понятие и виды оснований административной ответственности //Сборник научных трудов Киевской высшей школы МВД СССР. Киев, 1982. С.26-30.

4 Неретин М.С. Административная ответственность и банковский надзор // Административное и муниципальное право. 2008. -№6.-С.21-25.

5 Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

6 Нұрышева Т.С. Әкімшілік жазаларды тағайындау және қолданудағы кейбір мәселелер // Вестник Института законодательства РК. №1 (55) -2019. – С.28-34.

7 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының №12 Соттардың Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Жалпы бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы Нормативтік Қаулысы 2016 жылғы 22 желтақсандағы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000012S>

Жанаев Е.Д.

магистрант Академии правосудия
при Верховном Суде Республики Казахстан
e-mail: erlan08021978@gmail.com

Мелкое хулиганство как деяние, направленное на нарушение правопорядка

Пункт 1 статьи 1 Конституции Республики Казахстан устанавливает, что «Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы»[1].

Данное правовое положение Основного закона предусматривает, что никем не может быть нарушен порядок, установленный и гарантированный государством.

По моему мнению, прежде чем раскрыть понятие и особенности мелкого хулиганства как активного действия, направленное на нарушение правопорядка необходимо вначале раскрыть понятие «правопорядок» и его особенности.

Изучение категории “порядок” и «правопорядок» актуализируется с течением времени, так как она довольно прочно вошла в научный и повседневный оборот.

С лингвистической точки зрения Ожегова С.И. “порядок” раскрывается– как “правила, по которым совершается что-нибудь; существующее устройство, режим”[2, с. 356].

В науке административного права данный термин толкуется как социальный, экономический, политический и правовой режим.

Характеристика “правовой” указывает на то, что порядок образуется в связи с правом и базируется на нем. Также анализируемая категория не исчерпается только правом. Для полноценного научного обоснования и интерпретации особую роль выполняет законность, так как правопорядок – есть результат действия права и законности [3, С. 562-567].

Итак, правопорядок (как институт, обеспечивающий приемлемый, необходимый режим) означает реальное обеспечение и реализацию субъективных прав, соблюдение юридических обязанностей всеми гражданами, должностными лицами, органами и организациями.

На основе вышеизложенного можно предположить, что в юридической литературе правопорядок определяется как определенная система общественных отношений, складывающаяся на основе права и законности, как основанная на праве и законности организация общественной жизни, отражающая качественное состояние общественных отношений или как состояние фактической упорядоченности общественных отношений, выражающих реальное, практическое осуществление требований законности.

В частности, по мнению профессора С.С. Алексеева, правопорядок – “это требования не только строжайшего, неукоснительного соблюдения и исполнения норм позитивного права, но и верховенства законов (права) по отношению ко всем иным правовым актам, равенства всех перед законом, обеспечения для всех субъектов полного и реального осуществления субъективных прав, независимого и эффективного правосудия, эффективной работы всех правоохранительных органов” [4, С. 236].

Правапорядок имеет ярко выраженную социально-правовую природу, которая определяется сознательно-волевой деятельностью человека, приобретающей посредством регулирующего воздействия юридических норм черты упорядоченности, и характеризуется правомерным поведением участников общественных отношений.

В философии права правопорядок рассматривается, как “юридическое оформление одного из важнейших свойств развития материи в высшей форме ее проявления — социальной жизни” [5, С. 235].

Необходимо отметить, что правопорядок в самом широком понимании есть результат борьбы таких категорий, как “справедливость — несправедливость”, “нравственность — безнравственность”, “гуманность — антигуманность”.

Правапорядок как социальное явление есть институт динамичное, производное от иных социальных явлений. Социальное содержание и правовое нормирование предопределяется динамикой социального прогресса — чем он выше, тем острее требования к упорядоченности важнейших сторон жизни, а “система добродетелей, так же как и система преступления и порока, меняется вместе с ходом истории». Ретроспективное изучение правопорядка обеспечивает истинность вышеизложенные слова Габриэля Тарда [6, С. 33].

В современной трактовке в юридической литературе “правапорядок” интерпретируется как полноценное функционирование его элементов, таких как:

- законодательное обеспечение интересов личности, толкуемое как реализация конституционных прав и свобод, в обеспечении личной безопасности, в повышении качества и уровня жизни, в физическом, духовном и интеллектуальном развитии человека и гражданина;

- создание условий реализации интересов общества, которые представляются учеными как упрочение демократии, в создании правового, социального государства, в достижении и поддержании общественного согласия, в духовном обновлении Казахстана;

- интересы государства, которые состоят в незыблемости конституционного строя, суверенитета и территориальной целостности Казахстана, политической, экономической и социальной стабильности, в безусловном обеспечении и поддержании законности, в развитии равноправного и взаимовыгодного международного сотрудничества.

В частности, обеспечение общественного порядка может быть представлено как защита интересов государства, так и общества. В связи с этим необходимо раскрыть особенность мелкого хулиганства.

Мелкое хулиганство представляет собой опасность для общества, нарушение права личности на имущество, личного достоинства и так далее.

В статье 434 Кодекса Республики Казахстан «об административных правонарушениях» (далее – КоАП РК), мелкое хулиганство раскрывается как «нецензурная брань в общественных местах, оскорбительное приставание к физическим лицам, осквернение жилых помещений, загрязнение мест общего пользования, парко, скверов, в том числе выброс коммунальных отходов в неустановленных местах, и другие подобные действия, выражающие неуважение к окружающим, нарушающий общественный порядок и спокойствие физических лиц»[7].

Объективная сторона мелкого хулиганства всегда характеризуется противоправным действием физического лица. Хулигану свойственны активные волевые вредоносные поступки, безнравственность поведения, циничное отношение к гражданам.

Аморальность хулигана проявляется в стремлении своими действиями оскорбить, унижить незнакомого ему гражданина (оскорбительное приставание) либо добиться того же вредоносного эффекта путем употребления ненормативной лексики или арготизмов.

При квалификации такой разновидности хулиганских действий, как оскорбительное приставание, следует учитывать и моральный облик потерпевшего. Например, общение двух хулиганов, когда одному из них свойствен более осязаемый потенциал безнравственности, совместимый с физическим или моральным воздействием, а другому - пассивный аморализм, проявляющийся в нецензурной брани, нельзя характеризовать как оскорбительное приставание. Подобное общение двух физических лиц свидетельствует об их взаимной духовной ущербности, существенных изъянах в культурных, образовательных, нравственных устоях жизни.

Оскорбительное приставание характеризуется дерзкими, навязчивыми действиями хулигана, наносящего моральный или физический вред

незнакомому ему лицу, несмотря на противодействие потерпевшего. Хулигану свойственна злость противоправных проявлений, их многократная повторяемость, несовместимая с моральными устоями потерпевшего, которого подобные действия оскорбляют и унижают.

При отграничении мелкого хулиганства как административного правонарушения и хулиганства, квалифицируемого как преступление, следует учитывать следующие обстоятельства:

а) *физическое или моральное воздействие* на потерпевшего в случае мелкого хулиганства всегда характеризуется менее значимой вредоносностью, в отличие от насилия, применяемого к гражданам (или угрозы его применения) при совершении преступления;

б) *объектом противоправных действий хулигана* при совершении административного проступка является нематериальная субстанция - общественный порядок, при этом потерпевшему не причиняется имущественный вред либо последний незначителен. Если хулиганские действия сопряжены с применением оружия либо предметов, используемых в качестве оружия, то подобное правонарушение всегда квалифицируется как уголовное правонарушение;

в) *мелкое хулиганство как административный проступок* несовместимо с квалифицирующими признаками хулиганства как уголовного проступка, такими как групповое правонарушение, действия, сопряженные с сопротивлением представителю власти, и другие, указанные в УК.

Субъект данного правонарушения - вменяемое лицо, достигшее к моменту совершения проступка шестнадцатилетнего возраста.

Субъективная сторона рассматриваемого административного правонарушения характеризуется наличием вины в форме прямого умысла: правонарушитель осознанно стремится к нарушению общественного порядка, предвидя вредоносные последствия своего деяния.

Объектом указанного административного правонарушения является общественный порядок - урегулированные правом правила поведения граждан в их общении с другими физическими лицами.

Общественная опасность и противоправность данного вида деяния характеризует и приводит к нарушению в частности правовой культуры казахстанского общества.

В частности, совершение данного вида правонарушения характеризует о низком уровне правосознания личности правонарушителя, в связи с этим считаю, что необходимо проводить научные исследования, анализ практики рассмотрения дела данного вида правонарушения в целях выявления существенных особенностей и внедрения новых видов мер предотвращения совершения мелкого хулиганства.

В юридической науке выделяют следующие компоненты правовой системы: правовая культура, судебная практика и национальное законодательство. Все эти элементы взаимосвязаны и взаимообусловлены между собой.

В зависимости от уровня развития правовой культуры общества, а именно правосознания граждан, зависит обеспечение и охрана правового порядка. Государство же, в свою очередь, посредством законодательного регулирования и правовых механизмов может обеспечить охрану и защиту прав и свобод граждан, и, следовательно, правопорядок в обществе. Судебная система в этом процессе призвана обеспечить торжество правовой справедливости, восстановление нарушенных прав и защиту законных интересов субъектов правоотношений.

Список литературы:

- 1 Конституция Республики Казахстан, принятая на республиканском референдуме 30 августа 1995 года. http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_
- 2 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю.. Толковый словарь русского языка: 72500 слов и 7500 фразеологических выражений. - М.: Азъ, 1992. - 955 с.
- 3 Матузов Н.М., Малько А.В. Теория государства и права. - М.: Юристъ. 2001. – 567 с.
- 4 Алексеев С.С. Общая теория права. Т.1. - М., 1981. – 336 с.
- 5 Борисов В. В. Правопорядок // Курс лекций / - М.: Юристъ, 2000. – 576 с.
- 6 Тард Г. Сравнительная преступность. – М., 1907. – 233 с.
- 7 Кодекс Республики Казахстан «об административных правонарушениях» от 5 июля 2014 года (по состоянию на 21.01.2019 г).

Жаңбырбек Ф.Ж.

магистрант Академии правосудия
при Верховном Суде Республики Казахстан
e-mail: balgal_kz@mail.ru

Правовое регулирование административного задержания

В ряду мер обеспечения производства по делу об административном правонарушении наиболее часто применяется административное задержание.

Юридическая природа административного задержания определяется целями, достижению которых служит данный правовой институт. Безусловно, главной целью административного задержания является прекращение административного правонарушения, когда исчерпаны такие меры как устное требование и предупреждение.

Необходимость исследования административного задержания как значимого института административного процессуального права продиктована ростом административных правонарушений, совершенствованием правовых норм общей системы административного законодательства, и правоприменительной практики уполномоченных государственных органов, отвечающих за обеспечение режима законности.

В Послании народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог - основа стабильности и процветания Казахстана» Глава государства Касым-Жомарт Токаев отметил, что в публично-правовых спорах при обжаловании решений и действий органов власти граждане зачастую находятся в неравных условиях. Их возможности несоизмеримы с ресурсами госаппарата.

Поэтому необходимо внедрение административной юстиции, как особого механизма разрешения споров, нивелирующего эту разницу. [5]

При разрешении споров, суд будет вправе инициировать сбор дополнительных доказательств, ответственность за сбор которых, ляжет на государственный орган, а не на гражданина или бизнес. Все противоречия и неясности законодательства должны трактоваться в пользу граждан. По сути, суд ревизирует решение административного органа. Такой механизм будет его дисциплинировать. При этом истец, должен также оказывать содействие суду в сборе доказательств и способствовать движению дела.

Так проявляется принцип активной роли суда, закрепленный в статье 15 проекта АППК, который гласит: административное судопроизводство осуществляется на основе активной роли суда. Суд, осуществляя руководство

судебным процессом, не ограничивается объяснениями, заявлениями, ходатайствами участников административного процесса, представленными сторонами доводами и доказательствами, на основании материалов, имеющихся в административном деле, исследует все фактические обстоятельства, имеющие значение для правильного разрешения спора.

Однако необходимо помнить, что суд хотя и не связан с заявленным основанием иска, но не вправе выходить за пределы исковых требований.

Ведет к ответственности и является незаконным - принуждение к отказу от права на обращение в административный орган, к должностному лицу или суд, учинение препятствий на пути к восстановлению нарушенного права.

Важную роль в обеспечении законности в сфере административного процесса играет соблюдение прав, выполнение обязанностей и недопущение злоупотребления правами субъектов административного права.

Поэтому одной из ключевых составляющих правоотношений, в том числе и административно-процессуальных, является изучение вопроса о правовом статусе субъектов этих отношений, исследование объема их правосубъектности и правомочий.

Юридическая природа административно-процессуальных правоотношений обязательно предусматривает наличие в таких отношениях группы субъектов, наделенных властными полномочиями, т.е. носителей публичной власти.

Процессуальный статус субъектов административно-процессуальных правоотношений является производным от общего административно-правового статуса и предусматривает реализацию процессуальных прав и выполнение процессуальных обязанностей в ходе возникновения, изменения или прекращения административно-процессуальных правоотношений. [6]

Особое внимание необходимо уделить принципу право на защиту, о том, что любое лицо вправе в порядке, установленном АППК, обратиться в административный орган, к должностному лицу или суд за защитой нарушенных или оспариваемых прав, свобод или законных интересов. Также, государственные органы в пределах своей компетенции, физические и юридические лица в порядке, установленном АППК РК, вправе обратиться в суд с иском о защите нарушенных или оспариваемых законных интересов других лиц, или неопределенного круга лиц. Предусмотрено право прокурора обратиться в суд с иском в целях осуществления, возложенных на него обязанностей.

Данный принцип касается не только граждан РК, но и иностранных лиц, лиц без гражданства и иностранных юридических лиц, которые пользуются в Республике Казахстан таким же правом на обращение в административный орган, к должностному лицу или в суд за защитой, как и физические и юридические лица Республики Казахстан, а также выполняют процессуальные обязанности наравне с гражданами Республики Казахстан, за исключением случаев, предусмотренных законом. Законодательством могут быть установлены ограничения в отношении иностранных лиц тех государств, в судах которых допускаются ограничения процессуальных прав граждан Республики Казахстан.

Еще одним новшеством проекта является классификация исков на четыре вида: 1) об оспаривании; 2) о принуждении; 3) о совершении действий; 4) о признании. Данная норма предоставляет истцу право выбора иска в зависимости от того, какого результата добивается истец.

Иск об оспаривании, который направлен на судебную отмену административного акта, при этом истец должен утверждать о нарушении его прав и законных интересов.

По иску о принуждении истец добивается принуждения административного органа к изданию благоприятного акта, в принятии которого ему было отказано либо не принято по причине бездействия административного органа. В таких случаях отдельного требования об оспаривании отказа не требуется. Также такой вид иска также может содержать требование не принимать в отношении него обременяющий административный акт.

По иску о совершении действия истец может потребовать от ответчика совершить определенные фактические действия или воздержаться от таких действий. Этот иск не связан с изданием административного акта.

По иску о признании истец может потребовать признать наличие или отсутствие какого-либо правоотношения.

Такое разнообразие видов иска имеет свои функции и цели, которые обеспечивают правовую защиту истца в каждом возможном случае. Важно отметить, что предлагается наделить суд правом оказать содействие истцу в формулировании и (или) изменении исковых требований с предварительным разъяснением правовых последствий. [7]

Сегодня никто не осмелится утверждать, что государственные органы не допускают ошибок в своей деятельности или что между государством и гражданами не может быть конфликтов. Соответственно, должен существовать детально прописанный механизм реакции на нарушения законов, совершаемых в результате неправомерных актов и действий государственных органов. [8]

Отсутствие до настоящего времени законодательного определения административного судопроизводства, являющегося важнейшим административно-правовым средством обеспечения и защиты публичных интересов, вызывает постоянные споры на практике и двусмысленности в теории.

Согласно Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года, административное судопроизводство должно стать полноправной формой осуществления правосудия, наряду с уголовным и гражданским судопроизводством. [9]

Имеющиеся в настоящее время в гражданском процессуальном законе механизмы и институты защиты прав, свобод и законных интересов граждан и организаций недостаточны, что не позволяет суду компенсировать неравное положение сторон в публично-правовых спорах при обжаловании решений и действий органов, когда одной стороной является гражданин, а другой стороной госаппарат.

АППК необходимо рассматривать как инструмент административной юстиции, направленный на защиту гарантированного объема прав субъектов административных правоотношений от нарушений со стороны органов власти.

Так, АППК будет являться основным базовым законодательным актом для административных судов при отправлении ими правосудия. Таким образом, проект будет являться гарантом соблюдения прав и обязанностей субъектов административного судопроизводства.

В связи с этим представляется актуальным изучение таких институтов судопроизводства как административная процессуальная правоспособность и дееспособность истца, поскольку соблюдение прав и обязанностей человека и гражданина, и законных интересов юридического лица, способствуют повышению уровня доверия к судебной системе, что в целом скажется на социально-экономической и правовой сферах, существенно изменит взаимоотношения граждан с государством и повысит доверие населения к правосудию.

Вышеизложенное показывает, что такой институт как административная юстиция необходим правовой системе Республики Казахстан, что позволит в будущем запустить механизм защиты прав, свобод и законных интересов человека и гражданина в полной мере.

Список литературы:

1 Концепция проекта Административного процедурно-процессуального кодекса РК//https://online.zakon.kz/document/?doc_id=37362987

2 Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30.08.1995г.) // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1005029

3 Шеина И.А. Правоспособность и дееспособность субъектов в административного права//<https://cyberleninka.ru/article/n/pravosposobnost-i-deesposobnost-subektov-administrativnogo-prava>

4 Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 мая 2019 года № 348 «О проекте Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан»//<http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000348>

5 Послание Президента РК «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» от 02.09.2019г.//<https://primeminister.kz/ru/address/02092019>

6 Муза О.В. Особенности административной процессуальной правосубъектности»//<https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-administrativnoy-protsessualnoy-pravosubektnosti>

7 Выступление заместителя руководителя Департамента по обеспечению деятельности судов при Верховном Суде РК Тукиева А. в интервью Zakon.kz «О новом виде судопроизводства»//<https://www.zakon.kz/4990374-o-novom-vide-sudoproizvodstva.html>

8 Подопригора Р.А. Административная юстиция в Казахстане: история, состояние, перспективы // Право и государство. Журнал университета КАЗГЮУ.– 2014. – №4. – С.46-47.

10 Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858 «О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года»//<http://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000858>

Омарова М.М.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының жанындағы
Сот төрелігі академиясының магистранты,
e-mail:maralek_90@mail.ru

Кәмелетке толмағандардың ұсақ бұзақылық жасағаны үшін жауаптылық мәселелері

Кәмелетке толмағандар жасаған құқық бұзушылықтар үшін туындайтын жауаптылық өзекті тақырыптардың бірі.

ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика комитетінің мәліметтеріне сәйкес уәкілетті органдармен тіркелген 6 084 055 әкімшілік құқық бұзушылықтардың ішінде ұсақ бұзақылықтардың саны - 61 290. Тағайындалған жауапкершіліктердің түрі бойынша сандық көрсеткіштер келесідей болмақ: айыппұл - 38 131 рет, әкімшілік қамақ - 16 373 рет қолданылған [1].

Ұсақ бұзақылық кейде қылмыс құрамына ауысуы не болмаса басқа да қылмыстардың жасалуына алдын алады. Кәмелетке толмағандар жасаған зорлық-зомбылықпен ұштасқан қылмыстарының арасында көбіне бұзақылық, мұғалімдердің немесе сыныптастарының денсаулығына қасақана ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіру, кемінде қарақшылық шабуыл және кісі өлтіру жатады [2].

Қазіргі таңда кәмелетке толмағандардың құқықтық тәрбиесіне жыл сайын көбірек көңіл бөлінуде. Бұл тенденция Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынан (бұдан әрі – КСРО) бері байқалады. Айталық, КСРО құрамында болған Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасының 1984 жылғы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде (бұдан әрі - РКФСР ӘҚБК) 16 жасқа толмаған кәмелетке толмағанның құқыққа қарсы әрекеттері үшін, мысалы спирттік ішімдіктерді ішу; қоғамдық орындарға келу; ұсақ бұзақылық жасау (РКФСР ӘҚБК 158-бабы) немесе бұзақылық жасау (РКФСР ҚК 206-бабы); дәрігердің тағайындауынсыз есірткі заттарын тұтыну немесе «олардың басқа құқық бұзушылықтар жасауы» - ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың жауапкершіліктері көзделген болатын [3].

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) 65-бабына сәйкес, әкімшілік құқық

бұзушылық жасаған кезде он алты жасқа толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар ҚР ӘҚБтК-нің осы тарауының күші қолданылатын кәмелетке толмағандар деп танылады [4].

Кәмелетке толмағандарға арнайы әкімшілік жаза түрі көзделмейді, дегенмен оларға әкімшілік жазаны қолданудың ерекшеліктері бар. ҚР ӘҚБтК-ның 66-бабының 1-бөлігіне сәйкес, кәмелетке толмаған адамға салынатын әкімшілік айыппұлдың мөлшерін осы бөлімнің ерекше бөлігінің бабында көзделген айыппұл мөлшеріне қарамастан, он айлық есептік көрсеткіштен асыруға болмайды делінген. Кәмелетке толмаған адамның айыппұл төлеуге жеткілікті мүлкі болмаған жағдайда, айыппұл ата-анасына немесе оларды алмастыратын адамдарға салынады [4].

Құқық бұзушылықтардың кәмелетке толмағандармен жасалынуы көбіне жеңілдететін мән-жайларға жатқызылады.

ҚР ӘҚБтК-нің 434-бабына сәйкес, ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, тұрғын үй-жайларды қорлау және айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер. ҚР ӘҚБтК-нің 435-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 293-бабының бірінші бөлігінде көзделген, он төрттен он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адам жасаған ұсақ бұзақылық немесе бұзақылық - ата-анасына немесе оларды алмастыратын адамдарға жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады [4].

Қарастырылып отырған құқық бұзушылықтың құрамы бойынша келесідей талдау осы екі 434-бап пен 435-бап арасындағы айырмашылықты анықтауға мүмкіндік берді. Көбіне 435-баптың диспозициясында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 293-бабына сілтеме жасау арқылы құқық бұзушылықтың объективті жағы ашылған.

Ұсақ бұзақылықтың топтық объектісі – қоғамдық тәртіп және имандылық.

Құқық бұзушылықтың тікелей объектісі қоғамдық тәртіп ережелерін сақтау кезінде туындайтын қоғамдық-құқықтық қатынастар болып табылады.

Қоғамдық орындарда тәртіпті қамтамасыз ету процесінде қалыптасатын қоғамдық қатынастар әкімшілік құқық бұзушылық объектісі болып табылады.

Объективті жағы қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, тұрғын үй-жайларды қорлау және айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттерден көрінеді.

Ұсақ бұзақылық қоғамдық тәртіпті бұзу ретінде сипатталады. Қоғамдық тәртіп деп құқық немесе дәстүрмен, моральмен көзделген қоғамда қалыптасқан адамдар арасындағы қарым-қатынастар жүйесін, өзара мінез-құлық қағидаларын түсіну қажет. Бұзақылыққа қоғамдық орындарда таныс емес немесе таныс адамдарға қатысты орын алған іс-әрекеттерді жатқызу керек.

Он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлғалар аталған құқық бұзушылықтың субъектісі болып табылады.

Субъективті жағынан, құқық бұзушылықтың қасақана болып табылады [5, 29-30].

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 293-бабының бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекетке мыналар жатады: қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не барынша арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан аса қатыгездікпен бұзу [6].

Кейбір құқық бұзушылық мен ұзақ бұзақылықтың келесідей ұқсастығы мен айырмашылықтары бар.

ҚР ӘҚБтК-нің 440-бабы алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу сияқты құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты көздейді. Бұл құқық бұзушылық пен ұзақ бұзақылықтың ұқсастығы екі құқық бұзушылық «имандылыққа» қол сұғады. Бірақ дегенмен, алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келуде алкогольдік ішімдік ішу - құқық бұзушылықтың міндетті белгісі, ал ұсақ бұзақылықта ол ауырлататын мән-жай ретінде ескеріледі. Ұсақ бұзақылық үшін әкімшілік жауаптылықтың басталуы үшін іс-әрекеттер қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, азаматтарға қорлап тиісу, бөтеннің мүлкін жою немесе зақымдау сияқты әрекеттермен ілесуі керек.

ҚР ӘҚБтК-нің 437-бабымен көзделген жеке тұлғалардың қалыпты демалысы мен тыныштығына кедергі келтіретін, түнгі уақытта (сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін) тыныштықты бұзу, оның ішінде тұрғын үй-жайларда және олардың сыртында шұғыл қажеттілікпен байланысы жоқ шу шығаратын жұмыстарды жүргізудің ұсақ бұзақылықтан айырмашылығы соңғысы «қоғамдық орындарда» жасалады.

Ұсақ бұзақылыққа байланысты заңнамаларды зерделеу барысында әкімшілік заңнамаларда «имандылық», «қоғамдық орын», «қоғамдық тәртіп», «былапыт сөйлеу» терминдерінің мазмұны ашылмағанын байқаса болады. Бұл ретте А.И.Бастрыкиннің пікірімен келіссе болады, қоғамдық адамгершілік не болмаса имандылық – жақсылық пен зұлымдық туралы, әділдік, әр-намыс пен абырой туралы түсініктерді бейнелейтін тарихи қалыптасқан адамдармен қабылданған мінез-құлық туралы нормалар мен ережелердің жиынтығы [7, 572].

Ал, «қоғамдық тәртіпке» келетін болсақ, қоғамдық тәртіп деп қоғамда қалыптасқан адамдар арасындағы қоғамдық тыныштықты, жеке адамға қол сұғылмаушылықты және меншіктің қорғалуын, сондай-ақ мемлекеттік пен қоғамдық институттардың қалыпты жұмыс істеуін түсінсе болады.

Осы жерде «қоғамдық орын» мен «былапыт сөйлеу» сияқты терминдер әлі зерттеуді қажет етеді.

Былапыт сөйлеу деп қандай сөздер мен сөз тіркестер саналады, бұл мәселе заңшығарушы органмен құқықтық тұрғыдан зерттелмеген және ашылмаған.

Сондықтан, ҚР ӘҚБтК-нің 434-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс өндірісі жүргенде, сот міндетті түрде, қорытынды беруге, лингвист-эксперттерді шақыруы қажет деп есептеймін. Сонымен қатар, «былапыт сөйлеуге» жататын сөздердің тізімін нормативтік тұрғыдан бекіту қажет.

«Қоғамдық орын» мәселесіне қатысты ұсақ бұзақылық қоғамдық орындарда тек азаматтардың қатысуымен ғана емес, олардың қатысуынсызда болуы мүмкін, бірақ салдардың туындауы міндетті. Мысалы, құқық бұзушы түнгі уақытта оны ешкім байқамай тұрғанда, үйдің қабырғасына былапыт сөздерді суреттеген, жазған. Бұл ретте ол өз іс-әрекеттерінің құқыққа қарсы сипатын және сол әрекеттердің материалдық зиян алып келетінін түсінеді. Сондықтан ұсақ бұзақылыққа іс-әрекеттердің қоғамға немесе көпшілікке бағытталуы тән, сондай-ақ туындайтын салдардың көрінеу жариялылығы – міндетті белгілерінің бірі.

ҚР ӘҚБтК-нің 440-бабында «қоғамдық орындардың» толық емес тізімі бар: «жергілікті атқарушы орган алкогольдік ішімдіктерді құйып сатуға рұқсат еткен сауда және қоғамдық тамақтандыру ұйымдарынан басқа, көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда...», - делінген. Бұл тізімге қарағанда, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексінің 159-бабының 5-тармағында темекі бұйымдарын тұтынуға тыйым салынатын орындардың - «қоғамдық орындардың» көбірек атаулары берілген, бірақ бұл тізім де нақты емес:

1) білім беру ұйымдарында, сондай-ақ кәмелетке толмаған адамдардың демалуына арналған ұйымдарда;

2) денсаулық сақтау ұйымдарында;

3) қоғамдық тамақтану орындарында;

4) кинотеатрларда, театрларда, цирктерде, концерт, көру және көрме залдарында, спорт ареналарында және көпшіліктің демалуына арналған басқа да жабық ғимараттарда, соның ішінде түнгі клубтарда, дискотекаларда;

5) мұражайларда, кітапханаларда және лекторийлерде;

6) поездар мен теңіз және өзен көлігі кемелерінде белгіленбеген жерлерде;

6-1) әуе кемесінің бортында, жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыру кезінде автобустар, шағын автобустар, троллейбустар, таксилер және қалалық рельстік көлік салондарында;

7) әуежайлардың, темір жол, автомобиль және су вокзалдарының ғимараттарында;

8) мемлекеттік органдар мен ұйымдарда;

9) жұмыс орындары болып табылатын үй-жайларда;

10) үйлердің кіреберістерінде тыйым салынады [8].

Кәмелетке толмағандардың ұсақ бұзақылық үшін туындайтын әкімшілік жауаптылық бойынша Қазақстан Республикасының [4], Ресей Федерациясының [9], Беларусь Республикасының [10] әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстеріне салыстыру жүргізілді, оны келесі кестеден көрсе болады.

Кесте-1. Кәмелетке толмағандардың ұсақ бұзақылық үшін туындайтын әкімшілік жауаптылық бойынша салыстырмалы талдау: Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы мысалында.

	Қазақстан Республикасының	Ресей Федерациясыны	Беларусь Республикасыны
--	--------------------------------------	--------------------------------	------------------------------------

	әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-бабына сәйкес	ң әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 20.1-бабына сәйкес	ң әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 17.1-бабына сәйкес
1. Құқық бұзушылықты ң сипаттамасы	Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, тұрғын үй-жайларды қорлау және айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер	Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық тәртіпті бұзу, қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, балағат сөздермен сүйемелденген, қоғамдық орындарда, қадір-қасиетті қорлайтын азаматтарға тиісу, сол сияқты бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру	Қоғамдық тәртіпті, ұйымдардың қызметін немесе азаматтардың тыныштығын бұзатын қоғамға деген анық құрметтемеуден көрінетін қадір-қасиетті қорлайтын азаматтарға тиісу және басқа да қасақана әрекеттер
2. Кәмелетке толмағандар	Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде он алты жасқа толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар кәмелетке толмағандар деп танылады (65-бап)	Он алты және он сегіз жас аралықтарында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдар (2.3-бабы)	14 жастан бастап 18 жасқа дейін (4.6-бабы)
3. Көзделген жауаптылық және кәмелетке толмағандарға қатысты қолдану ерекшеліктері *	бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады *435-бабына сәйкес ата-анасына	бес жүзден бір мың рубльге дейінгі мөлшерде әкімшілік айыппұл салуға немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады	айлық есептік көрсеткіштің екіден отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады *4.6-бабына

	<p>немесе оларды алмастыратын адамдарға жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады</p> <p>*66-бабына сәйкес Әкімшілік жазалардың басқа да түрлері (әкімшілік қамаққа алуды қоспағанда), сондай-ақ осы Кодекстің 41 және 52-баптарында көрсетілген әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары кәмелетке толмағандарға жалпы негіздерде қолданылады.</p>	<p>* 14 жастан 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған әкімшілік құқық бұзушылық үшін ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер (қорғаншылар, қамқоршылар) жауаптылықта болады.</p> <p>*әкімшілік қамаққа алу қолданылмайды (3.9-бабы)</p>	<p>сәйкес кәмелетке толмағандарға ерекше бөлімінде көзделмегеніне қарамастан ескерту қолданылады, ал айыппұл және қамау сияқты әкімшілік жаза түрлері қолданылмайды</p>
--	---	---	---

**Ескерту.* Автормен құрастырылған

Бұл жерде 2019 жылдың 18 наурызында Ресей Федерациясының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне енгізілген қазіргі ақпараттық заң талабына сай өзгерістеріне назар аудару маңызды. Ресей Федерациясының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 20.1-бабы (ұсақ бұзақылық) 3-5 бөліктермен толықтырылған. Аталған нормаға сәйкес, енді ақпараттық-коммуникациялық желілерде, оның ішінде «Интернет» желісінде, әдепсіз формадағы, адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық имандылықты қорлайтын, сондай-ақ қоғамға, мемлекетке, Ресей Федерациясының мемлекеттік рәміздеріне, Ресей Федерациясының Конституциясына, мемлекеттік билікті жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға сыйламаушылық таныту, егер бұл іс-әрекеттер қылмыстық жазаланатын іс-әрекет болмаса, әкімшілік жауаптылықты туындатады [9].

Ұсақ бұзақылыққа қатысты әкімшілік істерді соттармен қарау кезде әкімшілік заңнамаларды дұрыс қолдану маңызды роль атқарады. Аталған санаттағы әкімшілік істерді соттармен қарау практикасында ҚР ӘҚБТК-нің 68-бабын және 69-бабының бірінші бөлігін қолдану жиі орын алуда, кәмелетке толмаған адамға заңды түсіндіру сияқты тәрбиелік ықпал ету шаралары тағайындалады [4]. Яғни, сот әкімшілік құқық бұзушылықты алғаш рет жасаған

кәмелетке толмағанға заңнамада көзделген тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдана отырып, әкімшілік жауаптылықтан немесе тағайындалған әкімшілік жазаны орындаудан босатуы мүмкін. Бұл жерде жеңілдететін мән-жайлар ретінде құқық бұзушының кәмелетке толмаған жасын және оның өкінуін, әкімшілік құқық бұзушылықтың алғаш рет жасалғанын ескереді.

Жоғарыдағылардың негізінде, кәмелетке толмағандардың ұсақ бұзақылық жасағаны үшін жауаптылық мәселелері жан-жақты зерттеуді талап ететіні анық.

Әдебиеттер тізімі:

1 ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика комитетінің мәліметтері // <https://www.qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>.

2 Эльдаров М.И. Причины насильственной преступности несовершеннолетних в России // Вестник Южно-Уральского государственного университета. - 2010. - №7. - С. 59-62.

3 Хаметдинова Г.Ф. Становление административной ответственности родителей за ненадлежащее воспитание детей в отечественном праве // Юридическая наука и правоохранительная практика. - 2018. - № 2 (44). - С. 33-41.

4 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235#z2871>.

5 Комментарий к отдельным статьям нового Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях (подведомственным ОВД): Научно-практическое пособие / Абеуов Е. Т., Абылкасымова А.Ш., Амангельдиев Д.А. и др. Под общ. ред. кандидата юридических наук генерал-майора полиции Кенжетаева Д. Т. - Караганда: Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова, 2014. - 117 с.

6 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z293>.

7 Уголовное право России. Практический курс: учеб.-практ.пособие: учеб.для студентов вузов, обучающихся по специальности «Юриспруденция» / [Р.А.Адельханян, Д.И.Аминов, Ю.Н.Ансимов и др.]; под общ.ред. А.И.Бастрыкина; под науч.ред. А.В.Наумова. – 3-е изд., перераб и доп. - М.: Волтерс Клувер, 2007. – 808 с., - 2007. – 808 с. – Авт.указаны на III с.текста. – ISBN 978-8-799-00282-9 (в пер.) - С. 572.

8 Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K090000193>

9 Кодекс Российской Федерации об административных правонарушениях №195-Федеральный Закон от 30.12.2001года (ред. от 18.03.2020) // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34661/44743d8648cb45df9055b2b9a43edc176c5fc0d4/

10 Кодекс Республики Беларусь об Административных Правонарушениях №194-3 от 21.04.2003 года // https://kodeksy-by.com/koap_rb/4.6.htm

Орыспаев Қ. О.
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының жанындағы
Сот төрелігі академиясының магистранты,
e-mail: kurmetos@mai.ru

Жеке тұлғаның еңбек құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық

Адам тұлғасы, оның құқықтары мен бостандығы және оны қорғау кез-келген мемлекет үшін ең басты құндылық болуымен анықталады. ҚР Конституциясының 1-бабының 1-тармағына сәйкес, «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» болып табылады[1].

Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумасынан жазылған, олар абсолютті, олардан ешкім айыра алмайды, еліміздің заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілері осыған қарай анықталатыны белгілі.

Бұл мақала тақырыбының өзектілігі жеке тұлғаның еңбек құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар заң мен сот алдындағы теңдік қағидасының талаптарына сай келмейтінін де, яғни тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтыны нақты көздеме тұрса да, әкімшілік құқық бұзушылықтарға жол берілуі.

Сонымен қатар, жеке тұлғаның еңбек құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде (әрі қарай ҚР ӘҚБтК-де) көзделген міндеттеріне толық сәйкес келетінін немесе келмейтінін зерттеуді қажет етеді.

Адамның еңбек ету құқығы ең принципті құқықтардың бірі болып табылады, ал оны іске асыру тәсілдері белгілі бір дәрежеде қоғам дамуының деңгейін сипаттайды. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының азаматтары өздерінің бұл конституциялық құқығын саналуан формаларда іске асыра алады. Бұл ретте оның мазмұны айтарлықтай өзгерді: еңбек азат, және әркім өзінің еңбекке деген қабілеттілігін еркін пайдалану, қызмет түрі мен кәсіпті таңдап алу мүмкіндігіне ие. Мұнымен бір мезгілде мәжбүрлі еңбекке тыйым салынады. Әркім қауіпсіздік және гигиена талаптарына жауап беретін еңбек жағдайларына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітушіліксіз сыйақы алуға және еңбекке ақы төлеудің заңмен белгіленген ең төменгі мөлшерінен төмен болмайтын жалақыға, сондай-ақ жұмыссыздықтан қорғалу құқығына ие.

Алайда бұл ретте жұмыс беруші мен қызметкердің мүдделері әрқашанда сәйкес келе бермейді, сондықтан да бұл мүдделердің еңбек қатынастарының кез келген сатысында қақтығысуы мүмкін. Бұл, өз кезегінде, қақтығыстардың туындауына әкеп соғады. Қазіргі уақытта еңбек қатынастары саласында екі жағымсыз үрдіс пайда болды: қызметкерлердің еңбек құқықтары бұзылуының (жұмыстан заңсыз босатулар, жалақы төлемеу және т. б.) өсуі және оларды сотпен немесе уәкілетті органдармен қорғаудың әлсіреуі.

Еңбек құқықтарын қорғау – бұл еңбек құқығы бұзылуының алдын алу бойынша мемлекеттік және кәсіподақ органдарының әр түрлі әрекеттері, ал олар пайда болғанда – осы органдардың қызметкерлерге мұндай құқық бұзушылықтарды (жеке немесе ұжымдық) жоюға, бұзылған еңбек құқықтарын қалпына келтіруге және бұзушыларды жауапкершілікке тартуға көмек көрсету. Қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау: а) еңбек құқықтарын бұзушылықтың алдын алуды; б) еңбек дауларын шешу кезінде еңбек құқығының бұзылуын қарастыруды; в) бұзылған еңбек құқықтарын қалпына келтіруді; г) құқықты бұзушылық қылығы үшін жауапкершілікке тартуды қамтиды. Жалпы алғанда, қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау бұл бір мезгілде еңбектегі құқық тәртібін қорғау, бұзылған заңдылықты қалпына келтіру болып табылады. Ал еңбек саласындағы заңдылық – еңбек құқығының барлық субъектілерінің еңбек заңнамасы ұйғарымдарын қатаң және толықтай жүзеге асыруын айтуымызға болады.

Еңбек құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық әкімшілік құқық бұзушылықтардан қорғауға немесе жасалуының алдын алуға бағытталған деп объективтік тұрғыдан айта алмаймыз. Себебі, әкімшілік жауаптылық тек құқық бұзушылық оқиғасы пайда болғаннан кейін тағайындалатын жазалау шарасы.

Олай дейтін себебім, Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық соты практикасында әкімшілік құқық бұзушылық ісі қаралды.

Аталған іс бойынша «Ел қоныс» шаруа қожалығының басшысы өзінің танысы А.есімді азаматты қой қоздаған уақытта өзіне көмектесуге шақырғанын, еңбегіне мал өнімін өзі қалауы бойынша алуға келіскенін, егер де жұмысты әрі қарай жақсы жүргізіп кете алатын мүмкіндігі болса, сондай-ақ жұмыскердің өзінің қалауы болса еңбек шартын жасақтап, жұмысқа қабылдайтынын көрсеткен. Нақты жұмысқа кірісіп те үлгермегендігі байқалады.

Аталған факт бойынша «Ел қоныс» шаруа қожалығының басшысын ҚР ӘҚБтК-нің 86-бабының 1-бөлігімен, яғни жұмыс берушінің адамды еңбек шартын жасаспай жұмысқа жібергені үшін кінәлі деп танып, 60 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл тағайындап, оны 30 пайызға қысқартып, 106050 теңге әкімшілік айыппұл жазасы тағайындалған.

ҚР ӘҚБтК-де жұмыс беруші анықтамасы мүлдем берілмеген, ал ҚР Еңбек кодексінің анықтамасына сүйенетін болсақ, жұмыс беруші – жұмыскер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға, ал жұмыскер дегеніміз – жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға деп көрсетілген[2].

Жоғарыда аталған әкімшілік құқық бұзушылық іс бойынша «Ел қоныс» шаруа қожалығына жұмыс барысымен, тыныс-тіршілігімен танысуға келгені үшін шаруа қожалығының басшысы жауаптылыққа тартылуы қаншалықты әділеттілік қағидасына сай келеді деп айта алмаймыз.

Сонымен қатар, осы тектес Қарағанды қаласының мамандандырылған әкімшілік сотымен «Комбинат Индивидуального Домостроения» ЖШС-не қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 86-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы ісі қаралып, сот қаулысы шығарылды.

Бұл әкімшілік құқық бұзушылық ісі бойынша «Комбинат Индивидуального Домостроения» ЖШС-і азамат А.-ны қасақана жұмысқа еңбек шартын жасаспай жұмысқа жібергендігі және еңбек ақысын уақытында төлемегендігі аудандық соттың заңды күшіне енген сот шешімімен расталып отыр. Сондықтан «Комбинат Индивидуального Домостроения» ЖШС-не ҚР ӘҚБтК-нің 86-бабының 1-бөлігімен 60 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл тағайындап, оны 30 пайызға қысқартып, 101 010 теңге әкімшілік айыппұл және 87-бабының 1-бөлігімен 60 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл тағайындап, оны 30 пайызға қысқартып, 101 010 теңге әкімшілік айыппұл жазасы тағайындалған.

Жоғарыда көрсетілген екі әкімшілік істі салыстыра отырып, зерттейтін болсақ, «Ел қоныс» шаруа қожалығының әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылықтың толық құрамы бар деп айту қиынға соғады, ал «Комбинат Индивидуального Домостроения» ЖШС-нің әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамы толық және кінәнің қасақана нысанымен жасалғандығы анық байқалады, алайда заң нормаларының осалдығынан әділеттілік қағидасының қолданылуы өте төмен екендігін байқауымызға болады.

Жеке тұлғаның еңбек құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық мәселесіне келер болсақ, әкімшілік жауаптылық ҚР ӘҚБтК-і міндеттеріне сәйкес келеді ме, оның талаптарын орындайды ма деген сұрақтар туындайды.

ҚР ӘҚБтК-нің 6-бабының 1-бөлігіне сай, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың міндеттері – адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, халықтың денсаулығын, санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын, қоршаған ортаны, қоғамдық имандылықты, меншікті, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті, мемлекеттік билікті және мемлекеттік басқаруды жүзеге асырудың белгіленген тәртібін, ұйымдардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін әкімшілік құқық бұзушылықтардан қорғау, сондай-ақ олардың жасалуының алдын алуға бағытталатыны анық көрсетілген[3].

Әкімшілік жауаптылық құқық бұзушылықты жасаған тұлғаны заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушының өзінің де, басқа тұлғалардың да жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады.

Ал, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаға дене азабын келтіруді немесе адами қадір-қасиетін қорлауды, сондай-ақ заңды тұлғаның іскерлік беделіне зиян келтіруді мақсат тұтпайды.

Алайда, әкімшілік жауаптылық мәселесі бойынша кейбір еңбек құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін ҚР ӘҚБтК-нің 40-бабының талаптарында көзделген алдына қойған мақсаты мен міндетіне сай келмейтін санкцияларды байқаймыз.

Мысалы, Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық сотының 29 шілде 2019 жылғы қаулысымен «Жымпиты аудандық әкімі аппараты» ММ-не қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 93-бабының 1-бөлігімен ескерту жазасы тағайындалды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша К. есімді азамат «Жымпиты аудандық әкімі аппараты» ММ-нің қызметкері болып, өз міндеттерін атқарып жүргенде жазатайым оқиға болып, сараптама қорытындысы бойынша жеңіл дене жарақатын алғаны байқалады.

К. есімді азаматтың дене жарақатын алуына «Жымпиты аудандық әкімі аппараты» ММ-де еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ететін лауазымды тұлғаның болмауы басты себеп болып отыр.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талабына сәйкес өндірістік ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің (маманының) болмауы салдарынан азаматтардың өмірлеріне тікелей қауіп төнуі мүмкін, яғни адамдардың конституциялық құқықтарына тікелей әсер етіп отыр.

Азаматтардың конституциялық құқықтарына тікелей әсер еткен әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылық ескертумен шектелгенін әділеттілік тұрғысынан баға беру мүмкін емес.

Қазақстан Республикасында демократиялық құқықтық мемлекет құру үрдісінде адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қамтамасыз етуде мемлекеттік ұйымдардың ұлттық мекемелерімен қатар адам құқығын қорғаудың мемлекеттік емес ұйымдарда маңызды рөл атқарады.

Сондықтан, Қазақстан Республикасында мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға кепілдік беріп, оны орындайтындай дәрежеде қалыптастыру керек.

Сонымен қатар, ҚР ӘҚБтК-нің 93-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік жаза ескертумен қоса, баламалы жазаларды, яғни кәсіпкерлік субъектісіне байланысты тиісті жазаларды айқындап, әкімшілік құқық бұзушылық фактісіне байланысты тиісінше жауаптылық тағайындалатын болса әділеттілік, заңдылық қағидаттары өз орнын табады деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 ҚР Конституциясы, // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_//
- 2 ҚР Еңбек кодексі, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000928>
- 3 ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>

Сабираддинов А.О.
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының жанындағы
Сот төрелігі академиясының магистранты,
e-mail: abaj.sabiraddinov@bk.ru

Көліктегі құқық бұзушылықтар үшін айыппұл жазасын қолдану ерекшеліктері

Қазақстан Республикасының әкімшілік заңнамасының міндеттері – адамның және азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтау, заңмен қорғалатын құқықтар мен мүдделерді әкімшілік құқық бұзушылықтан қорғау және олардың жасалуының алдын алу болып табылады [1].

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің (әрі қарай ӘҚБтК) 30-тарауы көліктегі, жол шаруашылығындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарға бағытталған.

Осы тараудағы құқық бұзушылықтарды төрт топқа бөліп қарастыруға болады, атап айтқанда;

- Теміржол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қағидаларды бұзу;
- Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзу;
- Теңіз көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларын бұзу;
- Көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзу.

Жоғарыда аталған жол шаруашылығындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың ішіндегі ең көп кездесетін түрі бұл автокөлік саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

Жол жүрісіне қатысушылардың жол жүрісі қағидаларын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік ӘҚБтК-нің 30-тарауының 589-бабы мен 628-бабы аралығында қарастырылған, олардың көпшілігі бланкетті болып, әр түрлі жағдайларда жасалған жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікті қарастырады.

Жол жүрісі процесіне жаяу жүргінші, жолаушы, немесе жүргізуші ретінде тікелей қатысатын адам - жол жүрісіне қатысушылар деп танылады [2].


Қазақстан Республикасының әкімшілік заңнамасына сәйкес көліктегі құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықтың мына түрлері қолданылады;

- ескерту жасау;
- әкімшілік айыппұл;
- әкімшілік қамаққа алу;
- көлік құралын басқару құқығынан айыру;

Ал, әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары ретінде жол жүрісі қағидаларын білуін тексеру қарастырылған.

Мемлекет осы жоғарыда көрсетілген әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы көліктегі құқық бұзушылықтармен күресуді, олардың жолын кесуді, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, халықтың денсаулығын қорғауды, жол-көлік оқиғаларының зардаптарын жоюды және алдын алуды көздейді. Көліктегі құқық бұзушылықтар үшін мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде ең көп қолданылатын жаза түрі бұл әкімшілік айыппұл жазасы, дәлел ретінде төмендегі диаграмма тәсілі арқылы көруге болады.

Диаграмма – 1. Көліктегі құқық бұзушылықтар үшін қолданылатын жазалар.



Автормен құрастырылды.

Әкімшілік айыппұл жазаларының басқа әкімшілік жазалардан ерекшеліктері мыналар;

- айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшерімен есептелуі (АЕК);
- жеке тұлғаға салынатын айыппұлдың мөлшерін екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асыруға болмайтындығы;
- жеке тұлғаның материалдық жағдайын ескере отырып үш айға дейінгі мерзімге ұзартылуы;
- салынатын әкімшілік айыппұлды 30% - дан аспайтын мөлшерде азайтылуы;
- айыппұл сомасы 50% - ға қысқартылуы;
- салынған әкімшілік айыппұл жаза қолдану туралы қаулы, айыппұл төлеу қажеттілігі туралы нұсқама заңды күшіне енген кезден бастап отыз тәулік ішінде ерікті түрде төленуі;
- айыппұл төлеу мерзімінің ескіруі.

Әкімшілік айыппұл жазасы құқық бұзушылық салдарынан келтірілген мүліктік немесе материалдық шығындардың орнын толтыру болып табылмайды. Әкімшілік айыппұлдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттің бюджет кірісіне өндіріп алынады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдасының негізі еліміздің құқықтық жүйесін одан әрі дамыту, адам мен адамзаттың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың мемлекеттік кепілдіктерін нығайту үшін ұлттық заңнамаларды жетілдіруге бағытталған [3].

Әкімшілік құқық заңнамасын жетілдіру туралы аталған тұжырымдамада айқындалған болатын. Себебі, құқық салаларының ішінде әкімшілік құқық саласы қоғамдағы кездесетін көптеген мәселелерді шешуде, адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауда, басқа, құқық салаларына қарағанда кең қолданылатын ерекше құқық саласы болып табылады. Бүгінгі таңда, мемлекет жоғарыда аталған тұжырымдамаға сәйкес, көптеген ұлттық заңнамаларға өзгертулер мен толықтырулар енгізіп келеді.

Осы құқықтық тұжырымдаманың негізінде 2014 жылғы 5 шілдеде жаңадан ӘҚБтК қабылданды. Қабылданған Кодекс бұрынғы қолданылып келінген Кодекстен айтарлықтай жанашылдықтарымен ерекшеленді, онда әкімшілік іс жүргізу нормалары бір жүйеге келтірілді. Әкімшілік айыппұл жазаларын қолдану кезінде Кодексте бұрын болмаған жаңа өзгерістер пайда болды. Атап айттар болсақ, қысқартылған іс жүргізу, бұл өз кезегінде ең алдымен адамдардың уақытын үнемдеуге, айыппұл мөлшерін жартылай төлеуге және әкімшілік айыппұл салу туралы қаулыларының тез әрі жылдам орындауына септігін тигізеді. Қысқартылған іс жүргізу өндірісінің ерекшелігі әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша айыппұл түрінде әкімшілік жаза көзделген, сондай-ақ құқық бұзушылықты жасау фактісін мойындайтын және ұсынылған дәлелдемелерге шағым жасамайтын адамға қатысты қолданылады. Ал, соттарға әкімшілік істі қарау барысында жеңілдететін мән-жайларды анықтап жеке тұлғаға салынатын әкімшілік айыппұл сомасын 30% дейін жеңілдету мүмкіндігі берілді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізудің тіртіптері ӘҚБтК-нің 42-тарауында көрсетілген.

ӘҚБтК-нің 810-бабының 2-бөлігінде көзделген жағдайларда қысқартылған іс жүргізу қолданылмайды. Яғни;

- Ескерту жасауды қоспағанда, баптың санкциясында өзге де жаза түрлері көзделген;
- Құқық бұзушылықты артықшылық берілген немесе иммунитеті бар адамдар жасаған;
- Олар бойынша істерді мемлекеттік кіріс органдары қарайтын әкімшілік құқық бұзушылықтар жасалған;
- Олар бойынша істерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган қарайтын әкімшілік құқық бұзушылықтар жасалған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның уәкілетті жұмыскерлері осы Кодекстің 804-бабының екінші және 2-1-бөліктерінде көрсетілген баптар бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасаған жағдайда.

ӘҚБтК-нің 804 немесе 805-бабтарына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық анықталған және оны жасаған тұлға белгілі болған кезде уәкілетті адам әкімшілік іс жүргізуді қозғайды, тұлғаға айыппұлды Кодекстің Ерекше бөлігінің баптарындағы санкциясында көрсетілген айыппұл сомасының 50%

мөлшерінде жеті тәулік ішінде төлеу құқығын түсіндіріп оған қажет болған жағдайда белгіленген үлгідегі түбіртектегі табыс етеді. Егер де әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптармен анықталса, адамның айыппұлды белгіленген үлгідегі түбіртекпен бірге айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама тиісінше жеткізілген кезден бастап жеті тәулік ішінде көрсетілген айыппұл сомасының 50% мөлшерінде төлеуге құқығы болады.

Мұндай іс жүргізу көліктегі құқық бұзушылықтарға қолдану тиімді болып есептеледі. Себебі, әкімшілік жауаптылыққа тартылған адам салынған айыппұлды тездетіп төлеуге тырысады, бұл өз кезегінде әкімшілік айыппұлдардың дер кезінде әрі жылдам орындалуына және мемлекеттің бюджет кірісіне оң нәтижесін тигізеді. Алайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің ведомствалығы бойынша соттар қарайтын істерге қысқартылған іс жүргізу өндірісі қолданылмайды. Бұл қысқартылған іс жүргізу өндірісін қозғауға және сол тәртіпте істі қарап әкімшілік айыппұл жазасын қолдануға сотқа дейінгі құқық қорғау органдары ғана құқылы.

Соттар әкімшілік айыппұл жазаны тағайындау кезінде жауапкершілікті жеңілдететін мән – жайлардың болуын – осыған ұқсас бап бойынша әкімшілік жауаптылыққа тарту фактілерінің жоқтығын, хаттама бойынша кінәні мойындауды, ауыр зардаптардың жоқтығын, жауаптылықты ауырлататын мән-жайлардың жоқтығын, адамның материалдық жағдайын, оның жеке басын ескеріп ӘҚБтК-нің 829-11-бабының 2-бөлігі бойынша әкімшілік айыппұл сомасын айыппұлдың жалпы сомасынан 30% қысқартуға ғана құқылы.

Көліктегі құқық бұзушылықтар үшін қысқартылған іс жүргізу тиімді екені белгілі болғанымен, қысқартылған іс жүргізу қазіргі қолданыстағы әкімшілік заңнамада шектеулі болғандықтан оны көп жағдайда қолдауға мүмкіндік бермейді. Мысалы: Құқық бұзушы өзіне салынған айыппұлдың 50% мөлшерін төлеу үшін міндетті түрде құқық бұзушылық әрекетін және кінәсін толық мойындауды, келтірілген қандайда бір дәлелдемелерге шағым жасамауын қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабының 2-бөлігіне сәйкес, әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар және осы баптың 3-бөлігіне сәйкес, әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі [4].

ӘҚБтК-нің 10-бабындағы кінәсіздік презумпциясына сәйкес, өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адам кінәсі осы Кодексте көзделген тәртіппен дәлелденгенге және өз өкілеттіктері шегінде істі қараған судьяның, органның (лауазымды адамның) заңды күшіне енген қаулысымен белгіленгенге дейін кінәсіз деп есептеледі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қысқартылған іс жүргізу тәртібімен қаралған жағдайда, сондай-ақ айыппұл төлеу қажеттілігі туралы нұсқама бойынша өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адам тиісті шешім заңды күшіне енген кезге дейін кінәсіз деп есептеледі. Сондай-ақ ешкім өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес [1].

Сондықтан құқық бұзушының құқықтарын шектемей іс бойынша дәлелдерін, түсініктемелерін, ұсыныстарын келтіруге құқықтарын бере отырып істі жалпы тәртіпте жан-жақты қарап әкімшілік айыппұл жазасын қолданып, айыппұл салу туралы қаулы заңды күшіне енген күннен бастап ерікті түрде төлеу мүмкіндігін қарастырған жөн.

Қолданыстағы әкімшілік заңнамаға сәйкес, егер іс жалпы тәртіпте қаралған жағдайда Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің ерекше бөлімінде көзделген әкімшілік айыппұлдардың толық көлемін төлеуге мәжбүр болады.

Қысқарталған іс жүргізу тәртібін шетелдік тәжірибелерді қарастыра отырып оларды зерттей келе қабылданғаны белгілі.

Мысалы: Ресей Федерациясының ӘҚБтК-нің 32.2-бабына сәйкес, жол жүрісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған адам әкімшілік айыппұл салу туралы қаулы шығарылған күннен бастап жиырма күн ішінде әкімшілік айыппұлдың 50% жеңілдікпен төлеу мүмкіндігі қарастырылған [5].

Бұл жерде Ресей мемлекетінің әкімшілік заңнамасы көліктегі құқық бұзушылықтар үшін салынатын әкімшілік айыппұл жазасының жартысын жиырма күн ішінде төлеу туралы ұстанымы біздегі әкімшілік заңнамаға қарағанда тиімдірек екенін байқауға болады. Сонымен бірге, Ресей мемлекетінің әкімшілік заңнамасында көліктегі құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік айыппұл жазалары альтернативтік түрде қолданылады. Мысал ретінде салыстырмалы кесте арқылы көруге болады.

Кесте – 1. Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы заңнамасындағы көліктегі құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік айыппұл жазалары: салыстырмалы талдау.

Қазақстан Республикасы ӘҚБтК	Ресей Федерациясы ӘҚБтК
590-бап. Көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзу; 5 – АЕК 13, 255 теңге	12.1. бап. Көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзу; 500 рублден 800 рублге дейін (2, 885 теңгеден 4616 теңгеге дейін)
595-бап. Маневр жасау қағидаларын бұзу; 5 – АЕК 13, 255 теңге	12.14. бап. Маневр жасау қағидаларын бұзу; Ескерту немесе 500 рубл (2, 925 теңге)
600-бап Жаяу жүргіншілердің немесе жол жүрісінің өзге де қатысушыларының жүруіне басымдық бермеу; 10 – АЕК 26, 510 теңге	12.18. бап. Жаяу жүргіншілердің немесе жол жүрісінің өзге де қатысушыларының жүруіне басымдық бермеу; 1 500 рублден 2500 рублге дейін (8655 теңгеден 14426 теңгеге дейін)
610-бап. Көлік құралдары жүргізушілерінің жол жүрісі қағидаларын адамдардың денсаулығына зиян келтіруге, көлік	12.24 бап. Көлік құралдары жүргізушілерінің жол жүрісі қағидаларын адамдардың денсаулығына зиян келтіруге алып

кұралдарының немесе өзге де мүліктің бүлінуіне алып келген бұзушылығы 20 - АЕК 53, 020 теңге немесе 6 айға көлік құралын басқару құқығынан айыру	келген бұзушылығы 2, 500 рублден 5, 000 рублге дейін (14426 теңгеден 28, 787 теңгеге дейін) немесе 1 жылдан 1,5 жылға дейін көлік құралын басқару құқығынан айыру [6].
---	---

Автормен құрастырылды.

ӘҚБТК-нің 55-бабының 3-бөлігіне сәйкес, жеке тұлғаға әкімшілік жаза қолдану кезінде жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, кінәлінің жеке басы, оның ішінде оның құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, мүліктік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі. Альтернативтік жазаның болуы әкімшілік құқық бұзушылық үшін жаза қолдану кезінде әкімшілік жазаның әділ болуына, құқық бұзушылықтың сипатына, оның жасалу мән-жайларына құқық бұзушының жеке басына сай келетін жаза тағайындауға мүмкіндік береді.

Тұжырымдай келе, көліктегі әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін тағайындалатын әкімшілік айыппұл жаза мөлшерлерін және әкімшілік іс жүргізу әдістерін келесі жолдармен жетілдірсе болады:

1. Көліктегі құқық бұзушылықтар үшін тағайындалатын айыппұл жазаларына жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың сипатын дұрыс саралай отырып альтернативтік жаза түрлерін қарастыру;

2. Көліктегі құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік айыппұл салу туралы қаулылар, нұсқамалар заңды күшіне енген күннен бастап ерікті түрде он тәулік ішінде 50% жеңілдікпен төлеу мүмкіндігін қарастыру;

Осы әдістер негізінде құқық бұзушыларды әкімшілік айыппұлдарды төлеуге ынталдыра отырып, әкімшілік айыппұл қаулыларының уақытылы орындалуы жүзеге асады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>.

2 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 13 қараша 2014 жылы №1196 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «Жол жүрісі қағидалары» // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001196>.

3 Амангелді Ә. Президент және құқықтық реформа. – Алматы: «Зерде» баспасы, 2014. – 169 б.

4 Қазақстан Республикасының Конституциясы – Алматы: ЖШС «Издательство» «Норма-К» 2018. – 44 б.

5 Кодекс Российской Федерации об административных правонарушениях (ред. от 18.03.2020) // www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34661/.

6 Курсы валют, // www.google.com/search?q=курс+рубля+к+тенге&rlz=1C1A0HY_enKZ791KZ791&oq=курс+&aqs=chrome.5.0j69i57j0l4.7260j0j7&sourceid=chrome&ie=UTF-8.

Сакаулов О.Ж.

магистрант Академии правосудия при
Верховном Суде Республики Казахстан,
e-mail: sakaulov@list.ru

О некоторых вопросах судебной и правоохранительной практики по применению статьи 64-1 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях

Производство по делам об административных правонарушениях является одним из важных направлений судебной деятельности, поскольку именно административные правонарушения являются наиболее многочисленными в структуре всех совершаемых в Казахстане противоправных деяний. К примеру, в нашей стране ежегодно совершается более 4 миллионов административных правонарушений [1]. В связи с этим, вопросы осуществления справедливого судебного разбирательства и обеспечения при этом прав личности, интересов общества и государства являются основными приоритетами казахстанского правосудия.

Правовое регулирование административного производства в Республике Казахстан претерпевает перманентные изменения. Причем данные изменения осуществляются в двух основных противоположных друг другу направлениях:

- 1) ужесточение отдельных видов административных взысканий;
- 2) гуманизация административного законодательства в части перевода отдельных административных правонарушений в сферу гражданско-правовой и дисциплинарной ответственности.

Одним из направлений гуманизации законодательства административного законодательства явилось дополнение в 2018 году действующего Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях (далее – КРКоАП) статьей 64-1, предусматривающей основание освобождения лица, совершившего правонарушение, от административной ответственности в связи с малозначительностью совершенного административного правонарушения. Безусловно, такой шаг законодателя вполне обоснован и характеризуется рядом положительных моментов:

- упрощение процедуры производства по делу об административном правонарушении и обеспечение его осуществления в более краткие сроки;
- исключение чрезмерного применения административных взысканий за совершение малозначительных правонарушений;
- усиление процессуальных гарантий лица, в отношении которого ведется производство по делу об административном правонарушении.

Однако при всех положительных моментах современная судебная практика не лишена проблем, связанных с правовым регулированием института малозначительности в административном производстве, а также осуществлением рассмотрения дел о малозначительных правонарушениях и принятию по ним процессуальных решений.

Нормы о малозначительности правонарушений были внесены в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях сравнительно недавно (Законом Республики Казахстан от 28 декабря 2017 года № 127-VI ЗРК «О внесении изменений и дополнений в КРКоАП»). В связи с этим, стоит признать, что судебная практика по рассмотрению дел о малозначительных правонарушениях на сегодняшний день достаточно «молода» и нуждается в своем совершенствовании.

Основными из вышеперечисленных проблем являются следующие:

1) отсутствие надлежащей правовой регламентации понятия малозначительности административных правонарушений и соответствующих критериев ее установления;

2) отсутствие в Республике Казахстан единообразной судебной практики по рассмотрению дел о малозначительных административных правонарушениях, что приводит к субъективному пониманию норм КРКоАП о малозначительности указанных деяний.

В соответствии со статьей 742 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях (далее – КРКоАП) малозначительность административного правонарушения является одним из обстоятельств, позволяющих не привлекать лицо, совершившее правонарушение, к административной ответственности. В статье указано, что производство по делу об административном правонарушении может быть прекращено в случае, предусмотренном статьей 64-1 КРКоАП [2].

Использование такой возможности, как освобождение лица от административной ответственности в связи с малозначительностью правонарушения, не зависит от вида (состава) совершенного правонарушения и распространяется на случаи, когда действие или бездействие физического или юридического лица, формально содержащее все признаки юридического состава не представляет существенной угрозы охраняемым общественным отношениям, что позволяет компетентному субъекту административной юрисдикции освободить лицо от ответственности, ограничившись устным замечанием. Основным критерием малозначительности правонарушения является отсутствие в результате его совершения существенной угрозы охраняемым общественным отношениям.

В материальных составах административных правонарушений важное значение для признания совершенного деяния малозначительным имеет размер причиненного ущерба или вреда (например, незначительное повреждение имущества, для восстановления которого не требуется существенных затрат).

При формальном же составе, решение вопроса о малозначительности административного правонарушения должно базироваться на анализе всех его признаков, а также выяснении причин и условий, способствующих

совершению правонарушения. В частности, необходимо обращать внимание на то, какие общественные отношения образуют объект посягательства.

В качестве критериев малозначительности совершенного правонарушения необходимо учитывать вину, обстановку совершения правонарушения, степень влияния противоправных действий или же бездействие лица, предмет или орудие совершения административного правонарушения, если таковые имеются, а также место совершения правонарушения [3, с.172].

При этом в статье 64-1 изложено, что при малозначительности совершенного административного правонарушения судья, орган (должностное лицо), уполномоченный рассматривать дела об административных правонарушениях, может освободить лицо, совершившее административное правонарушение, от административной ответственности, ограничившись устным замечанием. В примечании к данной статье закреплены обстоятельства, которые учитываются судом, органом (должностным лицом) при принятии решения о прекращении производства по делу в связи с малозначительностью правонарушения, а именно:

- 1) конкретные обстоятельства совершения административного правонарушения;
- 2) личность правонарушителя;
- 3) объект посягательства;
- 4) наличия вреда – его размер [2].

Характеризуя указанные обстоятельства, необходимо отметить, что законодатель установил их в качестве номинальных критериев определения малозначительности совершенных административных правонарушений, поскольку в содержании КРКоАП нет точного определения малозначительности. Наряду с этим, не закреплены конкретные размеры вреда, которые могут характеризовать совершенное правонарушение как малозначительное.

Все это приводит к субъективному пониманию и толкованию содержания статьи 64-1 КРКоАП, а вследствие этого порождает различную судебную практику по применению указанной нормы и принятию необъективных решений о прекращении производства по делу либо наложении административных взысканий на лиц, в отношении которых ведется производство по делу об административном правонарушении. Изложенная проблема касается как деятельности судов, так и деятельности других субъектов административной практики (уполномоченных должностных лиц государственных органов).

В частности, проблемы применения статьи 64-1 КРКоАП имеют место и в деятельности органов внутренних дел (далее – ОВД). Об этом свидетельствуют случаи редкого применения сотрудниками ОВД указанной нормы и принятия решений о прекращении производства по делу в связи с малозначительностью правонарушений. Этому, как правило, способствуют следующие обстоятельства:

- 1) нежелание должностных лиц ОВД прекращать производство по делу из-за погони за количественными показателями служебной деятельности в части

привлечения лиц к ответственности и наложения административных взысканий;

2) неточная правовая регламентация установления малозначительности правонарушений, влекущая в отдельных случаях сложность обоснования законности принятого решения о прекращении производства по делу (при обжаловании решения потерпевшим);

3) опасение в возможном проведении служебного расследования сотрудниками подразделений собственной безопасности по факту превышения должностных полномочий (по причине несовершенства статьи 64-1 КРКоАП, а вследствие этого – возможных коррупционных рисков).

Таким образом, анализ имеющихся проблем судебной и правоохранительной практики свидетельствует о необходимости внесения соответствующих изменений в статью 64-1 КРКоАП с целью установления критериев малозначительности правонарушения в зависимости от состава административного правонарушения и причиненного в результате его совершения вреда потерпевшему. Наряду с этим, необходимо закрепить в указанной статье четкое определение малозначительного административного правонарушения, позволяющее разграничить его с существенными правонарушениями, по делам о которых малозначительность не применима.

Кроме этого, необходимо изложить в статье 64-1 обязанность уполномоченного должностного лица по составлению протокола об административном правонарушении и в последующем вынесению постановления о прекращении производства по делу об административном правонарушении на основании статьи 742 КРКоАП, что позволит фиксировать на ведомственном уровне сведения о совершении лицом малозначительного правонарушения и не допустить в дальнейшем необоснованное многократное освобождение правонарушителя от административной ответственности в связи с малозначительностью совершенного правонарушения.

Таким образом, предлагаемые изменения позволят усовершенствовать механизм применения института малозначительности в производстве по делам об административных правонарушениях и эффективно использовать его в качестве альтернативы привлечения к административной ответственности, обеспечивая при этом профилактическое воздействие на лицо, совершившее административное правонарушение.

Список литературы:

1 Информация Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан // <http://pravstat.prokuror.gov.kz/rus>.

2 Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях от 5 июля 2014 года № 235-V // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235>.

3 Керамова С.Н. Малозначительность административного правонарушения как основание освобождения от административной ответственности // Журнал «Государственная служба и кадры», №2 / 2019. – с.172-175.

Төлеуханова Г.А.
магистрант Академии правосудия при
Верховном Суде Республики Казахстан,
e-mail: gulnazza88@mail.ru

Некоторые аспекты обеспечения конституционной законности в свете обращения Карагандинского областного суда в Конституционный Совет Республики Казахстан

Первый Президент Республики Казахстан - Елбасы подчеркивал, что основные направления современной государственной политики нацелены на утверждение верховенства права при обеспечении высшей юридической силы Основного Закона [1].

Конституционная законность как фундаментальная составляющая современного государства, стремящегося к верховенству права, позволяет обеспечить полноценную реализацию положений Основного Закона.

В государстве с высоким уровнем правосознания и правовой культуры каждый государственный орган, каждое должностное лицо, в соответствии с действующим законодательством, добросовестно осуществляя свои функциональные обязанности, способствует обеспечению конституционной законности в стране.

Тем не менее, первоочередная роль в обеспечении конституционной законности в странах современного мирового сообщества принадлежит органам конституционного контроля.

Под конституционным контролем в современной научно-правовой доктрине понимают осуществляемую уполномоченными органами процедуру контроля за соответствием принимаемых в государстве правовых актов Основному закону страны [2 с. 25].

Мировая практика выделяет три модели конституционного контроля: американскую, европейскую и смешанную.

Говоря об американской модели, отметим, что именно в США впервые появились зачатки конституционного контроля, причем судебного. Так, Верховный Суд США, рассматривая дела У. Мэрбэри против Д. Мэдисона [3] (1803) и Маккулох против Мэриленда [4] (1819), признав принятые конгрессом законы неконституционными, создал судебный прецедент.

На сегодняшний день Верховный Суд США продолжает свою деятельность по осуществлению судебного конституционного контроля, что на наш взгляд является исторически закрепленной и неотъемлемой его функцией.

Европейская модель конституционного контроля, разработанная Г. Кельзенем [5, с. 458], подразумевает создание специализированных органов конституционного контроля – конституционных судов (иногда встречаются

другие названия: Конституционный трибунал – в Польше, Конституционный Совет – у нас, во Франции).

Полагаем, что существование независимых органов конституционного контроля по примеру европейской модели, позволяет принимать более объективные решения, так как отсутствует связанность с обстоятельствами конкретного дела.

Каждое современное государство, посредством существующей у себя модели конституционного контроля, стремится к обеспечению конституционной законности, ибо Конституция – ядро правового государства.

Основной Закон страны, а также Конституционный закон, непосредственно регулирующий деятельность органов правосудия, прямо закрепили обязанность судов – обращение с представлением в Конституционный Совет в случае наличия оснований для признания закона или нормативного правового акта неконституционным [6].

Таким образом, полноценное обеспечение прав человека и конституционной законности зависит от эффективной реализации судами своего права на обращение в Конституционный Совет, в случае обнаружения малейших сомнений в конституционности законов и других нормативных правовых актов [7, с. 8].

Рассмотрим некоторые аспекты, определение которых обусловлено анализом Нормативного постановления Конституционного Совета от 3 июля 2018 года № 5 «О проверке конституционности пункта 5 статьи 27 Закона Республики Казахстан «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» по представлению Карагандинского областного суда.

Конкурентность правовых норм в Законах «Об органах внутренних дел» и «О судебных приставах».

Карагандинский областной суд в представлении аргументирует свои доводы тем, что именно на судебных приставах подпунктом 8 пунктом 2 статьи 7 Закона «О судебных приставах» возложена обязанность осуществления принудительного привода должника.

В обоснование своих доводов субъект обращения приводит: «статью 5 Закона «О судебных приставах» устанавливающую, что сотрудники правоохранительных органов могут оказывать только содействие, помощь судебному приставу в пределах реализации возложенных на них законом задач, но не исполнять другие функции».

В качестве конкурентной нормы субъект обращения приводит не нормы Закона «Об органах внутренних дел», а подзаконный акт – «приказ Министра юстиции РК от 20 января 2011 года № 18 «Об утверждении Типовых форм постановлений частных судебных исполнителей», где в форме постановления о приводе лица, уклоняющегося от явки к судебному исполнителю, исполнение привода возложено на подразделения ОВД».

Доводы субъекта обращения свидетельствуют о том, что закрепление данной обязанности предпочтительней за судебными приставами.

Однако участвовавший в судебном заседании, в ходе рассмотрения гражданского дела по обращению частного судебного исполнителя Сартаева

Д.О. к ГУ «Департамент внутренних дел Карагандинской области МВД Республики Казахстан» в качестве третьего лица, не заявляющего самостоятельных требований, на стороне ответчика РГУ «Администратор судов Карагандинской области» пояснил, что «в функциональные обязанности судебных приставов не входит осуществление привода должника к судебному исполнителю».

Действительно, с учетом анализа действующего законодательства, мы пришли к выводу о том, что на сегодняшний день существует конкурентность правовых норм, регулирующих осуществление принудительного привода должника.

Ввиду того, что исполнение принудительного привода должника связано с ограничением конституционного права на свободу, в целях исключения произвольного толкования субъектами правоприменения норм законов, затрагивающих конституционные права граждан, необходимо внести точность и ясность в правовые нормы, исключив из обязанностей судебных приставов осуществление принудительного привода должника.

Соответствие нормам конституции.

Обращаясь в Конституционный Совет, Карагандинский областной суд, ссылаясь на несоответствие пункта 5 статьи 27 Закона «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» положениям пунктов 1 и 3 статьи 39 Конституции, аргументировал свои доводы отсутствием указаний в законе целей и понятия привода, наличия коллизии в правовых нормах Законов «Об органах внутренних дел» и «О судебных приставах», касательно обязанности исполнения постановления о принудительном приводе должника.

Полагаем, что ссылка на отсутствие указания в Законе целей и понятия привода, а также конкурентность правовых норм, в плане определения органа, в обязанности которого входит исполнение постановления о принудительном приводе должника не могут служить основанием для признания вышеуказанной нормы Закона неконституционной.

В ряде нормативных постановлений Конституционный совет предоставлял разъяснение по поводу законов, ограничивающих конституционные права и свободы человека.

Закрепленное в разделе II «Человек и гражданин» Конституции пунктом 1 статьи 16 право на личную свободу не подлежит ограничению ни при каких случаях (пункт 3 статьи 39 Конституции).

Разъясняя данную правовую норму, Конституционный Совет отметил, что каждый вправе свободно распоряжаться собственными правами, «если это не связано с уклонением от исполнения конституционных и иных, установленных законом обязанностей, не нарушает прав и свобод других лиц и не посягает на конституционный строй и общественную нравственность (пункт 5 статьи 12, пункт 1 статьи 34, статья 36 Конституции)» [8].

Таким образом:

– как уклонение от явки к судебному исполнителю, в случае невозможности осуществления исполнительных действий без его участия, являющееся злоупотреблением должником права на личную свободу;

– так и неисполнение органами внутренних дел постановления о принудительном приводе должника связаны с уклонением от исполнения конституционных положений: все равны перед законом и судом (пункт 1 статьи 14 Конституции), решения, приговоры и иные постановления судов имеют обязательную силу на всей территории Республики (пункт 3 статьи 76 Конституции), соответственно установленный статьей 21 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – ГПК) принцип обязательности судебных актов должен исполняться как сторонами исполнительного производства, так и органами внутренних дел.

Согласно разъяснению Конституционного Совета закон, ограничивающий конституционные права и свободы человека должен быть сформулирован [9]:

- с достаточной степенью четкости;
- основан на понятных критериях, позволяющих с определенной точностью определить правомерное поведение от противоправного;
- соответствовать требованиям юридической точности и предсказуемости последствий;
- исключать возможность произвольной интерпретации положений закона.

Неверное определение Карагандинским областным судом понятия и целей принудительного привода должника, отождествление его с мерой обеспечения производства по уголовному или административному делу, свидетельствует о том, что существующие пробелы в законодательстве, не умаляя конституционности института принудительного привода должника, создают основания для произвольной интерпретации положений закона субъектами правоприменения.

В связи с этим, по результатам рассмотрения обращения Карагандинского областного суда, Конституционным Советом было рекомендовано закрепить в действующем законодательстве надлежащий правовой механизм, регулирующий правоотношения, связанные с исполнением постановления о принудительном приводе должника.

Предложения (по обращениям судов в Конституционный Совет).

Предполагается, что судья с учетом обстоятельств конкретного дела проводит сравнительный и логический анализ правовой нормы закона на соответствие нормам Конституции еще на стадии подготовки дела к судебному разбирательству. В случае установления несоответствия норм законов нормам Конституции и нарушения конституционных прав граждан, судья обязан вынести определение о приостановлении производства по делу согласно статье 78 Конституции и подпункту 5 части 1 статьи 272 ГПК.

Таким образом, следует сделать вывод о том, что определение о приостановлении производства по делу в связи с обращением в Конституционный Совет целесообразно выносить на стадии подготовки дела к судебному разбирательству. В целях реализации данного положения рекомендуем статью 165 ГПК дополнить пунктом 15-1 о том, что на стадии подготовки к рассмотрению гражданского дела судья производит следующие

действия «разрешает вопросы связанные с определением соответствия нормам Конституции законов или иных правовых актов, подлежащих применению по конкретному гражданскому делу».

Включение данной правовой нормы имеет рекомендательный характер и направлено на усовершенствование деятельности органов правосудия, ведь выявление неконституционной правовой нормы на стадии подготовки дела к судебному разбирательству позволит рационально использовать средства, затраченные на проведение судебных заседаний, и время, которое является ценным ресурсом современных процессов организации и управления.

Однако здесь следует сделать оговорку о том, что внесение данного изменения не должно исключать права судьи на приостановление производства по делу на его последующих стадиях с целью обращения в Конституционный Совет, так как основания для обращения могут возникнуть и на последующих стадиях рассмотрения гражданского дела, ввиду установления иных обстоятельств по делу, в связи предоставлением сторонами новых доказательств, что предусмотрено пунктом 1 статьи 73 ГПК.

Полноценная реализация органами правосудия права на обращение в Конституционный Совет, правильное обоснование своих выводов, на основании которых необходимо рассмотреть вопрос о неконституционности закона или иного правового акта, а также слаженное взаимодействие органов правосудия и Конституционного Совета в данном направлении, будет способствовать полноценной реализации принципа конституционной законности в Республике Казахстан.

Список литературы:

1 Нурсултан Назарбаев: Успехи Казахстана безусловны и признаны мировым сообществом // <https://24.kz/ru/news/top-news/item/261579-nursultan-nazarbaev-uspekhi-kazakhstan-bezuslovny-i-priznany-mirovym-soobshchestvom>

2 Василевич Г.А. Конституционное правосудие. // Г.А.Василевич. – Минск: Право и экономика, 2012. – 326 с. – (Серия «Юридическое обозрение»)

3 Marbury V. Madison, 5 U. S. 137 (1803) // <https://supreme.justia.com/cases/federal/us/5/137/>

4 McCulloch V. Maryland, 17 U. S. 316 (1819) // <https://supreme.justia.com/cases/federal/us/17/316/>

5 Felix Frankfurter, Hans Kelsen, and the Practice of Judicial Review // ZaöRV 73 (2013) // <http://www.zaoerv.de> © 2013, Max-Planck-Institut für ausländisches öffentliches Recht und Völkerrecht

6 Конституция Республики Казахстан принятая на республиканском референдуме 30 августа 1995 года, Конституционный Закон от 25 декабря 2000 года № 132-III «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 21.02.2019 г.) <https://online.zakon.kz>

7 Маами К.А. Взаимодействие Конституционного Совета с судами // Электронный ресурс // режим доступа https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31577653#pos=69;-41

8 Нормативное постановление Конституционного совета Республики Казахстан от 27 февраля 2008 года № 2 «О проверке конституционности частей первой и четвертой статьи 361 Уголовного кодекса Республики Казахстан по обращению Капшагайского городского суда Алматинской области» // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30165053

9 Нормативное постановление Конституционного совета Республики Казахстан от 18 мая 2015 года № 3 «Об официальном толковании пункта 1 статьи 27 Конституции Республики Казахстан и о проверке на соответствие Конституции Республики Казахстан Закона Республики Казахстан «О защите детей от информации, причиняющей вред их здоровью и развитию» и Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам защиты детей от информации, причиняющей вред их здоровью и развитию» // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=37647015#pos=3;-155

Укибаев Д.Н.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының магистранты,
e-mail: ukibaev.d.n@mail.ru

Кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау: негіздері мен процестік тәртібі

Қазақстан Республикасында қылмыстық заңнаманы жаңғырту және гуманизациялау аясында құқықтық саяси тұжырымдамасын жүзеге асыру барысындағы іс-шаралар жоспарының 63-тармағына сәйкес, бұлтартпау шараларын қолдану механизімін егжей-тегжейлі реттеу мақсатында, күзетпен ұстау бұлтартпау шарасының орнына баламалы кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану негіздері мен тәртібі қайта қарастырылуда.

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде: ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлқы туралы қолхат; жеке кепілгерлік; әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауына беру; кәмелетке толмаған адамды қарауда ұстауға беру; кепіл; ұйқамақ; күзетпен ұстау бұлтартпау шаралары қолданылады [1]. Өз мақаламызда біз аталған бұлтартпау шараларының арасынан кепіл түріне тоқталғымыз келеді.

Кепіл түріндегі бұлтартпау шарасы ҚР ҚПК 145-бабында бекітілген, оған сәйкес, кепіл сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, прокурордың немесе соттың шақыруы бойынша оларға күдіктінің, айыпталушының келуі жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз ету үшін сот депозитіне күдіктінің, айыпталушының өзінің не басқа адамның ақша енгізуінен тұрады. Бұл бұлтартпау шарасы күзетпен ұстау және ұйқамақ бұлтартпау шараларының баламалы түріне бейімделіп келеді. Сауал қою барысында 30 тергеу судьялары, 40 процессуалдық прокурорлар, 45 адвокаттар

және 150 тергеушілер кепілдің тәуелсіз бұлтартпау шарасы ретінде тиімсіз екенін айтып, оны тек күзетпен ұстау бұлтартпау шарасына балама ретінде қолданылатынын айтты [2].

Көптеген азаматтар үшін кепіл түріндегі бұлтартпау шарасы басымдылыққа ие шара болып табылмайды, өйткені оның сомасы азаматтар үшін ауыр болып табылады. Кепіл шарасы қылмыстық процесте айыпталушының немесе күдіктінің қажетті жағдайда қылмысты ашумен айналысатын орган қызметкеріне не сотқа қайта оралатындығына кепіл ретінде қолданылады.

Мамандар үшін кепіл басқа бұлтартпау шараларына қарағанда, қатаң шара деп танылады, себебі адам өзінің материалдық игіліктерімен тәуекел етеді, ал кепіл мөлшері едәуір жоғары болады. Кепілдің түрі мен мөлшері жасалынған қылмыстың сипатына қарай сотпен анықталады, орган мен сот азаматтың не өзге адамның қиын материалдық жағдайда қалмас үшін, сонымен қатар, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, прокурордың немесе соттың шақыруы бойынша оларға күдіктінің, айыпталушының келуі жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз ету үшін, оның қандай сомамен немесе қандай да басқа құндылықтарды кепілге қоя алатындығын дербес шешуі тиіс. ҚР ҚПК 145-бабына сәйкес, кепіл ретінде ақша жылжитын немесе жылжымайтын мүліктер кепіл заты ретінде қарастырылуы мүмкін.

2015 жылдан бері қолданыстағы жаңа Қылмыстық-процестік кодексінде осы бұлтартпау шарасын қолдануды реттейтін 145-бабына жыл сайын бірнеше толықтырулар мен өзгерістер ендірілді. Осыған қарамастан, әлгі күнге дейін тәжірибеде кепілді қолдану барысында көптеген ахуалды мәселелер туындауда.

Қазақстан Республикасының 1997 жылы қабылданған Қылмыстық іс жүргізу кодексінде кепіл бұлтартпау шарасы бірінші редакциясында қарастырылғанымен, оның қатаң құрылған механизмі 2005 жылдан бастап пайда болды. Алайда, бұрындары кепіл бұлтартпау шарасы тәжірибеде сирек қолданылды.

Осы жылдың қаңтар айында бұлтартпау шараларын қолданудың сот тәжірибесінің біркелкілігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кезекті жалпы отырысында «Бұлтартпау шарасын санкциялаудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулының жобасы қаралды. Осы жобаны ұсынған, Жоғарғы Соттың судьясы Гүлнар Мергенова тергеу судьялары күзетпен ұстау және ұйқамақта ұстау бостандығын шектейтін бұлтартпау шараларын неғұрлым жұмсақ бұлтартпау шарасын қолдану мүмкін болмаған кезде ғана қолданатынын атап өтті. Оның берген мәліметтеріне сәйкес «2015 жылдан бастап күзетпен ұстаудың қолданылғаны 6,5 %-ға төмендеді, 2018 жылмен салыстырғанда қамауға алу саны 4,2 %-ға қысқарды. Судьялардың айтуы бойынша, ұйқамаққа алу 447-ден 782-ге дейін, кепілді қолдану саны 531-ден 836-дейін артқан» [3].

Нормативтік қаулыда сотқа дейінгі тергеу органы таңдаған бұлтартпау шарасының дұрыстығын бағалау кезінде судьяның ескеруге тиіс болатын критерийлер ашылды. Тергеу судьясының осы бұлтартпау шарасын таңдау себептерін және қатаң бұлтартпау шараларын қолдану мүмкін еместігін

талқылауға, адамның қылмыс жасады деген күдіктің негізділігін тексеруге міндеттейтін заң нормаларына ерекше назар аударылды. Осыған қоса, нормативтік қаулыда тергеу судьяларының азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін бұлтартпау шараларын санкциялауының негізгі мәселелерін ашып көрсетеді [4].

Енді осы нормативтік қаулыда бекітілген кепіл бұлтартпау шарасына тиісті ережелерді қарастырып шықсақ. Қаулының 20-тармағында, кепіл тек тергеу судьясының санкциясымен немесе соттың қаулысы бойынша қолданылатыны көрсетілген.

Нормативтік қаулының 21-тармағында «Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатын қанағаттандыру үшін негіздер болмаған кезде, тергеу судьясы кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын таңдауға құқылы, оның нысанасы ақша қаражаты, құндылықтар, жылжымалы және жылжымайтын мүлік болуы мүмкін» деп көрсетілген. Біздің пікірімізше, бұл тәртіп жоғарыда көрсетілгендей, тергеу судьялары азаматтардың бостандығын шектейтін, күзетпен ұстау және ұйқамақта ұстау, бұлтартпау шараларын неғұрлым жұмсақ бұлтартпау шарасын қолдану мүмкін болмаған кезде ғана қолдану тәртібіне теріс келеді. Осы жерде, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатын қанағаттандыру үшін негіздер болмаған кезде тергеу судьясы кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын таңдауға немесе күзетпен ұстау және ұйқамақта ұстау түріндегі бұлтартпау шараларын кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану мүмкін болмаған кезде ғана қолдануға құқылы, деп толтырған дұрыс болар.

Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатты қанағаттандырған кезде сот қаулыда, ҚПК-нің 148-бабының тоғызыншы бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, кепіл мөлшерін бір мезгілде айқындауға міндетті.

Кепіл енгізуші сот депозитіне ақша енгізгеннен кейін ол сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, кепілдің енгізілгені туралы құжатты ұсынады, ал сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, ҚПК-нің 148-бабы сегізінші бөлігінің тәртібімен тергеу судьясының шығарған қаулысының негізінде кепілдің енгізілгені туралы күзетпен ұстау орнының бастығына дереу хабарлайды. Күзетпен ұстау орнының бастығы кепіл енгізілгені туралы құжатты алғаннан кейін күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстаудан босату шараларын дереу қабылдауға міндетті, бұл туралы ҚПК-нің 145-бабының сегізінші бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, тергеу судьясына және қадағалаушы прокурорға міндетті түрде хабарлайды.

ҚПК-нің 145-бабы екінші бөлігіндегі тәртіппен кепіл түріндегі бұлтартпау шарасына санкция берілген жағдайда, сондай-ақ бұрын таңдалған бұлтартпау шарасы кепілге өзгертілген кезде тергеу судьясы ҚПК-нің 145-бабының төртінші бөлігінде көзделген мөлшері мен оны енгізу мерзімін белгілеуге міндетті.

Егер қаулымен белгіленген мерзімде кепіл енгізілмесе не тергеу судьясы анықтағаннан аз мөлшерде енгізілсе, онда ҚПК-нің 145-бабының төртінші бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өтінішхаты бойынша тергеу судьясы кепілді өзге бұлтартпау шарасына өзгерту туралы мәселені қарайды.

Егер күдікті, айыпталушы өзіне жүктелген міндеттерді бұзбаса немесе дәлелді себеппен бұзса, бірақ оған қатысты неғұрлым қатаң бұлтартпау шарасы қолданылса, үкім немесе қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарылса, онда кепіл заты кепіл берушіге дереу қайтарылады.

Неғұрлым қатаң бұлтартпау шарасы қолданылған кезде енгізілген кепілді қайтару туралы шешімді қылмыстық процесті жүргізуші орган прокурордың келісімімен қабылдайды.

Егер кепіл берушілер күдікті, айыпталушы болса, үкімді шығарғанда сот кепілдің тағдырын қарай отырып, азаматтық талап қою, процестік шығындар мен өзге де мүліктік өндіріп алулар болған кезде прокурордың өтінішхаты бойынша кепіл нысанасына немесе оның бір бөлігіне өндіріп алуды қолдану туралы шешім қабылдауға құқылы.

Күдікті, айыпталушы кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелерді дәлелді себептерсіз орындамаған жағдайда, прокурор тергеу судьясына кепілді мемлекет кірісіне айналдыру туралы өтінішхат жібереді, онда осы фактінің дәлелдемелері келтірілуге тиіс.

Сотталушы мұндай міндеттемелерді орындамаса, онда кепілді мемлекет кірісіне айналдыру туралы мәселені сот үкім шығарған кезде шешеді.

Егер күдікті немесе айыпталушы дәлелсіз себептермен тергеушінің, анықтаушының немесе соттың шақыруы бойынша келуден жалтарса не кез келген басқа тәсілмен қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге кедергі келтірсе немесе жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, енгізілген кепілге байланысты міндеттемелер бұзылды деп санаған жөн.

Тергеу судьясы енгізілген кепілмен байланысты міндеттемелердің бұзылғаны туралы мәселені қараған кезде күдіктінің, айыпталушының, сотталушының сотқа дейінгі тергеу органына және сотқа келуден жалтару себептерін тексеруі қажет. Тексеру нәтижелері бойынша шешімдер қабылданады.

Мақаланы қорытындылай келе, келесі тұжырымдарға келуге болады:

Кепіл түріндегі бұлтартпау шарасы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, прокурордың немесе соттың шақыруы бойынша оларға күдіктінің, айыпталушының келуі жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында қолданылады. Бұлтартпау шарасын қолдану барысында тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам мен сот үшін қиынға соғады. Себебі, күдіктінің не айыпталушыға ауыртпалық туындамас үшін, тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам оның материалдық жағдайымен толықтай таныс болуы тиіс. Сонымен қатар, кепілгер кепілдің құндылығы мен ауыртпалық туындамайтындығын дәлелдеуі қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V Қылмыстық-процестік кодексі (2020.11.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575888#pos

2 Сейтенов К. К. О некоторых проблемах судебного и прокурорского санкционирования при применении мер пресечения в Республике Казахстан, Труды Академии управления МВД России. 2017. № 2 (42)

3 ҚР Жоғарғы Сотында бұлтартпау шараларын санкциялау бойынша істерді қарау мәселелері талқыланды. <http://sud.gov.kz/kaz/news/kr-zhogargy-sotynda-bultartpaу-sharalaryn-sankciyalau-boуynsha-isterdi-karau-mseleleri>

4 Бұлтартпау шараларын санкциялаудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 24 қаңтардағы № 1 Нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P200000001S7>

Д.П. Алтеев,

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
жанындағы Сот төрелігі академиясының магистранты,
e-mail: Dan.A7@mail.ru

Мемлекеттік сатып алу туралы жаңа заңның ерекшеліктері және сот тәжірибесі

Мемлекеттік сатып алу – мемлекеттің, қоғам мен бизнестің қарым-қатынасының сапасын іс жүзінде көрсететін және қамтамасыз ететін процесс. Мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің қатысушылары немесе әлеуетті қатысушылары болып табылатын кәсіпкерлер үшін ең өзекті мәселелердің бірі болды және болып қала береді.

Сондықтан осы жарияланымда мемлекеттік сатып алудың келесі мәселелер қарастырылатын болады:

- мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеудің жалпы ережелері;
- кәсіпкерлер үшін заңнаманың қандай жаңашылдықтары қызығушылық тудырады;
- мемлекеттік сатып алу қатысушылары үшін заңмен белгіленген мерзімдер және оларды қолдану мен өткізіп алудың салдары.

Мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу туралы жалпы ережелерден бастайық, олар мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың қалай өзгергені және бұл құқық қолдану практикасына қалай әсер ететіні туралы түсінік береді. Қазақстанда мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу 1997 жылы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның қабылдануымен басталды. Кейіннен осындай атаумен жаңа заңдар 2002 және 2007 жылдары қабылданды. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Қазақстан Республикасының жаңа Заңы (бұдан әрі – Мемлекеттік сатып алу туралы Заң) қолданысқа енгізілді. Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүйесі мемлекеттік сатып алу туралы Заңға сәйкес Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің жиынтығы және олардың мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметін іске асыру барысында бірлігі мен өзара байланысы айқындалған қатынастары болып табылады [1].

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану бойынша түсініктемелер «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 5 Нормативтік қаулысында (бұдан әрі – ҚР ЖС 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 5 Нормативтік қаулысы) берілген [2], оның ережелерінің көпшілігі азаматтық іс жүргізу заңнамасының жаңаруына және 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның қабылдануына қарамастан өз өзектілігін сақтайды. Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың негізіне тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының ЮНСИТРАЛ Заңы үлгі ретінде алынды, оған

сәйкес мемлекеттік сатып алу саласында мемлекеттік сатып алуды регламенттеу қажет:

- сатып алудың барынша үнемділігі мен тиімділігін қамтамасыз ету;
- мемлекеттік тиістілігіне қарамастан, өнім берушілердің сатып алуларына қатысуын кеңейту және ынталандыру, сол арқылы халықаралық саудаға ықпал ету;
- сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты өнім берушілер арасында бәсекелестікті дамыту;
- сатып алу процесінің объективтілігі мен бейтараптығына және оған қоғамдық сенімге жәрдемдесу;
- сатып алу рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету [3].

Көрсетілген мақсаттарды іске асыру мемлекеттік сатып алу қағидаттары мен рәсімдерін, сондай-ақ белгіленген ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілікті бекіту арқылы жүзеге асырылады.

Мәселен, Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 4-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мынадай қағидаттарға негізделеді:

- мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;
- Мемлекеттік сатып алу туралы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, өнім берушілерге өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
- әлеуетті жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік;
- мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындылығы;
- сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу.

Дегенмен, мемлекеттік сатып алулар қызметтің ең сыбайлас жемқорлық салаларының бірі болып қалуда, бұл мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде бөлінетін және игерілетін орасан зор ресурстармен – бюджет қаражатымен байланысты. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында мемлекеттік сатып алу жүйесі әрбір төртінші сыбайлас жемқорлық қылмысы жасалатын қызметтің ең сыбайлас жемқорлық саласына жататыны атап көрсетілген [4]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік сатып алу жүйелерін жетілдіріп, бизнеске әкімшілік қысымды төмендету міндетін атап өтті [5].

Мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру бағыттарының бірі мемлекеттік сатып алуды автоматтандыру және орталықтандыру болып табылады. Осы салаға мемлекеттік сатып алудың веб-порталын мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысын, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторды енгізу оның барлық қатысушылары үшін ашық және түсінікті жүйені қалыптастыруға бағытталған. Сот практикасында мемлекеттік сатып алу процесіне өнім берушілердің түрлі шағымдарының саны қысқарды және даулардың негізгі санаты өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану болды. Осы аталғанның барлығы мемлекеттік сатып алу саласында оң өзгерістер болып жатқанын көрсетеді.

Мемлекеттік сатып алу туралы Заң қабылданған сәттен бастап оған 25 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл мемлекеттік сатып алуға қатысушыларды қолданыстағы заңнаманы үнемі бақылап отыруға және заңнамалық жаңалықтардан хабардар болуға міндеттейді.

Мысалы, Мемлекеттік сатып алу туралы Заңда «анық емес ақпарат» ұғымы ашылды – бұл әлеуетті өнім берушінің конкурсқа (аукционға) қатысуға арналған өтінімінде қамтылған, сол сияқты әлеуетті өнім берушінің берілген өтінімінің шынайы мазмұнын бұрмалайтын және шындығына сәйкес келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер (Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 2-бабының 1-тармақшасы). Осылайша, заң шығарушы әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпаратты беруге нақты қандай іс-әрекеттерді жатқызуға болатынын нақтылап берді (Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 10-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы). Бұл мұндай әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізуге әкеп соғады (мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 11-бабы 1-тармағы). Мұндай нақтылау әлеуетті өнім берушінің іс-әрекетін бағалауға субъективті көзқарасты қоспағанда, даулар бойынша тұрақты сот практикасын қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Өнім берушілердің мүддесінде қабылданған басқа да маңызды жаңалық өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу үшін негіздерді өзгерту болып табылады. Бұрын өнім берушінің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамауы мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу үшін негіз болып табылды. Мұндай тізілімге енгізілген кәсіпкер оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап жиырма төрт ай ішінде мемлекеттік сатып алуға қатысуға құқылы емес.

Заңнамалық реттеудің қатаңдығы ҚР ЖС-ның 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 5 Нормативтік қаулысының 5-тармағында берілген заңды түсіндіруді біршама жеңілдетті, оған сәйкес соттар өнім берушінің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде және әділдік пен парасаттылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған теріс салдарлар ретінде назарға алу қажет болды. Заңның бұл түсіндірмесі, егер жол берілген бұзушылық болмашы болса және тапсырыс беруші үшін теріс салдарға әкеп соқпаса, өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танудан бас тартуға мүмкіндік берді.

Мысалы, жеке кәсіпкер А. мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша тапсырыс берушіге нысанды киімдер жеткізуге міндеттенді. Міндеттемелер толық және мерзімінде орындалды, бірақ жұмысшысының зейінсіздігінен нысанды киімдердің түймелері тыйым салынған орынға тігілген. Тапсырыс беруші нысанды киімдердің үлгіге сәйкес келмеуіне байланысты өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотқа талап арызбен жүгінген. Алайда кәсіпкер аталған кемшілікті тез жоюға және түймелерді ауыстырып, киімді шарттық үлгіге сәйкес келтіруге дайын болған.

Бірақ, осыған қарамастан, талап қанағаттандырылып, кәсіпкер жиырма төрт айға мемлекеттік сатып алуға қатысу құқығынан айырылған.

Енді Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 12-бабының 4-тармағы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді енгізудің жаңа ережелерін белгілейді. Жаңа ережелер бойынша тапсырыс беруші, жиынтығында мынадай талаптарды қанағаттандыратын жағдайларды қоспағанда, мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге міндетті:

- 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеуі;
- 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау;
- 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы.

Егер сот аталған үш мән-жайдың жиынтығын белгілесе, онда мұндай өнім беруші, өзінің мүдделерін тапсырыс берушінің талабына қарсы қорғай алатынын білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуға қатысушылар үшін заңмен белгіленген мерзімдерге келетін болсақ, мұнда мыналар маңызды болып табылады. Мемлекеттік сатып алу шарты бойынша тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей сотқа жүгінуге міндетті. ҚР ЖС-ның 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 5 Нормативтік қаулысының 3-тармағына сәйкес бұл мерзімдердің өтуі әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызды қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Осылайша, егер тапсырыс беруші көрсетілген отыз күндік сотқа жүгіну мерзімін өткізіп алса, онда бұл мерзім қалпына келтіруге жатпайды және талап-арыздан қанағаттандырылудан бас тартылады.

Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 47-бабына сәйкес әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасауға құқылы. Шағым жасалған кезде әлеуетті өнім беруші дауды реттеудің белгіленген сотқа дейінгі тәртібін сақтауы тиіс.

Шағым:

– мемлекеттік сатып алудың қорытындылары шығарылғанға дейін (Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 47-бабының 5-тармағы));

– конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде (Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 47-бабының 2-тармағы);

– көрсетілген бес күндік мерзім өткеннен кейін (Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 47-бабының 3-тармағы) [1].

Алғашқы екі жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу мерзімі тоқтатыла тұрады, үшінші жағдайда шағым «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қараша № 392-V Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электрондық мемлекеттік аудит шеңберінде қаралады [6].

Уәкілетті органның шешіміне әлеуетті өнім беруші жоғары тұрған органға не сотқа шағымдануға құқылы. Сотқа шағым үш ай мерзім белгіленген Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің ережелері бойынша беріледі және бұл мерзім оны өткізу себептерінің дәлелді екендігі дәлелденген жағдайда қалпына келтірілуі мүмкін (Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 294-бабы) [7].

Тәжірибеде шарттар мемлекеттік сатып алу рәсімдерінен тыс шұғыл тәртіппен жасалатын жағдайлар кездеседі: қысқы кезеңде отынды жедел жеткізу, жарыс алдында спорт алаңын дайындау және монтаждау.

Мұндай міндеттемелер Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның талаптарына байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарт арқылы ресімделуге тиіс, алайда жеделдігіне, төтенше жағдайға байланысты кәсіпкермен әдеттегі азаматтық-құқықтық шарт жасалады. Өнім беруші мұндай шарттарды орындағаннан кейін жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, тауарларды төлеумен проблемалар туындайды. Мемлекеттік тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алу жүйесін айналып өтіп ақы төлеуге арналған бюджет қаражаты жоқ. Өнім берушілерге шарттық міндеттемелер бойынша төлемді өндіріп алу туралы талап-арызбен сотқа жүгіну қалады. Мұндай жағдайда кәсіпкерді жағымсыз тосын күтеді. Сот мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзуға сілтеме жасай отырып, төлемді өндіріп алу туралы талап-арыздан бас тартады.

Соттардың барлық қорытындыларын даусыз деп тануға болмайды, бірақ олар осындай істерді қарау кезінде қалыптасқан сот тәжірибесін көрнекі түрде көрсетеді.

Кәсіпкерлерге мұндай қиындыққа түспеуі үшін:

Алайда, кредит берушілер мұра құрамын қалыптастыру және нақтылау барысында нотариус пен мұрагерлерге, мұра қалдырушының борыштарын мұрагерлерден өндіру туралы талаптарының бар екендігі туралы хабарламайды. Мұра қалдырушының борыштары, оның мұрасының құрамына жатады. Сол себепті де, мұрагер мұраны қабылдағанға дейін, мұраның құрамының тізіміне мұра қалдырушының борыштары енгізілу қажет. Бірақ, тәжірибеде бұл жағдай орын алып жатқан жоқ [3].

Жоғарыда баяндалған, отандық заңгер И.Е.Акатовтың пікірімен келісемін, себебі мұрагерлер мұраны қабылдағанға дейін, мұра қалдырушының борыштары бойынша кредит берушілердің өз наразылықтарын нотариусқа ұсыну немесе ол жөнінде мұрагерлерге тиісінше хабарлау реті құқықтық тұрғыда реттелмеген. Бұл орайда, мұрагерліктің активінен қарағанда, міндеттемесі басым жағдай туындауы мүмкін.

Қандай да бір елдің құқықтық жүйесін зерделеу барысында, нормалардың тәжірибеде қолдану тиімділігіне жан – жақты мән беру қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты, романо-германдық құқықтық жүйесіне жатқызылатын Ресей Федерациясының заңнамасына шолу жасасақ.

Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің 1175-бабына сай мұраны қабылдаған мұрагерлер, мұра қалдырушының қарыздары бойынша ортақ және әрбір мұрагер мұраға қалдырылған мүлік құнының шегінде жауап береді [4].

Кредит берушілер:

- мұрагерлер мұраны қабылдағанға дейін өсиетті орындаушыға немесе мұраға қалдырылған мүлікке;

- мұраны мұрагерлер қабылдағаннан кейін, мұраны қабылдап алған мұрагерлерге өз наразылықтарын қоюға құқылы.

Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің 1175-бабында кредит берушінің наразылықты нотариусқа ұсыну мүмкіндігі қарастырылмағандығына қарамастан, егер наразылық мұраға қалдырылған мүлікке берілсе, бұл жағдайда кредит берушінің наразылығы нотариусқа берілуі мүмкін. Наразылық жазбаша нысанда ұсынылу қажет. Бұрын егер қандай да болмасын мұрагердің өтініші бойынша мұрагерлік ісі жүргізілмеген жағдайда, қайтыс болған азаматтың мұрагерлік ісі наразылық бойынша ашылады. Кредит берушілер тарапынан наразылықты ұсынудағы мақсат, мұрагерлерге мұра қалдырушының орындалмаған міндеттері бар екендігі жөнінде хабарлау [5,495-496 б.].

Бір жағынан, аталмыш жағдай кредит берушілердің мұрагерлерді өз бетімен іздестіру шараларын жүргізуді жояды және міндеттеменің орындалуына мүмкіндік береді. Екінші жағынан, мұра қалдырушының борыштарының бар екендігін білместен, мұраны қабылдау мұрагерлердің құқығын бұзады. Бұл тәжірибе мұрагерлік құқықтық қатынастардан туындайтын жауапкершіліктерді шешуде пайдалы және тиімді болуы мүмкін, алайда неғұрлым тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Мұра ісін жүргізуші нотариус, тиісті дәлелдемелерді сұрату жолымен, мұра құрамын тексереді және бекітеді [6].

ҚР АҚ-нің 1073-бабы 2-тармағының талаптары бойынша мұрагерлікке құқық туралы куәлік мұра ашылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін беріледі, осы уақыт аралығында нотариуспен мұраның құрамы бекітіледі [1].

Бұл орайда, мұра құрамына енгізу үшін кредит берушілер мұра қалдырушының борыштары бойынша талаптары мен наразылықтары туралы нотариусқа хабар беруі қажет. Яғни, мұрагерлер мұраны қабылдағанға дейін және оған нотариус мұрагерлік туралы куәлікті бергенге дейінгі мерзім түсініледі [3].

Алайда, тәжірибеде кредит берушілер мұра қалдырушының борыштары бойынша талаптар мен наразылықтарды нотариусқа ұсынбайды, сондықтан борыштар мұраның құрамына енгізілмейді. Нәтижесінде, кредит берушілердің алдындағы мұра қалдырушының міндеттерін мұрагердің қабылдауы, мұраны қабылдау ретінде рәсімделмейді.

Мұраны қабылдау – мұрагердің ерікті, саналы түрде жасаған әрекетін білдіреді. Бұл орайда, мұрагер мұра қалдырушының барлық құқықтары мен

міндеттерін өзіне қабылдайды. Мұраны қабылдау мұраны толықтай иеленуді қамтамасыз етеді. Сәйкесінше, бұл жағдайда мұрагерлер өздеріне беріліп жатырған мұра құрамын міндетті білуге тиіс.

Біздің пікірімізше, мұра құрамына кредит берушілердің талаптарын енгізбеу, бір жағынан олардың өз талаптарын мұрагерлерге ұсыну кезінде кедергілер жасаса, екінші жағынан мұра қалдырушының көп мөлшерде қарызы бар екендігінен хабардар мұрагерлердің мұраны қабылдаудан бас тарту құқығын бұзады.

Отандық заңгер И.Е.Акатов ҚР АҚ-нің 57 тарауын жаңа 1040-1-баппен «Мұра қалдырушының мұрасының құрамына кредит берушілердің талаптарын енгізу тәртібі», келесідей мазмұнда толықтыруды ұсынды: «Мұра қалдырушының кредит берушілері мұра ашылғаннан бастап алты айдың ішінде мұра қалдырушының міндеттерінен туындайтын өз талаптарын, мұраның ашылған жері бойынша нотариусқа немесе заңға сай мұрагерлікке құқық туралы куәлікті беруге уәкілетті органға өтініш беру арқылы мәлімдеуге құқылы. Аталған ережелерді сақтамау, кредит берушілерді мұра қалдырушының борыштарын мұрагерлерден өтеуді талап ету құқығынан айыруға алып келеді.» [3].

Аталған ұсыныспен келісе отырып, өз тарапымнан мұндай заң нормасы мұрагерлердің де, кредит берушілердің де құқығын қорғайтынын, сондай-ақ кредит берушілерге заңмен арнайы міндеттер жүктелетінін және осы норма шеңберінде кредит берушілерге нотариусқа тиісті сұраныстар жолдап, оларға жауаптар алуға бірқатар мүмкіндік тудыратынын қоса айтқым келеді.

Банктер, банктік қарыз шарттарынан туындайтын міндеттер бойынша кредит берушілер ретінде, Республикалық нотариаттық палатаға қайтыс болған борышкердің мұрагерлік ісінің ашылғандығы туралы ақпарат беру жөнінде сұраныс хатты жолдайды. Өз кезегінде, Республикалық нотариаттық палата бірқатар себептерді көрсете отырып, сұратылған ақпаратты беруден бас тартады.

Біріншіден, «Нотариат туралы» Заңның 3-бабының 6-тармағында нотариаттық іс - әрекеттер және нотариаттық өндірістегі құжаттар туралы мәліметтер берілетін органдар мен тұлғалардың тізімі бекітілген. Алайда, банктер бұл тізімге енгізілмеген [6].

Екіншіден, қолданыстағы заңмен мұра қалдырушының кредит берушілерінен наразылықты қабылдау бойынша нотариустың міндеті қарастырылмаған. Осыған байланысты, өздеріне нотариаттық әрекеттер мен құжаттар туралы мәліметтерді беру жөнінде сұраныстар келіп түскен нотариустар, аталған сұраныстарға жауап беруден уәжді түрде бас тартуда.

Үшіншіден, нотариаттық іс-әрекеттерді жүзеге асырмағандықтан, өңірлік нотариаттық палаталардың осыған ұқсас мәліметтерді беруге құқығы жоқ.

Осылайша, мұрагерлік істің ашылғандығы туралы мәліметті алу құқығына ие болмағандықтан, мұра қалдырушының кредит берушілерінің, атап айтсақ банктердің сұраныс хаттары шешілмей қалып жатады.

Бұл кезекте, «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-тармағының «Мүдделі тұлғалардың жазбаша сұраныс хатының негізінде,

оларға мұрагерлік істің ашылғандығы туралы мәліметтер берілуі мүмкін» дегендей мазмұмен толықтырылуы, жоғарыда келтірілген мәселелерді шешуге мүмкіндік берері анық.

Бұдан басқа, заемшы қайтыс болған жағдайда банктік қарыз шарттары бойынша міндеттеменің тоқтатылуы немесе жалғастырылуы туралы сұрақтар жиі туындайды.

Аталған сұрақты қарау барысында келесі мәселені ескермеске болмайды. ҚР АҚ-нің 367-бабына сай азаматтың қайтыс болуы міндеттеменің толық немесе ішінара тоқтатылуына себеп болады. Алайда, міндеттеменің тоқтатылуы, егер міндеттемені орындау борышқордың жеке өзінің қатысуынсыз (мәселен, жазушы қайтыс болған кезде авторлық шарт тоқтатылады) жүргізілмейтін болса не міндеттеме басқаша түрде борышқордың жеке басымен ажырамастай байланысты болса ғана орын алады [7].

Егер міндеттемені орындау борышқор ие болған нақты бір қабілеттерге байланысты болса, онда борышқордың қайтыс болуына байланысты міндеттеме тоқтатылады. Борышқордың жеке басымен байланысты емес өзге жағдайларда міндеттеме тоқтатылмайды, мұрагерлік құқық мирасқорлығы принципі бойынша құқықтар мен міндеттердің мұрагерлерге берілуі орын алады [8].

Банктік қарыз шарты бойынша борышқор қайтыс болған жағдайда туындайтын сұрақтар негізінде қабылданған сот актілерін және істерді талдау, тиісті қатынастарды реттейтін нормаларды қолдануда бірдей сот тәжірибесінің жоқ екендігін көрсетті. Осыған байланысты, көптеген құжаттарды талқылау қажеттілігі туады.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңының 34-бабы 14-тармағының мағынасынан, банктер нақты бір қарыз сомасын беру және банктік қарыз шартын жасау туралы шешім қабылдау кезінде, ең алдымен нақты бір қарыз алушының мүліктік жағдайына және оның төлем қабілетіне сенетіндігін көруге болады [9].

Сол себепті де, заемшының заемды алу және оны қайтару бойынша банктің алдындағы міндеттемелері, борышқор – заемшының жеке басына тікелей қатысты және оның өзінің қатысуымен ғана жүзеге асады. Сәйкесінше, заемшы қайтыс болғаннан кейін ҚР АҚ-нің 376 бабының талаптары негізінде банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелер тоқтатылады [3].

Банктік қарыздардың қайтарылу қажеттілігіне сілтеме жасап, жоғарыда келтірілген тұрғыда заңды қолдануға қарсыластардың бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, банктерде қарыздар бойынша тәуекелдерді барынша азайту жөнінде көптеген механизмдердің қызмет атқаратыны ескерілуі тиіс. Атап айтсақ, төлемге қабілетті тұлғаны тарту арқылы заемның қайтарылуын қамтамасыз ету, кепілдік, кепіл болушылық.

Тәжірибеде банктер қайтыс болған азаматтың мұрагерлеріне талап қою арыздарымен сотқа жүгінеді. Өздерінің материалдық және физикалық жағдайларына байланысты, қайтыс болған азаматтың міндеттемелерін орындай алмайтын, мұра қалдырушының кәмелет жасына толмаған, тіпті оның егде жастағы ата-анасына қатысты талап қою арыздары ұсынылып жатады.

Борыштардың мұраға қалдырылуы туралы сұрақты қарастыру кезінде келесіге аса мән берілу қажет. Кезінде мұра қалдырушы иленген барлық құқықтық қатынастар бір субъектіге, мұрагерге берілгендіктен, мұрагер мұра қалдырушының борыштарына жауап береді.

Борыштардың мұраға қалдырылуы және мұрагерлердің мұра қалдырушының борыштары бойынша жауапкершілігі мәселелерін қарастыра отырып, нормаларды ғылыми талдау нәтижесінде көрініс алған дәлсіздіктің және құқық қолдану тәжірибесіндегі қарама – қайшылықтардың негізінде, Қазақстан Республикасының мұрагерлік құқығынан туындайтын қатынастарды реттейтін кейбір нормаларды әлі де болса, жетілдіруді қажет ететіндігін көреміз.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_.

2 Банк судебных актов Верховного Суда и местных Судов [Электронный ресурс]. – сайт Верховного Суда Республики Казахстан, <http://supcourt.kz/rus/acts/>.

3 Акатов И.Е. К вопросу о наследовании долгов [Электронный ресурс]: <https://www.zakon.kz/4771450-k-voprosu-o-nasledovanii-dolgov-akatov.html>.

4 Гражданский кодекс Российской Федерации 26 ноября 2001 года №146-ФЗ [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік тәртібі: <http://www.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?rnd>.

5 Зайцева Т.И., Крашенников П.В. Наследственное право. Комментарий законодательства и практика его применения. /Т.И.Зайцева, П.В.Крашенников – 6-е изд. – М.: Статут, 2009. – 557 с.

6 «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі № 155-1 Қазақстан Республикасының Заңы [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51008028.

7 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІ. [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_.

8 Сулейменов М.К., Басин Ю.Г. Комментарий к Гражданскому кодексу Республики Казахстан (Общая часть) [Электрондық ресурс]. - https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1019750.

9 «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 30 тамыздағы №2444 Қазақстан Республикасының Заңы [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002444_.

Усмаев Б.Х.,
магистрант Академии правосудия при
Верховном Суде Республики Казахстан,
e-mail: usmaev2020@mail.ru

Рассмотрение судами споров между землепользователями по наложению границ земельных участков

В последние годы судебная практика продемонстрировала множество примеров обращения в суд с требованием признать недействительными результаты межевания земельных участков и установить новые границы земельного участка, поскольку границы земельного участка были согласованы в нарушение установленной законом процедуры.

При рассмотрении дел по спорам, возникающим из земельных правоотношений, соблюдение правил подсудности имеет особое значение для урегулирования дел, предъявление иска лицами с правом требования и правильного определения объекта иска. Содержание претензий и других заявлений в данной категории споров должно соответствовать требованиям статьи 148 Гражданского процессуального кодекса [1]. Земельный участок относится к недвижимости в соответствии со статьей 117 пункта 1 Гражданского кодекса [2]. Для имущественных претензий в соответствии со статьей 31 Гражданского процессуального кодекса предусмотрена исключительная подсудность - по месту нахождения недвижимого имущества [1].

Не менее важным для правильного разрешения дела является стадия подготовки дела к слушанию, надлежащее ведение которого затем обеспечит всестороннее и полное изучение обстоятельств дела. Таким образом, при подготовке дела к слушанию суды должны определить характер отношений между сторонами, причины и время возникновения спорных отношений, предоставить правоустанавливающие и идентификационные документы на земельный участок

Правоустанавливающими документами - это документы, на основании которых граждане и юридические лица имеют права, соответствующие земле (право частной собственности, право пользования землей, сервитут и другие права собственности на землю). К ним могут относиться, в частности, правовые акты, предоставляющие право на земельный участок, договоры купли-продажи (обмен, дарение или другая сделка по отчуждению земельного участка) и судебные решения, в которых признается право на земельный участок. частная собственность на земельный участок, права землепользования и другие права собственности на землю [3].

Идентификационные документы - это документы, выданные органом, ответственным за земельные отношения, включают закон о праве частной собственности на землю, закон о праве постоянного пользования землей и закон о праве временного пользования.

При разрешении спора о владении одним и тем же земельным участком двумя или более собственниками (землепользователями), а также нарушении границ смежных участков суды должны учитывать требования, изложенные в разделе 43 Земельного кодекса [4]. Проверить причины возникновения прав на землю для каждой из сторон, при необходимости, соблюдайте порядок выделения земли, а также правоустанавливающие документы, хронологию регистрации прав на землю.

В соответствии п.10 статьи 43 Земельного Кодекса для использования и распоряжения земельным участком необходимо установить его границы в натуре (на земле) и оформить правоустанавливающие документы [4].

Суды должны помнить, что исполнительный орган может изменить или отменить свое решение о предоставлении права на земельный участок до тех пор, пока не будут выполнены указанные в нем требования, например, до тех пор, пока лицо не получит государственный акт о участке земли. С момента получения этих документов пользователь территории наделяется правом на земельный участок в форме частной собственности, постоянного или временного землепользования, поэтому спор о праве может быть разрешен только в судебном порядке.

Если существуют равные права на одну и ту же землю или часть земли, суды должны исходить из приоритета прав, ранее возникших в отношении недвижимости, установленного к дате, когда закон возник в соответствии с гражданским законодательством.

В споре между владельцами соседних участков, которые не являются их первоначальными владельцами, при установлении границ, суды должны исходить из исторически установленных границ земли. Спор между владельцами двух земельных участков не должен приводить к нарушению прав других лиц. Судебные решения не должны способствовать возникновению новых судебных споров между владельцами других земельных участков.

При рассмотрении исков, связанных с выделением земельного участка, когда член крестьянского хозяйства выходит из его состава, суды должны учитывать, что земля, выделенная крестьянскому хозяйству, находится на праве общего совместного или общего долевого землепользования, либо на праве общей совместной или общей долевой собственности, если иное не предусмотрено договором. В связи с этим суды должны выяснить форму владения землей или ее использования для земли, условия соглашения между членами крестьянского хозяйства и другие обстоятельства для решения вопроса о выделении земли и определении границ в соответствии с требованиями с 54 по 59 статей Земельного кодекса [4].

После прекращения фермерской или крестьянского хозяйства распределение прав собственности, земли и прав землепользования между участниками происходит в соответствии с условиями и в порядке, указанном пунктами 2, 3, 4 статьи 49 Предпринимательского кодекса Республики [5], а также в ст. 225 ГК РК [2].

По мнению судов, фактическая площадь земли должна быть как можно быть максимально приближена, указанной в правоустанавливающих

документах (юридической), в то же время права третьих лиц (других смежников) не должны нарушаться. Если границы земельного участка были установлены заранее и прилегающая территория незаконно сокращена, несмотря на установленные на месте границы, суд руководствуется принципом обеспечения баланса прав и законных интересов каждой из сторон.

Требования к установлению границ земельного участка, выдвигаемые при подаче искового заявления, возникают из-за конкретного нарушения прав его собственника, поэтому необходимо представить их вместе с требованием об устранении этого нарушения.

В рамках судебного разбирательства суд определит, в какое время появились границы участков истца и ответчика и границы которых появились на месте ранее. В случае, если эта информация не подтверждается документами из-за их отсутствия, приоритет имеют те границы, которые существуют на территории более 15 лет, определяются природными объектами или защищены объектами искусственного происхождения. Другой суд выяснит субъективное право на землю.

При рассмотрении спора в суде состав ответчиков и третьих лиц очень важен; он зависит от индивидуальных особенностей дела.

В зависимости от категории спора правообладатели смежных участков участвуют в качестве ответчиков, в отношении границ которых выявлено наложение, а АИС ГЗК в качестве третьего лица. В этом случае участие третьих лиц в деле может каким-либо образом повлиять на исход судебного заседания - они могут располагать необходимой информацией, которая обеспечит получение судом необходимых доказательств (например, кадастровых вопросов и управления земельными ресурсами), которые понадобятся для дальнейшей экспертизы в области землеустройство.

Если смежный владелец был надлежащим образом уведомлен о процедуре утверждения границы и не явился, местоположение земельного участка следует считать согласованным. Следует отметить, что закон прямо не запрещает оспаривать результаты землеустройства в этом случае, хотя и не устанавливает положений права смежного пользователя оспаривать границы земельного участка в случае отказа в процедуре его утверждения. Из-за этой правовой неопределенности, судебная практика противоречива. В нескольких случаях суды отказывают в удовлетворении иска, указывая, что процедура согласования местоположения границ участка была соблюдена и что владельцы смежных участков могли учитывать их интересы при определении границы. В некоторых случаях иски этих людей удовлетворяются.

В ходе расследования дела контрольные замеры земельного участка должны проводиться по указанию суда. Ввиду того, что строгое соблюдение рассматриваемой процедуры не дает полной гарантии отсутствия нарушений прав и законных интересов союзников, при рассмотрении такого спора представляется правильным оценить, помимо рассмотрения процедурных вопросов, установленная граница влияет на возможность формирования и использования земельных участков смежных землевладельцев, как она

соотносится с расположенными на участке строениями, а также иные фактические обстоятельства дела.

Список литературы:

1 Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан от 31 октября 2015 года № 377-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.01.2020 г.) // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377>

2 Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть), принят Верховным Советом Республики Казахстан 27 декабря 1994 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.01.2020 г.) // http://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000_

3 Нормативное постановление Верховного суда Республики Казахстан от 16 июля 2007 года № 6. «О некоторых вопросах применения судами земельного законодательства» // http://adilet.zan.kz/rus/docs/P07000006S_

4 Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2003 года № 442-II (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.01.2020 г.) // http://adilet.zan.kz/rus/docs/K030000442_

5 Предпринимательский кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 года № 375-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.01.2020 г.) // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000375>

Хасенова А.С.,

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
жанындағы Сот төрелігі академиясы магистранты,
e-mail: hasenovaanar@mail.ru

Азаматтық заңнамадағы маңызсыз мәмілелерді құқықтық реттеудің негіздері

Нарықты қалыптастыру кезеңінде шарттық қатынастардан туындайтын даулар едәуір көбейіп, азаматтық айналымға қатысушылар арасында кедергісіз мәмілелер жасауға жол ашылды.

Ол өз кезегінде жасаған мәмілелерінде жарамсыздыққа әкелетін белгілері бар іс-әрекеттерді жасауына да әсер етіп, келісім шарттардың тұрақсыздығын тудырды. Алайда, өзара тиімді мәміле жасасу мүмкіндігі кәсіпкерлік қызметтің негізгі қозғаушы күші, ол өз кезегінде экономикалық қатынастардың қарқынды дамуының басты шарты болып табылады. Ал, жекелеген азаматтар үшін заңда көзделген құқықтарын жүзеге асыру болып табылады.

Осы санаттағы істерді қарау кезінде мәмілелердің жарамсыздығы институтын құқықтық реттеудегі олқылықтар - басты мәселе болып табылады.

Мәміле жасасу арқылы азаматтық құқық субъектілері азаматтық құқық объектілеріне меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды ғана емес, сондай-ақ бір-бірінің алдындағы түрлі құқықтар мен міндеттерге ие болады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы қолданыста, онда осы саладағы заңнаманы жетілдіру қажеттігі тікелей көрсетілген [1]. Осыған байланысты заңнама нормаларын дұрыс түсінуді және қолдануды қамтамасыз ететін құқықтық реттеудің қажеттілігі артады, азаматтық-құқықтық дауларды барынша дұрыс және икемді шешуге мүмкіндік береді.

Осы тұжырымдамада көзделген міндетті іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі №6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Нормативтік қаулы (бұдан әрі – нормативтік қаулы) әзірленіп қабылданды. Осы нормативтік қаулы «Азаматтық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» «ҚР 2017 жылғы 27 ақпандағы №49-VI Заңын қабылдау үшін негіз болды» [2]. Аталған нормативтік актілерде мәмілелердің жарамсыздығын даулы және маңызсыз мәмілелерге бөлу ұғымы енгізілген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінде (бұдан әрі - АПК) осы санаттағы істер бойынша талап қою бағасын белгілеу тәртібі мәселесі реттелген, бұл әрбір нақты жағдайда мемлекеттік баж сомасын белгілеу арқылы заңнамалық деңгейде айқындық енгізді.

АПК-нің 104-бабы бірінші бөлігінің 13) тармақшасына сәйкес талап қою бағасы сотқа талап қойылған күнгі мүліктің нарықтық құнымен анықталады. Егер талап-арыз жарамсыз мәміле бойынша мүлікті заттай қайтару мүмкін болмаған жағдайда, қайтаруға жататын мүліктің құнын, мүлікті пайдалану құнын, орындалған жұмыстарды немесе көрсетілген қызметтерді ақшалай түрде өтеуге байланысты болса, АПК-нің 104-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес талап-арызда анықталады және көрсетіледі. Аталған жағдайларда мемлекеттік баж сотқа берілетін мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап арыздардан мүліктік сипаттағы талап арыздардан алынады ("салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодекстің (Салық кодексі) 535-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы. Мүлікті қайтаруға немесе оның құнын өтеуге байланысты емес мәміленің жарамсыздығы туралы талап қою бойынша мемлекеттік баж мүліктік емес сипаттағы талап арыздардан алынады

Егер мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап – арызды қабылдау сатысында сот талап-арызда талап-арыз нысанасы көрсетілмеген-мәмілені жарамсыз деп тану салдарларын қолдану туралы талап қоймағанын анықтаса, онда бұл мән-жай талап-арызды қабылдаудан бас тарту немесе оны қайтару үшін негіз бола алмайды. АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігі 3) тармақшасының нормалары бұл жағдайда қолданылмайды, өйткені талап арызда осы талаптың болмауы АПК -нің 152-бабы негізінде талап арыздың қайтарылуына әкеп соқтыратын жойылмайтын кемшілікке жатпайды [3].

Нормативтік қаулының 3-тармағында мәміленің жарамсыздығы салдарларын қолдану туралы талапты сот істі сот талқылауына дайындау сатысында нақтылайтыны көзделген. Сонымен қатар, судья қандай фактілердің

туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына әкеп соқтыратынын анықтауға тиіс делінген [2].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормаларына сәйкес (бұдан әрі – кодекс) мәміле сот оны осындай деп (дауланатын мәміле) тануына байланысты кодексте немесе өзге де заңнамалық актілерде белгіленген негіздер бойынша не осылай тануына (маңызсыз мәміле) қарамастан, заңнамалық актілерде тікелей көзделген негіздер бойынша жарамсыз болады [4]. Мәмілелердің мұндай бөлінуі құқық қолдану тәжірибесінде маңызды.

Егер сот тараптар іс бойынша дәлелдемелер ретінде қандай да бір мәмілелерге сілтеме жасайтын дауды қараған кезде мәміленің нысанына, мазмұнына, қатысушыларына, сондай-ақ олардың ерік білдіру бостандығына қойылатын талаптарды бұза отырып жасалғанын анықтаса, онда сот мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша бұл мәмілені заң талаптарына сәйкес сот жарамсыз деп танылуын анықтайды (даулы мәміле). Немесе заңда тікелей көрсетумен байланысты, яғни мұндай тануға қарамастан (маңызсыз мәміле) жарамсыз болады. Егер мәміле даулы болып табылатыны анықталса, онда сот тараптарға осы мәмілені жарамсыз деп тану туралы дербес талаппен сотқа жүгіну құқығын түсіндіруге тиіс.

Алайда, егер заңда тікелей көрсетілуіне байланысты мәміле жарамсыз деп анықталса (мысалы, АҚ 23-бабында (АҚ 159-бабының 3-тармағы) көзделген мәмілелерден басқа, он төрт жасқа толмаған адам (жас бала) жасаған мәміле жарамсыз деп танылады, онда сот мәмілені толық немесе оның жекелеген шарттары бөлігінде жарамсыз деп бағалайды, мәміленің жарамсыздығын көрсетеді және оның жарамсыздығының салдарын қолданады. Мұндай жағдайларда мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгіну талап етілмейді.

Маңызсыз мәміленің жарамсыздығының салдарын қолдану туралы талап қою, маңызсыз мәмілені жарамсыз деп тану туралы талаптың мәлімделгеніне қарамастан, кез келген мүдделі тұлға қоя алады.

Заңмен белгіленген мәміленің маңызсыздығы мүдделі тұлғаға мұндай мәміленің жарамсыздығын сот арқылы тануды талап етуге кедергі келтірмейді.

Егер сот тараптар іс бойынша дәлелдеме ретінде сілтеме жасайтын мәміле даулы болып табылатынын анықтаған жағдайда, онда сот тараптарға осы мәмілені жарамсыз деп тану туралы дербес талап қоюмен сотқа жүгіну құқығын түсіндіруге тиіс. Бұл АҚ-нің 9-бабының нормаларынан туындайды, оның мәні мен мазмұнынан, мәмілені жарамсыз деп тану туралы талаппен сотқа жүгіну АҚ-нің 9-бабында бекітілген азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдерінің бірі болып табылады.

Мәмілелердің жарамсыздығына байланысты қатынастарды міндеттемелік құқықтық қатынастармен араластыруға болмайды. Шарт нысаны болып табылатын мүліктің (тауар) тауардың құны төленбеуі немесе мүліктің (тауар) табыс етілмеу негізі бойынша келісім шартты, оның ішінде сатып алу - сату шартын жарамсыз деп тануға жол берілмейді. Мұндай жағдайда шарт

міндеттемелерін бұзу айқын көрінеді, бұл шарт тарапына төленбеген соманы тиісті өсімпұлдарды өндіріп алуды, не тауарды беруді АҚ 401-404 - баптарында көзделген жағдайларда және тәртіппен шартты өзгертуді немесе бұзуды талап етуге мүмкіндік береді.

АҚ-нің 157-бабына сәйкес мәміленің жарамсыздығының негіздері, сондай-ақ оны жарамсыз деп тануды талап етуге құқығы бар тұлғалар АҚ-нің ғана емес (158, 159, 160, 337, 411-баптары және басқалар), сондай-ақ өзге де заң актілерімен белгіленетінін негізге алған жөн [4].

Құқық қолдану қызметінде жалпы ереже бойынша екіжақты реституция туралы нормалар қолданылады, яғни тараптардың әрқайсысы мәміле бойынша алғанның бәрін келесі тарапқа қайтаруға міндетенеді.

Н.И.Мамонтов былай деп жазады: «егер құқық субъектілері мәмілеге қатысты өздеріне тиесілі субъективті құқықтарды жүзеге асыру бойынша белсенді әрекеттерді жүзеге асырмаған болса құқықтық нормалар өздігінен құқықтық салдарларды (азаматтық-құқық қатынастары) құра алмайды [5].

Егер реституцияны теориялық тұрғыда қарастыратын болсақ, ҚР АҚ 157-1 бабының 3-тармағынан заң шығарушы орган реституциялық қызмет ету аясын кеңейткенін көруге болады, оны «мәміле жарамсыз болған кезде тараптардың әрқайсысы – екінші тарапқа мәміле бойынша алынғанның барлығын қайтарып беруге, ал заттай қайтарып беру мүмкін болмағанда (оның ішінде, алынғандар мүлікті пайдалану, орындалған жұмыс немесе көрсетілген қызмет түрінде болғанда) қайтарылуға жататын мүліктің құнын, мүлікті пайдаланудың, орындалған жұмыстардың немесе көрсетілген қызметтердің құнын ақшалай өтеуге міндетті».

Демек, реституцияны құқық бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіру қорғаныс тәсілі ретінде қарастыруға болады.

С.В.Скрябин мәмілелердің жарамсыздығы салдарларын келесідей жіктеуді ұсынады: реституциялық салдарлар, маңызсыз мәмілелер, реституциялық салдарларға қатысы жоқ түрі, шығындарды өтеу. Бірінші мысалда автор өз жұмысында ҚР АҚ 9-бабы және 157-бабы арасындағы теңдіктің бар екендігін көрсетеді, ҚР АҚ 9-бабы 1-тармағында «жағдайды қалпына келтіру» азаматтық құқықтарды қорғау әдістерінің бірі ретінде көрсетіледі, бүгінгі таңда ҚР АҚ 157-1-бабында бекітілген қолданыстағы нормада мәміле бойынша тараптардың әрқайсысы барлық алғанын қайтаруды қамтитын жарамсыз мәміле салдары ретінде анықталады. Сонымен қатар бастапқы жағдайға қайтаруды қамтитын реституция мәні виндикациялық және кондикциялық талап арыздар мәнін де қамтиды. ҚР АҚ 260-бабы және 953-бабы мазмұны жоғарыда аталған екі әдіс те тараптардың бастапқы жағдайларын қалпына келтіруге бағытталған.

С.В.Скрябин еңбегінде «қатысушылар үшін қандай да бір теріс салдар туғызбайтын маңызсыз мәмілелер» жеке бір топқа бөлініп көрсетіледі. Бұл топқа «қалпына келтірілген» мәмілелер, сонымен қатар мәмілені жасанды деп таныған өзге мәмілеге конвертациялау (АҚ 160-бабы 2-тармақ) жатады. Сот мәмілені жарамсыз деп тани отыра, оның жарамсыздығына қатысты қандай да бір салдарларды қолданбастан оны ары қарай орындауға рұқсат бермеумен ғана шектелуі мүмкін. Сонымен қатар ҚР АҚ 157-1-бабында мәміленің

жарамсыздығының құқықтық салдарлары туралы бекітілген нормалар жалған немесе қулықпен жасалған мәмілелерге қолданылмайды [6].

Құқықтық негіздер болған кезде мәміле жарамсыз деп танылады және мұндай мәміленің жарамсыздығы ол жасалған сәттен басталады, өйткені мұндай мәміле оны жасаған тараптар қол жеткізген заңды салдарларды туғызбайды, ал оның жарамсыз болуына әкеп соғады. Тиісінше мәміленің жарамсыздығы-бұл себеп, ал реституция, егер мәміле жарамсыздығының өзге салдары АҚ – де көзделмеген болса-оның салдары.

Меншік иесінің мүлікті бөтеннің заңсыз иелігінен талап етуі (виндикация) АҚ – нің 260-бабына сәйкес бір жағдайларда мәміле болмаған жағдайда оның болмауы салдарынан жарамсыз деп танылмай, меншік құқығын қорғау ретінде, ал басқа жағдайларда- бар мән-жайларды ескере отырып, жарамсыз мәміленің салдары ретінде қолданылуы мүмкін делінген.

Мәміленің жарамсыздығының салдарын дұрыс қолдану мақсатында соттар мәміле бойынша тараптардың бірі мүлік иесі болып табылатынын не табылмайтынын, жарамсыз мәміле бойынша тарапқа қандай нақты салдарлардың туындағанын анықтағаннан кейін ғана, осындай салдарлардың АҚ-нің қандай нормасымен реттелетінін шешу қажет.

Д.Тумабеков «меншік иесі өзгенің заңсыз иелік етуінен (виндикация) өз мүлкін талап етуі АҚ 260-бабына сәйкес бір жағдайларда мәмілені оның жоқ болуына байланысты жарамсыз деп танусыз құқықты қорғау ретінде, ал басқа жағдайда бар жағдайларды ескере отырып мәміле жарамсыздығының салдары ретінде қолдана алады деген пікірді алға тартады» [7].

АҚ нормаларымен адал алушыдан мүлікті талап ету бойынша шектеу жағдайлары көзделеді. АҚ-нің 262-бабына орай ұсынушыға арналған ақша, сондай-ақ бағалы қағаздар адал алушыдан талап етіле алмайды. АҚ 261-бабының 3-тармағына сәйкес, егер мүлік сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіппен сатылса, осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мүлікті талап етуге жол берілмейді. Мұндай құқықтық реттеу сот актілерін орындаудың тұрақтылығын қамтамасыз ету және адал иеленушіні қорғау мақсаттарына жауап береді. Осы норманың мәні мен мазмұны бойынша сот шешімін орындау тәртібімен сатылған мүлікті талап ету сот орындаушысының заңсыз әрекеттері, оның ішінде өткізілген сауда-саттық нәтижелері танылған жағдайда ғана мүмкін болады.

Мәміле жарамсыздығының ерекше салдары жалған немесе қулықпен мәмілелер жасаған кезде туындайды. Жалған немесе қулықпен жасалған мәміле деп те аталады, тек сыртқы түр үшін жасалады. Онда қатысушылардың өздері үшін құқықтар мен міндеттер жасау ниеті, заңды салдар туғызу ниеті жоқ. Мәміле бойынша тараптардың белгілі бір іс-әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) болуымен немесе болмауымен және іс бойынша басқа да дәлелдемелермен (мысалы, мүлікті берудің болмауы және тағы сол сияқты) расталуы мүмкін белгілі бір заңды салдардың туындауына ерік-жігерінің болмауы жалған мәмілелердің жарамсыздығына әкеп соғады [3].

Мысалы, автокөлікті сатып алу-сату шарты оны басқару және билік ету құқығына сенімхат берумен бүркемеленсе, қарыз шарты кепіл шартын, сыйға

тарту шарттарының немесе сатып алу-сату шарттары арқылы бүркемеленеді. Тұрғын үйді өсиет арқылы беру осы үйді сыйға тарту шартымен бүркемеленеді. Басқа мәмілені жасыру мақсатында жасалған мәміле жарамсыз. Сондықтан, мәміле сипатын ескере отырып, тараптар шын мәнінде айтқан мәмілеге қатысты ережелерді қолдану қажет. Тараптардың іс-әрекеттері мен дәлелдерін, олар шын мәнінде ойлаған мәмілеге қатысты ережелерді қолданып, дұрыс бағалану қажет деп ойлаймыз.

АК 261-бабы 1-тармағы келесідей баяндалады: «Егер мүлік оны иеліктен айыруға құқығы болмаған адамнан өтеулі түрде алынып, алушы мұны білмесе және білуге тиіс болмаса (адал алушы), мүлікті меншік иесі немесе меншік иесі мүлікті иеленуге берген адам жоғалтқан, не мұның екеуінен де ұрланған, не олардың иеленуінен бұлардың еркінен тыс өзге жолмен шығып қалған ретте ғана меншік иесі бұл мүлікті алушыдан талап етіп алдыруға құқылы». Жағдайды басқаша елестетуге болады: А есімді азамат меншік құқығы бойынша Б. есімді азаматқа тиесілі болып табылатын мүлікті заңсыз сатып алады, ары қарай А. есімді азамат аталған мүлікті В. есімді азаматқа сатады, өз кезегінде азамат В. аталған мүлікті ақылы негізде сатып алған, тіпті аталған мүлікті азамат А. құқыққа қайшы сипатта сатып алғанынан мүлдем бейхабар. Мысалы, аталған мүлікке біраз уақыттан соң сот оған тыйым салады, салдарынан мүлікті сот орындаушысы электронды аукцион арқылы сауда-саттық өткізіп сатып жібереді. Баяндалғаннан ҚР АК 261-бабына сәйкес Б. есімді меншік иесі мүлік сот шешімін орындау мақсатында сауда-саттықта сатылып кеткендіктен мүлікті алдырта алмайтынын көрсетеді. Сонымен қатар нормативтік қаулыда мұндай құқықтық реттеу сот актілерін орындау тұрақтылығына және адал сатып алушы құқықтарын қорғауға септігін тигізеді. Аталған норманы осылайша түсіндіруде азаматтық құқықтың жеке меншікке қол сұқпау, азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыруды қамтамасыз ету, азаматтық құқықтар ұстанымы ретіндегі азаматтық құқықтарды сотта қорғау ұстанымдарына қарама-қайшылық байқалады.

С.В.Скрябин өз еңбектерінде осы норманың әрекет етуінің мысалын келтіреді: «сот шешімін орындау мақсатында «Иртыш-Березина» холдингтік компания мүлкін өтеу жарияланды: Өскемен қаласында сауда-саттықта пәтер Орлов деген азаматқа сатылды, Орлов кейіннен ол пәтерді Гавриковаға сыйға тартады. Макрушин мырза Мартыненко және оның отбасы мүшелерінің мүддесі үшін Шығыс Қазақстан облыстық әділет басқармасына пәтердің Мартыненко және оның отбасы мүшелеріне тиесілі екендігін, «Иртыш-Березина» холдингтік компаниясына ешқашан тиесілі болмағанын алға тартып, пәтердің сауда-саттықта сатылуын заңсыз деп тану және осы пәтерді бөтеннің иелік етуінен алдырту туралы арыз береді. Үлбі аудандық сотының шешімімен арыз жартылай қанағаттандырылады, пәтер сатылған сауда-саттық жарамсыз деп танылады. Пәтерді Гаврикованың иелігінен алдыртуға рұқсат берілмеді, себебі ҚР АК 261-бабына сәйкес мүлік адал сатып алушыдан алынбайды. Меншік иелеріне келтірілген зиян шығыны әділет басқармасынан өтелінді, себебі зиян келтіруде кінәлі сауда-саттықты жүзеге асырған сот орындаушысы болып табылады».

Бұдан әрі мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы нормаларын қолдануға қатысты тағы бір азаматтық істі қарастырайық.

Астана қаласы Есіл аудандық соты А.М.А. есімді азаматтың Р.В.В., А.Р.И., А.Д.Б. есімді азаматтарға қатысты мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы арызы бойынша азаматтық іс қарастырылды. Тараптар түсініктемелері бойынша арызданушы № 4691 пәтерін тапсыру туралы шарты негізінде пәтер иесі болып табылады. Арызданушының өз мүлкін алдырту ниеті болмаған. Аталған пәтерді арызданушының жеке кәсіпкер болып табылатын жұбайы жалға тапсырып жүрген. Одан кейін пәтер иесі сатып алу-сату шартына сәйкес нотариус Д.Л.К. растауымен оның атынан А.Д.Б. деген азаматқа сатқан, А.Д.Б. 5 күннен соң пәтерді А.Р.И. деген азаматқа сатып жіберген, ал А.Р.И. болса 6 күннен соң нотариус Б.Е.К. растаған сатып алу-сату шартына сәйкес пәтерді Р.В.В. деген азаматқа сатып жіберген. Пәтер құны шартқа қол қойылғанға дейін толықтай төленген, ол туралы қолхат бар. Р.В.В. өкілі талап арызды қанағаттандырудан бас тартуды және азамат Р.В.В. аталған пәтерге меншік иесі құқығын қалдыра отырып адал сатып алушы деп тануды өтінеді. Мұның үстіне нотариус Д.Л.К. сатып алу-сату шартын растамағаны анықталады, бірақ нотариус Б.Е.К. нотариалдық әрекеттерді жүзеге асыру тәртібіне сәйкес дауланатын мәмілелерді нотариалдық куәландыру деректерін растаған. Сарапшылар қорытындыларына сәйкес сатып алу-сату шарты рельефті клише көмегімен жасалғаны, ал жазбалар мен қолдарды арызданушы емес өзге тұлға жүзеге асырғаны анықталды. Мұндай жайттар барысында сот талап қоюшының талаптарын қанағаттандыру қажет және мүлікті өзгенің заңсыз иелік етуінен алдырту туралы талаптарын қанағаттандыру қажет деген шешімге келеді.

Аталған сот шешімін қарастыру барысында келесі сипаттағы сұрақ туындап отыр. Сот шешімінің дәлелдеу бөлігінде мәміленің маңызсыздығы туралы нормалар көрсеткен, ал талап нысанасы келсек ол ҚР АҚ 158-бабы 1-тармағына сәйкес дауланатын мәміле болып табылады.

Кейіннен, мәміле жарамсыздығының салдарлары туралы нормалар, атап айтқанда мүлікті бөтеннің заңсыз иелік етуінен талап ету қолданылады.

Біріншіден, талап арызда мәміле жарамсыздығының салдарларын қолдану туралы талап қойылмаған, ал шешімде аталған мәселе дайындық барысында нақтыланғаны туралы ескерту жоқ. Бұдан бөлек, сот шешімінде мәміле жарамсыздығының салдарларын қолдану соттың құқығы екендігін көрсете отырып, шешім қабылдаған кезінде жоқ норма – ҚР АҚ 157-бабы 3-9-тармақтарына сілтеме жасаған. Мұның үстіне адал сатып алушы Р.В.В. құқықтық жағдайы туралы түсініктеме берілмеген. Аталған пәтерді ол – өтемді төлеммен сатып алғаны жөнінде ақшаны алғаны туралы қолхат алған [8].

Нормативтік қаулының 13-тармағында адал сатып алушыдан мүлікті алдырту барысында критерийлердің бірі мүлікті ақысыз сатып алу деп көрсетілген. Екіншіден, аталған мәмілелер құқық тәртібі және адамгершілік нормаларына қарама-қайшы жасалғаны түсіндіріледі, бірақ заңнамада адамгершілік нормаларына қарама-қайшылық деген критерий жоқ.

Қортындылай келе азаматтық құқықтар мен заңды мүдделерді қорғаудың жеке әдістері ретінде маңызсыз мәмілелер салдарларын қолдануды қарастыруға болады деген түйінге келеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858_

2 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы судьясының 2017 жылғы 5 қарашадағы қаулысы (3 г-4379-15)

3 ҚР Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазан №377-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

4 ҚР Азаматтық кодексі жалпы бөлім. Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ (11.12.2018), // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_

5 Мамонтов Н.И. «Гражданско-правовые последствия недействительности сделки» Гражданское право как наука: проблемы истории, теории и практики: Материалы междунар. Науч.-практ. Конф. В рамках ежегодных цивилистических чтений, посвященной 70-летию М.К. Сулейменова. Алматы, 29-30 сентября 2011 г. / От Ред. М.К. Сулейменов. - Алматы.2012. - 800 с.

6 Скрябин С.В. «О недействительности сделки и ее последствиях» (11.01.2019) // <http://www.zakon.kz/4842050-o-nedeljstviteľnosti-sdelok-i-ee.htm>

7 Алимбеков М.Т., Тумабеков Д.А. «О некоторых вопросах недействительности сделок, об истребовании имущества из чужого незаконного владения» (25.11.2018) // <https://www.zakon.kz/4524757-o-nekotorykh-voprosakh.html>

8 Астана қаласының Есіл ауданының 2017жылғы 6 қазандағы №7140-17-00- 20/7708/17 шешімі.

Басыбаева А.Д.

Академия правосудия при
Верховном Суде Республики Казахстан,
e-mail: aliya.bassybayeva@mail.ru

Рассмотрение уголовных дел о мошенничестве, сопряженном с использованием служебного положения

Охрана прав собственника является неременной составляющей деятельности любого государства, которое обязано гарантировать стабильность отношений собственности, обеспечивая условия их защиты.

Граждане Республики Казахстан должны быть уверены, что закон на их стороне.

Мошенничество является особо распространенным видом преступления, занимающим по статистике второе место после краж. На актуальность этого вопроса обратил внимание Глава государства в своем Послании народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность», обозначив усиление защиты права собственности в качестве одного из главных приоритетов нашего государства [1].

Обман как способ совершения мошенничества может выражаться не только в искажении фактов, существовавших в прошлом или существующих в настоящем, но и в утверждениях об обстоятельствах, которые по уверению мошенника, должны произойти в будущем.

При мошенничестве путем злоупотребления доверием виновный, используя доверительные отношения между ним и собственником или иным законным владельцем имущества, совершает его обман либо вводит в заблуждение.

Следует отметить, что при хищении, совершаемом путем мошенничества, ложные сведения об определенных обстоятельствах, дающих право на получение имущества, не просто сообщаются, а подтверждаются обманными действиями, направленными на то, чтобы ввести в заблуждение лицо, во владении или ведении которого находится имущество, и убедить его в необходимости передать это имущество виновному.

Такие обманные действия должны находиться в причинной связи с фактом получения виновным имущества, т.е. предшествовать передаче этого имущества и обусловить эту передачу.

Распространенными видами мошенничества являются заведомо невыполнимое обещание за деньги или иные материальные блага оказать помощь: в трудоустройстве вообще или на «выгодное место», в приобретении вне очереди или вообще не полагающегося по закону конкретному лицу социального жилья по государственной программе в приобретении земельных

участков и различных видов кредитов в банке, приобретении жилья по низким рыночным ценам «только для своих», или реализация квартир «пустышек».

Обязательным признаком мошенничества является наличие у виновного лица корыстной цели, то есть стремление обратить противоправно и безвозмездно чужое имущество в свою собственность, либо право на него в свою пользу, либо в пользу других лиц.

Обман может состоять в преднамеренном введении виновным в заблуждение собственника или иного владельца имущества сообщением, заведомо ложных, не соответствующих действительности сведений либо в сокрытии истинных фактов, которые должны были быть сообщены собственнику либо владельцу имущества, создающих у владельца имущества или иного лица ошибочное представление о правомерности перехода имущества во владение виновного лица и (или) других лиц.

С субъективной стороны мошенничество выражается в прямом умысле, виновный осознает, что он путем обмана или злоупотребления доверием незаконно завладевает чужим имуществом или приобретает право на него, предвидит возможность или неизбежность причинения реального ущерба и желает обратить чужое имущество в свою пользу или в пользу третьих лиц, получив его от самого потерпевшего или от лица, в ведении которого чужое имущество находится.

Разнообразие обманных способов совершения мошенничества и отсутствие четких критериев их разграничения со смежными составами приводит к трудностям в их раскрытии, расследовании и квалификации.

Признак «с использованием своего служебного положения» фигурирует в качестве квалифицирующего признака во многих составах уголовного кодекса Республики Казахстан (далее УК РК).

Повышенная общественная опасность преступления, совершенного с использованием своего служебного положения, очевидна, так как происходит подрыв, дискредитация легальных служебных отношений при использовании не во благо, а во вред полномочий данного субъекта, а также авторитета и возможностей его должности.

По действующему уголовному кодексу Республики Казахстан предусмотрено шесть форм хищения. У каждой формы хищения имеется свой способ, а использование лицом своего служебного положения - способ дополнительный. При присвоении или растрате вверенного чужого имущества данный признак конкретизирует правомочия субъекта, его отношение к чужому имуществу, т.е. вверено ему в связи со службой. При мошенничестве использование служебного положения облегчает обман или вхождение в доверие. Для мошенничества по его правовой природе данный признак менее характерен, чем для присвоения или растраты.

Представляется, что его появление в составе мошенничества в УК РК обусловлено стремлением уравнивать конструкции данных форм хищения с учетом сходства присвоения и мошенничества, совершаемого путем злоупотребления доверием.

Согласно п.17 Нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 29 июня 2017 года № 6 «О судебной практике по делам о мошенничестве» при разграничении мошенничества от причинения имущественного ущерба путем обмана или злоупотребления доверием при отсутствии признаков хищения судам следует учитывать, что при совершении обмана или злоупотребления доверием без признаков хищения виновное лицо не изымает имущество из законного владения владельца имущества или иного лица, или не приобретает право на него. В этом случае виновное лицо, безвозмездно используя имущество или право на него или услуги, оказываемые владельцем имущества или иным лицом за оплату, путем обмана или злоупотребления доверием получает незаконную выгоду и причиняет потерпевшему или иному владельцу имущества реальный материальный ущерб.

Действия виновного лица следует квалифицировать по пункту 2 части третьей статьи 190 УК, если оно, являясь лицом, уполномоченным на выполнение государственных функций, либо приравненным к нему лицом, либо должностным лицом, либо лицом, занимающим ответственную государственную должность, совершило умышленные действия с целью хищения имущества или приобретения права на него путем обмана или злоупотребления доверием собственника имущества с использованием своего служебного положения.

При получении денежных средств или иных ценностей лицом, уполномоченным на выполнение государственных функций, либо приравненным к нему лицом, либо должностным лицом, либо лицом, занимающим ответственную государственную должность за совершение действия (бездействия), которое он фактически не может осуществить из-за отсутствия служебных полномочий или невозможности использовать свое служебное положение, следует квалифицировать при наличии умысла на завладение указанными ценностями как мошенничество.

В случае задержания этого лица на месте совершения преступления при получении денег, ценных бумаг и других материальных ценностей содеянное следует квалифицировать как покушение на мошенничество [2].

Состав преступления, предусмотренный ст. 190 п.2 ч.3 УК РК законодатель согласно ст. 3 п.29 УК РК относит к коррупционным преступлениям [3].

Суд Короны занимается уголовными делами, которые передаются из магистратских судов, включая тяжкие уголовные преступления, в некоторых случаях в связи с серьезностью преступления после решения магистратского суда для вынесения приговора дела передаются в Суд Короны. Суд Короны также рассматривает жалобы на решения магистратских судов [5].

3) Низшие суды (Subordinate courts), к ним относятся суды графств, магистерские суды, специальные суды и службы трибуналов.

Таким образом, в Англии под апелляцией принято понимать все способы обжалования и для обращения с апелляцией обязательно решение суда о том, что она обоснована (разрешение на апелляцию).

Пределы апелляционного рассмотрения в Англии классифицируется следующим образом:

- по виду судебного решения и мере наказания: а) против решения о виновности; б) против меры наказания; в) против решения о невиновности;

- по основаниям обжалования: а) по вопросам факта; б) по вопросам права;

- по субъекту, принявшему судебное решение: а) по делам, рассмотренным Судом короны, который занимается уголовными делами, которые передаются из магистратских судов, а также рассматривает жалобы на решения магистратских судов. Слушание дел ведется судьями и жюри присяжных, вопрос о виновности или невиновности решает не судья – это делается жюри присяжных; б) по делам, рассмотренным магистратским судом, являющейся судом первой инстанции по уголовным делам. При этом, дела по более тяжким преступлениям после предварительного слушания в магистратских судах передаются в Суд Короны, а дела меньшей тяжести и дела, связанные с несовершеннолетними, рассматриваются в магистратских судах, равно как и

некоторые виды гражданских дел, в том числе касающиеся семейных вопросов. В магистратских судах дела рассматриваются либо коллегией из двух или трех магистратов, либо одним судьей районного суда;

- по субъекту обжалования: а) со стороны защиты; б) со стороны обвинения [5; с. 38-39].

Сходство пределов рассмотрения уголовных дел в суде апелляционной инстанции в Казахстане и Англии заключается в том, что доказательства исследуются по правилам первой инстанции, если суд примет об этом решение.

Отличием пределов рассмотрения уголовных дел в суде апелляционной инстанции в Казахстане и Англии является, то, что в Англии допускается возвращение дела в суд первой инстанции для повторного рассмотрения, а в Казахстане не допускается, поскольку суд апелляционной инстанции принимает дело в свое производство для рассмотрения по правилам суда первой инстанции в случае отмены приговора, вынесенного судом первой инстанции. Следует отметить, что в Казахстане согласно п. 9 ч. 1 ст. 431 УПК допускается отмена приговора и направление дела на новое рассмотрение в суд первой инстанции только в случае нарушений уголовно-процессуального закона, которые влекут недействительность всего судебного разбирательства (согласно отечественному законодательству к ним относятся случаи, когда приговор постановлен незаконным составом суда, нарушено право подсудимого или потерпевшего пользоваться родным языком или языком, которым он владеет, либо услугами переводчика, приговор не подписан судьей).

Среди стран СНГ наиболее сходным в рассматриваемом вопросе является законодательство Украины, что представляет для нас значительный интерес.

Уголовный процессуальный кодекс Украины вступил в силу с 20 ноября 2012 г., который по-новому установил порядок рассмотрения дел в апелляционной инстанции. Так, согласно УПК Украины, апелляционная инстанция не предусматривает возможность направления уголовного дела на доследование, судебное рассмотрение должно закончиться только обвинительным или оправдательным приговором [7].

Пределами рассмотрения суда апелляционной инстанции Украины являются судебные решения суда первой инстанции в пределах апелляционной жалобы. При этом, суд апелляционной инстанции вправе выйти за пределы апелляционных требований, если этим не ухудшается положение обвиняемого или лица, в отношении которого решался вопрос о применении принудительных мер медицинского или воспитательного характера. Если рассмотрение апелляционной жалобы дает основания для принятия решения в пользу лиц, в интересах которых апелляционные жалобы не поступили, суд апелляционной инстанции обязан принять такое решение.

При наличии ходатайства суд обязан повторно исследовать обстоятельства, установленные судом первой инстанции, но только при условии, что они были исследованы не в полном объеме или имелись нарушения. Суд наделен правом исследовать доказательства, которые не

исследовались, но об этом было ранее заявлено ходатайство, а также в случае, если о доказательствах стало известно после принятия судебного решения, которое обжалуется.

Суд апелляционной инстанции не вправе рассматривать обвинения, которое не было выдвинуто в суде первой инстанции.

Таким образом, УПК Украины в части пределов апелляционного обжалования основывается на тех же основных положениях, что и УПК РК:

1) ревизионное начало и возможность рассмотреть дело в отношении тех лиц, которые не обжаловали судебное решение;

2) доказательства, исследованные судом первой инстанции, если они были надлежащим образом исследованы, повторно в обязательном порядке не исследуются; исследуются новые доказательства;

3) суд может пересмотреть и оправдательный приговор, не допускается отмена приговора и направление дела на новое рассмотрение в суд первой инстанции;

Однако, имеются отличия по срокам подачи апелляционной жалобы.

Так согласно ст. 395 УПК Украины, апелляционная жалоба может быть подана:

1) на приговор или определение о применении или отказе в применении принудительных мер медицинского или воспитательного характера - в течение тридцати дней со дня их провозглашения;

2) на другие постановления суда первой инстанции - в течение семи дней со дня его объявления;

3) на постановление следователя судьбы - в течение пяти дней со дня его объявления.

В соответствии со ст. 418 УПК РК апелляционные (частные) жалобы подаются, ходатайства прокурора приносятся в течение пятнадцати суток со дня провозглашения приговора, постановления, а осужденным, содержащимся под стражей, – в тот же срок со дня вручения ему копии приговора, постановления.

Таким образом, некоторые положения по апелляционному пересмотру судебных актов рассмотренных нами других стран, аналогичные положениям отечественного апелляционного производства, что свидетельствует о едином подходе к вопросу доступа к правосудию и защиты конституционных прав граждан в суде.

Вместе с тем, в правовом регулировании института апелляции в различных странах, имеется ряд отличий от казахстанского варианта, что подлежит дальнейшему исследованию в целях моделирования наиболее эффективной системы построения судебной системы в порядке судебного контроля.

Список литературы:

1 Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231#z22>

2 Головки Л.В., Гуценко К.Ф., Филимонов Б.А. Уголовный процесс западных государств. -М.: К.Ф. Гуценко, 2002. - С.528.

3 Апарова Т.В. Суды и судебный процесс Великобритании. Англия, Уэльс, Шотландия. - М.: Триада ЛТД, 1996. – С.157.

4 Яровая М.В. Современная судебная система Англии и Уэльса // <https://www.km.ru/referats/335885-sovremennaya-sudebnaya-sistema-anglii-i-uelsa>

5 Кузовков И. А. Судебная система Англии и порядок обжалования судебных решений // Российский судья. – 2015. – № 1. – С.37–43.

6 Судебная система Англии и Уэльса // <http://interlaws.ru/sudebnaja-sistema-anglii-i-ujelsa/>

7 Валеев А.Т. Обжалование и пересмотр судебных решений по уголовным делам: монография. - М.: Юрлитинформ, 2016. – С.200.

8 Уголовный процессуальный кодекс Украины от 13 апреля 2012 года №4651-VI // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31197178#pos=3974;-58

Бөлекбаев Н.С.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
жанындағы Сот төрелігі академиясы,
e-mail: nurtasbulekbayev@gmail.com

Аяқталмаған қылмыстарға жаза тағайындау кезінде туындайтын кейбір мәселелер

XXI ғасырда Қазақстан Республикасының ең басты арманы 2050 жылға дейін әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылу болып отыр. Осы арманға жету мақсатында мемлекетіміздің тарапынан көптеген реформалар жүргізіліп жатыр. Осы реформалардың ішінде ең бірінші жүзеге асыруға жататындары: азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, заңдылыққа және әділеттілікке негізделгендері деп білеміз. Заңдылық және құқық үстемдігін қамтамасыздандыру негізінде енгізілген өзгерістердің бірі 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің (бұдан әрі ҚК) қолданысқа енуі. Соның өзінде қазіргі уақытқа дейін аталған заңнаманы қолдану кезінде сот практикасында көптеген өзгерістер болды. Атап айтқанда, 2018 жылға дейін қылмыстық істер бойынша ақтау үкімдері жоқтың қасында еді. Ақтау үкімдерінің басым көпшілігін жеке айыптау істері құрайтын. Сотқа дейін тергеп-тексеру органдарының күдіктіні қамаққа алу туралы санкциясы соттармен, көбінесе, толығымен қанағаттандырылатын. Ал қазіргі уақытта сот адамгершілік бағытқа бет бұрып, практика өзгере түсті. Ақтау істері көбейді, күдіктілерге қылмыстың дәрежесіне, олардың жеке басына қарай, қатысты қамаққа алудан басқа да бұлтартпау шаралары қолданылатын болды. Осы жайында 2019 жылғы 1 ақпанда өткізілген Сот жүйесінің 2018 жылғы қортындысына арналған кеңейтілген кеңесте Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы

Ж.Қ.Асанов баяндаған болатын [1]. Айта кететін жайт, ақтау істерінің көбеюі судьялардың сотталушыларды аяғандығынан емес, кеңес дәуірінен қалған айыптау бағытын ұстануын қойып, бір жақты қарамай, істі объективті жағынан қарауы болып отыр.

Қылмыстық заң адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауда көп рөл атқарады. Алайда, біз, қателесіп, қылмыстық заң тек жәбірленушінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған деп жатамыз. Бұл заңның тек жәбірленушіге емес, сонымен қатар сотталушының да құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталғанын ұмытпағанымыз жөн. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (бұдан әрі ҚПК) үңілетін болсақ, негізінде, осы заңмен ең көп құқық берілген тұлға бұл күдікті, айыпталушы, сотталушы екендігін көруімізге болады.

ҚПК-тің 19 бабының сәйкес: «ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының кінәлілігіне сөйілмеген күмән олардың пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдарды қолдану кезінде туындаған күмәндар да күдіктінің, айыпталушының, сотталушының пайдасына шешілуге тиіс» [2].

Алайда сотталушылардың құқықтары мен бостандықтары әлі де толығымен қорғалып жатыр деп айта алмаймыз. Бұл жағдайдың орын алуын соттың сотталушыларға қатысты жаза тағайындау кезінде байқауымызға болады.

Бұл жағдай сотталушылардың істеген қылмыстық әрекетіне немесе әрекетсіздігіне байланысты қылмысты дұрыс сараламаудан, осыған байланысты жазаның түрін және мөлшерін қате тағайындаудан көрінеді. Жәбірленушінің бұзылған құқығын қалпына келтіру үшін сотталушыға, әрине, жаза тағайындау қажет. Бірақ сотталушыға қолданылатын жазаның түрі мен мөлшері істеген қылмыстық әрекетіне сай болу керек, яғни ең басты қағида – әділеттіліктің сақталуы міндетті. Ал сот практикасында заңдылық қағидасының сақталғанымен, әділеттілік қағидасының кейде сақталмайтындығыда көрініп жатады. Ал әділ жаза тағайындау үшін ең басты әсер ететін фактор бұл қылмыстарды дұрыс саралау. Алайда қылмыстық заңда саралануға жататын белгінің және осыған байланысты тағайындалатын жазаның мерзімі немесе мөлшері айқындалмаған жағдай да не істеуге болады? Міне, осындай сұрақтар сот практикасында туындауы мүмкіндігіне байланысты бұл мақалада аяқталмаған қылмыстарға жаза тағайындау мәселелеріне тоқталғымыз келіп отыр.

Қылмыстық заңмен ауыр немесе аса ауыр қылмысқа дайындалғаны не болмаса оқталғаны үшін қылмыстық жауаптылық көзделген. Сонымен қатар, ауырлығы орташа қылмысқа оқталғаны үшін қылмыстық жауаптылық көзделген.

Өз кезегінде, жасалғаны үшін қолданыстағы ҚК-те көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер онша ауыр емес қылмыстар деп, ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер ауырлығы орташа қылмыстар деп, ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру он екі жылдан аспайтын қасақана

жасалған іс-әрекеттер ауыр қылмыстар деп, ал он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру, өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жаза көзделген қасақана жасалған іс-әрекеттер аса ауыр қылмыстар деп танылған [3].

Сот жаза тағайындау кезінде ҚК-тің 52-бабының талаптарымен көзделген жаза тағайындаудың жалпы негіздеріне сүйенеді. Бұл жалпы негіздердің қатарына соттың айыптау үкімін шығарар кезінде кінәлінің қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеруі кіреді. Алайда осы мән-жайларды ескеру кезінде заң шығарушымен сотқа белгілі бір құқықтары мен шектеулер көрсетілген. Олар:

- соттың ҚК-те көзделмеген мән-жайларды да жаза тағайындау кезінде жеңілдететін мән-жайлар ретінде ескерілуге құқығы;

- ҚК-тің 54-бабында көрсетілген мән-жай ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабында қылмыстық құқық бұзушылық белгісі ретінде көзделген болса, оның ауырлататын мән-жай ретінде қайта ескерілмеуі;

- тек ҚК-тің 54-баптың 1-бөлігінде көрсетілген мән-жайлар ғана ауырлататын мән-жайлар деп танылады.

ҚК-тің 55-бабында қарастырылған жаза тағайындаудың жалпы принциптерімен қатар, ҚК-тің 56-бабында аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау туралы арнайы нормаларды қарастырылған.

Заң шығарушы ҚК-тің 56-бабында аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындаудың бірнеше ережелерін белгілеген:

- сот қылмыс ақырына дейін жетпеген мән-жайларды ескеруі тиіс;

- аяқталмаған қылмыс үшін жаза мөлшерінің ең жоғарғы шегі айқындалған;

- аяқталмаған қылмыс үшін өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

Біздің пікірімізше, заң шығарушы аяқталмаған қылмыстарға қатысты жаза тағайындау үшін арнаулы нормаларды енгізуі негізді. Өйткені аяқталмаған қылмыстар қай сатыда аяғына жетпегендігіне қарамастан аяқталған қылмысқа қарағанда заңмен қорғалатын объектіге келтірген залалы аз болып келеді. Сондықтан заң шығарушы қылмысқа дайындалуға жеңіл жаза мөлшерін, қылмысқа оқталуға одан ауырырақ жаза мөлшерін, тиісінше аяқталған қылмысқа ҚК-тің Ерекше бөлігінде көзделген тиісті баптың санкциясының аясында жаза мөлшерін тағайындауды дұрыс белгілеген.

Алайда, кінәлінің іс-әрекеті оған байланысты емес мән-жайлармен аяғына дейін жеткізілмегендіктен ғана ауыр зардап туындамай тұр, заң шығарушы, оған қатысты тағайындалған жазаның мөлшерін негізсіз азайған деген қате пікір қалыптасуы мүмкін. Мұндай қате пікірді жою үшін мысал келтіріп көрейік: ҚК-тің 24-бабы 3-бөлігі, 99-бабы 1-бөлігі, яғни адам өлтіруге оқталуды қарайтырайық. ҚК-тің осы бабын алу себебіміз аталған қылмыстың объектісі адам өмірі болып табылады. Адам өлтіру қылмысының аяғына дейін жеткілмеуінен біз үшін ең басты байлық адамның өмірі сақталып тұр. Ал аяқталған адам өлтіруде адамды қайтадан қалпына келтіру мүмкін емес, қоғамға деген ірі қатер тигізіледі. Яғни бұл сипаттағы қылмыстардың

объектісі мүлік болып табылатын қылмыстардан айырмашылығы мүлікті қалпына келтіруге болады, ал адамды қайта тірілте алмайтынымызда. Аталған қылмыстың аяғына дейін жетпеуі басқа қылмыс бойынша мүліктік залал келтіріп үлгермеуінен әлде қайда көп айырмашылығы бар екенін ескеруіміз керек. Алайда заңмен қорғалатын кез-келген объекті, адамның денсаулығына, тіпті мүлікке зиян келтіргенде жәбірленушіге орны толмас материалдық, психологиялық тұрғыдағы залал келтіріледі. Ал моральдық зиянды өтеу тек өтем ақы сипатында болады, яғни моральдық зиянды өтеу арқылы жәбірленушінің бұзылған құқықтарын толық қалпына келтіре алмаймыз. Өйткені жәбірленушіге келтірген моральдық зиянның деңгейін ақшамен есептеу мүмкін емес. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 951-бабы 4-бөлігіне сәйкес: «... азаматтың мүліктік құқықтарын бұзатын әрекеттер (әрекетсіздік) арқылы келтірілген моральдық зиян өтелуге жатпайды» [4].

Сондықтан тек адамның өмірі объектісі болып табылатын қылмыстар үшін ғана емес, кез келген заңмен қорғалатын объектілерге қатысты қылмыс аяғына дейін жеткізілмеген болса жаза мөлшері аяқталған қылмысқа қарағанда әлде қайда аз болу керек деп санаймыз.

ҚК-тің 55-бабы 2-бөлігіне сәйкес: «жасалған қылмыс белгісі ретінде көзделмеген жеңілдететін мән-жай болған және ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде, жазаның негізгі түрінің мерзімін немесе мөлшерін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген ең жоғары мерзімнің немесе мөлшердің:

- 1) ауырлығы орташа қылмыс жасаған кезде – жартысынан;
- 2) ауыр қылмыс жасаған кезде – үштен екісінен;
- 3) аса ауыр қылмыс жасаған кезде төрттен үшінен асыруға болмайды, - деп көрсетілген» [3].

Іс жүзінде, ҚК-тің 56-бабында заң шығарушы аяқталмаған қылмысқа тағайындалатын жазаның мөлшері мен мерзімін ең жоғарғы шегін белгілеген, алайда тағайындалатын жазаның ең төменгі шегін көрсетпеген. Сол себепті, сот аяқталмаған қылмысқа жаза тағайындау кезінде кінәліге алдымен ҚК-тің 55-бабының талаптарын қолданып, содан кейін ҚК-тің 56-бабын қолдану керек деген қате пікір қалыптасуы мүмкін. Не болмаса мұндай жағдайда ҚК-тің 55-бабының талаптарын қолданған дұрыспа, әлде ҚК-тің 56-бабының талаптарын қолданған дұрыспа?-деген сұрақтар туындауы мүмкін. Қылмыстық заңның нормалары қақтығысқанда, сырт көзбен қарағанда, ҚК-тің 55-бабы жалпы норма болғандықтан, осы баптың талаптарына сүйену жөн болып көрінуі мүмкін. Өйткені аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде соттың қай бапты негізгі басшылыққа алу керек екендігі жөнінде нақты ұсынымдардың болмай отыр. Алайда жаза тағайындау кезінде осындай түсіспеушіліктер туындауы үшін заң шығарушы ҚК-тің 55-бабы 7-бөлігінде: «қылмысқа дайындалғаны немесе оқталғаны үшін жаза тағайындалған жағдайларда, осы баптың екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген шектер осы Кодекстің 56-бабының ережелері ескеріле отырып айқындалады» [3], – деп ҚК-тің 56-бабына тікелей сілтеме жасаған. Сол себепті сот аяқталмаған қылмыстар үшін жаза

тағайындау кезінде ҚК-тің 56-бабында көзделген арнайы нормаларды ескеру керек.

ҚК-тің 56-бабының талаптарына сәйкес: қылмысқа дайындалғаны үшін жазаның мерзімін немесе мөлшерін ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген жазаның негізгі түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан асыруға, ал қылмысқа оқталғаны үшін төрттен үшінен асыруға болмайды [3].

Алайда біз аталған бапта қылмысқа оқталуға қатысты тағайындалатын жазаның ең жоғары мерзімімен, мөлшерімен толық келіспейміз.

ҚК-тің 24-бабы 3-бөлігіне сәйкес: «қылмыс жасауға тура бағытталған, тікелей пиғылмен жасалған әрекеттер (әрекетсіздік), егер бұл ретте қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмеген болса, қылмысқа оқталу деп танылады» [3].

Қылмысқа оқталу деп қылмыс құрамының барлық элементтерін қамтитын, алайда кінәліге байланысты емес себеппен қылмыс құрамының бір немесе бірнеше элементтің аяғына дейін жеткізілмеуін айтуға болды.

Теорияда ғалымдар қылмысқа оқталудың өзін біткен және бітпеген оқталу деп екіге бөледі. А.Н.Ағыбаев: «...қылмыстық ниетті жүзеге асыру дәрежесі әр түрлі болуы мүмкін. Осыған байланысты оқталудың өзі біткен және бітпеген оқталу деп екіге бөлінеді», – деген [5].

Біткен оқталу – деп кінәлінің қылмыстың аяғына жетуіне дейін барлық қажетті әрекеттерді жасауы, бірақ оның еркінен тыс себептермен қылмыстың аяғына дейін жетпеуі. Мысалы: азамат Б. жәбірленушіні өлтіру үшін оған у береді, алайда дәрігерлер жәбірленушіге дер кезінде көмек көрсетіп аман алып қалады.

Бітпеген оқталу – деп кінәлінің өзінің еркінен тыс себептермен қылмысты аяғына жетуіне дейін барлық әрекеттерді жасап үлгермеуі. Мысалы: азамат Н. пәтерге ұрлыққа түсті, алайда пәтердің иесі келіп қалған соң бағалы заттарды заңсыз иемдене алмай қалды.

Жоғарыдағы мысалдарда көргеніміздей, біткен оқталуда кінәлінің қылмыстық әрекеттерінің орындалу қаупі және зардабы жоғары болып келеді. Алайда теорияда оқталу екіге бөлгенімен де, заң шығарушымен біткен және бітпеген оқталуға анықтама берілмеген. Тиісінше ҚК-те оқталудың екі түрінде бірдей жаза мөлшері қарастырылған. Сондықтан біткен және бітпеген оқталудың ара-қатынасын ашу арқылы оларға жаза мөлшерін қарастыру қажет деген тұжырымға келіп отырмыз. Сол себепті ҚК-тің 24-бабына біткен және бітпеген оқталуға түсінік беру арқылы өзгерістер енгізу керек. Сонымен қатар ҚК-тің 56-бабына тиісінше өзгерістер енгізілуге жатады, яғни «бітпеген оқталу үшін жазаның мерзімін немесе мөлшерін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген жазаның негізгі түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің үштен екісінен, ал біткен оқталуға төрттен үшінен асыруға болмайды», – деп көзделуіне ұсыныс жасаймыз.

Біздің ойымызша аталған баптарға көрсетілген өзгерістер енгізу кінәлі тұлғаға әділ жаза тағайындауға алып келеді. ҚК-пен кінәлінің әрекеттері аяқталғандығына немесе аяқталмағандығына қатысты аяқталған және

аяқталмаған құқық бұзушылық болып бөлінеді. Соның ішінде қылмыстық заң аяқталмаған қылмыстың өзін қылмысқа дайындалу және оқталу деп екіге бөліп, оларға қатысты тағайындалатын жаза мөлшерін айқындаған. Алайда ҚК-те қылмысқа оқталудың өзін біткен және бітпеген оқталу деп екіге бөліп қарастырмауын заң шығарушының назарынан тыс қалған деп білеміз. Осының нәтижесінде қайсы-бір оқталу болмасын бір жаза мөлшері қарастырылған.

ҚК-тің 39-бабы 2-бөлігінде: «жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру...», – деп көрсетілген [3]. Алайда қылмыстық заңмен біткен және бітпеген оқталуға бірдей жаза тағайындалуы көрсетілген баптың қағидаларына қайшы келеді. Өйткені кінәлінің жасаған қылмыстық әрекетінің шегіне қарамастан екі түрлі оқталуға тең жаза тағайындалған. Сондықтан кінәлінің жасаған әрекетінің шегінде тиісті жаза алмауы әлеуметтік әділеттілікті бұзу болып табылмайды ма? – деген сұрақ туындайды.

Қорыта келгенде, ҚК-ке бітпеген және біткен оқталудың түсініктерін енгізу қажеттілігін көрдік. Бітпеген және біткен оқталудың ара-қатынасын ашу арқылы әр-қайсысына тиісті жаза мөлшерін белгілеу қажеттілік етеді. Сондықтан ҚК-тің 24, 56-баптарына жоғарыда көрсетілген негіздерге сәйкес өзгерістер енгізуге ұсыныс келтіреміз.

Біздің ойымызша, кінәліге тағайындалған жаза әділ болуы үшін оның істеген әрекеттеріне толық негізделуі керек. Яғни жаза тағайындау кезінде оқталудың біткен немесе бітпегендігіне судьяның көзі жетуі керек. Сонымен қатар, оқталудың біткен немесе бітпегендігі тек үкімде көрсетіліп қана қоймай, қылмыстық әрекетке тиісті жаза мөлшерінің шегі көрсетілуі керек. Сондықтан кінәлі тұлғаға әділ жаза тағайындау үшін ҚК-тің 24, 56-баптарына өзгеріс енгізу маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1 Сот жүйесінің 2018 жылғы қортындысына арналған кеңейтілген кеңес Нұр-Сұлтан қаласы 2019 жылғы 1 ақпан // <https://www.youtube.com/watch?v=fOvreSy3piA>.

2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының № 231-V Заңы, // <http://zan.kz/kaz/docs/K1400000231>.

3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 03 шілдедегі Қазақстан Республикасының №226-V Заңы, // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>.

4 Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазан Қазақстан Республикасының № 377-V Заңы, // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>.

5 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық жалпы бөлім. – М.: Жеті Жарғы, 2015. – 383 Б.

Терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы

20-ғасырдың соңғы екі онжылдығы мен 21-ғасырдың бастапқы онжылдығындағы саяси-экономикалық ахуалдың күрделене түсуінің салдарынан әлемнің түпкір-түпкірінде мемлекетаралық та, мемлекеттің ішіндегі де әралуан сипаттағы проблемаларды шешудің неғұрлым жойқын, анайы әдіс-тәсілдерін таңдау бұрынғыға қарағанда анағұрлым «жеңіл» болып кеткен. Осындай криминогендік жағынан «қолайлы» топырақта, әрине, әралуан террористік те, экстремистік те сипаттағы қозғалыстардың, топтардың, көзқарастар мен оларды ұстануға дайын болатын азамдардың етек алуы таң қалдырмауы керек.

Қазақстан аумағында қоғамдық резонанс тудыратын террористік акттердің бастапқысы 2011 жылы мамыр айында болған. Осы уақыттан бері қарай елімізде тоғыз терроризм актісі жасалған [1].

Дегенмен, террористік және экстремистік қылмыстар тек терроризм актісімен шектелмеген. Қолданыстағы қылмыстық заңнама террористік қылмыстар тобында 15 қылмыс түрін қарастырған болса, тағы да 11 қылмыс құрамын экстремистік топқа жатқызған (ҚР ҚК 184-бабындағы диверсия әрі террористік, әрі экстремистік қылмыс) [2].

Сонымен бірге, қылмыстық құқық бұзушылықтардың нақты түрлерін террористік және (немесе) экстремистік қылмыстарға жатқызуға қатысты әралуан пікірлер айтуға болады. Кей құрамдарда заңнамашы оны кінәлінің көздеген мақсатының мазмұнына қарай дуалды айқындаған (мысалы, ҚР ҚК 258-бабында қаржыландырылатын немесе өзге де дем берушілік көрсетілетін қызметтің түріне қарай ол террористік не экстремистік бола алады).

Жалпы, Қазақстан Республикасының заңнамасында террористік қылмыстар тобының ажыратылуы 2009 жылдың 10 шілдесінде енгізілген болатын [3]. Ал экстремистік қылмыстар топтамасы 2005 жылдың 8 шілдесінде заңдастырылған [4].

Террористік және экстремистік қылмыстардың қазіргі құрамдарының криминализациялануы да бір мезетте болмағанын ескеру керек. Мұндағы қоғамға қауіпті әрекеттердің криминализациялануының хронологиялық ерекшеліктерінің басты себептерінің қатарында мұндай бағыттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша сот-тергеу практикасының болмауын атауға болады. Әрі мұндайда, әрине, ең алдымен кез келген мемлекеттің ішкі заңнамасы халықаралық құқықтық қатынастардың арқасында жетіліп отырады. Сондықтан экстремизмге және терроризмге қарсы күресте Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропа Кеңесі, Шайхай Ынтымақтастық Ұйымы сияқты халықаралық ұйымдардың конвенцияларының, декларациялары мен пакттерінің маңызы зор.

Халықаралық аренада терроризмге қарсы күрестің негізгі қырларын, оның компоненттерін, мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қызметтерін үйлестіретін ортақ халықаралық құжаттың әлі күнге дейін жоқ екендігін ескеру керек. Есесіне, халықаралық құқықта қазіргі таңда терроризмнің саналуан қырларын қарастыратын көптеген кішігірім конвенциялар мен қосымша хаттамалардың көп екендігін байқауға болады.

Бір ғана БҰҰ аясында қабылданып, терроризмнің әралуан түрлеріне қарсы іс-қимылдарда қолданып келетін Конвенциялардың саны бүгінгі таңда 13, сонымен бірге тағы да осы конвенцияларға қосымша қыбалданған 3 Хаттама бар [5].

Оның сыртында Қазақстан Республикасы үшін аймақтық маңызға ие болатын ШЫҰ Терроризмге қарсы Конвенциясы [6], Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Конвенциясы [7] әдістемелік тұрғыдан маңызды роль атқарады. Сол сияқты, ШЫҰ экстремизмге қарсы Конвенциясының да көп жағдайда қазақстандық экстремизмге қарсы заңнамасының бастамасы болғанын ескеру керек [8].

Сонымен бірге, аталған халықаралық құқықтық құжаттарға Қазақстан Республикасы қосылған соң ұлттық заңнама жүйесінде де сәйкес мазмұндағы заңдардың қабылданғаны белгілі. Атап айтқанда, 1999 жылдың 13 шілдесінде «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» және 2005 жылдың 18 ақпанында «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңдары қабылданған болатын. Бұл Заңдарда терроризм мен экстремизмге қарсы күрестің (іс-қимылдың) басты бағыттары, оның негізгі қағидаттары мен міндеттері, сондай-ақ ондағы міндеттерді атқарушы субъекттердің өкілеттіліктері айқындалған.

Әрине, құқықтық тұрғыдан басты мәселелердің қатарында терроризм және экстремизм ұғымдарының заңнамалық белгіленуінің маңызы ерекше, өйткені осы ұғымдарының шектерінің анықталуы қылмысты әрекеттерді қылмысты емес көріністер мен құбылыстардан ажыратуға көмектеседі.

Бұл орайда ескерту керек болатын маңызды мәселе – заңнамалық тұрғыда «терроризм» ұғымының жалпы категория ретінде анықталғандығы, яғни терроризм және терроризм актісі ұғымдары бір емес, тіпті синоним ретінде де айтуға келмейді. Атап айтатын болсақ, терроризм – «күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы» [9]. Ал терроризм актісі қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты бір түрі ретінде «адамдардың қаза табу қаупін төндіру, едәуір мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де салдарлардың туындау қаупін төндіретін жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де іс-әрекеттер жасау немесе жасаймын деп қорқыту, егер бұл іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың шешімдер қабылдауына әсер ету мақсатында жасалса, сондай-ақ нақ сол мақсаттарда адам өміріне қастандық жасау, сол сияқты мемлекет

немесе қоғам қайраткерінің мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында оның өміріне қастандық жасау» деп анықталады [2].

Бұл тұрғыда, отандық заңнамалық ұғымдар ШЫҰ терроризмге қарсы іс-қимыл туралы Конвенциясының постулаттарымен ұйқасады [6]. Мұнда да терроризм және террористік акт екеуі екі бөлек ұғымдар ретінде анықталған, одан қалса Конвенцияда терроризм адамдарды қорқыту, мемлекеттерді белгілі бір әрекеттерге күштеу идеологиясы ретінде нақты аталған.

Экстремизмді анықтайтын ортақ дефиниция ұлттық заңнамада да, халықаралық Конвенцияларда да түпкілікті берілмеген, дегенмен екі деңгейдегі құқықтық құжаттарда да экстремизмнің негізгі белгілері аталған, соларға қарай осы келеңсіз құбылыстың бет-бейнесін ала аламыз.

Атап айтатын болсақ, ұлттық заңнамада экстремизмнің келесі белгілері криминализацияланған:

«жеке және (немесе) заңды тұлғаның, белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдар атынан жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы;

- жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды:

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және бөлінбестігін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, билікті күшпен басып алуды немесе билікті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құралым құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді);

- нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді);

- діни өшпенділікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы» [10].

Сонымен бірге, мұнда да халықаралық деңгейде экстремизм ұғымы экстремизм актісінен ажыратылған. Атап айтқанда, «экстремизм» билікті күшпен басып алуға немесе күшпен ұстап тұруға, сонымен қатар мемлекеттің конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, сонымен пара пар қоғамдық қауіпсіздікке күштеп араласуға, оның ішінде жоғарыда көрсетілген мақсаттарда заңсыз қарулы құрылымдар ұйымдастыруға немесе оларға қатысуға бағытталған, және Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес қылмыс ретінде қуғындалушы қандай да болсын әрекетті білдіреді» [7].

Сол сияқты, соңғы онжылдықтағы әлемдегі саяси-экономикалық ахуалдың өрбуі мемлекеттердің аумақтық тұтастығына тікелей қатер туғызатын тағы бір қоғамға қауіпті құбылыстың қауіптілігін ерекше деңгейге көтерген – ол сепаратизм мәселесі. Оған байланысты әрекеттер қазіргі таңда экстремистік мазмұнда қарастырылады, алайда ШЫҰ Конвенциясында ол терроризм мен экстремизм сияқты жеке құбылыс ретінде танылады [7]. Мысалы, ШЫҰ Конвенциясында сепаратизмді «мемлекеттердің аумақтық тұтастығын бұзуға, соның ішінде оның аумағының бір бөлігін одан бөлуге немесе мемлекетті күштеп ыдыратуға, сондай-ақ осыған пара пар осындай әрекеттерді жоспарлау мен дайындауға, оның жасалуына дем беруге, оған арандатуға бағытталған, және Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес қылмыс ретінде қуғындалушы қандай да болсын әрекет» ретінде таныған. Ал Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңының 180-бабының 1-бөлігінде оны «Қазақстан Республикасының біртұтастығы мен тұтастығын, оның аумағына қол сұғылмауын және бөлінбеуін бұзуды не мемлекетті ыдыратуды насихаттау немесе оған жария түрде шақыру, сол сияқты осындай мазмұндағы материалдарды тарату мақсатында дайындау, сақтау немесе тарату» деп анықтаған [2].

Көріп отырғанымыздай, терроризм мен экстремизмге (сонымен қатар сепаратизмге) қарсы іс-қимыл мәселелерін қарастыратын заңнама ұлттық та, халықаралық та деңгейде айтарлықтай жан-жақты әзірленген. Халықаралық деңгейде терроризм мәселелеріне қатысты бастамаларды Ұлттар Лигасы алғаш рет көтергеніне қарамастан, олар заң жүзінде саяси мәселелерге бола іске аспай қалғаны белгілі.

Жоғарыда аталған заңдар мен Конвенциялар негізінде әрбір мемлекет өзінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаттарында белгілі бір қылмыстық топтар мен қозғалыстарды террористік және экстремистік деп танып, олардың идеологиясын ұстануды, қызметіне қатысуды ішкі заңнамаларының негізінде заңға қайшы деп тануға құқылы. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында соттар жиырмадан астам қылмыстық топты террористік және экстремистік деп таныған (тізімі сот-тергеу практикасының негізінде ұдайы өзгеріп отырады). Сол сияқты нақты сот-тергеу практикасының материалдары негізінде Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті экстремистік деп танылатын және Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, таратуға және басып шығаруға тыйым салынған әдебиеттер мен басқа да материалдардың тізімін жаңартып отырады [11].

Әдебиеттер тізімі:

1 Девять терактов совершено за последний семь лет // <https://ru.sputniknews.kz/incidents/20191030/11898038/terakty-kazakhstan-genprokuratura.html>

2 Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі (қолданыстағы редакцияда).

3 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлім жазасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 10 шілдедегі № 175-IV Заңы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000175_#z9

4 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 67 Заңы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000067_#z4

5 Терроризмге қарсы БҰҰ Конвенциялары мен Қосымша Хаттамаларының толық тізбегін келесі көзден қарауға болады - https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conv_terrorism.shtml

6 Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының терроризмге қарсы күрес туралы Конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 10 қаңтардағы № 381-IV Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000381>

7 Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай Конвенциясын бекіту туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 сәуірдегі № 316-II Заңы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0200000316_

8 ШЫҰ экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі Конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 18 ақпандағы № 303-VI Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000303>

9 «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-I Заңы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z9900000416_

10 «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31 Заңы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0500000031_

11 Тізімді Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ресми сайтынан қарауға болады // www.pravstat.prokuror.kz

Ералиев С.А.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
жанындағы Сот төрелігі академиясы,
e-mail: Syeraliev@mail.ru

Қылмыстық процестегі тергеу судьясы институты: жағдайы және даму тенденциялары

Алдын-ала тергеудің заңдылығын қамтамасыз ету бойынша сот бақылауы институтын іске асырудың құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясында енгізілген (13 бап 2 бөл; 16 бап 2 бөл.) және сол кездегі қолданыстағы қылмыстық-процессуалдық заңның нормаларымен алдын-ала тергеу органдарының және прокурордың іс-әрекеттеріне шағымдарды соттың шешу тәртібі анықталған. [12-бап, 1-б, 105-111-бап].

Бұдан әрі ҚР Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы қылмыстық сот ісін жүргізуді жетілдірудің бірінші кезектегі бағыттарының бірі ретінде қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатыларында сот бақылауын кезең-кезеңмен кеңейтуді анықтады. Мұндай қажеттілік – Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1997 ж. (бұдан әрі – ҚПК) жетілмеуіне байланысты болды, оның ішінде жалпы юрисдикциялы соттың судьясының күдіктіні қамауға алуға санкция беріп, сол істі өзі қарауына жол берілмейтіндігі. [150-бап, 1-б].

И.Ф.Демидованың пікірі бойынша тергеу судьясы жалпы юрисдикциялы соттардың жүйесінен толық ұйымдастырушылық және функционалдық түрде бөлініп, кез келген инстанциядағы сотта сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіліктен босатылуы тиіс. [6].

Сонымен қатар, сот жүйесіндегі мамандандырылған тергеу судьясының орны және ол жүзеге асыратын функциялар туралы мәселе көтерілді. Бұл туралы бірнеше ғылыми көзқарастар айтылды.

В.М.Коганның пікірінше, тергеу судьясын енгізу қорғалу бойынша ақпаратты жинау және тексеру үшін прокурордың, тергеушінің және анықтау органдарының мүмкіндіктерін қазіргі уақыттағыдай екінші тарапқа жүгіну арқылы емес, тергеу судьясына жүгіну арқылы пайдалануға болады, оның нұсқауы тараптар үшін міндетті болады... [10]. Осыған ұқсас пікірді тергеу судьясы өз қызметінде тергеушінің және сотқа дейінгі іс жүргізуге жедел сот бақылауын жүзеге асыратын судьяның өкілеттіктерін қосатын кешенді субъект ретінде қараған А.В.Смирнов пен А.И. Макаркин ұстанды. Тергеу судьясы қылмыстық процеске жарыспалылық элементін және сот дәлелдемелерінің шынайылық элементін енгізеді, осылайша бірінші сатыдағы сотта тараптар арасындағы ықтимал қақтығыстардың көпшілігін болдырмайды [17]. Мұндай процессуалдық фигура бейтарап және алдын ала тергеу органдары мен прокурордың іс жүргізу қызметіне сот бақылауы функциясын жүзеге асыруға, сондай-ақ адвокатқа сотқа дейінгі іс жүргізуде дәлелдеу процесінде толыққанды қатысушы болуға көмектесуге қабілетті деп ойлайтын қазақстандық авторлар да осындай ұстанымды ұстанды [18].

Осылайша, аталған авторлар адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сотта қорғау, сондай-ақ сот төрелігін жүзеге асыру кезінде судьялардың тәуелсіздігі қағидаттарын іске асыру тұрғысынан тергеу судьясының процессуалды фигурасын қарауды ұсынды. Бұл тәсілді қазақстандық заң шығарушы жаңа Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексін дайындауда қабылдады, ол мәселенің теориялық мәнін ғылыми талдаумен қатар қылмыстық процесте арнайы тергеу судьяларын құру жолымен өткен ТМД елдерінің тәжірибесін ескерді. Мысалы, Молдова Республикасының Қылмыстық процесіне қылмыстық қудалау жөніндегі судья (Молдова Республикасы ҚПК 41 –б.), Эстонияда - алдын ала тергеу жөніндегі судья (Эстония Республикасы ҚПК 21-Б.) Эстония), Латвияда – «тергеу судьясы» (ҚПК-нің 210-бап Латвия), Грузияда – судья-магистрат» (Грузияның ҚПК-нің 20-бабы), Украинада – тергеу судьясы (Украина ҚПК-нің 3-бабының

1-бөлігінің 18-тармағы). Ресей Федерациясында тергеу судьясы институтының қажеттілігі туралы мәселе қаралу сатысында [14].

2014 жылғы ҚР ҚПК заңды күшіне енуіне байланысты Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізуде тергеу судьясының лауазымы заңды факт болып табылды. ҚР ҚПК-нің 54 б. 3 б сәйкес, тергеу судьясы – өкілеттіктеріне қылмыстық сот ісін жүргізуде адамдардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына сот бақылауын жүзеге асыру жататын бірінші сатыдағы соттың судьясы. Тергеу судьясын (судьяларын) осы сот төрағасы судьялардың қатарынан тағайындайды. Тергеу судьясын ауыстыру қажет болған кезде ол қайта тағайындалуы мүмкін. Осылайша тергеу судьясының сот төрелігін жүзеге асыратын судьялардан ұйымдастырушылық дербестігіне қол жеткізілді және судьяның тәуелсіздігі принципі іске асырылды [2, 22-бап]. Бұл, бір жағынан, оған процессуалды емес әсер ету мүмкіндігін жоққа шығарады, оның ішінде өзі қабылдаған шешімдердің күшін жою немесе жоғары тұрған сатының орындалуы міндетті нұсқауларды тұжырымдау арқылы, өйткені оның шешімдеріне шағым берудің және наразылық келтірудің сот тәртібі көзделгендіктен, ал екінші сатыда ол қабылдаған шешімдердің заңдылығы мен негізділігін шын мәнінде уақтылы және объективті сотқа дейінгі тергеу актілерін жедел сот бақылауы барысында бақылауды қамтамасыз етеді.

Тергеу судьясының өкілеттігі ҚР ҚПК 55 –бабымен, тергеу судьясының өкілеттігін жүзеге асырудың жалпы шарттары - ҚР ҚПК 56-бабымен реттелген. М.Ч.Когамовтың пікірінше, ҚР ҚПК-нің дербес бабына жағдай бөлу қажеттілігі алдын ала анықталған, ол тергеу судьясының өкілеттіктерін іске асырудың жалпы тәсілдерін реттейтін маңызды ережелерді қамтиды. Ережені енгізу тергеу судьясының іс жүргізу қызметі қылмыстық істі мәні бойынша шешетін сотқа жолданған басты сот талқылауының жалпы шарттарымен қамтылмауынан туындап отыр [2, 42-тарау]. Сондықтан тергеу сотының қажеттілігі үшін арнайы норманың пайда болуы әбден қисынды... [9].

Біріншіден, сот бақылауын жүзеге асыру барысында туындайтын құқықтық қатынастарда сот тәуелсіз төреші ретінде шешетін тараптар арасында құқықтық дау жоқ [16]. Екіншіден, сот бақылауы тәртібімен қабылданған шешімдер сот үкімінің қаулысын қамтамасыз ете отырып, көмекші жүктемені көтереді [15]. Үшіншіден, сот бақылауының нәтижелері бойынша қабылдаған шешімдерде сот төрелігі актісі жоқ [3]. Тергеу судьясының қаулыларына шағымдану, наразылық келтіру ҚР ҚПК 107-бабымен реттелген.

Тергеу судьясы болашақта тағылған айыптың мән-жайын анықтау міндетімен байланысты емес, демек, өз бағалауларында шектелмеген, істің мән-жайын неғұрлым еркін ұғынуға, қаралатын материалдардың негізділігін тараптардың қатысуымен және айқас жауап алу мүмкіндігімен олардың жол берілуі мен дәйектілігі тұрғысынан неғұрлым негіздеп тексеруге мүмкіндік алады. Тергеу судьясына дәлелдемелерді сақтауға қою тараптарға (толық және уақтылы) жарыспалылық процесіндегі маңызды дәлелдемелерді жинау мен сотқа ұсыну құқығын қамтамасыз етеді және сол арқылы осы құқықты сот бақылауы құралдарымен қорғаудың қазіргі проблемасын жояды. Айғақтарды

сақтауға қою басты сот талқылауында тергеу әрекеттері мен шешімдерін одан әрі даулау себептерінің өзін жояды [18]. Бұл мәселеде заң шығарушы адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың практикасын негізге ала отырып, әділ сот талқылауы алдын ала тергеудегі куәлардан жауап алу хаттамаларымен салыстырғанда, сотта берілген айғақтарға ерекше мән беруді талап етеді, өйткені соңғылары ең алдымен айыптау тарапының өз ұстанымын қолдау үшін ақпарат жинау процесін білдіреді [13].

Осылайша, заң шығарушы тергеу судьясының қызметінде сот арқылы алынған дәлелдемелерге басымдық бере отырып, тікелей және ауызша іске асыруды қамтамасыз етеді.

ҚР ҚПК 56-бабының 2-бөлігінің ережелеріне сәйкес, тергеу судьясы өз өкілеттіктерін жеке-дара және сот отырысын өткізбестен жүзеге асырады. Алайда тергеу судьясы сондай-ақ тиісті соттың қатысуымен сот отырысын өткізу туралы қаулы шығаруға құқылы, заңды және негізделген шешім қабылдау үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеу талап етілетін жағдайларда, жеке және заңды тұлғалар мен прокурордың өтініші бойынша жүзеге асырылады.

Сот отырысын өткізу мынадай мәселелерді шешу кезінде міндетті: күзетпен ұстауды санкциялау; ұйқамаққа санкция беру; экстрадициялық қамауға алуды санкциялау; күзетпен ұстау, ұйқамаққа алу, экстрадициялық қамауға алу мерзімін ұзарту; кепілді қолдану; мүлікке тыйым салуды санкциялау; анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің және прокурордың іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағымды қарау (жабық отырыста.); іс мәні бойынша шешілгенге дейін елеулі материалдық шығындарды талап ететін кез келген мәліметтерді, құжаттарды, заттарды талап ету және қылмыстық іске қосу; мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, қылмыстық іс үшін маңызы бар кез келген мәліметтерді, құжаттарды, заттарды талап ету және қылмыстық іске қосу, сондай-ақ сұрау салуды орындаудан бас тартқан не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылдамаған жағдайларда (адвокаттың дәлелді өтініші бойынша).

Сот отырысын өткізу міндетті болған жағдайда, сот отырысының уақыты мен орны туралы қорғау тарабы мен прокурорға алдын ала хабарланады. Тергеу судьясының өкімімен сот отырысы бейнебайланыс режимінде өткізілуі мүмкін. Бұл кезде сот отырысының хаттамасы жүргізіледі.

Өз өкілеттіктерін іске асыру кезінде тергеу судьясы:

- 1) сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын органнан қаралатын мәселе бойынша қосымша ақпарат талап етуге;
- 2) тиісті сотқа дейінгі іс жүргізудің барлық материалдарымен танысуға және оларды зерттеуге;
- 3) процеске қатысушыларды сот отырысына шақыруға және олардан қылмыстық іс бойынша қажетті ақпарат алуға құқылы.

Аталған өкілеттіктер істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидатын іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған [2, 24-бап].

Тергеу судьясы ҚР ҚПК сәйкес, істі мәні бойынша шешу кезінде сот қарауының мәні болуы мүмкін мәселелерді алдын ала шеше алмайды, тергеуге жіберу және тергеу әрекеттерін жүргізу туралы нұсқау беруі, сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адамдардың және қадағалаушы прокурордың, сондай-ақ істі мәні бойынша қарайтын соттың орнына іс-әрекеттер жасауы және шешімдер қабылдауы. [2, 56-б.4-б.]. Сонымен, тергеу судьясы кез келген инстанциядағы соттарда сот төрелігін жүзеге асыруға одан әрі қатысудан алынып тасталған, өйткені айыптылық туралы мәселенің ішкі алдын алу проблемасына байланысты емес және сотқа дейінгі тергеу барысында туындайтын мәселелерді шешу кезінде объективті төреші бола алады.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сотта қорғау қағидатын іске асыру шеңберінде күдіктінің оған азаптау және басқа да заңсыз іс-әрекеттер қолдану немесе онда күш қолдану іздері бар екендігі туралы мәлімдеген кезде тергеу судьясы қадағалаушы прокурорға аталған фактілерді дереу тексеруді жүзеге асыруды тапсыруға міндетті. Адамның құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың заңмен қорғалатын мүдделерін заңсыз шектеу немесе өзге де бұзу фактілері анықталған жағдайда тергеу судьясы заңды бұзуға жол берген адамдардың жауапкершілігі туралы мәселені шешу үшін жеке қаулы шығарады [2, 5, 6-Б.]. Тергеу судьясының мұндай фактілерді анықтауы прокурордың өзіне жүктелген функцияларды тиісінше орындамағандығын өзі куәландырады және осыған байланысты жеке қаулы шығару қылмыстық процесті кезеңдік құрудың негізгі ережесіне сәйкес келеді: кейінгі кезеңде анықталған кез келген заңда көзделген рәсімдерді бұзу олардың күшін жоюға немесе құқықтық қалпына келтіру актісін шығаруға әкеп соғады.

Жоғарыда айтылғандар келесі қорытындыларға келуге мүмкіндік береді.

1. Қазақстан Республикасының сот ісін жүргізуінде тергеу судьясы фигурасын енгізумен қылмыстық іс жүргізу қызметінің жаңа дербес және тәуелсіз субъектісінің сот төрелігін жүзеге асыратын өзге органдардан ұйымдастырушылық дербестігі қамтамасыз етіледі, өйткені оның өкілеттіктері тергеу сипаты емес, тек сот (юрисдикциялық) болып табылады. Сондықтан, қылмыстық іс жүргізу құқығының даму перспективалары туралы айта келе, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы қолданыстағы ҚПК негізінен қылмыстық әділет жүйесін қазіргі демократиялық, құқықтық мемлекеттің сипаттамаларына сәйкес келтіргенін атап өту қажет.

2. Тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеу барысында туындайтын мәселелерді шешу кезінде объективті, тәуелсіз төреші ретінде қаралуы мүмкін, өйткені кез келген инстанциядағы соттарда сот төрелігін іске асыруға одан әрі қатысудан шеттетілген.

3. Қазақстанда тергеу судьясын енгізу сот бақылауы саласын кезең-кезеңмен кеңейту шеңберінде қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатыларында жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі проблемалық жағдайларды шешу кезінде тәуелсіз сот билігінің беделін арттыруға бағытталған болады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 13 декабря 1997 г. № 206-І (утратил силу). URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1008442 (дата обращения: 14.01.2017).

2 Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 г. № 231-V (по сост. на 10.02.2017). URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575852 (дата обращения: 15.02.2017).

3 Азаров В.А., Таричко И.Ю. Функция судебного контроля в истории, теории и практике уголовного процесса России. Омск, 2004.

4 Берова Д.М. Основы теории функционализма в уголовном судопроизводстве: автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. Краснодар, 2011.

5 Головки Л.В. Новая роль судьи при производстве полицейского расследования в уголовном процессе постсоветских государств //Зангер. Вестник права Республики Казахстан. 2010. № 1 (102).

6 Демидов И.Ф. Судебная реформа и новые проблемы науки уголовного процесса // Вопросы укрепления законности в уголовном судопроизводстве в свете правовой реформы: матер. конф. М., 1995.

7 Ковтун Н.Н. О понятии и содержании термина «судебный следователь» (следственный судья) // Российский судья. 2010. № 5.

8 Когамов М.Ч. Вопросы процессуального обеспечения осуществления правосудия. Судебно-правовая реформа: проблемы и перспективы развития законодательного обеспечения: матер. науч.-практ. конф. Астана, 2000.

9 Когамов М.Ч. Комментарий к уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан. Общая и Особенная части (извлечения). Алматы, 2015.

10 Коган В.М. Почему бы не быть следственному судье? // Советская юстиция. 1988. № 7.

11 Луценко П.А. Судебный контроль в досудебных стадиях уголовного процесса Российской Федерации: дис. ... канд. юрид. наук. М., 2014.

12 Муратова Н.Г. Система судебного контроля в уголовном судопроизводстве: вопросы теории, законодательного регулирования и практики: автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. Екатеринбург, 2004.

13 Никонов М.А. Условия справедливого судебного разбирательства как критерии оценки доказательственных материалов на предмет их допустимости: уголовно-процессуальный аспект // Российский ежегодник Европейской Конвенции по правам человека. М., 2015. № 1.

14 Рыжих А.Н. Полномочия суда на досудебных стадиях уголовного процесса: дис. ... канд. юрид. наук. Екатеринбург, 2008.

15 Рябцева Е.В. Судебная деятельность в уголовном процессе России: учеб. пособ. Ростов н/Д., 2006.

16 Смирнов А.В. Модели уголовного процесса. СПб., 2000.

17 Толесбай С. Следственный судья –дополнительная гарантия справедливого правосудия. URL: <http://www.newregion.kz/?Action=ReadDNew&N1516> (дата обращения: 14.01.2017).

18 Хан А.Л., Тяжина А.Ж. О некоторых проблемах депонирования показаний потерпевшего и свидетеля в уголовном процессе Республики

Жайрова Г.Т.

Казахстан Республикасы Жоғарғы Сотының
жанындағы Сот төрелігі академиясы,
e-mail: zhairovag84@mail.ru

Қазақстандағы адам саудасы құрбандарының құқықтарын сотта қамтамасыз ету

ҚР «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» 2000 жылғы 5 маусымдағы №72-ІІ Заңының 1-2-бабына сәйкес қылмыстық процеске қатысушы адамдарды, олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарын мемлекеттік қорғауды қамтамасыз ету аталған адамдардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне нақты қол сұғу қатері төнген кезде қолданылатын осы Заңда көзделген қауіпсіздік, құқықтық және әлеуметтік қорғау шараларын уәкілетті мемлекеттік органдардың жүзеге асыруынан тұрады [1].

Қылмыстық сот ісін жүргізудің басты қағидаттарының бірі ҚР ҚПК-нің 29-бабында көзделген сот талқылауының жариялылығын қамтамасыз ету болып табылады. Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау мүдделеріне қайшы келген кезде жариялылықты шектеуге жол беріледі. Кәметке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша, жыныстық қылмыстар туралы істер бойынша және басқа да істер бойынша соттың дәлелді қаулысы бойынша іске қатысушы адамдардың өмірінің интимдік жақтары туралы мәліметтердің жария етілуін болдырмау мақсатында, сондай-ақ мұны әсіресе адам саудасы істері бойынша, жәбірленушінің, куәнің немесе іске қатысушы басқа да адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің немесе жақын туыстарының қауіпсіздік мүдделері талап еткен жағдайларда жабық сот талқылауына жол беріледі. Заңның аталған нормасы Қазақстан 2005 жылғы 28 қарашада ратификацияланған 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14-бабының 1-тармағына сәйкес келеді, оған сәйкес барлық адамдар соттар мен трибуналдар алдында тең. Әркімнің өзіне тағылған кез келген қылмыстық айыптауды қарау кезінде немесе қандай да бір азаматтық процессте оның құқықтары мен міндеттерін айқындау кезінде заң негізінде құрылған құзыретті, тәуелсіз және бейтарап соттың істі әділ және жария талқылауына құқығы бар. БАҚ мен жұртшылыққа демократиялық қоғамдағы мораль, қоғамдық тәртіп немесе мемлекеттік қауіпсіздік тұрғысынан немесе Тараптардың жеке өмірінің мүдделері талап еткенде немесе соттың пікірі бойынша, аса қажет жағдайда – жариялылық сот төрелігінің мүдделерін бұзатындай ерекше жағдайларда барлық сот талқылауларына немесе оның бір

бөлігіне жол берілмеуі мүмкін. Алайда, қылмыстық немесе азаматтық іс бойынша кез келген сот қаулысы, кәмелетке толмағандардың мүдделері басқасын талап ететін немесе балаларға қамқорлық жасауға қатысты жағдайларды қоспағанда, жария болуға тиіс.

Жабық отырысты өткізу 2000 жылғы 5 шілдедегі «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» Заңның 7-бабына сәйкес сот талқылауына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге негізделген.

Жәбірленушілерді қорғау рәсімі жәбірленушінің жеке деректерін ерекше қорғауды, үшінші тұлғаларға ақпаратты, фотосуреттерді, жәбірленушіні, оның мекен-жайын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін басқа да егжей-тегжейлерді бермеуді талап етеді.[2].

ҚР ҚПК-нің 96-бабына және жоғарыда аталған Заңға сәйкес адам саудасының жәбірленушілері мемлекеттік қорғауға жатады.

ҚР ҚПК-нің 97-бабында және жоғарыда аталған Заңның 7-бабында қорғалатын адамдардың жеке және мүлктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында анықтау, алдын ала тергеу жүргізу кезінде немесе соттың істі қарауы барысында қылмыстық процесті жүргізуші қауіпсіздік шараларын қолдануды қарастырады, оларға қорғалатын адам туралы мәліметтерге қол жеткізуді шектеу; жеке күзету, тұрғын үйін және өзге де мүлкін күзету; қауіпсіз орынға уақытша орналастыру; қорғалатын адамдар туралы мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ету жатады.

Соған қарамастан, аталған заң талаптары бұзылған жекелеген фактілер сотта кездесіп жатады.

Мысалы, ҚР ҚК-нің 126 бабы 3 бөлігі «б» тармағымен, 133 бабы 2 бөлігі «а,в,д,ж,и,к» тармақтарымен сотталған азаматтар К., Д. қатысты қылмыстық іс бойынша іс бойынша жәбірленушілер кәмелеттік жасқа толмаған тұлғалар болып табылатын, іс жағдаяттары олардың өмірлерінің жыныстық жағын қамтитынына қарамастан, сот талқылауы ашық сот мәжілісінде өткізілген [3].

Аталған санаттағы істер бойынша, яғни адам саудасы жәбірленушілерінің соттағы жауаптарының дәлелдемелік маңызы бар болып табылады. Алайда, оларға жүйелі түрде күш жұмсау мен қауіп-қатер келтіру салдарынан, жәбірленушілерге қатысты қауіпсіздік шараларын қабылдауды қажет етеді.

ҚР ҚПК-нің 98-бабы 2-бөлігіне сәйкес сот қорғалатын адамның, айыптаушы тараптың өтінішхаты бойынша, сондай-ақ адамның, оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өз бастамасы бойынша:

1. қорғалатын адамның жеке басы туралы деректерді жарияламастан, бүркеншік атты пайдалана отырып;

2. қалған қатысушылардың қорғалатын адамды дауысы, акценті және сыртқы белгілері: жынысы, ұлты, жасы, бойы, дене бітімі, мүсіні, жүрісі бойынша тануы мүмкін болмайтын жағдайларда;

3. оны сот талқылауына басқа қатысушылардың көзіне көрсетпей, оның ішінде бейне-байланыс арқылы да, жауап алу туралы қаулы шығаруға құқылы.

Аталған қауіпсіздік шаралары сотта қылмыстық істі қарауға, сотқа дейінгі тергеуді жүргізуге байланысты қорғалушы адамдардың құқықтары мен заңды

мүдделерін қорғауға, олардың өміріне қауіп төндіруден және басқа зорлықтан қорғауға бағытталған. Сот тәжірибесі көрсеткендей, жауап алудың осындай тәртібін, яғни жәбірленушілерді бүркеншік атпен қорғай отырып сотқа қатыстыру бүгінгі таңда орын алып отырғанын көреміз, сондықтан процеске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі елімізде іске асырылуда.

Мәселен, азаматша М.-ға қатысты қылмыстық іс бойынша кәмелеттік жасқа толмаған жәбірленушілер А. және Е. сот мәжілісінде оларды сот тараптары визуалды көре алмайтын жағдайда жауап алынған. Аталған қауіпсіздік шараларын қолдануға сотта жәбірленушілердің заңды өкілдерінің талап-тілектері негіз болған.

Сонымен қатар, заңсыз бас бостандығынан айрылған адамды қанау, яғни 126-бабы 3-бөлігінің 2-тармағымен сотталғандар Ж., Б., К., Б. қатысты қылмыстық іс бойынша, алдын-ала тергеу амалдары кезінде сотталушы Ж., Б., К.-лерге қатысты бас шарасы ретінде кепіл таңдалған, ал қамауда тек сотталушы Б. болған. Сол себепті, жәбірленуші Р. психикалық ауруға шалдыққандығын ескеріп, қылмыстық қудалау органдарымен оған қатысты қауіпсіздік шараларын қолдану қажет болғанымен, ондай жағдай орын алмаған. Ал мұндай жағдайда, жәбірленушілерге олардың жауаптарын өзгерту мақсатында күш қолдану, зорлық-зомбылық көрсету болуы мүмкін. Кейіннен, жәбірленуші Р. және оның заңды өкілі басты сот талқылауында, сот жарыссөзінде сотталушыларды кешіретіндерін айтып, сот үкімі шыққан соң, бас бостандықтарынан айырмау туралы апелляциялық шағым келтірген [3].

Осылайша, адам саудасымен байланысты қылмыстық істердің ерекшеліктерін ескеріп, талап-тілектің түсу-түспеуіне қарамастан, соттар өз тарапынан жәбірленушіге немесе куәге қатысты қауіпсіздік шараларын қабылдауы қажет.

Ондай шараларға мәселен, жәбірленушілерді құқық қорғау органдарының қызметкерлері сүйемелдеуімен жүруге, сотта сотталушылармен кездеспеуі үшін жеке бөлме бөлуге, араларында сенімді қарым-қатынас орнатылған маманмен еріп жүруін заңдастыру сияқтыларды жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 387-бабы 1-бөлігіне сәйкес (1997 жылы 16 шілдедегі редакциясы) және ҚР ҚПК-нің 405-бабы 1-бөлігіне (2014 жылы 3 шілдедегі редакциясы) сәйкес сот негіз болған кезде кеңесу бөлмесінде іс бойынша анықталған заң бұзушылықтары, қылмыс жасаудың себептері мен жағдайларына және сәйкес шаралар қолдануды талап ететін фактілерге мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың, ұйымдардың немесе олардың басшыларының назарын аудартуға арналған жеке қаулы шығарады [1].

Адам саудасына байланысты істерді қараған кезде пайда болатын маңызды сұрақтардың бірі жәбірленушілерге келтірілген зиянды өндіріп алу мәселесі.

Жәбірленушіге құқық бұзушылықпен келтірілген залалдың негізгі мөлшері «Адамды ұрлау» қылмыстарына қатысты екені белгілі, олардың басым көлемі статистикалық мәліметтерге сүйенсек, сотқа дейінгі тергеу барысында өтелетіні көрінеді [4]. Ал басқа адам саудасы қылмыстарынан жәбірленушілерге

материалдық шығын келтірілмеді дегенімен, қалыптасқан сот тәжірибесінде, соттардың жәбірленушіге моральдық зиянды өтеудің «шегін» белгілейтіні және сот мәжілісінде «хаттамадан тыс» деп жарияланып, моральдық зиянды өтеу туралы талап-арыз қанағаттандырылған жағдайда сома белгілі бір мың теңгеден аспайтынын түсіндіретіні орын алып отыр. Біздің ойымызша, адам саудасынан зардап шеккен адамға келтірілген моральдық зиянды бәріне бірдей «белгілі бір сомамен» өтей салу мүмкін емес. Адам саудасына байланысты қылмыстардың нәтижесінде жәбірленуші ұрланған мүлікті жоғалтудан азап шегумен және т.б. салыстыруға келмейтін рухани-адамгершілік тұрғысынан азап шегуге ұшырайды [5].

Әдебиетте жәбірленушіге оған қатысты мүліктік сипаттағы қылмыс жасалған жағдайда да, моральдық зиянға өтемақы алу мүмкіндігін беру қажеттігінің теориялық негізділігі туралы пікір айтылады. Осыған ұқсас көзқарасты С.Нарижний де ұстанады [6]. Ол барлық жасалған қылмыстардың жартысынан астамын құрайтын пайдакүнемдік бағыттағы қылмыстардың барлық түрлері бойынша жәбірленушілер өздеріне келтірілген психикалық азапты өтеу мүмкіндігінен айырылады деп санайды. Шынында да, адам саудасының басқа нысандары туралы айтпағанда, жыныстық немесе еңбекпен қанаушылыққа ұшыраған адамдарға аса үлкен психологиялық күйзеліс әкелетінін жоққа шығаратын адамдар кемде-кем шығар.

Моральдық зиянды өтеу ережелерін түсіндіретін ҚР Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысының 3-тармағында моральдық зиян деп азаматтың құқыққа қарсы бұзушылық, оған тиесілі жеке мүліктік емес құқықтар мен игіліктерді кемсіту немесе айыру нәтижесінде сезінетін адамгершілік немесе дене азабын түсінген, ал, адамның эмоционалдық-ерік күйзелісі ретінде адамгершілік қайғы-қасірет деп олар сезінетін кемсіту, ызалану, басылып-жаншылу, ашу, ұялу, күйзелу, өзін қажетсіз сезіну, жайсыздық және т.б. сезімдерін түсіну керек екені көрсетілген.

Өкінішке орай, зардап шегушіге келтірілген мүліктік зиян оны келтіруде кінәлінің анықталмауына, немесе анықталған жағдайда, бірақ бұл үшін қаражаты жоқ, не тергеу мен соттан жасырынуына байланысты өтелмейтін жағдайлар орын алады.

Ұзақ уақыт бойы жәбірленушілер мүліктік мүдделерін қанағаттандыра алмайды, ал егер сот келтірілген зиянды өтеу міндетін жүктеген сотталған адам қандай да бір себептермен жұмыс істемесе, науқастануы бойынша, немесе жаза мерзімі аяқталғаннан кейін жазасын өтеуден босатылса, бұл үмітінен мүлде айырылады.

Қылмыспен келтірілген зиянның маңызды сипаттамасы оның мөлшері болып табылады, ол әдетте, жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесін бағалауға әсер етеді, ал бірқатар жағдайларда қылмыстың саралануын, жаза мөлшерін анықтайды. Іс жүзінде қылмыстық іс бойынша іс жүргізу процесінде мәлімделген талап қою бағасын жиі талапкердің өзі емес, талап қоюды қабылдау және азаматтық талапкер деп тану туралы мәселені шешетін тергеуші айқындайды. Алайда, мөлшерін бағалау, моральдық зиянды өтеу критерийлерінің және оның мөлшерін сандық бағалаудың жалпы әдісінің

болмауы құқық қолдану практикасында қиындықтарды туындатады. Материалдық емес зиянның мөлшерін сот қалай белгілейді, келтірілген зиянның орнын толтыру мөлшерін белгілеу кезінде қандай мән-жайлар маңызды рөл атқарады, егер бұл мәселені сот істің мән-жайларын ескере отырып анықтаса, жәбірленуші талап-арыздың бағасын қалай көрсете алады деген сұрақ туындайды. Осыған байланысты А.Эрделевский былай деп көрсетеді: «зардап шегушінің пайдасына зиян келтірушіден өндіріп алынатын және зардап шегушінің құқық бұзушылығына байланысты оның психикасына теріс әсерді азайтуға арналған ерекше айыппұл ретінде ақша түрінде ғана өтемақы берілуі мүмкін. Қайғы-қасірет тереңдігі дәл өлшеуге берілмейтіндіктен, ал ақшамен мүлдем өлшенбейтіндіктен, оның өтемақы мөлшеріне қандай да бір баламалылығы туралы айтуға болмайды. Алайда, азап шегудің үлкен тереңдігіне өтемақының үлкен мөлшері сәйкес келуі тиіс, және керісінше, яғни өтемақы мөлшері азап шегуге бара-бар болуы тиіс» [5].

ҚР Азаматтық кодексінің 917-бабының 1-тармағына сәйкес моральдық зиянды құқыққа қарсы кінәлі (қасақана немесе абайсызда) әрекеттермен (әрекетсіздікпен) келтірген адам толық көлемде өтеуге тиіс. Тұлға материалдық емес сипатқа ие, негізінен адамның рухани саласын қамтиды, сондықтан мүліктік зиянға қарағанда жәбірленуші жиі аса сезімтал және аса өткір түрде зардап шегетін рухани залалды өтеу мөлшерін анықтау әділ болуға тиіс. Бұл жағдайда әңгіме адамның өмірі мен денсаулығын бағалау туралы емес, жәбірленуші үшін қандай да бір дәрежеде ауыр зардаптары жоюдың бір түрі ретінде қабылдауымыз қажет [7].

Біздің ойымызша, ақшалай эквивалентті нақты анықтаудың мүмкін еместігі, ақшалай өтемақы түрінде моральдық зиянды өтеуден бас тарту үшін негіз болмауға тиіс. Өйткені, жеке адамға келтірілген мүліктік зиянды анықтау да, белгілі бір шамада шартты және аса бір дәлдікпен қарастырылмайды. ҚР АҚ 952-бабына сәйкес моральдық зиянды өтеу мөлшерін сот мән-жайлардың жиынтығы бойынша анықтайды. Мүліктік зиян, ол толық өтелсе де, басқа адамның қылмыстық іс-әрекеттері нәтижесінде айрылатынын ауыстыруға мүмкіндік бермеуі мүмкін. Жауапты адамға заңда немесе сот белгілеген мөлшерде моральдық зиян үшін қосымша өтем төлеу міндетін жүктеу проблеманы шешпейді, бірақ қандай да бір дәрежеде жәбірленушінің жан күйзелісін жеңілдетеді.

ҚР ЖС-ның 2005 жылғы 20 маусымдағы №1 «азаматтық талапты қылмыстық процесте қарау туралы» нормативтік қаулысының 17-тармағына сәйкес (ҚР ЖС-ның 2010 жылғы 25 маусымдағы №10 және 2011 жылғы 21 сәуірдегі №1 Нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге) моральдық зиянды өтеу туралы талаптарды қарау кезінде ҚР ЖС-ның 2001 жылғы 21 маусымдағы «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» (ЖС-тың 2003 жылғы 20 наурыздағы Нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістерімен бірге) №3 нормативтік қаулысын басшылыққа алу керек. Соған сәйкес, ол өз кезегінде, азаматтардың тууынан бастап және заң күшіне қарай тиесілі мүліктік емес жеке құқықтары мен игіліктерін сотта қорғау, және азаматтарға келтірілген

моральдық зиянды толық өтеу конституциялық құқықтар мен бостандықтарды іске асыру, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам құруды тиімді іске асыру болып табылатынына соттардың назарын аударады.

ҚР АҚ 952-бабына сәйкес моральдық зиян тек ақшалай түрде өтелетіндіктен, ал өтемақы мөлшерін сот анықтайтындықтан, өтемақы мөлшерін белгілеу кезінде сот заңдылық пен жеткіліктік қағидаттары негізінде, азаматтың жеке мүліктік емес құқықтарын бұзуға байланысты барлық нақты мән-жайларды ескере отырып қарастыруға, және сот белгілеген өтемақы мөлшері талапкердің мәлімдеген талаптарын орынды қанағаттандыру туралы негізделген қорытынды жасауға мүмкіндік беретіндей болуы қажет. Сондай-ақ сот іс материалдарымен расталған басқа да мән-жайларды, атап айтқанда, жәбірленушіге келтірілген моральдық зиян үшін жауап беретін азаматтың отбасылық және мүліктік жағдайын назарға алуға құқылы.

ҚР қылмыс құрбандарының пайдасына шешу жайлы доктринаны түбегейлі өзгертті. Бұл талап жаңа Қылмыстық, Қылмыстық процестік кодексінде көрсетілген, онда ҚР ҚПК-нің 173-бабында зорлау қылмыстары, оның ішінде адам саудасы құрбандарына арнайы өтемақы қорын құру туралы, Қордың жұмыс істеу негіздерін, тетігін, оның жұмысына жауапты құзыретті уәкілетті орган реттейтін жеке заң жобасы, сондай-ақ өтемақы алуға құқығы бар адамдар (және мұнда халықаралық тәжірибені есепке алу қажет), өтемақылардың мөлшері мен олардың түрлері, өтемақылар лимиті, денсаулыққа келтірілген зиянды есептеу, моральдық зиян және т.б. көрсетілген.

Қылмыспен келтірілген зиянды тез арада өтеу мақсатында кінәлінің мүлкін қылмыс құрбанының пайдасына тәркілеу, сондай-ақ олардың пайдасына айыппұл төлеу мүмкіндігін көздеу қажет, бұл ретте мұндай тәркілеу қылмыс жасаған адам үшін жаза түрі болуы тиіс.

ҚР «Жәбірленушілерге зиянды өтеу қорын құру туралы» Заңының 6-бабы бойынша мемлекет адам саудасының құрбаны болып табылатын жәбірленушілерге ақшалай өтемақылардың берілуіне кепілдік береді. Осы заңның 7-бабында мемлекеттік ақшалай өтемақы ҚР ҚК-нің 128, 135-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша адам саудасының құрбандары болып табылатын жәбірленушілерге тағайындалатыны нақтыланған. ҚР «Жәбірленушілерге зиянды өтеу қорын құру туралы» заңында келтірілген нормаларды есепке алып, адам саудасы саласындағы қылмыстарға қандай құқық бұзушылықтар жататыны туралы мәселені түсіндіру қажеттігі пайда болады.

«Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» заң 2018 жылдың қаңтар айында қабылданған болатын. Сол жылдың шілде айынан бастап шоттар ашылып, оларға қаражат жинала бастады. Заңға сәйкес көмек барлық жәбірленушіге бірдей беріле бермейді. Атап айтсақ: 1) сексуалдық зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстар бойынша жәбірленушілер болып табылатын кәмелетке толмағандарға, адам саудасымен және азаптаулармен байланысты қылмыстар бойынша жәбірленушілер деп танылған адамдарға; мұнда сонымен қатар жезөкшелікпен мәжбүрлеп айналыстырған кәмелетке толмағандар да кіреді; 2) денсаулығына ауыр зиян келтірілген не адамның

иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтырған адамдарға; 3) жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, жәбірленуші құқықтары берілген адамдарға беріледі. Қалған жәбірленушілер мемлекет тарапынан өтемақы алуға үміт арта алмайды. Тағы бір ескере кететін жайт, бұл қылмыскердің қылмысының құрбанына айналған адамға төлейтін моральдық және материалдық зиян сомасы емес. Бұл қылмыскердің айыппұл мен басқа санкцияларын бөлек, мәжбүрлі түрде төлейтін өтемақысы. ҚР ҚК-нің 98-2-бабында «Ауыр қылмыстар үшін – 20 АЕК, аса ауыр қылмыстар үшін – 30 АЕК мөлшерінде өндіріп алады», - деп көрсетілген. Бұдан бөлек, қордағы қаражат мөлшері өз міндетін орындамайтындар және сот залындағы тәртіпті бұзғандар есебінен де ұлғая түседі. Өтемақы алуға өтінішті сот күдіктінің кінәсін анықтағаннан кейін үш жыл көлемінде беруге болады. Егер ақша тез арада қажет болса, оны сотқа дейінгі анықтау шаралары аяқтала салысымен алуға болады. Ол үшін қылмыстық қудалау органдарына өтініш түсіру қажет. Жәбірленушілерге берілетін өтемақы көлемі жасалған қылмыстың деңгейіне байланысты 30-дан 50 АЕК-ке дейінгі аралықта болады. Төлемақы өтініш қаралған соң он күнтізбелік күннен кешіктірілмей төленеді.

Сондай-ақ заңда кейбір жағдайларда жәбірленушілерге өтемақы төлеуден бас тартылу жағының да қарастырылғанын естен шығармаған жөн. Бұл кінәлі адам моральдық және материалдық шығындардың орнын толтырған жағдайда болуы мүмкін. Тағы бір ескере кетерлік жайт, егер апелляциялық сот шешімімен сотталушы кінәсіз деп танылса, төленген өтемақыны қайтаруға тура келеді. Сот моральдық және материалдық шығынды өтеу туралы шешім шығарарда жәбірленушінің мемлекет тарапынан алған сомасын да назарға алатын болады. Сотталушылар аталмыш қорға ақшаны 2018 жылдың ортасынан аударып бастаған болатын, алайда жәбірленушілер бұл қордан өтемақыны 2020 жылдың 1 шілдесінен бастап ала бастайды [8].

Қылмыс құрбандарына өтемақы қорлары мен бағдарламалары бар бүкіл әлемде зиянды өтеу мәселесі құрбандарға тегін медициналық, психологиялық және заңгерлік көмек, олардың әлеуметтік интеграциясы, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұсынуымен міндетті түрде байланыстырылатынын атап өткіміз келеді, бұл қылмыс құрбандарына көмек көрсетудің бірыңғай жүйесіне қосылады. Адам саудасының құрбандары үшін мемлекеттік және Үкіметтік емес ұйымдар тартылған тұтас бағдарламалар бар.

Ол үшін адам саудасына байланысты істер бойынша шет елдердің тергеу және сот тәжірибесін мұндай істерге азаматтық талап қою, сот үкімдері мен шешімдері бойынша, жәбірленушілердің саны және т.б. бойынша өтемақылар беру тұрғысынан зерделеу қажет.

ҚР ҚПК-нің 71-бабы 4-бөлігіне, 5-бөлігіне сәйкес жәбірленушіге қылмыстық процесте азаматтық талап қою құқығы түсіндіріледі және оған қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген мүліктік зиянды, сондай-ақ оның осы Кодексте белгіленген қағидалар бойынша өкілге арналған шығындарын қоса алғанда, қылмыстық процеске қатысуына байланысты шеккен шығыстарын өтеу қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық істерді зерделеу аталған санаттағы істер бойынша азаматтық талап қоюлар елімізде жекелеген соттарда сирек кездесетінін көрсетеді.

Сот үкімі бойынша сотталғаннан талап қоюды өндіріп алу – орындауға атқару парағы берілетін уақытты, сотталғанның материалдық жағдайын, келтірілген зиянды өтеу үшін өндіріп алуға болатын оның кірісі мен мүлкінің болуын, бас бостандығынан айыруды өтеу орнында жұмыс болуын есепке алып, әрқашан нақты орындауды білдірмейді.

ҚР «Жәбірленушілерге зиянды өтеу қорын құру туралы» Заңын қабылдау осындай құқық бұзушылықтардан жәбір көрген тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін белгілі бір көлемде іс жүзінде қорғауды қамтамасыз етеді деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1 2014-2015 жылдары қаралған адам саудасы туралы істер бойынша жәбірленушілердің құқықтарын сотта талқылауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша сот практикасын қорыту // [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік тәртібі:

http://sko.sud.kz/system/files_force/obobshchenie_po_voprosam_obespecheniya_priv_poterp_kaz.doc?download=1

2 Сарсенов Б. Защита прав потерпевших в уголовном процессе. / Б. Сарсенов // Заңгер. – 2017.- №9 (194). –Б.49-51

3 Агыбаева Л.А. Обобщение по вопросам обеспечения в судебном разбирательстве прав потерпевших по делам о торговле людьми (на основе рассмотренных в 2014-2015 г.г. уголовных дел), г.Астана, 15.09.2016 г.

4 Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің интернет-ресурсы. /Qamqor.gov.kz/

5 Кожан Т.А. Судья Верховного Суда РК. Практика компенсации вреда жертвам торговли людьми.// <http://www.zakon.kz/4701299-praktika-kompensacii-vreda-zhertvam.html>

6 Нарижний С. Компенсация морального вреда: уголовно-процессуальный аспект. Автореф. дисс...канд.юр.наук. Спб., 1999. Б. 13.

7 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_

8 2020 жылдың ортасынан бастап түрлі қылмыстың құрбаны болғандарға мемлекеттік қордан арнайы өтемақылар беріле бастайды.// http://buqara.kz/post/2020_zhyldyn_ortasynan_bastap_turli_kylmysty

Қылмыстық заңның кері күшін қолдану мәселелері

Қазақстан Республикасы Конституциясының (әрі қарай – Конституция) 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары»[1] - деп жарияланған.

Бұл аталған мүдделер қылмыстық-құқықтық нормаларда да көрініс табады. Нақты айтқанда, жәбірленушінің құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, сондай-ақ осындай қол сұғушылық жасаған адамдардың қоғамға бейімделуіне жағдай жасау маңыздылығын айтуға болады.

Біріншіден, қылмыс жасаған адамдар, азаматтар және тиісінше қоғам мен мемлекеттің мүшелері болуын тоқтатпайды, сондықтан басты, маңызды, заң шығарушы азаматтар сияқты өзіне де назар аударуды талап етеді.

Екіншіден, қоғам мен мемлекет азаматтық институттардың дамуын, экономикалық қатынастарды ескере отырып, құқықтық жүйені, оның жекелеген салаларын, соның ішінде қылмыстық құқықты жетілдіреді. Жеке тұлғаның мүдделерін қорғауды қамтамасыз ете отырып, осындай қорғаудың тиімділігі мақсатында өздерінің іс-әрекеттерге деген көзқарасын жиі өзгертеді. Ол оларды өз ықпал ету саласынан алып тастайды не өзінің қарауында қалдырады, бірақ бұл ретте олардың бағасын өзгертеді, бұл қылмыс жасаған адамдардың қылмыстық-құқықтық жағдайының жақсаруына немесе нашарлауына әкеп соғады.

Мұндай өзгерістер қылмыстар бір заңның қолданылуы кезеңінде жасалатын, ал қылмыстық іс қозғау, адамға айып тағу, қылмыстық істі сотта қарау, соттың айыптау үкімін шығаруы, оның күшіне енуі, сот тағайындаған жазаны орындау басқа заңның қолданылуы кезеңінде жүзеге асырылатын жағдайды жасайды. Бұл заңды қолдануға байланысты құқықшығармашылық және құқық қолдану проблемаларын туындатады, ол көбінесе тиісті мүдделерді, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етеді. Нәтижесінде күшін жойған қылмыстық заңның әрекет ету кезеңінде жасалған іс-әрекеттерге жаңа заң қабылданған кезде басқаша саралау қажеттілігі туындайды.

Бірақ бұған түбегейлі қарсы пікірді Ресей Федерациясы Урал мемлекеттік заң университетінің сот қызметі кафедрасының ғылыми ізденушісі Сумина Вера Сергеевнаның Российский судья журналының №12 басылымында жарық көрген «Процессуальный порядок придания уголовному закону обратной силы» атты еңбегіндегі А.Д.Прошляковтың «освобождение от отбывания наказания или его смягчение есть вторжение в существо приговора и ничем иным быть просто не может» [2] дегенінен байқауға болады. Яғни ол жазаны өтеуден

босату немесе оны жеңілдету үкімнің мән-жайына басып кіру болып табылады және өзгеше болуы мүмкін емес деп санайды.

Алайда Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет ретінде жалпыға бірдей халықаралық құқықтық актілерді мойындайды және құрметпен қарайды.

Сондықтан, 2005 жылғы 28 қарашада Қазақстан Республикасы №91-III заңымен ратификациялаған және 2006 жылғы 24 сәуірде күшіне енген 1966 жылғы 16 желтоқсандағы «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің» 15-бабына сүйене отырып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (әрі қарай - Қылмыстық кодекс) 6-бабында қылмыстық заңның кері күшін қолдану нормасы енгізілген.

Бұл норманың талабында іс-әрекеттің қылмыстылығын және жазаланушылығын жоятын, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жауаптылығын немесе жазасын жеңілдететін немесе жағдайын өзге де түрде жақсартатын заңның кері күші болады, яғни осындай заң қолданысқа енгізілгенге дейін тиісті іс-әрекетті жасаған адамдарға, оның ішінде жазасын өтеп жүрген немесе жазасын өтеген, бірақ сотталғандығы бар адамдарға қолданылады [3] - деп көрсетілген.

Алайда, Қылмыстық кодекстің 6-бабын қолданудағы сот талқылауының жеткіліксіз практикасы және Қылмыстық кодекстің осы ережесін қолдануға байланысты туындайтын кейбір мәселелерді заңсыз реттеу жергілікті соттарда елеулі қиындықтар тудырып, істерді қарау кезінде пікірлердің алшақтығына әкеп соқты.

Осыған орай, жоғарыда аталған пактінің және Конституцияның 77-бабына негіздеп, Жоғарғы Соттың 2016 жылғы 22 желтоқсандағы жалпы отырысында қылмыстық заңнаманы қолдану бойынша құқықтық және бірыңғай сот тәжірибесін анықтау мақсатында "Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6-бабын қолданудың сот тәжірибесі туралы" Нормативтік қаулы (әрі қарай – Нормативтік қаулы) қабылданды.

Конституциялық талаптарға сәйкес, жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады [1].

Яғни іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын белгілейтін, осындай әрекетті жасаған адамның жауаптылығын немесе жазасын күшейтетін, сондай-ақ жағдайын өзге де түрде нашарлататын заңдардың кері күші болмайды.

Қылмыстылықты немесе жазаланушылықты жоятын заң деп, бұрын қылмыстық құқық бұзушылық деп танылған іс-әрекет алынып тасталған заң танылады. Мәселен Қылмыстық кодекстен толықтай алынып тасталған немесе әкімшілік сипатқа енген нормаларды айтуға болады.

Нормативтік қаулыда, неғұрлым жеңіл жазаны көздейтін заң онша қатаң емес, ал жазаның түрі бірдей болғанда – ең жоғары мерзімнен немесе оның санкциясының мөлшері кемі болып табылады. Жазалаудың жоғары мөлшері неғұрлым жеңілмен тең болған кезде жазалаудың төменгі мерзімі немесе

мөлшері неғұрлым жеңіл болып табылатын немесе балама санкциясы бар заң танылады[4] - деп түсіндірілген.

Сонымен қатар, Нормативтік қаулыда құқық бұзушылық жасаған адамның жағдайын өзге түрде жақсартатын заң деп жазаны тағайындау қағидаларын, қылмыстық жауаптылықтан немесе жазалаудан босату шарттарын жұмсартатын, соттылықты өтеу немесе алып тастау мерзімдерін азайтатын заң танылады.

Жауаптылықты немесе жазалауды жұмсартатын заңдарға:

қылмыстық заң нормасының санкциясы жеңіл жағына өзгерген;

баптың санкциясына неғұрлым жеңіл жазалаудың балама түрі енгізілген;

баптың санкциясынан қосымша жаза алынып тасталған құқық нормалары жатады [4] –делінген.

Осы тұста Қылмыстық кодекс және Нормативтік қаулыға контент талдау жасау арқылы терминдердің қайшылығын байқауға болады. Нақтырақ айтсақ, Нормативтік қаулыда қолданылған жауаптылықты немесе жазалауды жұмсартатын термині Қылмыстық кодекстегі жеңілдететін терминін алмастырған.

Осы тектес кемшіліктерге үнемі назар аударып, заң шығару тәжірибесінде мемлекеттік тілге жанашырлық танытып жүрген заң ғылымдарының кандидаты Примашев М.Н. «Конституциялық заңнама лексикасы: салыстырмалы контент-талдау» атты еңбегінде ресми құжаттар мен құқықтық нормаларды қазақ тілінде сауатты да сапалы дайындауға ұмтылу қажеттігін көрсетеді [5].

Жалпы Нормативтік қаулының негізгі мақсаты қылмыстылықты немесе қылмыс үшін жазаны жоятын, неғұрлым күрделі жазаны көздейтін, әйтпесе қылмыскердің жағдайын жақсартатын немесе жауапкершілік пен жазаны жеңілдететін заңдарды кеңінен түсіндіруден тұрады.

Қаулы шығарған шешімнің 4-тармағында егер жаңа қылмыстық заңнама бұрынғы заңның санкциясын белгілесе және қылмыс жасаған адамның жағдайын жақсартпаса, онда ол қол сұғылмайды және қолданылмайтын болады және бұл жағдайда қылмыс пен жаза сол кезде қолданылған заңдарға қаралатын болады деп түсіндіріледі.

Сондай-ақ, кері қылмыстық құқық туралы заңның ережелерін қолдану кезінде бір мезгілде қылмыстық жауапкершілікке тартылған адам үшін жағдайды жақсартатын ережелерді қолдануға рұқсат етілмейді, ескі қылмыстық заңнама қолайлы құқықтық салдарға алып келетін нормаға ғана қолданылады деп есептеледі.

Үкімді орындауға байланысты мәселелерді қараған кезде сот жаңа Қылмыстық кодекстің өзгеруіне сәйкес қылмыс туралы заңды өзгертуге және осы баптың санкциясы шегінде жазаны азайтуға және қосымша санкциясыз қылмыстық құқықты қолдануға құқылы.

Әдебиеттер тізімі:

1 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциясы» http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

2 Сумина В.С. «Процессуальный порядок придания уголовному закону обратной силы». Российский судья №12 декабрь 2016.

3 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі», <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

4 «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашада №91 Заңы, http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091_

5 «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 6-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №15 Нормативтік қаулысы, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000015S>

5 Примашев М.Н. «Конституциялық заңнама лексикасы: салыстырмалы контент-талдау» №3 (39) 2015 ж. Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы, <https://cyberleninka.ru/article/n/konstitutsiyaly-zhanna-leksikasy-salystyrmaly-kontent-taldau/viewer>

Иманкулов А.Ж.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
жанындағы Сот төрелігі академиясынымагистранты,
e-mail: imankulov.a.z@outlook.com

Жеке басты тінту мен оны санкциялаудың кейбір мәселелері

Дәлелдемелерді жинау процесінде тінтудің алатын орны ерекше, маңызы бойынша ол қарап-тексеруден кейінгі басты тергеу әрекеті болып табылады. Оның тарихына қысқаша көз жүгіртер болсақ, тінтудің ең алғашқы түсінігі батысевропалық құқықтың ежелгі рим дәуірінен белгілі «XII бағана Заңдарында» берілгенін көреміз. Онда тінтуге (aerugum – меншіктегі) – «...заттарды іздеуге бағытталған әрекет» - деген анықтама берілген [1; 140 б.].

Ресейде тергеу әрекеті ретіндегі тінту ең алғаш рет IV (Қаһарлы) Иван дәуіріндегі құқықтың жазба қайнар-көздерінде көрініс табады. Мысалы, 1497-1550 ж.ж. «Судебник» адамды тінту мен оны азаптауды қылмыстық процесті жүргізудің негізгі әдісі ретінде қарастырған, сондай-ақ ол дәуірдің барлық қылмыстық іс жүргізу өндірісі жалпылама «обыск» деп аталған. «Губные старосты и целовальники» деген шенділер қара халықты бір орынға жинап «повальный обыск» жүргізетін болған. [2; 33 б.].

Ал қазақ даласына келер болсақ, «Қазан төңкерісіне» дейін Ұлы далада түрмелердің болмағаны секілді тергеушінің де тінтушінің де болмағаны тарихтан белгілі және бұл көшпелі дала өркениетінің өзіндік ерекшелігі болып табылады. Осы тұрғыда заңғар ғалым С.З. Зиманов «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» - деп аталатын еңбегінде «Ежелгі қазақ даласындағы

заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасырының» негізін құраған идеялар адами маңызы бар көшпелі өркениеттің өзгеше құбылысы болып табылады...» - деп жазып кеткен [3, 85 б.].

Кеңес дәуірінде тінту жүргізу тергеу әрекеті ретінде біршама дамып, жетіле түсті. Тұрғын үйге тінту енді арнайы қаулы шығару арқылы және куәлердің қатысуымен жүргізілетін, ең бастысы прокурормен санкцияланатын болып бекітілді. Әрине мұның заңдылықтың сақталуына оң ықпалын тигізгені сөзсіз.

Тінту мен жеке басты тінтудің басты да аса маңызды даму сатысы тәуелсіз Қазақстанның ұлттық құқық жүйесіне 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген тергеу соттарының өкілеттігін кеңейтумен байланысты. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігі жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Заңымен тергеу судьяларының өкілеттілігі одан әрі кеңейтіліп, оларға қарап-тексеруді, тінтуді, алуды және жеке басты тінтуді санкциялау өкілеттілігі берілді [4].

Айта кетерлігі қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнама тінту мен жеке басты тінтудің түсінігін нақты ашып қарастырмайды. Қылмыстық-процестік кодекстің 31-тарауында тінту жүргізудің мақсаты мен негіздері (252-бап), оны жүргізу тәртібі (254-бап) қарастырылса, ал жеке басты тінтуге қатысты (255-бап) көбіне жоғарыда аталған нормаларға сілтемелер жасаумен шектеледі [4].

Көрсетілген баптарға талдау жүргізу барысында мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндердің мағыналық сәйкессіздігі анықталды. Мысалы, 255-баптың 1-бөлігі қазақ тілінде былай жазылған: «Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам... тінтілетін адамның денесіндегі немесе денесінің ішіндегі, оның киіміндегі нәрселер мен құжаттарды және оның жанындағы нәрселерді табу және алып қою мақсатында жеке басына тінту жүргізуге құқылы». Ал орыс тілінде бұл ереже мынадай редакцияда тұжырымдалған: «...лицо, осуществляющее досудебное расследование, вправе произвести личный обыск в целях обнаружения и изъятия предметов и документов, находящихся на теле или внутри тела обыскиваемого, в его одежде и имеющихся при нем вещах».

Жоғарыдағыларға сәйкес қазақ тіліндегі редакцияда «...оның жанындағы нәрселерді...» деген сөздер тінтілетін адамның айналасындағы (маңайындағы) нәрселерді табу мен алып қоюды білдіреді және ол нәрселердің тінтілетін адамның өзіне тиесілі болмауы мүмкіндігі де жоққа шығармайды. Ал қаралып отырған норманың орыс тіліндегі редакциясындағы «...имеющихся при нем вещах...» сөздері жеке басы тінтілетін адамның өзімен бірге алып жүрген заттарын ғана қарастырады.

Осылайша осы норманың қазақ және орыс тілдеріндегі редакциялары жеке басты тінтудің мақсатын, яғни іске маңызды нәрселерді табу мен алып қою мәселелерін әртүрлі айқындайды. Аталған кемшіліктер құқықтық норманың мазмұнын бұрмалап, оны біржақты түсінуге мүмкіндік бермейтін екіұдай түсініктерді туындатады.

Сонымен қатар, Қылмыстық-процестік кодекстің 255-бабында тегеу әрекетінің атауы мемлекеттік тілде «Жеке басын тінту» болса, орыс тілінде «Личный обыск» - деп аталады [4]. Бұл жерде қазақ тіліндегі мәтіннің орыс тілінен мүлдем сәтсіз аударылғанын көреміз. Асылында «Адамның жеке басын тінту» немесе қысқаша «Жеке тінту» деп жазған дұрыс болар еді деп ойлаймыз. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс жүргізу кодексінде (күші жойылған) «Жеке адамды тінту» редакциясында берілгенін атап өтуіміз керек [5].

Осы қалыптасқан терминді дұрыс қолданбау қазақ тілінің заңдылықтарын бұзып қана қоймай, мәтіндерді дұрыс түсінуге орасан кедергі келтіреді. Айталық, 255-баптың 2-бөлігінде көрсетілген «Жеке басын тінтуді тінтілетін адаммен жынысы бір адам ғана ... жүргізеді» деген сөйлемді қарапайым, түсінікті тілде - «Жеке адамды тінтуді онымен бір жынысты адам ғана ... жүргізеді» - деп редакциялауға болар еді. Немесе аталған баптың 3-бөлігінің соңғы сөйлемін алайық – «Тінтілетін адамның денесінің ішіндегі нәрселерді табу қажет болған кезде жеке басын тінтуге тиісті бейіннің мамандыры қатысады». Мәтіндегі норманы толық түсіну үшін қалыптасқан әдет бойынша оның орыс тіліндегі редакциясына жүгінеміз. Онда: «При необходимости обнаружения предметов внутри тела обыскиваемого при личном обыске участвуют специалисты соответствующего профиля» - деп жазылған. Яғни бұл жерде «соответствующего профиля» сөздері «тиісті бейіннің» - деп аударылған. Осы тұрғыда 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі бар «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «бейін» сөзінің мүлдем кездестірілмейтінін айта кетуді жөн санаймыз [6].

Қылмыстық процеске қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз, негізсіз шектеуден қорғау, сондай-ақ бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге бағытталған заңмен белгіленген шараларды қабылдау сот билігі органдарының басты функцияларының бірі екені белгілі. Әрине бұл тұрғыда тергеу соттарының алатын орны ерекше. Адамның жеке басын тінту Конституцияның 16 және 17-баптарымен белгіленген оның жеке басы мен қадір-қасиетіне тиіспеушілік құқықтарын тікелей қозғайтындықтан, бұл тергеу әрекеті тергеу судьясының санкциясымен жүргізілуі тиіс.

Алайда заңда көзделген кей жағдайларда ол соттың санкциясынсыз да жүргізілуі мүмкін. Атап айтқанда, Қылмыстық-процестік кодекстің 255-бабының 3-бөлігіне сәйкес, жеке басты тінту, мына жағдайлардың біреуі болған болған кезде:

1) егер осы Кодекстің 254-бабының талаптарын сақтай отырып тінту жүргізіліп жатқан үй-жайдағы немесе өзге орындағы адам іс үшін маңызды болуы мүмкін құжаттарды немесе нәрселерді өзінде жасырып отыр деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса;

2) егер ол адам ұстап алынған немесе күзетпен қамалған кезде жүргізілген болса, арнайы қаулы шығарылмай және тергеу судьясының санкциясынсыз жүргізілуі мүмкін [4].

Аталған нормадан көріп отырғанымыздай кезек күттірмейтін ерекше жағдайларда жеке басқа тінту жүргізу арнай қаулы шығарылмай-ақ, тіпті

соттың санкциясыз да жүргізіледі. Әлбетте, дер кезінде тиісті тергеу әрекетін жасамау құнды деректердің жоғалуына әкеліп соқтыруы мүмкін, сондықтан бұл мәжбүрлі шара болып табылатыны дау тудырмаса керек.

Дегенмен де, аталған тергеу әрекеті аяқталғаннан кейін қажетті материалдар тергеу судьясына тексеру үшін жіберілмейтіндігі, тіпті ол туралы прокурорға да хабарланбайтыны заңды сұрақтар туындатады. Бұл сұрақтарымыз салмақтырақ болуы үшін қылмыстық-процестік заңнаманың өзге де нормаларына жүгінеміз. Мысалы, қылмыстық-процестік заңнамада дәл осындай кейінге қалдыруға болмайтын айрықша жағдайларда қарап-тексеру, тінту мен алуды сот санкциясынсыз жүргізуге жол беріледі, алайда одан кейінгі міндетті сот бақылауы қарастырылған.

Атап айтқанда Қылмыстық-процестік кодекстің 254-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, айрықша жағдайларда, іздестіріліп жатқан және (немесе) алып қоюға жататын объект оны табуды ұзаққа созудан жоғалуы, бүлінуі немесе қылмыстық мақсатта пайдаланылуы мүмкін болғанда не іздестіріліп жатқан адам жасырынуы мүмкін болғанда тінту және алу тергеу судьясының санкциясынсыз, осы Кодекстің 220-бабының он төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен жүргізілуі мүмкін.

Ал аталған 220-баптың он төртінші бөлігінде былай көрсетілген: «Егер тұрғын үй-жай оқиға орны болса және оны қарап-тексеруді кейінге қалдыруға болмаса, онда тұрғын үй-жайды қарап-тексеру кейіннен материалдарды бір тәулік мерзімде тергеу судьясына жібере отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қаулысы бойынша жүргізілуі мүмкін. Қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберіледі. Тергеу судьясы жүргізілген қарап-тексерудің заңдылығын тексереді және оның заңды немесе заңсыз екені туралы қаулы шығарады, ол қылмыстық істің материалына қоса тігіледі. Жүргізілген қарап-тексерудің заңсыз екені туралы шешім қабылданған жағдайда, оның нәтижелері іс бойынша дәлелдемелер ретінде жіберіле алмайды.» [4].

Көріп отырғанымыздай заң шығарушы кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізуде белгілі бір жағдайларда «кейінгі» сот бақылауын белгілесе, келесі бір жағдайларда мұндай бақылауды мүлдем қарастырмайды. Осылайша үй-жайды тінту барысында жүргізілген жеке басқа тінту тергеу судьясының бақылауынан да, қорғауынан да тыс қалатын жағдайлардың бар екенін көреміз.

Бұл жерде тұрғын үйге тиспеушілік құқығы адамның жеке басының бостандығы мен оның қадыр-қасиетіне қол сұғылмаушылық құқығынан үстемдеу екенін білдірмесі анық. Аталған конституциялық құқықтардың біріне басымдылық беріп, келесісін төмендетуге жол берілмейтінін атап өтуіміз керек.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 16-бабының бірінші тармағына сәйкес әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар, ал оның 17-бабының бірінші тармағында «Адамның қадыр-қасиетіне қол сұғылмайды» – деп көрсетілген.

Олай болса соттың санкциясынсыз жеке басқа тінту жүргізу және оған «кейінгі» сот бақылауының болмауы осы аталған конституциялық құқықтарды

бұзу болып табылады, яғни ҚПК-тің 255-бабының 3-бөлігінің 1)-тармақшасы Конституцияның 16 және 17-баптарына қайшы келеді деп есептейміз.

Сонымен қатар, аталған норма Қылмыстық-процестік кодекстің 10 (заңдылық), 13 (жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу), 14-баптарында (жеке басқа қол сұғылмауылық) көзделген қылмыстық процестің қағидаттарына қайшы келеді.

Сондықтан, біздің ойымызша соттар адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым көрсететін мұндай нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқылы емес. Егер сот қолданылуға жататын заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым көрсетеді деп тапса, ол іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсынумен Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне өтініш жасауға міндетті [4].

Жеке басқа тінту жүргізудің аталған «жеңілдетілген» түрін Қылмыстық-процестік кодекстің 220-бабының он төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен жүргізу туралы тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі тиіс.

Қылмыстық процесті жүргізуде адамның жеке бас бостандығына, жеке өміріне қол сұқпаушылықты және өзге де құқықтарын қамтамасыз ететін конституциялық нормалар мен заңдарды дұрыс әрі біркелкі қолдану тұрғысынан бұл сұрақтар өзінің тиянықты шешуін талап етеді. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарының адамның жеке бас бостандығына және қадір-қасиетіне қол сұқпауды қамтамасыз ететін нормаларын қылмыстық сот ісін жүргізуде дұрыс және біркелкі қолдануды реттейтін нормаларды жетілдіруге бағытталған тиісті шаралар қолданылуы қажет деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Цахаев А.М., История возникновения следственного действия – обыск // <http://novaum.ru>. юридические науки. – 2019. - №21. – с.410.
2. Руденко А.Н., История развития института обыска // [http://Отечественная юриспруденция](http://Отечественная_юриспруденция). -2016. - №9 (11). – с.33.
3. Зиманов С.З., Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. Алматы: Ата мұра, 2008. – 2016 б.
4. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігі жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы №378-V Заңы// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000378>.
5. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі Қылмыстық-процестік кодексі. № 231-V ҚРЗ// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231#z3352>.
6. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс жүргізу кодексі (күші жойылған). http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000206_.

7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. /-Алматы:Дайк-Пресс, 2008.-967.б-(Қазақ сөздіктері.).

Қойшыбаев Н.М.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
жанындағы Сот төрелігі академиясы,
e-mail: nureke.kn@gmail.com

Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген залалды өтеу бойынша кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабында «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар» делінген [1]. Қылмыстық процестегі залалды өтеу – заңсыз қылмыстық қол сұғушылықтан қорғаудың маңызды құралы.

Жаңа редакциядағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі залалды өтеу туралы мәселелерге ерекше назар аударды [2].

Жалпы залалды өндірудің үш түрі бар: азаматтық талап, реституция және қылмыспен келтірілген залалды ерікті түрде өтеу. Аталаған залалды өндірудің бұл түрлері бойынша нақты анықтама берілмеген, дегенмен осыған байланыс нормалар бар. Мысалы: азаматтық талап бойынша, татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату – кейін істің тоқтатылуының негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика комитетінің «Қылмыстық істерді тергеу кезінде азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау туралы қылмыстық қудалау органдары жұмысының көрсеткіштері» атты мәліметтеріне сәйкес, 2019 жылы қылмыстық қудалау тоқтатылған не ақтау үкімі шығарылған адамдардың саны – 1017, тергеу органдары бойынша – 726, анықтау органдары бойынша – 291 [3].

Егер мүліктік зиянды өтеу туралы талапты беруге арналған алты ай мерзім өтіп кетсе және қалпына келтірілмесе, онда адам тек азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен сотқа талап-арызбен жүгінуге құқылы. Көбіне соттар материалдық залалдың болғаны дәлелденбесе де жәбірленушілердің талап-арыздарын толық қанағаттандырып, қылмыспен келтірілген залалды өндіреді.

Жәбірленушілер өз құқықтары туралы хабардар болмауынан көбіне қылмыспен келтірілген залалды өтемейді.

«Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 7 нормативтік қаулысына сәйкес соттың ақтау үкімі немесе анықтау, алдын ала тергеу органдарының, прокуратураның қылмыс оқиғасының болмауы салдарынан, қылмыс құрамының болмауы салдарынан немесе адамның қылмысқа қатысқаны дәлелденбеуі салдарынан қылмыстық істі қысқарту

туралы қаулысы шығарылған жағдайда адамды толық ақталды деп тану керек [4].

Заңсыз қылмыстық жауапкершілікке тарту ол адамның әр түрлі процессуалдық және материалдық құқықтарын бұзады. Сол үшін келтірілген шығындарды қалпына келтіру маңызды роль атқарады. Мысалы: ақталған адам қайтып бұрынғы жұмыс орнында қызметкер ретінде қайта жұмысқа шығуына құқығы бар.

Залалдарды өтеуді Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі толығымен реттемейді, көбіне талап қоюлар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қойылуы мүмкін. Мүліктік зиянды өтеуге мыналар жатады: жалақы, зейнетақы, жәрдемақылар, қылмыстық қудалау нәтижесінде айырылған басқа да заттар мен құралдар.

Біздің ойымызша, қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген залалды өтеу келесі залалдарды қамтуы қажет.

- 1) мүліктік сипаттағы залал;
- 2) алынбаған пайда немес жіберілген мүмкін болған табыстар;
- 3) шығындар (денсаулықты қалпыны келтіру, жерлеуге байланысты);
- 4) мүмкін болатын шығындар (заңгер көмегін алумен байланысты).

Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген залалды өтеудің негізі – салдарынан зиян пайда болған оқиғалар.

Кейде залал тек бір органның ғана емес, сонымен қатар бірден бірнеше органдардың немесе лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттеріне туады, әріне ол іс-әрекеттірді анықтау қиын.

Осы ретте Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 922-бабын атап көрсеткен жөн. Аталаған баптың 1-тармағына сай, мемлекеттік органдардың заң актілеріне сәйкес келмейтін актілерді шығаруының салдарынан келтірілген зиян актіні шығарған органдар мен лауазымды адамдардың кінәсіне қарамастан, сот шешімі негізінде өтелуге тиіс. Зиян мемлекеттік қазына есебінен өтеледі. Қаржы органдары не арнайы тапсырма бойынша басқа органдар мен азаматтар қазына өкілдері болады. АК-тің 922-бабының 2-тармағы жергілікті өзін-өзі басқару органдары өз органдары мен лауазымды адамдары келтірген зиян үшін сот тәртібімен жауап береді делінген. АК-тің 923-бабы анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиян үшін жауапкершілікті көздейді. Аталған органдардың кінәсіне қарамастан, заң актілерінде белгіленген тәртіппен толық көлемде мемлекет өтейді. Зиян АК-тің 922-бабында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша өтеледі.

Бұл нормалардың ерекшелігі арнайы субъектінің болуында, олар анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдары және заңсыз әрекеттері болып танылатын шектелген тізімнің бар болуы. Олар:

осы баптың төртінші бөлігінде көзделген жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) 32-бабының екінші және үшінші бөліктерінде аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар

туралы істер бойынша жекеше айыптаушының шағымы болмаған кезде қылмыстық қудалауды жүзеге асыру;

істе қылмыстық ізге түсу органдарының қылмыстық істі тоқтату туралы бұзылмаған қаулысы, сондай-ақ дәл сол айыптау және дәл сол адамға қатысты қылмыстық ізге түсудің мүмкін еместігін белгілеген күшіне енген үкім немесе сот қаулысы бола тұра қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыру;

сот оқиғасының немесе адамның әрекетінде қылмыс құрамының болмағанын немесе адамның қылмыс жасауға қатысқаны дәлелденбегенін, прокурордың және жеке айыптаушының айыптаудан бас тартқанын, жеке айыптау ісі бойынша жеке айыптаушының айыптаудан бас тартқанын (ҚПК-нің 32-бабының төртінші бөлігінде көзделген реттерден басқа), Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 71 және 88-баптарында көзделген қылмыстық жауапкершілікке тарту мерзімінің ескіруін және адамның осы негіз бойынша істі тоқтатуға келісімін, ҚК-нің 68-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген реттерде жәбірленуші мен айыптының, сезіктінің достасқанын, адамның жасаған әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікті жоятын жаңа қылмыстық заңның қабылданғанын, жазадан босататын амнистия актінің шыққанын және адамның осы негіз бойынша істі тоқтатуға келісімін, адамға кешірім жасау актісінің қабылдануын растайтын фактілер белгіленгеннен кейін қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыру.

Сондай-ақ, қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттеріне мыналар жатады: қылмысты дәрежелілеу кезінде қылмыстық заң нормаларын дұрыс қолданбау; бұлтартпау шараларын немесе заңда көзделген өзге де процессуалдық мәжбүрлеу шараларын заңсыз қолдану; қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін сезікті ретінде ұсталған адамды немесе бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұсталған адамды оның өміріне және денсаулығына қауіпті жағдайда ұстау; қамаудағы емес адамды сот-психиатриялық немесе сот-медициналық сараптама жүргізу үшін бұл туралы сот шешімі болмаса да, медициналық мекемеге мәжбүрлеп орналастыру; зорлық, қатаң немесе адамның ар-намысын қорлайтын шаралар қолдану; процессуалдық әрекеттерді оған қатысатын адамдардың өміріне және денсаулығына қауіп тудыратын жағдайларда өткізу, қылмыстық процеске қатысушы адамның абыройын қорлайтын немесе ар-намысын кемітетін шешімдер шығару және әрекеттер жасау жеке өмір туралы мәліметтерді, сондай-ақ өзге де адамның құпия етуді қажет көрген жеке сипаттағы мәліметтерді ҚПК-да көзделмеген мақсаттар үшін қолдану және жариялау; заңсыз соттау; медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын заңсыз қолдану; тәрбиелік ықпал ету мәжбүрлеу шараларын және басқаларын заңсыз қолдану [4].

Бұл ретте адамның өзі жайлы дұрыс емес мән-жайларды жеткізу, тікелей қасақаналықпен көрінеу жалған ақпаратты жеткізу сияқты жағымсыз жайтты анықтап біліп, ескеру керек. Мысалы, «қылмыс жасадым» деп келген мойындау айғақтары немесе бөтеннің кінәсін өзіне алғанда, кейін қайта ақталып шыққан жағдайларда.

Ақталып шыққан сотталушының не іс-әрекеттерінде қылмыс құрамының және оқиғасының болмауына байланысты өзіне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған айыпталушының мүдделерімен қоса, қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерімен өзге де тұлғаларға келтірілген зиян да өтелуге жатады. Әр адамның Конституциялық құқықтары қорғалуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, аталған субъектілердің барлық заңсыз әрекеттері емес, тек азаматтардың субъективті құқықтарына қол сұғатын, салдарынан зиян келтірген әрекеттері жатады деген қорытындыға келсе болады. Ал олардың іс-әрекеттері заңсыз деп табылмаса ондай келтірілген залал өтелуге жатпайды. Сондықтан азаматтарды құқық қорғау органдарының озбырлығынан қорғау мәселесі және олар келтірген зиянды өтеу өзекті және маңызды мәселе.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жыл 30 тамыз// http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_

2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, 2014 жыл 4 шілде // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

3 Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика комитетінің құқықтық статистикасы // <https://www.qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>

4 Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды қолдану тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі №7 Нормативтік қаулысы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P99000007S_

Куракбаева А.А.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының
жанындағы Сот төрелігі академиясы,
e-mail: sud.kaz2@mail.ru

Қылмыстық процестегі кінәні мойындау туралы келісім

Қылмыстық процесті дамыту оны оңайлатуды, уақытты, күш пен шығындарды қол жетімділікті және үнемдеуді көздейді. Қылмыстық процесті оңайлату, жеделдету қажеттілігі қазіргі заманның талабы болып табылады. Ымыраласу (компромисс) қылмыстық-құқықтық жанжалдарды реттеу, тараптардың істі шешу қорытындысына ықпал ету мүмкіндігін дамыту тәсілдерінің бірі болып табылады. Қылмыстық сот ісін жүргізуде кінәні мойындау туралы келісім сот ісін жүргізудің ымыралы (компромиссті) моделін енгізудің, сот ісін жүргізуді неғұрлым озық, жоғары үлгілерге өзгертудің дәлелі.

Процестік келісім мәселелерін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілер 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енген ҚР Қылмыстық процестік кодексі, ҚР қылмыстық кодексі және ҚР Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 4 «Соттардың қылмыстық істерді келісу өндірісінде қарау тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысы болып табылады.

ҚПК-нің 13-бөлімінің 63-тарауында процестік келісім жасалған істер бойынша іс жүргізу тәртібі көзделген.

ҚПК - нің 7-бабының 37-тармағына сәйкес процестік келісім-бұл қылмыстық процестің кез келген сатысында прокурор мен күдікті, айыпталушы немесе сотталушы немесе сотталған адам арасында осы Кодексте көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жасалатын келісім.

Заңда іс жүргізу келісімдерінің екі түрін жасау мүмкіндігі көзделген:

1) онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша – күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен, айыптаумен келіскен жағдайда – кінәні мойындау туралы мәміле нысанында;

2) қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстар бойынша ынтымақтастық туралы келісім нысанында жүргізіледі.

Ғалымдардың кінәні мойындау туралы мәміле-бұл материалдық ұғым және оның мәнін материалдық құқықтан іздеген жөн, өйткені материалдық заң реттеушілік және қорғау функцияларын қамтамасыз ететін құқықтық нормаларды негіздеп көрсетеді [1].

Қылмыстық іс жүргізу заңында қолданылатын «татуласу», «келісім» - бұл заңда көзделген іс жүргізу рәсімдері шеңберінде материалдық құқық нормаларын іске асыру мақсатында процеске қатысушылар жасайтын іс-әрекеттер.

Қылмыстық-құқықтық және қылмыстық іс жүргізу нормаларын үйлестіру процеске қатысушыларға олардың татуласу және іс жүргізу келісімін жасасу құқығын іске асыруға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі екі нормадан тұрады: 67-бап (процестік келісімнің шарттарын орындау кезінде қылмыстық жауаптылықтан босату) және 68-бап (татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату).

ҚР ҚК-нің 68-бабы өз ара ҚК-нің 67-бабына ұқсас. Оның негізінде тиісті санаттағы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды қылмыстық жауаптылықтан босатудың дәл сондай шарттары жатыр. Қылмыспен келтірілген зиянды өз еркімен өтеу және кінәлі мен жәбірленушінің татуласуына қол жеткізу кезінде қылмыстық теріс қылық немесе қылмыс жасаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін, ал ҚК-нің 68-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін [2].

«Кінәні тану туралы мәміле» ұғымын ашу, оның материалдық сипатына қарамастан, қылмыстық кодексте қамтымаған.

Алайда кінәні мойындау туралы келісімді ҚР қылмыстық іс жүргізу заңнамасына енгізудің оң жақтары бар - жеделдіктің артуы, соттар мен

қылмыстық қудалау органдарының шектеулі ресурстары үнемделуінен тұрады; істі жәбірленуші мен куәларды қатыстырмай қарау, оларды сот отырысына шақырумен байланысты артық эмоциялық азап шегуден және мүмкін болатын қолайсыздықтардан арылтады; қамауға алынған адамдар үшін мәміле жедел сот талқылауына қол жеткізуге және сол арқылы қамауға алу кезінде уақытты үнемдейді; судья процестік келісімінде көзделгеннен гөрі неғұрлым қатаң жаза тағайындауға немесе сотталушыдан жәбірленушінің пайдасына үлкен соманы өндіріп алуға құқылы емес.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімі кезінде сотқа дейінгі жеделдетілген тергеуден айырмашылығы, тараптардың өзара мүдделері айқын: айыптау тарабы жұмысы көп қажет ететін тергеуден құтылуға мүдделі, ал қорғау тарабы - неғұрлым қатаң жаза тағайындау және толық тергеуден бас тартуға айырбастауға заңда көзделген жеңілдіктерге кепілдік алудың негізделген тәуекелін барынша азайтуға мүдделі (ҚР ҚПК 614-бабы) [3].

Алайда, кінәні мойындау туралы келісім жасасу кезінде ауытқулар мен қайшылықтарды мүмкін болуға белгілі бір нюанстар бар екені айқын. Осылайша, ҚР Конституциясының 77-бабында кінәсіздік презумпциясының міндетті түрде сақталуына нұсқау берілген: «адамның кінәсі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанға дейін қылмыс жасағаны үшін кінәсіз деп саналады». Бұл қағида БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының 11-бабында, сондай-ақ азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14-бабында жарияланды.

ҚР ҚПК 19-бабына сәйкес кінәсіздік презумпциясы қылмыстық сот ісін жүргізудің негізгі принциптерінің бірі болып табылады, ол адам жасаған қылмыстағы кінәсі заңмен көзделген тәртіпте дәлелденгенге дейін кінәсіз деп саналады және заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз деп саналады. Кінәсіздік презумпциясының негізгі принципі: «қылмыстық кінәні дәлелдеу ауыртпалығы айыптаушыда жатыр».

Сонымен қатар, бүгінгі күні қылмысты ашу бойынша өз көрсеткіштерін жақсарту үшін қылмыстық қудалау органдары тарапынан осы институтты теріс пайдалану үрдісі байқалады [4].

Кінәні тану туралы мәміле рәсімі судья прокурордың айыпталушыға белгілі бір жаза тағайындау туралы өтінішін қанағаттандыратынына кепілдік бермейді, ол жаңа келісім жасау мүмкіндігін бере отырып, процестік келісімінде көрсетілген жаза түрімен және мөлшерімен келіспеуіне байланысты істі прокурорға қайтаруы мүмкін (ҚПК-нің 623-бабы 1-бөлігінің 3) тармағы, ҚПК-нің 626-бабы 1-бөлігінің 2) тармағы).

Кінәні мойындау туралы мәміле қылмыстық істер бойынша дәлелдеу стандарттарының төмендеуіне әсер етуі мүмкін, өйткені мәміле жасалған жағдайда дәлелдемелерді адал жинау, жан-жақты тексеру және объективті бағалау қажеттілігі болмайды. Қылмыстық қудалау органдарының мәміле жасаған адамның кінәсін мойындауы оны соттауға әкеп соқтыратынын түсінуі, олардың тарапынан теріс пайдаланушылыққа әкеп соғады. Прокурорлар сотта өз кінәсін мойындаған жағдайда оның жеңілдетілетініне уәде бере отырып,

жоғары айып тағатын жағдайлар белгіленеді. Және айыпталушы өзіне айып тағылған аса ауыр қылмыс үшін сотталған болатын қорқыныштан онша ауыр емес қылмыс жасағаны үшін өзін кінәлі деп тануға келіседі. Нәтижесінде кінәсіз адамдарды соттау қаупі туындау артады. Айыптау позициясы әлсіз болған жағдайда прокурорлар мәмілелерді кінәлілерді ақтауды болдырмау тәсілі ретінде қолданады. Мұндай жағдайда олардың кінәлілігі дәлелдемелерінің жеткіліксіздігіне байланысты ақталуға мүмкіндігі адамдар сотталуына әкеп соғуына ықтимал [5].

Мұндай жағдайларға жол бермеу үшін жоғары тұрған прокурорлардың кінәсін тану туралы процестік келісімін жасау кезінде айыпталушылардың, сотталушылардың құқықтарының сақталуына мұқият қадағалау жүргізу қажет деп санаймыз.

Жәбірленушінің құқықтарын оның келісімі түрінде кінәні тану туралы процестік келісімін жасасу үшін міндетті шарт ретінде бекіте отырып, заң шығарушы жәбірленуші қандай нысанда өз келісімін беретіндігін реттеген (ҚР ҚПК 615-бабы 4-бөлігі).

Біздің пікіріміз бойынша кінәні мойындау туралы келісім жасасу кезінде жәбірленуші мен азаматтық талапкердің құқықтарына бүгінгі күні бірнеше қысым жасалынып отыр: біріншіден, жәбірленуші мен азаматтық талапкер осы келісімге қол қойған тұлғалардың тізбесіне енгізілмеген (ҚР ҚПК 616-бабының 2-тармағы); екіншіден, жәбірленуші одан әрі өз келісімінен бас тарта алмайды; үшіншіден, жәбірленуші үкімге шағым жасау құқығынан айырылады; төртіншіден, жәбірленуші мен азаматтық талапкер сотқа шақырмай және үкім жарияланған кезде қатыспауы мүмкін. Біз сот келісім жасасуға келісім берген жәбірленушінің толық ерікті екендігіне, жәбірленушінің осы келісімнің салдарын түсінуіне міндетті түрде көз жеткізуге тиіс деп есептейміз.

Кінәні тану туралы мәміле осындай келісімді жасауға күдіктінің, айыпталушының ерік білдіруімен ерікті түрде жасалуға тиіс, сондай-ақ олар күдіктіні, айыптауды, іс бойынша бар дәлелдемелерді, келтірілген зиянның сипаты мен мөлшерін дауламауға тиіс, сондай-ақ егер жәбірленуші осындай мәмілені жасаумен келіссе (ҚПК-нің 613-бабы).

Келісім рәсімінің атауы – кінәні тану туралы келісім және оның мазмұны синтаксистік мағынағасына сәйкес келмейді деп есептейміз. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 4 «соттардың қылмыстық істерді келісу өндірісінде қарау тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысының 14-тармағына сәйкес, онда прокурор кінәні тану туралы келісімді жасасу кезінде оны жасау шарты ретінде күдіктінің, айыпталушының өз кінәсін мойындауға құқылы емес деп көрсетілген. Бұл процедураны өз кінәсін дауламау туралы келісімге өзгертуді ұсынамыз.

Егер бір топ адам қылмыс жасаған күдіктілердің арасында қылмыстық қудалау органы, бір немесе бірнеше күдікті кінәні тану туралы мәміле жасаса, келісу рәсімі қолданылады, үкім шығарылып, яғни преюдиция туындайды. ҚР ҚПК-нің 127-бабына сәйкес судья іс жүргізу жалпы тәртіпте жүргізілген басқа сотталушыларға қатысты преюдиция негізінде айыптау үкімін шығаруға

міндетті, өйткені оның кінәсін мойындаған қатысушыларына қатысты заңды күшіне енген үкімді (преюдиция) белгіленген мән-жайлар.

Бұл мәселе 27 желтоқсан 2019 жылы процестік келісім институтын дамытуына бағытталған ҚПК өзгерістер енгізілген, процестік келісім жасаған адамдарға қатысты жеке іс жүргізуге бөлінбей, қылмысқа қатысушылардың барлығына қатысты сотқа дейінгі тергеу жүргізуді және тиісінше оларды сотта бір мезгілде қарауды көздейтін заңнамаға өзгерістер енгізілген [6].

Біз судья К.Дүйсенбиевтің егер қылмысқа қатысушылардың бірі қарсылық білдірсе, процестік келісін жасауға тыйым салатын нормаларды енгізу қажеттігі туралы ұсынысын қолдаймыз.

Бұл келісім рәсімі сот ісін жүргізуді жеделдетуге, жеңілдетуге ықпал ететінін атап өттік, алайда бұл кінәні мойындау үшін қорғау тарапына жол беріп жатқан ізге түсу, айыптау органдарының қызметін фикцияға айналдырмауға тиіс.

Прокурор кінәні мойындау туралы мәміле жасай отырып, жазаның жеңілдеу мен жұмсақ болуына уәде бере отырып, оның орындалуына кепілдік бере алмайды, өйткені ҚР ҚПК 22-бабына сәйкес судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңға ғана бағынады, сондай-ақ судья істі келісу рәсімінде бас тарта отырып прокурорға қайтаруы мүмкін (ҚР ҚПК 623-бабының 1-бөлігінің 1,2-тармақшасы, 626- бабының 1-бөлігінің 1-тармағы).

Прокурор, бұл ретте барлық айғақтау дәлелдерін, бірлескен қатысушылардың қылмыс жасау схемасын, тәсілін және айыпталушының кінәсін дәлелдейтін басқа да деректерге ие болып отырады.

Айыпталушылар құқықтарының бұзылуына жол бермеу үшін прокурор мәміле жасай отырып, тараптар келіскен және келісілген жазаның түрі мен мөлшеріне кепілдік беруі тиіс. Осы кепілдікті қамтамасыз ету үшін жазаның түрі мен мөлшерін айқындауда ҚК 55-бабының екінші бөлігін басшылыққа алу қажет деп санаймыз, онда жасалған қылмыстың белгісі ретінде көзделмеген жеңілдететін мән-жайлар болған және ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде жазаның мерзімі мен мөлшерін жасалған кезде аса алмайтындығы көрсетілген.:

- 1) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар-жартысы;
- 2) ауыр қылмыс-үштен екісі;
- 3) аса ауыр қылмыс - ҚК Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің төрттен үш бөлігі.

Сот сондай-ақ осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген мән-жайлар болған кезде ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген жазаның төменгі шегінен төмен тағайындалуы мүмкін ҚК-нің 55-бабы алтыншы бөлігінің ережелерін да қолдана алады [7].

ҚР ҚПК 63-тарауының ережелері негізінде процессуалдық келісім жасалмайды:

- қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыс жасағаннан кейін психикасының бұзылуымен ауырған адамдармен (ҚР ҚПК 612-Б.);

- қылмыстардың жиынтығына қатысты, егер олардың ең болмағанда біреуі ҚР ҚПК 612-бабының талаптарына сәйкес келмесе (ҚР ҚПК 613-бабы);

- егер жәбірленушілердің ең болмағанда біреуі іс жүргізу келісімін жасаумен келіспесе (ҚР ҚПК 613-бабының 2-бөлігінің 2-тармағы).

Біздің ойымызша, ҚР ҚПК 613-бабының 2-бөлігіне кінәні тану туралы келісім жасалмайтын негіздердің (санаттарының) тізімін кеңейту, яғни егер күдікті, айыпталушы кәмелетке толмаған және өзінің дене, психикалық кемістіктеріне байланысты өзінің қорғану құқығын өздері жүзеге асыра алмайтын адам болса – деген қылмыс субъектілерін қосу қажет.

Бұл аталған субъектілер іс жүргізу шеңберінде өз іс-әрекеттерінің саналы және еріктілігі үшін толық көлемде жауап бере алмайтындығы факт болып табылады, бұл аталған санаттағы адамдардың қылмыстары туралы істер бойынша алдын ала тергеу нысанында сотқа дейінгі тергеуді жүргізудің себебі болып табылады (ҚР ҚПК 189-бабының 3-бөлігі).

Осы уақытқа дейін мынадай бірқатар мәселелер анықталмаған:

- процестік келісімі жасалған істер бойынша дәлелдеудің шегі;

- процестік келісімі жасалғаннан кейін күдікті, айыпталушы жасауға міндеттенетін іс-әрекеттер тізбесі.

Осылайша, кінәні тану туралы мәміле нысанындағы процестік келісімі институтының жекелеген аспектілерін қарау - мұқият зерттеуді және іске асырудың нақты тетіктерін айқындауды талап ететін көптеген мәселелерді айқындады. Процестік келісім институтында зерттеуді және жетілдіруді қажет оң және теріс мәселелер әлі де жеткілікті.

Әдебиеттер тізімі:

1 Жекебаев У. С. К вопросу о преимственности в уголовном праве //Право и государство. № 3 (60), 2013 г. С. 43-47.

2 Юрченко Р. Н. Процессуальные соглашения и законодательное поощрение их заключения [электронный ресурс] Р. Н. Юрченко - Режим доступа //https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31669999#pos=5;-157

3 Хан А.Л., Биндюкова Т.С. Проблемы института ускоренных производств в уголовном процессе Республики Казахстан [электронный ресурс] Хан А.Л., Биндюкова Т.С. – Режим доступа //https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32190304#pos=6;-157

4 Дуйсембиев К. Сделка с правосудием: казахстанская модель[электронный ресурс] //Дуйсембиев К. - Режим доступа https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37824879#pos=6;-157

5 Жанабилов К. Проверить законность процессуального соглашения [электронный ресурс] // <https://docplayer.ru/45058693-Proverit-zakonnost-processualnogo-soglasheniya.html>

6 Дуйсембиев К. Сделка с правосудием: казахстанская модель[электронный ресурс] // Дуйсембиев К. - Режим доступа https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37824879#pos=6;-157

7 Юрченко Р.Н. Процессуальные соглашения и законодательное поощрение их заключения [электронный ресурс] Р. Н. Юрченко - Режим доступа //https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31669999#pos=5;-157

Құдайбергел Е.Б.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының
жанындағы Сот төрелігі академиясы,
e-mail: q.edil@mail.ru

Жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселелері

Қазіргі таңда көлік құралы адам өмірінің ажырамас маңызды бөлігіне айналды. Қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуымен бірге көліктің алуан түрі мен саны да артып келеді.

Дегенмен, көлік құралдарының адам тіршілігіндегі тиімділігі мен қатар зиянды жақтары да аз емес. Көлікті пайдалану қауіпсіздігін сақтамау салдарынан ауыр зардаптарға соқтыратын жағдайлар жиі кездесіп жатады.

Қылмыстық қылмыстық құқық бұзушылықтар ішінде жиі орын алатындар қатарына Жол жүрісі немесе көлік құралын пайдалану қағидаларын (бұдан әрі – Қағида) бұзуға қатысты құқық бұзушылықтар жатады.

ҚР Жоғарғы Сотының статистикалық мәліметтеріне сәйкес, зерттеліп отырған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін 2018 жылы 3966 адам [1], 2019 жылы 3684 адам [2], 2020 жылдың қаңтар айында 194 адам қылмыстық жауаптылыққа тартылған [3].

Республика соттарында 2018 – 2020 жылдар аралығында қаралған Қағиданы бұзумен байланысты қылмыстық істердің 50 процентінен астамын көлік құралын басқару құқығынан айырылған адамның алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде көлік құралын басқарумен байланысты құқық бұзушылықтар (ҚК-тің 346-бабы) құрайды. Төмендегі кестеден көруге болады [4,5,6].

«Кесте 1 - ҚР соттарында қаралған қылмыстық істер саны»

Кезең \ ҚР ҚК	345-бап	346-бап	347-бап	348-бап	349-бап	351-бап
2018 ж.	1998	2893	3	0	11	0
2019 ж.	1803	2645	10	2	7	2
2020 ж. қаңтар	125	106	1	0	0	0

Мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтардың салдары, басым бөлігінде, орны толмас ауыр зардаптарға соқтырады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, жалпы Қағидаларды бұзумен байланысты құқық бұзушылықтардың басым бөлігі, яғни 70 проценттен астамы жүргізушінің алкогольдік немесе есірткілік масаң күйінде жасалады [1,2,3,7].

Жүргізушінің көлікті масаң күйде басқаруы Қағиданы бұзумен байланысты құқық бұзушылықтардың кеңінен таралған түрі болып қала беруі, бірқатар авторлардың да назарын аударады [8; 139б.]

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына сәйкес, Қағиданы бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық жәбірленуші денсаулығына орташа не ауыр зиян келтірсе не бір немесе бірнеше адамның қазасына соқтырған жағдайда туындайды.

Ерекшелік ретінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 346-бабын атап өтуге болады. Баптың бірінші бөлігімен көзделген жауаптылық қандай да бір қылмыстық зардаптар туындамастан орын алады. Бұл ретте заң шығарушы, кінәлінің бұрын Қағиданы бұзғаны үшін жауаптылыққа тартылғаны, және одан ешқандай қорытынды жасамай масаң күйде көлік құралын басқарғанын не соған жол бергенін ескерген. Бұл баптың бірінші бөлігі бланкеттік болып табылмайды және жауаптылық туындау үшін Қағилардың қандайда бір тармағының бұзылуын талап етпейді.

Сонымен қатар, соңғы енгізілген өзгерістерге сәйкес, аталған баптың екінші бөлігімен қылмыстық жауаптылық көлік құралын масаң күйде басқару салдарынан абайсызда мүліктік залал және жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зиян келтірген жағдайда туындайды.

ҚК-тің 346-бабының келесі сараланған бөліктерімен (3, 4, 5, 6-бөліктері) қылмыстық жауаптылық туындау үшін жәбірленуші денсаулығына орташа не ауыр зиян келтірілуі, бір немесе бірнеше адамның қазасы орын алуы тиіс.

Жол қозғалысы барысында көлік жүргізушісі ең белсенді субъект болып табылады және қауіпсіздік үшін құқықтық жауапкершілігі басым болады. Қазіргі жағдайда көлік жүргізу қызметінің өзі адамның психикасы мен когнитивті қызметіне, оның білімі мен тәжірибесіне жоғары талаптар қояды, қозғалыстың басқа қатысушыларының (жолаушылардың, жаяу жүргіншілердің) өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі көбінесе жүргізушіге тәуелді болады [9; 85б.]

Дегенмен, құқық бұзушылықты масаң күйде жасау оның әрқашан жауаптылығын ауырлататын мән-жайлар болып табыла бермейді.

Мұндай пікірге бірқатар зерттеушілер де назар аудартады [10; 126б.].

Көлік жүргізушінің алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде болуы, оның орын алған жол-көлік оқиғасында кінәлі деген сөз емес. Және мұндай айыптау біржақты әрі жалпылама болар еді.

Қазақстан Республикасының сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарында Қағидаларды бұзуға қатысты қылмыстық істерді қарауда құқық бұзушының әрекетін саралау бойынша әр түрлі практика қалыптасқан.

Атап айтсақ, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарымен бұрын көлік құралын басқару құқығынан айырылған адам масаң күйде көлік құралын басқарып, сол әрекеті (әрекетсіздігі) салдарынан қылмыстық ауыр зардаптар орын алса, оның іс-әрекеті ҚК-тің 345, 346-баптарымен бірге сараланып сотқа берілуі кездеседі.

Бұл тұрғыда, Республика соттары мен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары арасында әр түрлі көзқарас қалыптасқан.

Мысалы, Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы №2 сотының 2018 жылғы 9 қаңтардағы үкімімен А.В.Личковаха ҚК-тің 346-бабының 4-бөлігімен көзделген құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылған [11].

Ал, сотқа дейінгі тергеу органдары ҚК-тің 345-бабының 3-бөлігі және ҚК-тің 346-бабының 4-бөлігімен айып таққан.

Істің мән-жайына сәйкес, сотталушы көлік құралын басқару құқығынан айырылған бола тұра, алкогольдік масаң күйде көлік құралын басқарып, Қағиданың ережелерін бұзып, басқаруындағы көлік құралын игере алмай, аударылған. Салдарынан көлігіндегі жолаушы қазаға ұшыраған [11].

Осындай саралау С.П.Бесклубовқа қатысты айыптау актісінде де орын алған. Оның әрекеті сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарымен ҚК-тің 345-бабының 2-бөлігі және ҚК-тің 346-бабының 3-бөлігімен бірге сараланған [12].

Алайда, 2018 жылғы 12 ақпандағы сот үкімімен С.П.Бесклубов ҚК-тің 346-бабының 3-бөлігімен ғана кінәлі деп танылып, ҚК-тің 345-бабының 2-бөлігі артық тағылған ретінде айыптан алынып тасталған [12].

Осындай ҚК-тің 345 және 346-баптарымен қоса саралау басқа да бірқатар қылмыстық істерде кездеседі.

ҚК-тің 13-бабының талаптарына сәйкес, егер дәл сол бір іс-әрекет осы Кодекстің тиісті баптарының жалпы және арнайы нормаларының белгілеріне сәйкес келсе, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы болмайды және қылмыстық жауаптылық осы Кодекстің Ерекше бөлігінің арнайы норманы қамтитын бабы бойынша туындайды [13].

Дегенмен, сотқа дейінгі тергеу органдары тарапынан жіберілген қате саралау негізінен аталған нормалардың диспозициясының дұрыс (толық) баяндалмауынан орын алған.

Құқық бұзушылықты масаң күйде жасау әрқашан жауаптылығын ауырлататын мән-жайлар болып табыла бермейді және өздігінен тікелей ауыр зардаптарға соқтырмайды.

Жүргізушінің алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйі Қағиданың тармақтарының бұзылуына әсер ету арқылы ауыр зардаптардың туындауына жанама себепкер болады.

Сондықтан, алдымен жол-көлік оқиғасының орын алуына тікелей себепті, яғни Қағиданың бұзылған тармағын анықтау қажет.

ҚК-тің 345-бабының диспозициясында «Көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы», бірінші бөлігі «Автомобильді, троллейбусты, трамвайды не басқа да механикалық көлік құралын басқаратын адамның жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соққан бұзуы» - деп көрсетіледі.

Келесі сараланған бөліктері (2, 3, 4 - бөліктер) дәл сол іс-әрекет ретінде жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуға сілтеме жасайды. Баптың сараланған бөліктері сілтеме жасап отырған құқық бұзушылық әрекет (әрекетсіздік) тікелей «жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзумен» сипатталады [13].

Ал, ҚК-тің 346-бабының бірінші бөлігінің диспозициясы «Көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы не көлік құралын басқаруды осындай адамға беру, сол сияқты осындай адамның көлік құралын басқаруына лауазымды адамның немесе көлік құралы меншік иесінің не иеленушісінің жол беруімен» баяндалады [13].

Аталған баптың екінші бөлігі «Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда көлік құралдарын, жүктерді, жол құрылысжайларын және өзге де құрылысжайларды не өзге мүлікті бүлдіруге, сол сияқты адамның денсаулығына жеңіл зиян келтіруге алып келген әрекеттерге», үшінші бөлігі «абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге алып келген дәл сол іс-әрекеттерге» және келесі 4, 5, 6 - бөліктері де осы баптың бірінші бөлігінде көзделген осы іс-әрекеттерге сілтеме жасайды.

ҚК-тің 346-бабының сараланған бөліктері (2, 3, 4, 5, 6 - бөліктер) көзделген зардаптарға соқтыратын іс-әрекет ретінде осы баптың бірінші бөлігінде баяндалған әрекеттерге сілтеме жасайды.

Ал бірінші бөлікте көзделген әрекет алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде көлік құралын басқарумен (осындай адамға берумен не жол берумен) ғана шектелген, онда қандай да бір Қағиданы бұзу (мысалы: ҚК-тің 345, 345-1-баптары) немесе бұзылатын нормаға сілтеме көрсетілмеген.

Қолданыстағы заңнамадағы ҚК-тің 346-бабының диспозициясы айқын емес. Ол көлік жүргізушісінің масаң күйін жол-көлік оқиғасында оны жалпылама біржақты кінәлі деп тануға соқтыруы мүмкін. Сонымен қатар, айыпталушының іс-әрекетін саралауда қиындықтар туындатады.

Осы тұрғыда, зерттеліп отырған ҚК-тің 346-бабының диспозициясын «Жол жүрісі немесе көлік құралын пайдалану қағидаларын бұзу» іс-әрекетімен толықтыру қажет деп ойлаймыз.

Толықтыру ҚК-тің 346-бабының екінші бөлігінің мазмұнына енгізілу қажет. Және үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде осы баптың екінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттерге сілтеме жасалғаны орынды болады.

Біздің ойымызша, Бұл өзгерістер құқық бұзушының әрекетін ҚК-тің 346-бабымен саралауда, ол баптың сарланған бөліктерінің бланкеттік сипатын ескеруге және Қағиданың бұзылған нормаларына сілтеме жасауға міндеттейді.

Қорытындылай келе, ҚК-тің 346-бабының диспозициясын жетілдіру арқылы көлік жүргізушісінің масаң күйін жол-көлік оқиғасында жалпылама біржақты кінәлі деп танудың алдын алуға, сонымен қатар мұндай қылмыстық істерді қарауда бірыңғай сот практикасын қалыптастыруға мүкіндік береді деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1 Сотталғандарға қатысты статистикалық мәлімет (2018 жыл) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Төрелік» бағдарламасы // <https://torelik.sud.kz/#/court/reports/info/3954462323?month=DECEMBER&year=2018&snapshotConfig=JUDGE>

2 Сотталғандарға қатысты статистикалық мәлімет (2019 жыл) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Төрелік» бағдарламасы // <https://torelik.sud.kz/#/court/reports/info/3954462323?month=DECEMBER&year=2019&snapshotConfig=JUDGE>

3 Сотталғандарға қатысты статистикалық мәлімет (2020 жыл қаңтар) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Төрелік» бағдарламасы // <https://torelik.sud.kz/#/court/reports/info/3954462323?month=FEBRUARY&year=2020&snapshotConfig=JUDGE>

4 ҚР соттарында қаралған қылмыстық істер бойынша статистикалық мәлімет (2018 жыл) ҚР Жоғарғы Сотының «Төрелік» бағдарламасы // <https://torelik.sud.kz/#/court/reports/info/3840043602?month=DECEMBER&year=2018&snapshotConfig=JUDGE>

5 ҚР соттарында қаралған қылмыстық істер бойынша статистикалық мәлімет (2019 жыл) ҚР Жоғарғы Сотының «Төрелік бағдарламасы» // <https://torelik.sud.kz/#/court/reports/info/3840043602?month=DECEMBER&year=2019&snapshotConfig=JUDGE>

6 ҚР соттарында қаралған қылмыстық істер бойынша статистикалық мәлімет (2020 жылғы қаңтар) «Төрелік бағдарламасы» // <https://torelik.sud.kz/#/court/reports/info/3840043602?month=FEBRUARY&year=2020&snapshotConfig=JUDGE>

7 Сотталғандарға қатысты статистикалық мәлімет (2017 жыл) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Төрелік» бағдарламасы // <https://torelik.sud.kz/#/court/reports/info/3954462323?month=DECEMBER&year=2017&snapshotConfig=JUDGE>

8 Жуков А.М. Уголовная ответственность за управление транспортным средством в состоянии опьянения в законодательстве зарубежных стран // [Вестник Московского университета МВД России](#). – 2017. – № 5. – Б.138-147.

9 Полякова С.В. Стратегические приоритеты обеспечения безопасности участников дорожного движения // [Правопорядок: история, теория, практика](#). – 2015. – № 1(4). – Б. 85-89.

10 Линкевич А.Е. Состояние опьянения как квалифицирующий признак нарушения правил дорожного движения и эксплуатации транспортных средств и его социально-правовая обусловленность // [Пробелы в российском законодательстве. Юридический журнал](#). – 2014. – № 6. – Б. 125-127.

11 Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы №2 сотының үкімі (А.В.Личковаға қатысты) 09.01.2018 ж. // <http://office.sud.kz/lawsuit/documentList.xhtml> _

12 Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы №2 сотының үкімі (С.П.Бесклубовқа қатысты) // http://office.sud.kz/lawsuit/documentList.xhtml_07.03.2020.

13 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілде // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226_

Қарақшылықтың құрамын саралау мәселелері

Бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстарды сот тәжірибесінде қарауда жие кездесетін қарама – қайшылықтардың бірі, бұл қарақшылықты басқа қылмыстармен шатыстыру болып табылады.

Сол себепті қарақшылықтың меншікке қарсы қылмыстардан айырмашылығын ажырату үшін оның құрамын дұрыс саралау қажет.

Қарақшылықтың негізгі объектісі бөтеннің мүлкі, қосымша объектілері – адамның өмірі мен денсаулығы. Бұл қылмыстың ерекшелігі де осы күрделі объектілігінде десек те болады.

Қылмыстық заңда қарақшылықтың объективтік жағы бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатында адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданумен немесе тікелей осындай күш қолдану қатерін төндірумен ұласқан шабуыл жасау деп анықталған.

Қарақшылықтың объективтік жағын үшке бөліп қарастыруға болады:

- 1) Бөтеннің мүлкін жымқыруға бағытталған шабуыл
- 2) Адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданумен ұштасқан
- 3) Адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану қатерін төндірумен ұласқан шабуыл. [1,100 б.]

Субъективтік жағынан қарақшылық тікелей қасақаналықпен, пайдакүнемдік ниетпен және бөтеннің мүлкін иелену мақсатымен жасалынады. Яғни кінәлі адам бөтеннің мүлкін иемдену мақсатында жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті физикалық және психикалық күш қолданып, шабуыл жасап жатырғанын ұғынады, тілейді және осы мүлікті өз пайдасына немесе басқа біреудің пайдасына айналдыруға тырысады. Егер кінәлінің қылмыстық әрекетінде тікелей қасақана ниет болмаса, қарақшылықтың құрамы толық болмайды, яғни бұндай қылмыстар қарақшылық болып сараланбайды. [2,321 б.]

Қарақшылықтың субъектісі болып – 14 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға танылады.

Сот қарақшылық туралы қылмыстық істерді қарау барысында, алдымен, құрамын дұрыс саралау үшін: күш қолдану қауіпті болып саналады ма деген сұраққа дұрыс жауап беріп, қылмыс құралын және оны қолдану тәсілдерін талдап, жәбірленушіге күш қолдану кезіндегі келтірілген зардаптың мөлшерін таразыға салып, дене жарақаттарының ауырлығын тергеп, сот – медициналық сараптама қорытындыларын нақты зерттеуі қажет.

Қылмыстық құқық бұзушылық үшін әділ жаза тағайындаудың негізгі қадамы қылмыстың құрамын дұрыс саралаудан басталады. Қарақшылықты дұрыс саралаудың алғы шарттары - бұл қауіпті күш қолданумен жасалатын іргелес құқық бұзушылықтардың құрамдарының айырмашылығын ажыратуды нақты түсіну болып табылады.

Адам өмірі мен денсаулығына қауіпті зорлық – зомбылық жасау деп, әдетте сот тәжірибесінде де, ғылыми қылмыстық – құқықтық теорияда да жәбірленушіге жеңіл, орта және ауыр дене жарақаттарын салуды түсінеді.

Сот тәжірибесінде жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зиян келтірілуді, сот – сараптама қорытындысы жеңіл дәрежедегі зиян деген қорытынды бергеннің өзінде де, денсаулыққа келтірілген қауіпті зорлық – зомбылық деген түсінік қалыптасқан.

Кінәлінің қолында ешқандай қару болмаса, бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену мақсатында жәбірленушіге қолымен немесе аяғымен соққы беріп, соның салдарынан жеңіл түрдегі дене жарақатын салғанда, қылмыскердің осы әрекеті адам өмірі мен денсаулығына қауіпті немесе қауіпсіз болып табылады ма деген сұраққа жауап бере отырып саралаған жөн деп есептейміз. Сот тәжірибесінде дәл осы әрекеттер көбінде қарақшылық ретінде сараланады.

Денсаулыққа жеңіл зиян, егер қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданылмай келтірілсе, кінәлінің әрекеті тонау деп саралану қажет. Ал егер денсаулыққа жеңіл зиян қарудың немесе қару ретінде дайындалған заттармен қолданылса, кінәлінің әрекеті қарақшылық болып есептеледі.

Сонымен қатар кінәлінің қылмыстық әрекетін қарақшылық деп саралау үшін бөтеннің мүлкін иемдену мақсатын шабуыл жасау арқылы жүзеге асыру барысында жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зорлық – зомбылық қолдану немесе қолданумен қорқыту фактісі болуы қажет.

Адам өміріне қауіпті зорлық – зомбылық деп кейде жәбірленуші дене жарақатын алмаса да, жасалу әдісі мен сипатына байланысты адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін әрекеттерді түсіндіруге болады. Мәселен, автокөлікті тартып алу мақсатымен жәбірленушіні жүріп келе жатырған көліктен итеріп, немесе биік жардан құлату сияқты әрекеттерді қауіпті әрекеттер қатарына жатқызуға болады. [1, 102 б.]

Қарақшылық кезінде зорлық – зомбылық жасаймын деп қорқытуға, әдетте қолына пышақ немесе атылатын қаруды алып қорқытуды жатқызуға болады. Бірақ қарақшылық кезінде қару ретінде қолданылған заттарға байланысты сот тәжірибесінде нақты тұжырым қалыптаспаған. Осындай істерді саралаған кезде сот тәжірибесінде кінәлінің қолында болған, қарақшылық жасау мақсатында алдын ала қолдану ниетімен қару ретінде дайындаған заттарға объективті баға берген жөн.

Қарақшылық кезінде қарудың қолданылуы мен қолданамын деп қорқытудың айырмашылығы, осы қылмыстың жасалуының қауіптілік дәрежесін білдіреді, сондықтан бұл екеуін бірінен бірін ажырата білуіміз керек.

И.Ш.Борчашвилидің пікірінше, қарақшылық кезінде қару қолдану немесе қару ретінде пайдаланатын заттарды қолдану деп осы қаруларды жәбірленушінің денсаулығы мен өміріне шын мәнінде зиян келтіру мақсатымен қолдануын, яғни қаруды ату, тескіш-кескіш қаруларды қолдану барысында дене жарақаттарын салуды түсіну керек. [2,321 б.]

Бұл түсінік өте орынды берілген, себебі шын мәнінде қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды көрсету қолдану болып табылмайды.

Бұл ретте шетел мемлекеттерінің қылмыстық заңнамасын зерттеу кезінде анықталған қылмыстық қару түсінігі туралы айтып кеткен жөн, мысалы бірқатар елдерде қылмыс жасаған кезде қару ұғымымен қатар «қауіпті қару» (АҚШ, ГФР), «өлім-жітім қаруы», «өлім-жітімдік физикалық күш» (АҚШ), «қауіпті құралдар» (Испания) ұғымдары бөлінеді. [3]

Мысалы, Нью-Йорк штатының Қылмыстық кодексі осы ұғымдардың айқын анықтамасын береді. «Өлімге әкеліп соғатын физикалық күш» - бұл физикалық күш қолданылатын жағдайларда, кейде өлім немесе басқа да ауыр дене жарақатын тигізуі мүмкін. «Өлім-жітім қаруы» атыс жасалуға бейімделген кез келген оқталған қаруды, сондай-ақ автоматты түрде шығатын жүзі бар пышақты, қанжарды, дубинканы, металл кастетті және т.б. білдіреді. [4]

Шет елдердің қылмыстық заңнамасы тонау мен қарақшылықты бір қылмыс ретінде қарастырып, ара – жігін ажыратпайды, дегенмен осы екі қылмысты жасаудың заңдық-техникалық конструкцияларының жетілмегендігіне қарамастан, қылмыстық заңның әділдік принципін сақтауға тырысады, яғни барлық ықтимал күмән жәбірленушінің пайдасына түсіндірілетінін, ал жағымсыз салдар тәуекелділігі қылмыскерге жүктелетініне көз жеткіздік.

Заңдағы осындай түсініктер сот тәжірибесінде қару қолданумен жасалған қарақшылықты саралауды жеңілдетеді.

ҚР қылмыстық заңнамасында да осындай түсініктер болса, сот тәжірибесіндегі жиі кездесетін «жарамды қару» мен «жарамсыз қару» түсініктеріне, қарудың қолдану салдарына, қару қолданумен қорқыту түсінігіне қате баға беру жағдайлары азаяр ма еді.

Тағы бір сот тәжірибесінде орын алатын жағдай, қарақшылық пен бандитизмді шатыстыру мәселесі.

Ресей ғалымы Р.Р.Галиакбаровтың ойынша, қарақшылық пен бандитизмді қылмыстық қол сұғушылық объектісі, қылмыс қаруы, шабуыл жасау кезінде қылмысты қолдануы, пайдакүнемдік мақсаты(бандитизмде кінәлінің мақсаты азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасау болып табылады) арқылы ажыратуға болады, сонымен қатар бандитизм қылмыстық қоғамдастық құру арқылы болады деп көрсеткен.[5]

Бұл пікірмен біз де келісеміз, бұған қоса бұл екі құқық бұзушылықты саралаған кезде қылмыстың субъектісіне мән берген жөн деп ойлаймыз, себебі бандитизм бойынша субъект – 16 жасқа толған, есі дұрыс тұлға ал егер бандаға қатысқан кінәлінің жасы 14 – жастағы болса, оның әрекеттері ҚК – тің 15 – бабының талаптарына сай қарақшылық ретінде сараланады.

Сот жүйесіндегі ең тәжірибелі криминалистердің бірі, осы тақырыптың аясында зерттеу жүргізген ғалым Ә.Ж.Құрықбаевтың пікірінше бандитизмді қарақшылықтан ажырату үшін соттар:

- 1) Қарақшылық қарулы қылмыстық топтың бөтен мүлкін иемдену мақсатында ғана жасалатын шабуыл болса, бандитизм әртүрлі мақсаттағы қылмыстарды жасау үшін құрылған қарулы топ болып табылады.

2) Қарақшылықтың негізгі объектісі бөтеннің мүлкі, қосымша объектісі денсаулығы болса, бандитизмнің объектісі қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп бол есептеледі.

3) Қарақшылық шабуыл жасаған кезден бастап аяқталған деп есептелінсе, бандитизмде қарулы топты құрған кезден бастап аяқталған болып есептеледі.

4) Бандитизмде тұрақты қарулы топты құрғаны үшін де, сол сияқты осы топқа басшылық жасағаны үшін де жауапқа тартылса, қарақшылықта бөтеннің мүлкін иемдену мақсатында шабуыл жасағаны үшін ғана жауапқа тартылады.

5) Бандитизмде міндетті түрде тұрақты қаруланған топ болса, қарақшылықта тұрақты қаруланған топ құру міндетті емес. [1,133 б.]

Сот тек заңға ғана бағынатын болғандықтан, заңның аясынан шыға алмайды, кейбір жағдайларда заңдағы нормалардың шегінен шығып, әділдікті сомдайтын, керісінше заң нормаларына түсінік бере отырып, әр құқық бұзушылықты мәнісі бойынша саралайтын жағдайлар соттардың тәжірибесінде кездеседі. Ал кейбір соттар заңның ғана шеңберінде саралап, кейбір заң нормаларының кең ауқымды түсінік бермеуінен істерді қате саралап жатады.

Қарақшылық пен тонауды саралаудағы денсаулыққа қауіпті немесе қауіпті емес күшті ажырату үшін заңға «қауіпті қару», «өлім – жітік қаруы» деген түсінікті енгізуі немесе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 8 Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы нормативтік қаулысына осы түсініктерді қосымша толтыру қажет.

Осы сияқты ұсыныстар ескеріліп, заңдағы олқылықтар жойылса, сот тәжірибесі де бір қалыпқа келіп, қарақшылық бойынша нақты негізделген үкімдер шығарылады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1 Меншікке қарсы жымқыру мақсатында жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар //Оқу құралы: Ә.Ж.Құрықбаев. – Астана: Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының жанындағы сот төрелігі академиясы, 2018. – 100,102,133 б.б.

2 Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу РК, особенная часть (том 2). –Алматы:Жеті Жарғы, 2015.- 321 с.

3 Уголовное законодательство зарубежных стран: сб. законодательных материалов / под ред. И.Д. Козочкина. М., 1998, 101с.

4 Уголовный кодекс штата Нью-Йорк. § 10.00,п. 11, 12, 13 // Уголовное законодательство зарубежных стран: сборник законодательных материалов под редакцией И.Д. Козочкина. М., 1998, 4 с.

5 Разграничение разбоя и бандитизма / Галиакбаров Р.Р. «Российская Юстиция» 2011, №7, 55-56 с.

Некоторые вопросы медиации с участием несовершеннолетних в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан

Активное развитие уголовного судопроизводства в последние десятилетия обуславливается, в том числе, и поиском наиболее эффективных механизмов не только для борьбы с преступностью как таковой, но и для достижения иных весьма важных целей.

Одной из таких целей, по мнению большинства ученых, является правильное разрешение уголовно-правового конфликта [1; с.59; 2; с.103; 3; с.118]. Такое разрешение, удовлетворяющее запросам сторон, имеется в формах восстановительного правосудия. В частности, в набирающей особую актуальность в Казахстане – медиации.

Прецедент разрешения аналогичной ситуации уже предусмотрен Верховным Судом Республики Казахстан. Так в соответствии с разъяснениями высшей судебной инстанции республики «присвоение – это форма хищения, состоящая в совершаемом с корыстной целью противоправном безвозмездном обращении чужого имущества, вверенного виновному, в свою пользу или в пользу других лиц, причинившем ущерб собственнику или иному владельцу этого имущества, если виновный еще не истратил или иным образом не произвел отчуждение имущества» [2].

То есть присвоение чужого вверенного имущества признается окончанным в ситуации, когда виновное лицо еще не успело распорядиться им.

Растрата чужого вверенного имущества будет считаться окончанной, когда виновный полностью распоряжается похищенным имуществом, истратил или произвел отчуждение похищенного имущества.

Выход из сложившейся ситуации мы видим в необходимости дополнения статьи 187 УК РК примечанием в следующей редакции: «под мелким хищением понимается корыстное противоправное безвозмездное изъятие чужого имущества с целью его обращения в пользу виновного или других лиц, причинившее ущерб собственнику или иному владельцу этого имущества».

Список литературы:

- 1 Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года. \\Электронный ресурс: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226>
- 2 Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 11 июля 2003 года N 8 «О судебной практике по делам о хищениях».
- 3 Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 29 июня 2017 года № 6 «О судебной практике по делам о мошенничестве» \\ http://online.zakon.kz/m/Document/?doc_id=31575252
- 4 Сидорова А.В. Мелкое хищение чужого имущества: проблемы квалификации// В сборнике: Правовое регулирование деятельности хозяйствующего субъекта Материалы 13-й международной научно-практической конференции. Ответственный редактор: А.А. Павлушина; Самарский государственный экономический университет. 2014. С. 180-185.
- 5 Чаше всего в супермаркетах Караганды воруют женщины и дети// http://ekaraganda.kz/?mod=news_read&id=49183

6 За мелкое хищение казахстанцам грозит штраф до 200 МРП// <https://kazlenta.kz/16255-za-melkoe-hischenie-kazahstancam-grozit-shtraf-do-200-mrp.html>

7 Беккариа Ч. О преступлениях и наказаниях/ пер. сит.Ю.И.Юмашева. М., 2000. 240с.

Таскулов А.И.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
жанындағы Сот төрелігі академиясы,
e-mail: a_z_a_m_a_t@list.ru

Соттардың тергеу және анықтау органдарымен прокурордың іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарауының кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасының сот жүйесін одан әрі жаңғырту Тұңғыш Президент – Елбасының 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген басымдықтардың бірі болып табылады. Сот жүйесін жаңғырту аясында әр облыс орталығы мен республикалық маңызы бар қалада мамандандырылған (ауданаралық) тергеу соттары құрылды [1].

Басқа өкілеттіктермен қатар тергеу сотының өкілеттіктеріне анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің және прокурордың әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағымдарды қарастыруы кіреді. Мұндай шағымдарды қарау сотқа дейінгі тергеу сатысындағы сот бақылауымен байланысты және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабымен реттеледі [2].

Сотқа дейінгі тергеу сатысындағы сот бақылауы азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге көмектеседі, оны орындау барысында сот анықтаушы, тергеуші және прокурор жасаған тергеу қателіктерін және азаматтың және адамның құқықтары мен бостандықтарының басқа заң бұзушылықтарын жояды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы 2-тармағына сәйкес әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар. Сотқа дейінгі тергеу сатысында құқықтары мен бостандықтары бұзылған және қысым көрсетілген адамдар прокурордың және қылмыстық қудалау органдарының шешіміне (мамандандырылған) ауданаралық тергеу соттарына шағымдануға құқылы [3].

Шағымды тергеу соты үш күн ішінде сот отырысын өткізбей-ақ жеке қарастырады. Егер заңды және негізделген шешімді қабылдауға байланысты мән-жайларды зерттеу қажет болса, тергеу соты он күн ішінде жабық сот отырысында тиісті адамдар мен прокурордың қатысуымен қарайды, ал олардың ол үдеріске қатыспауы шағымды қарауға кедергі келтірмейді. Тергеу сотының өкімі бойынша сот отырысы бейне байланысы режимінде өткізілуі мүмкін. Сот отырысы кезінде жазбалар сақталады. Қажет болған жағдайда тергеу соты қосымша материалдарды сұрауға, тиісті адамдарды шақыруға және жауап алуға

құқылы. Әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым жасалатын лауазымды адамдар соттың талабы бойынша үш күн ішінде сотқа осындай әрекеттерді (әрекетсіздікті) және шешім қабылдауға негіз болған материалдарды ұсынуға міндетті.

Сонымен бірге, шағымды қарау кезінде сот істегі дәлелдемелерді бағаламай, өтініш беруші шағымда көрсеткен барлық мән-жайлардың анықтаушы, тергеуші және прокурормен тексеріліп, ескерілгендігін анықтауы керек. Сондай-ақ сот дәлелді немесе дәлелденбеген кінәлар туралы, жиналған дәлелдемелердің дұрыс немесе бұрыстығы туралы қорытынды жасамай, іс бойынша шешім қабылдауға негізді және үдерістік негіздердің бар немесе жоқтығын тексеруге міндетті.

Осылайша, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңіндегі прокурордың, тергеу және анықтау органдарының жоғарыда көрсетілген әрекеттерінің (әрекетсіздігі) және шешімдерінің біреуі қозғалған қылмыстық үдерістің кез-келген қатысушысы өздерінің құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін тергеу сотына жүгінуге құқығы бар.

Алайда, өтініш берушілер Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабына сәйкес берілген шағымдарға белгілі бір талаптар бар екенін білулері керек.

Сонымен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 27 маусымдағы «Соттардың прокурорлардың, қылмыстық қудалау органдарының іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарау туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы)» № 3 Нормативтік қаулысының 7-тармағына сәйкес, Сотқа жолданған шағым жазбаша түрде ресімделеді, онда өтініш берушінің және ол мүдделі тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, олардың мекен-жайы мен байланыс телефондары, лауазымды адам шағымданған әрекетті жүзеге асырған органның атауы және орналасқан жері көрсетіледі [4].

Шағымда қашан, кім (қандай орган немесе оның лауазымды тұлғасы) және қандай үдерістік іс-әрекеттер (әрекетсіздік) жасалғандығы, қандай шешімдер қабылданғаны көрсетілуі керек. Бұл жағдайда шағымда заңның қандай нормалары бұзылғандығы, бұл заң бұзушылықтар өтініш берушінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қалай әсер еткені, сондай-ақ өтініш берушінің өтінішінің мәні көрсетілуі керек. Сондай-ақ, прокурордың сотқа шағым көрсетілген іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымданғанын, жауап алынған (немесе алынбаған) шешімдер туралы, прокурордың жауабының мәні және оның онымен келіспейтіндігі туралы дәлелдерін көрсету қажет.

Шағым жазған адам өзі қол қояды. Шағымға қосымша мыналар берілуі тиіс: оның көшірмелері; шағымданған іс жүргізу актісінің көшірмесі; өтініш берушінің пікірі бойынша шағымның дәлелдерін растайтын материалдар; прокурордың шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы жауабы; жауабы алынбаған прокурорға жолданған шағымның көшірмесі; шағым берілген тұлға өкілінің құқықтық өкілеттігін растайтын құжаттар.

Қабылданған шағымда және оған қоса берілген материалдарда қажетті ақпарат болмаған жағдайда сот шағымды қабылдаудан бас тартпай және оны

қарастырусыз қайтармай өтініш берушіден немесе басқа адамдар мен органдардан материалдарды қайта талап етеді және оларды берудің мерзімін белгілейді. Егер өтініш беруші нұсқауларды орындамаса, сот шағымды іс жүргізуге қабылдаудан бас тартады және оны өтініш берушіге қайтарады.

Сонымен бірге, анықтаушының, тергеушінің іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағымдар егер қылмыстық іс сотқа жіберілген болса немесе ол бойынша үкім шығарылған болса осы Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабына сәйкес қарауға жатпайтынын атап өткен жөн.

Мамандандырылған тергеу соттарынан басқа, мұндай шағымдарды аудандық орталықтар мен облыстық маңызы бар қалаларда орналасқан аудандық және оған теңестірілген соттар қарастырады, өйткені осы баптың Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы 5-бөлігінің талаптарына сәйкес шағым шағымданатын органның орналасқан жері бойынша сотқа жіберілуі керек.

Дегенмен, сот тергеуді бақылау институты 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасында жаңа Қылмыстық-процестік кодексінің қолданысқа енуіне байланысты құрылды.

Жаңа құқық жүйесі қылмыстық қудалау органдарының іс жүргізу қызметінде адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың жаңа процессуалдық кепілдігін құруға мүмкіндік берді.

Мұндай кепілдіктердің қатарына жаңадан құрылған тергеу судьясының институты еніп отыр.

Қылмыстық процестегі сот бақылауы – бұл сотта тергеу органдарының, прокурордың, жедел іздестіру қызметінің шешімдері мен іс-әрекеттерін (әрекетсіздігін) тексеру және анықтаушы, прокурор, сондай-ақ жедел-іздестіру органдарының қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатыларында жіберген қателіктері мен адам құқықтарының бұзылуын анықтау және жою жөнінде шаралар қабылдау.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу соты өз жұмысын 2018 жылдың 31 шілдесінен бастаған болатын.

2018 жылдың бес айында Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотына Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы тәртібінде 520 шағым келіп түсті, оның 115-і қанағаттандырылды, 213-і қанағаттандырылусыз қалдырылды, қалғандары қараусыз қайтарылды. *(Салыстырмалы түрде: 2016 жылы 168 шағым, 2017 жылы 354 шағым түсті, көрсетілген жылдары шағымдардың 82% қанағаттандырусыз қалдырылған) [5].* Қылмыстық процеске қатысушылардың шағымдарын қарау тергеу соты қызметінің басты бағыттарының бірі болып табылады. Тергеу сотының 5 айдағы жұмысы қылмыстық процестің қорғаушылары мен басқа да қатысушылары өздерінің сот арқылы қорғалу құқығын белсенді пайдаланатынын және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабының тәртібінде қылмыстық қудалау және прокуратура органдарының іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдар беретінін көрсетті.

Тиісінше, мұндай шағымдарды қарау сот практикасын қалыптастырады. Түсу динамикасы қарауға түскен шағымдардың санының өсу үрдісін көрсетеді. Құқық қорғау органдарының барлық орталық бөлімшелері орналасқан елордада жұмыс істей отырып, құқық қорғау органдарының орталық аппараттарының, оның ішінде Бас прокуратураның жазбаша жауаптарына қорғау тарапының шағымдарға ерекше назар аудару қажет деп санаймыз. Мұндай жауаптарға шағымдар жиі кездеседі. Бас прокуратураның жауабымен келіспеген жағдайда оның жауабын Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабының тәртібінде сотқа шағымдануға болады.

Прокурордың іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағымдардың жоғары тұрған прокурорға берілгенін бекітетін норманы прокурор істі тексеруді өзі жүзеге асырған жағдайда қолдану қажет деп санаймыз. Мысалы, нақты қылмыстық істі тергеуге жоғары тұрған прокурордың келісімін алған арнайы прокурор немесе аудан прокуроры жүзеге асырады. Мұндай жағдайда прокурор сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асыратын адам ролінде болады, ал оның шешімдері мен әрекеттеріне шағым жоғары тұрған прокурорға берілуі мүмкін.

Осылайша, Бас прокуратураның, құқық қорғау органдарының орталық және облыстық аппараттарының заң бойынша азаматтардың өтініштерін қарау тәртібімен қаралған жауаптары тергеу сотына шағымдануға жатпайды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 105 және 106-баптарының қолданылу аясын ажырату өте маңызды.

Құқық қорғау органдарының орталық және облыстық аппараттары аудандық бөлімшелерде тергелетін нақты істер бойынша қылмыстық процеске қатысушылар болып табылмайтындықтан, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау қорытындылары бойынша олардың жауаптары Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы тәртібінде шағым жасау нысаны бола алмайды, оның ішінде мұндай жауаптар қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарын қозғамайтындықтан іс жүргізу салдарларына әкеп соқпайды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің аясында қайда шағым жасаған дұрыс болады деген сұрақ туындайды?

Тергеушінің әрекеттері мен шешімдеріне қадағалаушы прокурорға немесе қылмыстық істі тергеу орны бойынша тікелей сотқа шағым беруі қажет. Қадағалаушы прокурордың қаулысына шағым тек сотқа Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы бойынша беріледі. Сот актісімен келіспеген жағдайда, оны жоғары тұрған сатыға шағымдануға болады. Қылмыстық процеске қатысушылардың әрекеттері мен шешімдеріне шағымданудың одан әрі тәртібі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінде көзделмеген. Осы тәжірибені әзірлеу елеулі түзетулер енгізеді, өйткені тергеу соты құқық қорғау органдарының орталық аппараттарының жазбаша жауаптарына шағымдарды мәні бойынша қарауды тоқтатады. Бұл ереже орталық және облыстық аппараттар қылмыстық істерді дербес тексеретін жағдайларға қатысты емес.

Дұрыс сот практикасын қалыптастыру шағымдарды қарау кезінде сөзбұйдаға салуды қысқарту түрінде оң қорытынды алуға мүмкіндік береді, ал

азаматтар тергеу сотында шағымдануға жататын нақты түсінікке ие болады және бұзылған құқықтарды тез арада қалпына келтіруге дұрыс шаралар қолданылады.

Жоғарғы Сот Төрағасы Ж.Асанов сот жүйесінің 7 түйіні туралы өз сөзінде тергеу судьяларының жұмысына жеке тоқталып өтті. Атап айтқанда, тергеу соттары сотқа дейінгі сатыда тиісті сот бақылауын қамтамасыз етуге міндетті екендігі көрсетілді.

Осыған байланысты, сот жүйесінің имиджін жақсарту және тиісті сот бақылауын қамтамасыз ету мақсатында тергеу судьяларының жұмысындағы мынадай сәттерге назар аударғым келеді.

Жоғары тұрған инстанцияларға кейіннен шағымдану Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің шеңберінде емес, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін реттейтін заңнама тәртібінде болады. Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы процестің нақты қатысушыларын анықтайды. Оларға: сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асыратын адам, ведомстволық бақылауды жүзеге асыратын анықтау органының немесе тергеу бөлімінің бастығы, іс бойынша қадағалауды жүзеге асыратын прокурор жатады. Осы тұлғалардың іс-әрекеттері процеске қатысушылардың құқықтарын қозғауы мүмкін, тиісінше олардың іс-әрекеттері Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабының тәртібімен шағымдануға жатады. Прокурордың іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағымдардың жоғары тұрған прокурорға берілгенін бекітетін норманы прокурор істі тексеруді өзі жүзеге асырған жағдайда қолдану қажет деп санаймыз.

Нақты қылмыстық іс бойынша облыстық және оларға теңестірілген прокуратуралар, сондай-ақ Бас прокуратура сотқа дейінгі тергеу органы не қадағалаушы прокурор атынан әрекет ететін жағдайларды қоспағанда, қылмыстық процеске қатысушылар болып табылмайды.

Осыған байланысты, аталған ведомстволардың бұл нақты істер бойынша жазбаша жауаптары Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің нормалар бойынша шағымдануға жатпайды деп санаймыз. Мұндай жағдайларда олардың жауаптары процеске қатысушылардың мүдделерін қозғамайды, олардың құқықтарын шектемейді, сондай-ақ бұзушылықтар болған кезде олар тиісті қаулылар немесе нұсқаулар шығару арқылы азаматтардың құқықтарын дербес қалпына келтіре алмайды.

Қылмыстық процеске кіру үшін оларға қатысушының іс жүргізу мәртебесін алуы қажет, мысалы, өз іс жүргізуіне қабылдау не қадағаланушылықты өзгерту. Онсыз, олардың іс-әрекеттері заңсыз болады. Процеске қатысушылардың шағымдарын облыстық және оларға теңестірілген прокуратуралар, сондай-ақ Бас прокуратура төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға бағыныстылығын белгілейтін Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы», сондай-ақ мемлекеттік органдар мен мекемелерде азаматтардың өтініштерін қарау тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңдар тәртібімен қарайды. Өтініштер қылмыстық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралмағандықтан, тиісінше бұл

өтініштерге жауаптар Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабының тәртібімен қаралмайды.

Тергеу сотының сот отырыстарына Бас прокуратураның қызметкерлері қатыса алады, олардың өкілеттігі тиісті құжаттармен расталуы тиіс пайымдаймыз. Сот отырысына тиісті өкілетсіз қатысу аталған адамдардың өз міндеттерін сот отырысында үстірт және сапасыз жүзеге асыруына әкеп соғуы мүмкін. Тергеу судьясына қарсылық білдіру туралы арыздарды қарау тәртібін де түсіндіру қажет.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінде санкциялық материалдарды қарау кезінде тергеу судьясының қарсылық білдіруін қарау тәртібі ғана регламенттелген. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 87-бабының 11-бөлігіне сәйкес бұлтартпау шарасын қолдану немесе тергеу әрекеттерін жүргізу туралы өтінішті шешетін тергеу судьясына мәлімдеген қарсылық білдіруді осы тергеу судьясы қаулы шығара отырып, жеке-дара шешеді. Бұл тәртіпті шағымды Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106 - тәртібінде қарау кезінде де қолдануға болады деп есептейміз. Судьяға сенімсіздік білдіру құқығы процестің әрбір қатысушысында болуы тиіс.

Сонымен қатар, шағымды 10 тәулік ішінде қараудың қысқа мерзімін ескере отырып, қарсылық білдіру өтініші жеке шағымды қарау үшін сөзбұйдаға салу құралы болуы мүмкін. Мысалы, сот отырысы барысында азаматтардың құқықтарының бұзылуы анықталған жағдайда тергеуші немесе прокурор жеке қаулы шығаруды алдын ала болжай отырып, процесті созу мақсатында судьяға қарсылық білдіруді мәлімдей алады.

Осылайша, шағымды қараудың іс жүргізу мерзімін бұзуға қол жеткізу. Судья қарсылық білдіруге өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда, мұндай шешіммен келіспеу жеке шағымда дәлелдердің бірі ретінде көрсетілуі мүмкін. Қылмыстық процеске қатысушылардың шағымдары бойынша процеске прокурордың қатысуының нысаны мен мақсаты неғұрлым егжей-тегжейлі регламенттеуді талап етеді. Егер іс бойынша қадағалауды жүзеге асыратын прокурор тергеушінің іс-әрекетіне жасалған шағымды алдын ала қарап, оны қанағаттандырудан бас тартса, бұл шағымды тергеу судьясы қарайды, онда прокурор міндетті түрде тергеу позициясын алады. Мұндай жағдайларда сот отырысында тең құқылық және тиісті жарыспалылық жоқ, өйткені прокурор тергеушімен бірге өтініш берушіге қарсы тұра бастайды.

Прокурор процестің қорытындылары бойынша қорытынды беру мақсатында қатысады деп есептеледі. Мұндай нысан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің және нормативтік қаулыда жазылмаған. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының тергеу бөлімшелерінің әрекетіне шағымданған жағдайда, осы ведомствоның сот департаментінен өкілдің қатысуын ұсынамыз.

Тергеу судьялары өкілеттіктерін жүзеге асыруға байланысты проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі ұсыныстар ұсынамыз: Анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің және прокурордың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне)

шағымдар сотқа дейінгі іс жүргізу кезеңінде түпкілікті шешім қабылданғанға дейін берілуі мүмкін екендігі туралы түсіндіру қажет.

Сонымен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 55-бабына сәйкес тергеу судьясы өз өкілеттіктерін жүзеге асырады, оның ішінде анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің және прокурордың іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне жасалған шағымдарды сотқа дейінгі іс жүргізу барысында

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы процестің нақты қатысушыларын анықтайды. Оларға: сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асыратын адам, ведомстволық бақылауды жүзеге асыратын анықтау органының немесе тергеу бөлімінің бастығы, іс бойынша қадағалауды жүзеге асыратын прокурор жатады. Осы тұлғалардың іс-әрекеттері процеске қатысушылардың құқықтарын қозғауы мүмкін, тиісінше олардың іс-әрекеттері Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабының тәртібімен шағымдануға жатады.

Мысалы, өтініш беруші тергеушінің іс-әрекетіне қадағалаушы прокурорға, әдетте, аудандық прокурорға шағымданады. Кейіннен, аудандық прокуратураның жауабымен келіспеген жағдайда оның шешіміне жоғары тұрған прокурорға шағымданады.

Жоғары тұрған прокуратураның жауабымен келіспеген жағдайда, ол Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабының тәртібінде тергеу сотына шағымданады.

Жоғары тұрған прокурордың шешіміне шағым беру Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің шеңберінде емес, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін реттейтін заңнама тәртібінде, прокурор істі тергеуді өзі жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда жүргізіледі.

Осы сот тәжірибесін түсіндіру сотқа шағымдардың санын қысқартады.

Біздің ойымызша, өзге де әрекеттер деп қылмыстық іс бойынша дәлелдемелерді жинауға және тексеруге бағытталған қылмыстық іс жүргізу заңымен қарастырылған және процессуалдық регламенттелген тергеу әрекеттері мен іс-әрекеттері түсініледі. Осы бөлікте түсіндіру шағымдану шегі мен мәнін шектеуге мүмкіндік береді.

Қылмыстық істерді қысқарту туралы шешімдерге шағымдану мерзімдері бойынша түсінік беру қажет.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабының 5-бөлігіне сәйкес шағым шешіммен танысқан күннен бастап он бес тәулік ішінде не прокурордың атына берілген шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы хабарламасын алғаннан кейін сол мерзімде немесе егер оған жауап алынбаса, прокурорға шағым берілгеннен кейін он бес тәулік өткен күннен бастап сотқа берілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 102-бабына сәйкес қылмыстық істі сотқа дейінгі сатыда қысқарту туралы шешімге шағым қылмыстық қудалау органының тиісті қаулысы шығарылған немесе оны прокурор бекіткен сәттен бастап бір жыл ішінде берілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің бір жыл ішінде қысқарту

туралы шешімге шағымдану құқығын көздейді, ал Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабында шағымдану үшін он бес тәулік алдын ала мерзім белгіленген. Қайшылықтарды жою және бүкіл республика бойынша бірыңғай практиканы белгілеу мақсатында нормативтік қаулыда істі қысқарту туралы шешімге шағым жасау бір жыл ішінде жүргізілетіндігін түсіндіру ұсынылады. Сотқа дейінгі тергеуді бастау және арыздар мен хабарламаларды тіркеу кезінде тергеу, анықтау органдарының және прокурордың іс-әрекеттері мен шешімдеріне

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің аясында қайда шағым жасаған дұрыс болады деген сұрақ туындайды?

Тергеушінің әрекеттері мен шешімдеріне қадағалаушы прокурорға немесе қылмыстық істі тергеу орны бойынша тікелей сотқа шағым беруі қажет. Қадағалаушы прокурордың қаулысына шағым тек сотқа Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы бойынша беріледі. Сот актісімен келіспеген жағдайда, оны жоғары тұрған сатыға шағымдануға болады.

Қылмыстық процеске қатысушылардың әрекеттері мен шешімдеріне шағымданудың одан әрі тәртібі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінде көзделмеген. Осы тәжірибені әзірлеу елеулі түзетулер енгізеді, өйткені тергеу соты құқық қорғау органдарының орталық аппараттарының жазбаша жауаптарына шағымдарды мәні бойынша қарауды тоқтатады. Бұл ереже орталық және облыстық аппараттар қылмыстық істерді дербес тексеретін жағдайларға қатысты емес.

Құқық қорғау және арнаулы органдардың орталық немесе облыстық ведомстволары қылмыстық істерді дербес тергейтін, ал прокуратура органдары іс бойынша тікелей қылмыстық іс жүргізу қадағалауын жүргізетін жағдайларда, олардың іс-әрекеттері қылмыстық процеске қатысушы ретінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы бойынша сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін. Дұрыс сот практикасын қалыптастыру шағымдарды қарау кезінде сөзбұйдаға салуды қысқарту түрінде оң қорытынды алуға мүмкіндік береді, ал азаматтар тергеу сотында шағымдануға жататын нақты түсінікке ие болады және бұзылған құқықтарды тез арада қалпына келтіруге дұрыс шаралар қолданылады.

Әдебиеттер тізімі:

1 «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауы, [//https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan)

2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 04 шілдедегі Қазақстан Республикасының №231-V Заңы, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

3 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыздағы, (23.03.2019 жылғы берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) [// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029)

4 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 27 маусымдағы «Соттардың прокурорлардың, қылмыстық қудалау органдарының іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарау туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы)» № 3 Нормативтік қаулысы, // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P120000003S>

5 Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу соты // <http://astana.sud.kz/kaz/sub/invest>

Тұрғанбекова Ә.Д.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
жанындағы Сот төрелігі академиясы,
e-mail: alima_9209@mail.ru

Пара беру – парақорлықтың құрамдас бөлігі

Сыбайлас жемқорлықпен ұштасқан қылмыстар мемлекеттік органдар қызметкерлерінің арасында, әсіресе Ішкі істер органдарының қызметкерлерінің арасында көп орын алуда. Бұл қоғамның мемлекеттік қызметке деген көзқарасына теріс әсерін тигізіп, Қазақстан Республикасының Конституциясында, Заңдарында анықталған мемлекет арқылы атқарылатын қызметтердің беделін түсіруде. Оның үстіне мұндай жағдай, мемлекеттік органдар мен мекемелердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қарсы оның алдын алуға бағытталған жұмыстарының жеткіліксіз деңгейде атқарылып жатқанын көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы Жарлығында «Азаматтарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, сыбайлас жемқорлыққа деген берік иммунитет, оған деген жұртшылықтың мінеуі болмай, қалаған нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Әрбір қазақстандық, әрбір отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - бүкіл қоғамның ісі екенін түсіну керек» делінген [1].

Мемлекеттік қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасауының бірден-бір себебі ретінде мемлекеттік қызметке орналасқан қызметшінің өз қызметіне деген теріс пиғылы мен қатынасын, атқаратын қызметін бағаламауын, еліне деген жанашырлықтың болмауын және олардың атқаратын қызметі бойынша жалақысының төмендігін, әлеуметтік тұрғыдан жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеуін айтуға болады.

Парақорлықтың көптеп орын алуына азаматтардың санасында «ақшамен бәрін шешуге болады» деген керітартпа ойдың қалыптасуы және осындай азаматтардың теріс пиғылды мемлекеттік қызметкерлердің жетегінде кетіп, оған пара беруінде болып отыр. Пара беру арқылы пара алушылық та көбейіп кетті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама береді - бұл

«жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алуы» [2].

Пара - ол лауазымды тұлғаның өзінің қызметтік жағдайына байланысты жасай алмауға немесе жасамауға тиіс пара берушінің мүддесіндегі іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін қабылдаған пайда (қызмет көрсетулер, ақша, заттар, өзге де мүліктік пайда), яғни материалдық құндылықтар.

Пара беруші осындай материалдық құндылықтар беру арқылы мемлекеттік қызметкерді сатып алушы.

Пара беру және оны қабылдау жөніндегі іс-әрекеттер - заңға қайшы және қоғамға қауіпті, Қылмыстық кодексте қарастырылған іс-әрекет. Мемлекеттік қызметшілердің пара алуы және оларға пара беру сыбайлас жемқорлық қылмысының ең ауыр және мемлекеттік қызметтің абыройын түсіретін, оған қарсы бағытталған, кең тараған және қауіпті түрі.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде парақорлықпен байланысты үш қылмыс түрі қарастырылған: пара алу (366-бап); пара беру (367-бап); парақорлыққа делдал болу (368-бап).

Пара беру - лауазымды адамды қандайда бір артықшылық алуы және пайдасына заңды немесе заңсыз әрекеті (әрекетсіздігі) арқылы, жалпы қамқорлығына немесе қызметіне жол берушілікке бейімдеуге бағытталған қылмыс.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне сай, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру (367-бап) - мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айырумен, айыпшұл салуға, не бас бостандығынан айыруға жазаланады [3].

Пара беру және алу үшін жауапкершілікті көздейтін Ресей мен Қазақстанның қылмыстық заңнамасын зерделеп, жалпы сипаттама берген А.К.Жанибеков, А.А.Арын, С.Б.Дузбаева Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде әлі күнге дейін парақорлық бойынша құрам туралы толық түсінік жоқтығын, парақорлықты, оның белгілерін түсіндіру қиын екендігін, Қазақстанда құқық қорғау органдары, сондай-ақ соттар парақорлыққа байланысты даулы шешімдер қабылдайтыны туралы айтқан. Сонымен қатар, Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің 290-бабына (Пара алу) ескерту ретінде пара бергені үшін жауапкершілік, егер пара беруші қылмысқа өкінсе, анықтау мақсатында тергеуге жәрдемдесе қылмыстық жауапкершіліктен

босату көзделгенін, мұндай ескерту қылмыстың жолын кесуге ынталандыру болып табылатынын атап кеткен [4].

Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінде көзделгендей ынталандыру түрі Қазақстан Республикасының Үкіметінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу қағидаларында анықталған. Ол бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарға біржолғы ақшалай сыйақы түрінде жүзеге асырылатын көтермелеу белгіленген [5].

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде пара берген адамға қатысты пара алушының тарапынан параны қорқытып алу орын алған болса немесе егер осы адам пара бергені туралы құқық қорғау органына немесе арнаулы мемлекеттік органға өз еркімен хабарласа, пара берушіні қылмыстық жауаптылықтан босату көзделген [3].

Пара беру қылмысы бойынша Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінде (291-бап) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде көзделген жазалармен қатар, мүлікті тәркілеуден басқа, қылмыстың санатына байланысты кодексте белгіленген кезеңдегі сотталған адамның жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салу, түзеу жұмыстары, мәжбүрлеу жұмыстары түріндегі жазалар көзделген [6].

Соттарда пара алу фактісімен салыстырғанда пара беру фактісі бойынша қылмыстық істер аз қаралады. Дегенмен осындай қылмыстық істерді қараған кезде сотталушының қылмыстық әрекетін дұрыс саралау үшін анықтауды қажет ететін жағдайлар да көп. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысында пара алу, пара беру және парақорлыққа делдал болу қылмыстарының ара-жігін ажыратып, жасалған қылмыстық іс-әрекетті дұрыс саралауға байланысты анық түсіндірме берілген.

Жоғарғы Сот бұл қаулысында соттардың назарын парақорлық туралы істерді қараған кезде, адамның параны алып сол үшін пара берушінің мүддесіне орындауға немесе орындамауға жататын әрекеттердің шеңберін анықтау қажеттігіне, осы ретте парақорлық үшін жауаптылық адамның параны әрекеттер немесе әрекетсіздік жасалғанға дейін немесе жасалғаннан кейін алған уақытына қарамастан, сондай-ақ параның алдын ала белгіленген-белгіленбегеніне, пара берушінің мүддесі үшін қандай да бір әрекеттердің орындалған-орындалмағанына қарамастан туындайтынына аударып отыр.

Аталған қаулыға сай, құндылықтарды, көрсетілетін қызметтерді, мүлікке құқықтарды немесе жеңілдіктерді алу шарты арнайы келісілмеген, сонымен қатар қылмысқа қатысушылар пара берушінің мүддесін қанағаттандыру үшін пара беріліп отырғанын түсінген жағдайларда кінәлі адамдардың әрекеттері параны беру немесе алу деп танылуға тиіс [7].

Сотталушы М. Қазақстан Республикасынан өзге елдің шекарасына жүк және тауар тасымалдаушылардың автокөліктерін тездетіп және кедергісіз өткізу үшін олардан ақша жинап, пайда табу ниетімен, қылмыстық пиғылын жүзеге

асыру мақсатында танысы арқылы шекара бекеті бастығымен танысып, оған шекара бекеті арқылы жүк және тауар алып өтетін автокөліктерді күрделі тексеріс жүргізбей, тездетіп өткізуді және жалпы қамқорлық жасауды ұсынып, әр автокөліктен ақша жинап, оның белгілі мөлшерін лауазымды тұлғаға беретінін, қалғанын өзінде қалдыратынын айтқан. Сотталушы осы қылмыстық пиғылын іске асырып, лауазымды тұлғаға айтарлықтай мөлшерде пара берген.

Сотталушы М. лауазымды тұлғаға жеке өзі айтарлықтай мөлшердегі пара ретінде ақша бергені үшін кінәлі деп танылып Қылмыстық кодекстің 367 - бабының 2 - бөлігімен сотталған.

Ақша, бағалы қағаздар, материалдық құндылықтар, мүлікке құқық, сондай-ақ мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету, соның ішінде мүліктік міндеттемелерден босату пара нысанасы болуы мүмкін.

Параны қорқытып алу адамның пара берушінің немесе олардың атынан ол өкілдік етіп отырған тұлғалардың заңды мүдделеріне залал келтіруі мүмкін әрекеттерді жасаймын деп қорқытып пара талап етуін не құқықпен қорғалатын мүдделер үшін зиянды салдарын болдырмау мақсатында оны пара беруге мәжбүр болатындай жағдайға қасақана қоюды білдіреді.

Егер айдап салушылар екі және одан да көп адамды пара алуға не беруге айдап салса, олардың әрекеттерін Қылмыстық кодекстің 366 - бабының 3-бөлігінің 2 - тармағы және 367- бабының 3-бөлігінің 1- тармағы бойынша адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен қылмыс жасауға айдап салу деп саралау қажет, өйткені осы қылмыстардың объективтік жағы адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен пара беруі не алуы үшін жауаптылықты көздейді.

Басқа адаммен алдын ала уағдаласпай пара алған, содан кейін пара берушінің мүддесі үшін соңғыға алған параның бір бөлігін берген адам пара алғаны және бергені үшін қылмыстар жиынтығы бойынша жауаптылыққа тартылады.

Пара беруші үшін қалаған нәтиженің туындауын қамтамасыз ететін әрекеттер (әрекетсіздік) үшін параны бірнеше рет бөліп беру не алу, тап солай өзара алдын ала сөз байласу бойынша қылмыс жасаған пара алу субъектілерінің бір тобына пара беру не аталған мән-жайларда делдалдық ету бірнеше рет жасалған қылмыс ретінде қарастырылмайды. Мұндай әрекеттерді жалғаспалы қылмыс деп есептеген жөн.

Пара алу субъектісіне бірнеше пара берушіден пара беруге делдал болу немесе бірнеше пара алу субъектілерінің бір пара берушіден пара алуына делдал болуды, егер пара алушы пара берушілердің әрқайсысының мүддесі үшін жекелеген әрекетті орындаса (орындамаса) немесе пара алу субъектілерінің әрқайсысы пара берушінің мүддесі үшін белгілі бір әрекетті жасаса және делдал аталған мән-жайларды ұғынса, бірнеше рет паракорлыққа жасалған делдал ретінде қарастырылады.

Пара алушы ұсынылған параны алудан өз еркімен бас тартқан кезде ол жауаптылыққа тартылуға жатпайды, ал пара берушінің әрекеттерін пара беруге оқталу деп, ал делдалдың әрекетін - делдалдыққа оқталу деп саралаған жөн.

Өздеріне лауазымы бойынша бағынысты адамдарға Қылмыстық кодекстің 3-бабының 16), 19), 26), 27) және 28) тармақтарында көрсетілген адамға, шет

мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына пара беру жолымен қалаған әрекетке немесе әрекетсіздікке қол жеткізуді ұсынған мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары пара беруге айдап салушылар ретінде, ал егер пара беруді ұсынудың мақсаты тап өздері үшін артықшылық пен пайда алуды көздесе, онда олар пара берушілер ретінде жауаптылыққа тартылады.

Басқа адамның мүддесіне әрекетті пара үшін орындауға пара алушымен келіскен және пара алушыға параны берген қызметкер пара беруге сыбайлас қатысушы ретінде жауаптылыққа тартылуға тиіс. Егер аталған адам тапсырманың сипатын біле тұрып параны тек апарып берсе, оның әрекеттері пара беруге делдал болу ретінде саралануға жатады.

Пара берушінің тапсырмасын орындаған және оның мүддесі үшін әрекет жасаған адамның әрекеттері, делдалды қоспағанда, Қылмыстық кодекстің 28-бабының 5-бөлігі және 367-бабының тиісті бөлігі бойынша саралануға жатады. Пара алушының мүддесі үшін жасалған осындай әрекеттерді Қылмыстық кодекстің 28-бабының 5-бөлігі және 366-бабының тиісті бөлігі бойынша саралаған жөн.

Егер адам пара берушіден ақша немесе басқа құнды заттарды адамға пара ретінде беру үшін алып, бірақ апарып беру оның ойында болмай өзі пайдаланса, оның жасаған әрекеті алаяқтық ретінде саралануға тиіс. Егер бұл адам құндылықтарды иемдену мақсатында пара берушіні пара беруге итермелесе, онда оның әрекеті алаяқтықпен бірге пара беруге айдап салушылық болып, ал мұндай жағдайларда пара берушінің әрекеті пара беруге оқталғандық болып қосымша саралануға тиіс. Осы ретте пара берілетін нақты адамның көрсетілген - көрсетілмегені маңызды емес [7].

Сот тәжірибесінде пара беруге байланысты сотталушыларға жаза тағайындау Қылмыстық заңның қағидаттарына және талаптарына қалыптасты. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты өзінің 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағында соттардың назарын жаза тағайындау барысында сотталушының жеке басына қатысты мәліметтердің жазаның түрі мен мөлшерін белгілеу үшін елеулі мәні бар екені назарға алудың қажеттілігіне, оның денсаулығы, материалдық жағдайы, еңбекке қабілеттілігі, соттылығы және отбасылық жағдайы туралы мәліметтерді толық анықтауға және Қылмыстық кодекстің 52-бабының талаптарына сай, сотталушыға жаза тағайындағанда оның жасаған қылмысының сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталушының отбасының және оның асырауындағы адамдардың тұрмыс жағдайына ықпалы, оның жауаптылығы пен жазасын жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайларды ескеруге аударды [8].

Тіпті, сотпен кінәлі деп танылған тұлғаға бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза, яғни айыппұл түріндегі жаза тағайындалатын жағдайда оның аталған жазаны өтеуге мүмкіндігінің бар-жоғы да анықталуға жатады.

Сот деректеріне сүйенсек пара алу қылмысымен істер жиі қаралуда, ал пара беру фактісі бойынша істер өте аз қаралған. Себебі, тәжірибеде сыбайлас

жемқорлықпен күресу амалдары көбінесе пара алатын адамға бағытталған. Пара берген адамға қатысты тергеу пара берушінің ол жөнінде құқық қорғау органына немесе арнаулы мемлекеттік органға өз еркімен хабарлауына байланысты оның қылмыстық жауаптылықтан босатылуымен және іс бойынша куә ретінде танылуымен шектеледі.

Азаматтардың пара беру қылмысын жасауына не ықпал ететіні және пара беру фактісімен қылмыстық істер не себепті көбінесе тергеу органдарымен аяқталып, сотқа жетпейтіні анықтауды қажет ететін мәселе болып табылады. Сол себепті, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын әшкерелеу барысын пара беру фактісінен бастаған дұрыс деп санаймын.

Көбінесе, пара берушілік қоғамның мәдениетінің төмендігінен, пара берушінің білімінің жеткіліксіздігінен, халыққа көрсетілетін қызметтің сапасының төмендігінен және мемлекеттік қызметке деген сенімсіздіктен орын алады. Сондықтан, пара беруді сыбайлас жемқорлық қылмыстарының құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, қоғамда паракорлыққа қарсы теріс пікір тудырып, оған қарсы күреске азаматтарды тікелей қатыстыру, мемлекеттік қызметшілердің мәдениетін аттыру, азаматтарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасын жақсарту, халыққа қызмет көрсететін жауапты тұлғаларға қатаң жауапкершілік жүктеу және осындай қылмыстардың орын алмауы үшін олардың әлеуметтік жағдайын тиісті деңгейге көтеру арқылы пара берудің, осыдан туындайтын паракорлықтың алдын алуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1 «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы, [//adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000986](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000986).

2 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Қазақстан Республикасының Заңы, [//adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410).

3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 03 шілдедегі Қазақстан Республикасының №226-V Заңы, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>.

4 Жанибеков А. К. Общая характеристика уголовного законодательства России и Казахстана, предусматривающая ответственность за дачу и получение взятки / А. К. Жанибеков, А. А. Арын, С. Б. Дузбаева // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы = Вестник КазНУ. Серия юридическая. - 2015. - № 1(73). - С. 451-455.

5 «Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1131 қаулысы, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001131>.

6 "Уголовный кодекс Российской Федерации" 1996 жылғы 13 маусымдағы № 63-ФЗ // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_10699/.

7 «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысы, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000008S>.

8 «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S>.